

ISSN 2079-9330



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№3, 2010



БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА құрметті мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. — Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары; **Төлеубекова Р.К.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, бас редактордың орынбасары; **Сейсенбаева Ж.А.** — Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ оқу үдерісін жетілдіру бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, жауапты редактор; **Айтбаев Ө.А.** — Халықаралық "Қазақтілі" қоғамының президенті, Тіл білімі институты ғылыми-терминологиялық орталығының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, профессор; **Айталы А.** — Қазақ заң гуманитарлық университетінің әлеуметтік психологиялық пәндер кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы, профессор; **Әлмұхамбетов Б.А.** — Абай ат. ҚазҰПУ көркем сурет-графика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық Білім академиясының академигі; **Беркімбаева Ш.К.** — Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент; **Баймырзаев Қ.М.** — Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор; **Бөлеев Қ.** — Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының "Педагогика және этнопедагогика" кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Бейсенова Ә.С.** — Абай ат. ҚазҰПУ-нің «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, география ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі; **Бейсенбаева А.А.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Берікханова А.Е.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент; **Ғаббасов С.** — жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Есім Ғ.** — ҚР сенат депутаты, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Жарықбаев Қ.К.** — Т.Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының докторы, профессор; **Қирабаев С.С.** — М.Әуезов ат. Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Абай ат. ҚазҰПУ ректор кеңесшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қасқабасов С.А.** — М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қазмағанбетов А.Ғ.** — Х.Досмұхаммедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Қыдырәлиев Д.** — ҚР Президент Әкімшілігінің сарапшысы, философия ғылымдарының докторы; **Қозыбаев І.М.** — ҚР Мәдениет министрлігінің Мәдениет Комитетінің төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Қалиев С.Қ.** — Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Жалпы педагогика кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик; **Қойгелдиев М.Қ.** — Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының Гуманитарлық мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Құсайынов А.** — Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің педагогика және психология кафедрасының кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Керімов Л.К.** — Абай ат. ҚазҰПУ педагогика кафедрасының кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Құрсабаев М.Қ.** — халықаралық «Атамекен» ұлттық тәлім-тәрбие бағдарламасының авторы, педагогика ғылымдарының кандидаты, «Көкше» академиясы этнопедагогика зертханасының жетекшісі; **Қолумбаева Ш.Ж.** — педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының профессоры; **Мырзахметов М.** — Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы "Абайтану ғылыми-зерттеу орталығының" директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор; **Мұтанов Ғ.М.** — Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** — философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби ат. ҚазҰУ мәдени-антропология кафедрасының профессоры, Әлеуметтік академиясының академигі, Халықаралық акмиологиялық академиясының академигі; **Нәрібаев К.Н.** — Абай атындағы ҚазҰПУ Ректорының кеңесшісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Сарыбеков М.Н.** — ҚР Білім және ғылым вице-министрі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Сманов Б.Ө.** — ҚР Білім және ғылым министрі Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыратын Республикалық институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Саңғылбаев О.С.** — Абай атындағы ҚазҰПУ "Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының" кафедра меңгерушісі, психология ғылымдарының докторы, профессор міндетін атқарушы; **Табылдиев Ә.Т.** — әл-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Түрікпенов Ж.** — Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының педагогикалық мамандықтар кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ Гуманитарлық академиясының академигі; **Шолпанкүлова Г.К.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты; **Сентова Ж.М.** — жауапты хатшы.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
почетный член НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. — директор НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, профессор, Заслуженный работник высшей школы РК, первый заместитель главного редактора; **Толеубекова Р.К.** — зав. кафедрой "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор, заместитель главного редактора; **Сейсенбаева Ж.А.** — руководитель отдела исследования, разработки и совершенствования уровней образовательного процесса и их содержания НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, кандидат филологических наук, ответственный редактор; **Айтбаев О.А.** — президент международного сообщества "Қазақ тілі", главный научный сотрудник Научно-терминологического центра института языкового образования, доктор филологических наук, профессор; **Айталы А.** — профессор кафедры социально-психологических дисциплин Казахского юридического гуманитарного университета, доктор философских наук, профессор; **Альмухамбетов Б.А.** — декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор, академик Академии Образования им. Ы. Алтынсарина; **Беркимбаева Ш.К.** — ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, кандидат педагогических наук, доцент; **Баймырзаев К.М.** — ректор Костанайского государственного педагогического института, доктор географических наук, профессор; **Болеев К.** — зав. кафедрой "Педагогика и этнопедагогика" Таразского Государственного Педагогического Института, доктор педагогических наук, профессор; **Бейсенова А.С.** — зав. кафедрой «Научно-методический центр по географии и экологии», доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК; **Бейсенбаева А.А.** — профессор кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук; **Берикханова А.Е.** — доцент кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Габбасов С.** — писатель, Заслуженный работник здравоохранения СССР, доктор медицинских и педагогических наук, профессор; **Есим Г.** — депутат сената РК, доктор философских наук, профессор, академик НАН РК; **Жарыкбаев К.К.** — директор Центра этнопсихологии и этнопедагогики имени Т.Т. Тажибаева, доктор педагогических наук, доктор психологических наук, профессор; **Кирабаев С.С.** — советник ректора КазНПУ им. Абая, главный научный сотрудник Института литературы и искусства им. М. Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Каскабасов С.А.** — директор Института литературы и искусства имени М.Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Казмаганбетов А.Г.** — ректор Атырауского государственного университета имени Х.Досмухаммедова, доктор педагогических наук, профессор; **Кыдыралиев Д.** — эксперт администрации Президента, доктор философских наук; **Козыбаев И.М.** — председатель Комитета культуры Министерства культуры и информации РК, доктор исторических наук, профессор; **Калиев С.К.** — профессор кафедры "Общей педагогики" Казахского Государственного женского педагогического университета, доктор педагогических наук, профессор, академик; **Койгелдиев М.К.** — зав. кафедрой гуманитарных специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, доктор исторических наук, профессор; **Кусаннов А.** — зав. кафедрой "Педагогика и психология" Казахского Государственного женского педагогического университета, доктор педагогических наук, профессор; **Керимов Л.К.** — зав. кафедрой "Педагогика" КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Курсабаев М.К.** — автор международного научно-этнопедагогической программы «Атамекен», кандидат педагогических наук, заведующий лабораторией этнопедагогики академии «Көкше»; **Колумбаева Ш.Ж.** — профессор кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Мырзахметов М.** — директор НИЦ Абаеведения КазНПУ им. Абая, доктор филологических наук, профессор; **Мутанов Г.М.** — ректор Восточно-Казахстанского государственного технического университета им. Д.Серикбаева, доктор технических наук, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** — профессор кафедры "Культурной антропологии" КазНУ им. Аль-Фараби, доктор философских наук, академик Социальной академии, академик Академии Международной акмнологии; **Нарибаев К.Н.** — советник ректора КазНПУ им. Абая, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК; **Сарыбеков М.Н.** — вице-министр образования и науки РК, доктор педагогических наук, профессор; **Сманов Б.О.** — директор Республиканского института повышения квалификации научно-педагогических кадров, доктор педагогических наук, профессор; **Сангылбаев О.С.** — зав. кафедрой "Общей и прикладной психологии" КазНПУ им. Абая, доктор психологических наук, и.о. профессора; **Табылдиев А.Т.** — профессор КазНУ им. аль-Фараби, доктор педагогических наук; **Туркпенов Ж.** — профессор кафедры педагогических специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук, академик Академии гуманитарных наук; **Шолпанкулова Г.К.** — доцент кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Сейтова Ж.М.** — ответственный секретарь.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
dear member of NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. — the director of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, candidate of technical science, the professor, the deserved worker of the higher school of RK, the first deputy of the editor-in-chief; **Toleubekova R.K.** — the university chair of «National education» of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the second deputy of the editor-in-chief; **Seysenbaeva Zh.A.** — the chief of department development of educational process of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor; **Aytbaev O.A.** — the president of the international community «Қазақ тілі», the main scientific employee of the Scientifically-terminological centre of Institute of language education, the doctor of philology, the professor; **Aytaly A.** — the professor of chair of socially-psychological disciplines of the Kazakh Law Humanitarian University, the doctor of philosophy; **Almukhambetov B.A.** — the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of National Knowledge Academy named after Y.Altynsarina; **Berkimbaeva Sh.K.** — rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences, the associate professor; **Baymyrzaev K.M.** — the rector of Kostanaysk State Pedagogical Institute, the doctor of geographical sciences, the professor; **Boleev K.** — the university chair of "Pedagogics and ethnopedagogics" of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor; **Beysenova A.S.** — the chair of sub department «the Scientifically-methodical centre on geography and ecology», the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Beysenbaeva A.A.** — professor of a chair "National education" of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Berikhanova A.E.** — the associate professor of a chair "National education" of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Gabbasov C.** — the writer, the deserved worker of public health services SSSR, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor; **Esim G.** — the deputy of senate of RK, the doctor of philosophic sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Zharykbaev K.K.** — the director of the ethnopsychology and ethnopedagogics center named after Tazhibaeva T.T., the doctor of pedagogical sciences, the doctor of psychological sciences, the professor; **Kirabaev S.S.** — the chancellor adviser of KazNPU named after Abai, the mail scientist of the Literature Institute named after M. Auezov, professor of the chair "Kazakh literature" of KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the academician of NAS RK; **Kaskabasov S.A.** — the director of Literature Institute named after M. Auezov, the academician of NAS RK, the doctor of philology science, the professor; **Kazmaganbetov A.G.** — the rector of Atyrausk State University named after H.Dosmuhammedova, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Kydyraliev D.** — the expert of Presidential Administration, the doctor of philosophy; **Kozybaev I.M.** — the chairman of Culture committee of the Ministry of culture and information RK, the doctor of historical sciences, the professor; **Kaliev S.K.** — the professor of the chair "General pedagogic" of Kazakh State Female Pedagogical University, the doctor of pedagogical sciences, the professor, academic; **Koygeldiev M.K.** — the university chair of humanitarian specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of historical sciences, the professor; **Kusainov A.** — the university chair of "Pedagogics and psychology" of the Kazakh State Female Pedagogical University, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Kerimov L.K.** — university chair of "Pedagogics" KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical science, professor; **Kolumbaeva Sh.Zh.** — professor of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Myrzakhmetov M.** — the director of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the professor; **Mutanov G.M.** — the rector of the East Kazakhstan State Technical University named after D.Serikbaev, the doctor of technical science, the professor; **Moldabekov Zh.Zh.** — the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair "Cultural anthropology" of KazNU named after Al-Farabi; **Naribaev K.N.** — rector adviser of KazNPU named after Abai, the doctor of economics, the professor, the academician of NAS RK; **Sarybekov M.N.** — the vice-minister of education and science of RK, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Smanov B.U.** — the director of Republican institute of improvement of professional qualification of the scientific-pedagogical personnel, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Sangylbaev O.S.** — the university chair of the "General and applied psychology" of KazNPU named after Abai, the doctor of psychological sciences, the acting professor; **Tabyldiev A.T.** — the doctor of pedagogical sciences, the professor of KazNU named after Al-Farabi; **Turikpenov Zh.** — the professor of chair of pedagogical specialties in the Institute of magistracy and doctoral PhD candidacy of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences, the academician of Academy of the humanities; **Sholpankulova G.K.** — the associate professor of a chair "National education" of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Seitova Zh.M.** — the executive secretary.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың
4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж кәулігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010



**Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса,
азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз
мемлекетінің нығайып, көркеюі жолында жан терінді
сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзін
екенінді ұмытпа**

Н.Ә.Назарбаев
*(Туған елім – тірегім. –
Алматы, 2001 ж., 10-б.).*

Өмірі өнегеге толы, халқына қадірлі, еліне сыйлы болған, ішкі және сыртқы мәдениеті аса жоғары, қазақтың біртуар ұлт зиялысы, қайталанбас өр тұлға ретінде әрқайсымыздың жадымызда мәңгілікке сақталып қалған Бәйкен Әшімұлының жел қайықтай сырғыған бұл жалған өмірден озғанына да жылға таяп қалды. Оған деген сарғайған сағынышты бүгінде тек жадырай еске алудан ғана мауқымызды басамыз...

М.А.Нуриев –

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің

Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ директоры,

ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор

ҰЛЫ АДАМҒА САҒЫНЫШ

«Адам бір көшкен керуен, құрамыз аз күн серуен, көш тартып мына өмірдің, асармыз бір күн белінен», – деп айтпақшы, қазақ қимасын еске алғанда осылай бір өзін жұбатқан ғой. Бүгін біздің сол асқақтаған қыранға балаған, аспан тіреген қиянға теңеген, өмірді серуенге емес, керуенге теңеп, халықтың бар игілігіне күшін салатын саусақпен санарлық біртуар азаматтарымыздың арамыздан алыстап кетіп бара жатқаны өкінішті-ақ. Амал жоқ көнесің. Әр дәуірдің рухын тасытып, мерейін асырып, рухын көтеретін Төле, Қазыбек, Әйтекедей, Абылайдай, Мұхтардай, Д.Қонаевтай толағай тұлғалары, елінің майталман қасқалары болады. Сондай шетсіз де шексіз уақыт кеңістігінде халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтаған, ел қамын жеген ерен тұлғалар байсалды мағынамен жалғаны жоқ, алып-қоспасыз ақиқат болып дара кісілік келбетімен, бейнесімен көзден тасаланып кете бастағанына амалсыз мойынұсынасың. Тағдыр шіркінге дауа бар ма?! Өзіндік сара жолымен қолтаңбасын қалдырған сондай абзал азаматтардың бірі де бірегейі Бәйкен Әшімов десек артық айтқандық емес. Нағыз өр тұлғалы, зерек ойлы, шын мәнінде талантты, талапты, шыншыл, өте білімді, алғыр, табанды, адамгершілік қасиеттерге бай, аса беделді абыз ақсақал ретінде арамыздан торқалы тоқсаннан асып барып бұл пәнимен қош айтысты. Кесек тұлғалы алыптар тобындағы, қырандар шоғырындағы жан-етін.

Бәйкен Әшімұлының өмірі асқақ мұратқа, рухани ерліктерге бағытталып құрылғандай. Есімі алтын әріптермен халықтың тарихында жазылуға тиісті оның өнегелі өмірі мен қажырлы еңбегін халқы ешқашан ұмытпайды. Өзі мал баққан жартылай көшпелі қазақ ауылында, орташа ауқаты бар Жақып баласы Әшім деген кісінің

отбасында дүниеге келген Ақмола облысы, Рузаев ауданы, Шабакбай ауылының мәртебесін биікке көтеріп, ел сенімін ақтады. Аузымен құс тістеген Құлагердей өрлеп, істеріне мін де, сын да келтіртпей, абырой-беделіне кіршік түсірткізбей шебер басшы бола білді. Ұрпағының жарқын болашағы үшін іздене, қиялдана отырып, жылт еткен жақсы ойдың жетегінен қалмай, қайсарлығының, жүзеге асыра алатын жаңалыққа құштарлығының арқасында елді индустрияландыру ісі мен қарқынды дамуына көп үлес қосқан жан еді. Қарапайым шаруа отбасынан шыққан Бәйкен Әшімұлы өмірдің жусан дәмі татыған кермек дәмін де татып көрді. Әр түрлі жылдарда Павлодар теміржол фабрика-зауыт училищесін, Солтүстік Қазақстан облысындағы Ленин агрономдық-зоотехникалық ауыл шаруашылығы техникумын, Ленинградзоология-фитопатология институтын, сондай-ақ СОКП Орталық Комитеті жанындағы Жоғары партия мектебін бітірді. Қызыл Армия қатарында да болды. Солтүстік-Батыс, Батыс, І-Белорус майданында соғысқа қатысып, Варшава үшін шайқасты, екі рет ауыр жарақат та алып, мүгедек болып қайтты. Қабырғаны қайыстырар ғаламат шығын мен шексіз қайғы-қасірет алып келген сол соғыстың бел ортасында жүріп тағдырдың қаһарлы сындарын да бастан кешірді. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезінде жүргізілген ауыр зардаптарды да көрді. Еш нәрсеге мойынсұнбай өзінің табандылығы арқасында ғана биік жетістіктерге жете білді. Осындай өмір сындарынан сүрінбей өткен жолы жастарға көп тәрбие бермек.

Соғыстан кейінгі жылдары қарапайымнан бастаған еңбек жолы әр түрлі жауапты қызметтерге дейін көтеріліп, жалғасын тапты. 1970 жылдан 1984 жылға дейін 14 жыл бойы

республикада Министрлер Кеңесінің төрағасы болып та еңбек етті. Бұл оның жергілікті мамандарды неғұрлым ірге бекіттірмеу саясатын ұстанған кеңестік заманда үлкен қайраткерлікке жеткенінің белгісі еді. Оның дәлелі одақтас республика ішінде Бәйкен Әшімұлына тұңғыш Социалистік Еңбек Ері атағының берілуі болатын. Бұл кезеңдер Қазақстанның нағыз өркендеп, өсу жылдары болды. Ол Көкшетау облысында шаруашылық басқарудағы іскерлігімен, тәжірибелігімен көрінсе, Қарағанды облысы атқару комитетінің төрағасы қызметінде жүргенде өзін ірі өндіріс ұйымдастырушысы ретінде жан-жақты таныта білді. Мұнда көмір бассейні, металлургия, химия, машина жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, қуатты энергетика және құрылыс базасы, ғылым, білім, мәдениеттің дамуына бар күшін салды. Сол кездегі жанашыр ұлт тұлғаларымен ерінбей иық тірестіре еңбек ете жүріп, көптеген игі істердің басы-қасында болды. Бәйкен Әшімұлының басшылығымен республикадағы кәсіпорындарды техникалық қайта жарақтандыру, электрлендіру, механикаландыру және өндірісті автоматтандыру тәрізді істер белсенді жүргізілді. Өнеркәсіп саласы, көлік, энергетика, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау және химия салалары шапшаң түрде дамытылып, аяғы енді ғана нық тұрып келе жатқан Қазақстанның экономикалық әлеуеті барынша арта түсті. Қала мен ауылдағы халықтың тұрмысын тереңнен зерттей отыра, әл-ауқатының артуына тиісті қамқорлығын жасап, соның желісімен артындағы басқа қызметкерлерге жақсы үлгі көрсетті. Батыс Қазақстан мұнайлы өмірінің дамуына, мемлекеттік қызметті барынша абыроймен атқарып, қай жұмыста болмасын еліміздің дамуына елеулі өзіндік үлес қосқан талапшыл басшы, шебер ұйымдастырушы ретінде өзін көрсете білді. Кеңес үкіметі кезінен Қазақстанның тәуелсіздік алғанға дейінгі уақыт аралығында елі үшін аянбай, емірене қызмет еткен халқымыздың ардақты ұлдарымен бірлесе, атап айтар болсақ Д.А. Қонаевпен, бертінде Н.Ә. Назарбаевпен бірге серік болып, ел экономикасының серпінді дамуына зор жағдай жасады. Брежнев, Косыгин, Байбаков сынды Кеңес қайраткерлерімен терезесін тең ұстап, тең сөйлесті. Д.А. Қонаевпен біраз уақыт қызметтес болып, Алматы қаласының өсіп-өркендеуіне: зәулім Қазақстан қонақүйінің, Арасан моншасының, Медеудегі Алматыны селден

қорғау үшін салынған плотинаның, Республика сарайының, ескі аландағы үкімет үйінің салынуына Кеңес үкіметі көшбасшыларымен етене тығыз жұмыс істеп, орталық бюджеттен ақша бөлдіріп, құрылыстың аяқталуына жағдайды жасағанын көбі біле бермейді. Сол кезеңдерде Қазақстанның экономикасы бүкіл Кеңес Одағы бойынша алғашқы үштік қатарында болатын. Бұл, әрине Бәйкен Әшімұлы тәрізді ардақты азаматтардың маңдай терімен жеткен табысы деуге әбден болады. Ол жас кезіндегі аштықты да, жұтты да, талай соғысты да, репрессияны да басынан кешіріп, қайнаған еңбекке кірісіп, қазақтың көшін алға сүйреуге аянбай қызмет етті. Экономиканың өрлеуі, республиканың әр өңірінде мұнай мен газ зауыттары, металлургия комбинаттары көптеп ашылып жатты. Ғылыми-техникалық төңкеріс жасады десек те болады. Өте халықшыл жан еді, тек ұлтының ұпайын түгендеп жүретін, береке мен бірліктің жаршысы болатын. Ежелден күн көріс көзі болып саналатын малдың санының өсуіне, егіннің мол, жемісті болуына да игі ықпалын тигізді.

Терең білімді, өте білікті басшы бола білген Бәйкен Әшімұлы қандай саланы басқармасын, қандай істі қолға алмасын оның ақырына жетпей, нәтижесін шығармайынша тоқтамайтын. Мұндай қасиеттері оның ұйымдастыру қабілеті мен қайраткерлігін өзгелерден ерекшелейтін белгісі сипаттас болып табылатын. Қанша адаммен қызметтес, талайлармен жүздесіп, дәмдестүздас болсам да, солардың арасында болған кездесулер дәл Бәйкен Әшімовтей менің өміріме жарқын сәттерді, өшпес естеліктерді сала алмапты. Әрбір сөзді бағамдай, байыптай білетін, екінің біріне ашылып сөйлей бермейтін еді. Өте сыпайы жан болатын. Жүзіне үңілсең, өмірден көргені мен түйгені көп, жүрегі кең, көңілі кіршіксіз таза екенін бірден байқайтынсың. Өте кішіпейіл, адамгершілігі мол болатын. Сондайда қазақтың «Ұлық болсаң кішік бол» деген сөзі есіме түседі.

Бәкеңнің ел көзіне алдымен шалынатыны кесек мінезі мен ойының да, бойының да бірдей үндескен нарлығы, алғырлығы, келісті тұлғасы мен кескін-келбеті, бауырмалдығы, мейірбандылығы, парасаттылығы, кісілігі, қайсарлығы, жан сұлулығы. Жиналыста, отырыстарда, қай жерде болмасын еңсесінтік, денесін нық ұстайтын. Бұл оның сөзге тұңғығына тереңнен бойлай мән беретіндігінің, қадірін түсіне, ойлана білгендігінің көрінісі.

Қалжыңды өте нәзік айтатын еді. Жұмыстан қол тимей, көптен көріспесек, «Роза-ау, сенің атыңды ұмытып барамыз ғой» деп жай ғана астармен шайынды сағындық қой дегенін, жұмыс басты болып араласпай бара жатқанымызды ақырын ғана осылай білдіруші еді. Ықылас-пейілі мол, бетінен нұры тамып тұрған көргенді азамат болатын. Мені өзінің туған інісіндей, Розаны қарындасындай көрді, өзіне етене жақын тартты.

Бәйкен Әшімұлы мың өліп, мың тірілген қазақтың өткен ғасырының шежіресі іспеттес еді. Өмірі өнеге толы, ішкі мәдениеті аса жоғары, қазақтың шын мәніндегі зиялысы болды.

Бәйкен Әшімұлының кемеңгерлігі мен кереметтігі сонда, алдыңғы Кеңестік дәуірдің өр тұлғалы, тұрпатты қайраткері ғана болып қоймай, тәуелсіздіктің тұғырын қаласқан тілекшісі болып көзге ілінген елінің жанашыры еді. Жүрген жерінде тек гүл бітіп, басшы болған жерлерде соңынан тек жақсылық өрнектері қалып отыратын. Жұртшылық әрдайым үлкенге іні, кішіге аға бола білген пайымды азамат ретінде, сындарлы сәттерде әрдайым байсалды пікірін білдіріп отыратын ақылман абыз ақсақал ретінде мәңгі жадында сақтамақ.

Жұбайы Бақыт Әсетқызы екеуі ұзақ та ұлағатты ғұмыр кешіп, ұл мен қызды тәрбиелеп, артына мол мұрасын қалдырды. Ұлтымыздың ұлағатты, қадірлі ақсақалы ретінде өмірінің соңына дейін бар көрген-білгенін жастарға айтуға, ақыл-кеңесін беріп, өсиет айтудан еш жалыққан емес. Күні кеше ғана Бақыт жеңгеміздің қазасында ешнәрседен сыр бермей, қорғасындай қатайып, үн-түнсіз сұрғылт жүзімен сабыр сақтап отырған қалпы әлі көз алдымызда. Бәріміздің көкейімізде «Шіркін-ай, нар десе нар еді-ау. Мұндайды, нар да көтере алмас еді» деген сияқты ойлар тұрды. Соңғы күндері «Енді Бақытым жоқ қой. Ойпырмай, Бақытсыз күнім қалай болады?» деген сөздерді де қайғы үстінде жиі айтатын. Көп кешікпей өзінің бұл өмірден қош айтысатынын болжалдап айтса да, не сезсе де, аузынан ел-жұрт аман болсын, кейінгі жас өскелең ұрпақ аман болсын дегенді өсиет етіп жиі айтатын. Сүйкімді де, сүйікті Бақыт жеңгеміз Бәйкен ағамызға сай қосылған. Екеуінің сүйіспеншілігі ширек ғасырдан астам уақытқа созылып, нағыз махаббаттың қос шынарындай сезілетін. Шаңырағының отын сөндірмей, қабақ шытыс пен кірбіңге ешқашан жол бермей, ешқашан көңіліне сызат түсірткізбей, жұрттың

барлығын бауырластырып, берекесін асырып жүретін аяулы жеңгемізге барлығымыздың да алғысымыз шексіз еді... Сөйткен күндердің бірінде жан-жағына қарасаң ұшы-қиырын тегіс аппақ қар жапқан сары даланың қатқыл аязында осындай сұп-суық хабар жеткенде түршіккен дем онан сайын мұздап сала бергенін әлі ұмыта алмаспын. Алпыс төрт жыл бойы бірге өмірдің ащысы мен тұщысын татып, құт қонған, тәңірі қонған киелі шаңырағын артындағы ұрпағына аманат етіп, айтуға тіл бармайтын, болмысына көнбейтін, жаныңа жақпайтын мәңгі сапарға бірінің артынан бірі кете барды. Дүние өзінің кемеңгер бір ұлынан, аяулы қызынан айырылып, сайын далада күңіреніп қала берді.

Бәкеннің жарқын мінезі, жайдары дидагы тек менің ғана емес, барша қазақстандықтардың жүрегінде халқының адал да асыл азаматы ретінде мәңгілікке сақталатынына сенімдімін. Парасат биігінен түспеген, оның бойынан мен тек қайраткерлігі мен азаматтығын ғана емес, қазақ халқының абыз ақсақал бейнесін таныдым. Әдемі қартая білді. Ұлылығын көрсете білді. Кейінгіге ақылын да айта білді. Іс басындағы азаматтардың қай-қайсысы алдына ақыл сұрап барса, еш аянған емес, әрқашан көңіліне медеу болып жүргені. Бәйкен Әшімұлы зейнеткерлігіне, жасының ұлғайғанына да қарамастан, халқының бүгінгі саяси-әлеуметтік өміріне белсенді араласып, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың алға қойған мақсаттарының орындалуына даналық қазынасымен, бай тәжірибесімен ұйытқы бола отырып, жан сүйсіндірер жақсы істердің басынан көріне білді. Оған деген Елбасының да алғысы шексіз екенін күні кеше ғана өтпестей болған 90-жылдық торқалы мерейтойын Астана қаласында өзі басқарып, өткізіп беруі дәлел. Бәйкен Әшімұлы – қандай мақтауға болсын тұрарлық ұлт тұлғасы, халық баласы. Себебі, ол биік мәдениеттің, рухани тазалықтың адамы. Ол – өмір мектебінен еш сүрінбей өткен жан.

Абай атамыз айтқандай, «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған» ізгілік істерімен, кемеңгерлігімен байтақ жұрттың ағасына айналған Бәйкен Әшімұлының орны бүгінде қаңырап босап қалғандай. Сары күздей сарғайған сағынышты қанша қайталап айтсақ та қайта қайтара алмасымыз анық. Біздің қолдан келері тек өткен шақта тек жарқын күндерді еске алу мен кейіпкеріміздің болмысына бойлай отырып, жадымызға түсіру ғана қалатын тәрізді...

Осындай қадірлі ағамыздың жатқан жері жайлы болып, артындағы ұрпағына амандық берсін! Бәйкен Әшімұлының рухы Қазақстанның әрі қарай гүлденіп, көркеюіне, өркениетті елдер қатарына беделі артқан, қатайған ел ретінде қосылуына ықпалын тигізсін демекпін.

С.Д.Ізтілеуова –
филология ғылымдарының докторы,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Абайтану»
ҒЗО-ның жетекші ғылыми қызметкері

АБАЙДЫҢ ШЫҒЫСЫ М.МЫРЗАХМЕТҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

(Көрнекті ғалым, абайтанушы М.Мырзахметовтың 80 жылдық мерейтойына орай)

Белгілі жазушы, Абайтанушы және Бауыр-жантанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлы биыл 80 жасқа толып отыр. Осыған байланысты, «Ұлттық тәрбие» журналының редакция алқасы жазушы-ғалымды мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, бейнетінің зейнетін көруіне тілек білдіреді!



Абай мұрасының еліміздің рухани мүддесіне және де жастардың болашағына тәрбиелік, тағылымдық мәнісі бар жүйеге айналып, ел игілігіне қызмет жасайтын кезеңі келген сияқты. Себебі, ХХІ ғасырда туындап отырған адамзат баласының рухани деградацияға ұшырауы, жер планетасындағы небір болып жатқан жайсыздықтар, адам баласының Жаратқан Иесінен алшақ кетуінен туындаған кесепат болса керек. Ал, енді осы мәселелердің туындауын болдырмаудың көздерін Абайдың рухани мұрасынан өзімізге қажетті құндылықтарды терең түсініп, табу арқылы, адами сұраныстарымызды қамтамасыз етуге болатынына көз жеткіземіз. Абай мұрасындағы құндылықтарды пайдалана отыра, адамның рухани мәселесін шеше алатынымыз айғақ. Адамзат баласының Жаратушысынан алшақтап, сенім мен махаббаттан, әділет пен ардан, қанағат пен тәубеден, адал еңбек пен ақ жүректен қашып, Абайша айтсақ: «өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақтың» жетегінде жүріп, Жаратушысынан алшақтаған кезеңде, Абай мұрасының бізге соншалықты зәрулігі айқындалады.

Замана өзгерісіне төтеп бере алатын, адамзатты жаманшылықтан сақтандыратын рухани ұстаным мен имандылықты дәріптейтін шығармашылықтар ғана екендігі анық. Тәуелсіз

Қазақстанның мәдени дамуына, оның болашағын жасайтын жас толқындарына тәрбиелік мәнді мұраны насихат етуіміздің маңызы зор. Бұл игілікті жұмыс Абай мұрасын жаңаша танып, тың көзқарастар негізінде жүйелі зерттеулер арқылы қол жеткізе аламыз. Абай мұрасын жүйелі түрде жаңаша бағытта зерттеудің негізі оның дүниетанымындағы шығыстық бағыттарды анықтап, қазақ әдебиетіндегі орнын пайымдау қажеттілігінен туындайды. М.Әуезовтың «Абайда Батыстан кірген белгіден гөрі Шығыс белгісі басымырақ, нығырақ. Батысқа келгенде ол арқасын шығысқа, ақылмен қорытып алған мұсылмандыққа нық тіреп алып келеді» [1, 245-246 б.б.] - деген пікіріне зерттеушілер ден қойып, осы бағытта тұжырымды ойлар айтыла бастады. М.Әуезовтың айтқан осы пікірінен кейін Абай мұрасындағы шығыстық сілемдерді, шығыс классиктерінің қазақ мәдениетіне, қазақ дүниетанымына, ой санасына ықпал, әсерлерін, Абай әкелген ұғымдардың мән-мағынасын анықтау мәселелері туындайды.

Шығыстық дүниетаным, шығыстың жалпы ой-сана жүйесіндегі адамгершілік, адамның рухани әлемі Абай мұрасындағы көрінісін зерттеуді алғашқылардың бірі болып белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметұлы қолға алды. Бұл бағыттағы зерттеу жұмысының нәтижесінде «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары»

атты монографиясы жарық көрді. Мұхтар Әуезовтың тың пікірлеріне сүйене отырып, кеңестік жүйеде айта алмаған ойларын жүзеге асыруға тырысты. Абайдың ісләм әлеміне қатысты дүниетанымдық мәселелеріне тоқталған зерттеуші Абай шығармаларындағы негізгі лейтмотив Алланы сүю, тану, адамды сүю, жан мен тән, жүрек т.б. мәселелері ғалымның назарынан тыс қалмады. Мекемтас Мырзахметұлы: «Абайдың жан мен тән, жалпы жан сырына байланысты дүние танымында өткен заман ойшылдарындағы көне түсініктер табы да байқалады. Дегенмен ойшыл ақын бұл күрделі ұғымды өзінше саралап, өзіндік дербес таным тұрғысынан тарататын көзқарасы өзіндік түсінігі барлығына ерекше көңіл бөлмек керек. Жан сыры жайлы ой өрісінде өзіндік дербес беті бар. Абай баураған осы ойлардың сырын ашып, жаңа қырынан тану қажеттілігі алға қойылды». Ғалым М.Мырзахметұлы Абай шығармаларындағы жан сыры, жанның күрделі болмысын айшықтайтын тұстарына өз зерттеулерінде аса маңыз берді. Себебі, қазақ әдебиеттану ғылымында Абай шығармашылығының осы қыры жабық күйінде жатқан еді. Себебі, кеңестік идеология Шығыс мәдениетінің Орта Азия халықтарына ықпалын көргісі келмеді. Евроцентризм мен коммунизм идеялары шығыстық гуманистік құндылықтарды тұншықтыруды мақсат тұтты.

Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қазақ ұлтының рухани өміріне шығыстық үлгілердің зор ықпалы болғандығы ақиқат екендігі белгілі болды. Осы мәселелерге қатысты бірнеше зерттеу монографиялары жарыққа шықты. Абай шығармашылығына Шығыс әдебиетінің ықпалы туралы айта келе М.Мырзахметұлы: «Жан сыры жайлы Абай танымы өлеңдерінен гөрі қара сөздерінде көбірек сөзегіліп, жүйелі, желілі түрде таратылған. Қарасөздерінде өте жиі ұшырасатын «жанның жарығы», «жанның тамағы», «жан қуаты», «тән қуаты», «жан құмары», «жанның жибилі қуаты» т.б. толып жатқан терең мәнді сөздер күрделі ұғымдарға соғады» [2, 22-23б.б.], - деп Абай қолданған шығыстық ұғымдар мен түсініктер түйінін ашады. Осындай шығыстық күрделі ұғымдар қазақ әдебиетінің даму процессіне Абай мұрасының ықпалын күшейтті. М.Мырзахметұлы зерттеулерінде адам болмысын, оның күрделі жан әлеміндегі жүректің қызметін Абай өз шығармашылығында қалайша өрнектеп, осы құбылыстың көрінісін

қалайша саралап бергендігін ашады. Ғалым Абай танымындағы ақыл, қайрат, жүректің бірлігін «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. Сонда толық боласың елден бөлек», - деген жолдарындағы «толық адам» бейнесін айшықтайтын қасиеттердің маңыздылығына жан-жақты тоқталады. Абайдың иманигүл, үш сүю негізінде қозғаған тың пікірі жайында ғалым мынандай пікір айтады: «Имани гүл сарыны жүрек культін сол негіздегі адамшылық жолын көтермелеп, өз шығармаларында үнемі рахым, шапағаттың баламасы ретіндегі жүректі шешуші орынға қоятындар: әл-Фараби, Низами, Руми, Науаи, Абай т.б. Ал имани ақылды, яғни, ақылдың культін мадақтайтын сарынды Рудаки, Фирдоуси, ибн Синадан ұшыратамыз. Имани гүл, имани ақыл туралы танымның табиғаты, оның шығу төркіні мен даму жолы қазіргі ғылым дүниесінде әлі күнге дейін арнайы зерттеу нысанына алынбай келеді» [2, 24 б.]. М.Мырзахметұлы өзі айтқан пікірін іс жүзіне асыра отыра, осы мәселені зерттеу объектісіне айналдырады. Осы ізденістер нәтижесінде ғалымның «Абай және Шығыс» атты ғылыми монографиясы жұртшылық назарына ұсынылды. Бұл еңбекте Абай шығармашылығына Шығыстық дүниетанымның ықпалы және оның ақын мұрасындағы орны сарапталады. Шығыс поэзиясындағы нәзік иірімдер арқылы өрнектелетін мазмұны күрделі жүйелер мен түсініктер сараланып көрсетіледі. Ғалым Абай мұрасындағы шығыстық ұғымдардың күрмеуін шешіп, ізденушілерге бағыт-бағдарын танытады.

М.Мырзахметұлы Абай ұстанымын дөп басып, оның мұрасындағы тәуелсіз елдің рухани дамуына қажетті танымдық және тағылымдық адамгершілік жүйесінің мәнін ашады. Осы мәселенің адам тәрбиесіндегі жаңа қырын көре білді. Және осы құбылыстың өзіне дейін айтылмаған тұстарын саралап, жүйеге келтірді. М.Мырзахметұлына дейін М.Әуезов Абай мұрасының Шығысқа қатысын, оның ұстанымы мен дүниетанымынан шығыстық желіні, қарасөздері мен өлеңдеріндегі мазмұн мен стиліндегі өзгешеліктерді зерделеп, тереңдеп, зерттелу қажеттілігін пайымдаған еді. М.Мырзахметұлы М.Әуезов айтқан осы бағытты тереңдетті. Ғалым Абай мұрасындағы Шығыс мақамдарының, ой толғамдарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, өлең

үлгілеріндегі мазмұн мен түрдің бірлігін, тақырыптық жүйесіндегі ерекшеліктерін сараптай отыра, оларды бір арнаға тоғыстырып, жаңа зерттеу бағытын қалыптастырды. Үздіксіз ізденістер мен қажымас қайрат пен жігердің, адал еңбектің нәтижесінде М.Мырзахметұлы Абай әлеміне бойлай еніп, құнды зерттеу еңбектер ұсынды.

Өз еңбегімен Мекемтас Мырзахметұлы нағыз зерттеуші, ғалым қалай ізденіп, қалай еңбек етуі керек екендігін дәлелдейді. Ғалым шығармашылығы кейінгі толқынға үлгі боларлық қуатқа ие. Ол Абайдың дүниетанымындағы күрделі ұғымдардың қолданылуы мен мазмұнын түсіндіріп, әсіресе мазмұны терең, мағынасы ауыр, пәлсапаға толы және де басқа қарасөздерінен шоқтығы биік тұрған отыз сегізінші қарасөзін талдайды. Бұндағы Абай толғаныстарындағы Алланың сипаттарын тану мәселесінің ақылмен емес, жүрек арқылы ғана сезілетіндігін, хакімнің жүрекке аса зор мән беріп, өзінің бір емес бірнеше қарасөздерінде, өлеңдерінде осы ұғымдардың қолданылу ерекшеліктерін талдайды. Мысалы, Абай қолданған «хауас» ұғымына назар аударады: «Ақылмен хауас барлығын, Білмейдүр, жүрек сезедүр» [3] - деп, «Алланы тек қана жүрекпен сезе аласың», - деп меңзегенін ғалым өзінің «Абай және Шығыс» атты еңбегінде ерекше ден қояды. Сонымен қатар, Абайдың отыз сегізінші қарасөзінде кездесетін «жәуәнмәртлік» ұғымының негізі қайдан шықты, қандай түсінікпен қабылдауға болады деген мәселе төңірегінде ғалым өзінің ойларын былай тұжырымдайды: «Абай жәуәнмәртлікке тән үш негізге Алланың бойындағы сегіз сипатпен байланысты құбылыс ретінде қарап, ол сипаттардың бәрі де салыстырмалы тұрғыдан алып қарағанда, аз болса да пенденің бойында барлығына ерекше назар аударады. Ол сипаттан таңдап алатын ақыл, әділет, рахымды адам кәсіби әрекеті арқылы меңгеруге болатын құбылыс деп себепті, «Бұлар өз иждиһадің бірлан, ниет халис бірлан ізденсең ғана берілетін нәрселер, болмасы жок», – деп олардың кәсіби нәрсе екенін ескертеді» [4].

Ғалым Мекемтас Мырзахметұлы ғылыми еңбектерінде Абай шығармаларындағы күрделі ұғымдардың мәнін ашып, астарлы қабаттарының сырына үңіледі. Абай шығармаларының үлгісінде өз бағытымен өзіндік өлең өрнегімен келген шәкірті Шәкәрімнің

дүниетанымдық ерекшеліктерін оның күрделі көзқарастарын, рухани сабақтастығы жайында да М.Мырзахметұлы кәсіби білікті пікірлерін білдіреді. Қазақтың қос данасының адамның рухани жетілу көздерін көрсететін ой толғамдарының бірлесетін тұстары мен айырмашылықтарын да Абайдың «толық адам» ілімі мен Шәкәрімнің «Ар ілімінің» арасындағы үндестік арналарынан іздейді. Абай «толық адам» ілімінде адамның Аллаға сүйіспеншілігі мен жақындығы жылы жүрегі, ыстық қайрат, нұрлы ақылмен айқындалса, Шәкәрім «арлы ақылды» адамының ақ жүректі, ақ ниетті, таза ақылды қасиеттерінің жалпы адамзаттық құндылықтарға айналдыруды мақсат тұтады:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сенде сүй, сол Алланы жаннан тәтті».

Абай сөздерінде адамзат баласының рухани дамуына қажетті қасиеттерді саралап, өлең өрнектерімен, мазмұн бірлігінде тепе-теңдікпен әдемі береді. Абай, Шәкәрім сабақтастығындағы адамды, Алланы тану ілімдеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды және осы тақырыптардағы ұғымдардың мәнін ашып, сөз қолданымдардың жаңаша мазмұндарыда зерттеуші назарынан тыс қалмайды. М.Мырзахметұлы: «Шәкәрімдегі жан, тән, жар, таза ақыл, асық нұры жөніндегі күрделі мәселенің бәрі де өзі таратып отырған соны танымның негізінде насихатталатынын көреміз». Зерттеуші Шәкәрімнің «Жаралыс басы – қозғалыс» деген күрделі танымдық өлеңінің мәніне мән беріп, Шәкәрімнің жан туралы айрықша көзқарастарына тоқталады». Мекемтас Мырзахметұлы зерттеу бағытында Абайдың адамгершілік ілімдерінің бүгінгі күнгі талаптар негізінде қарастырудың бүгінгі жастар тәрбиесіне, ұлттық тәрбиенің темір қазығына айналатын бірден бір тірек болатындығын көре білді.

Мекемтас Мырзахметұлы, сөз жоқ, қазақ әдебиеттану ғылымында қомақты үлесімен абыройлы орнын алған ғалым. Оның Абайтану, Шәкәрімтану, Әуезовтану, Бауыржантану ғылыми салаларына қосқан үлесі ұшан-теңіз. Абай шығармашылығына Шығыстың поэзиясының ықпалы зор болса, сол ықпалдың қыры мен сырын бізге жан-жақты талдап, түсіндіріп берген Мекемтас Мырзахметұлының еңбектері. Бүгін біз Абайды терең түсіне бастасақ, оның рухани дүниесін

Ә.С.Бейсенова –
География ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «география және экологиядан
ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі

ҚАСИЕТІМІЗДІ ҚАСТЕРЛЕЙІК, ХАЛАЙЫҚ!

Қоғам ауысқан сайын оның өзіне тән құндылықтар мен тәрбие жолдары өзгереді белгілі. Қазақ халқы өзіне лайық ұрпақ өсіруді, оның бойына адалдық, тазалық, қоғамның болашағына еңбек етуге құштарлық сияқты мінез-құлықты дарытуды, ата-ана мен дәстүрді сыйлауға әуелден-ақ өзіне мұрат тұтқан. Алайда өзгеріп жатқан заман, қоғам жаңалықтары жас ұрпаққа әр қилы ықпал ететіні, содан тәрбиенің міндеттері де күрделене түсетіні де айқын. Біздің болашақ ұрпақтарды тәрбиелеуде педагогика ғылымының атқаратын міндеті ұланғайыр. Біріншіден, ұлттық тәрбие әдет-ғұрып, салтын ғасырлар бойы қалыптасқан жаңа заман талабына сай, ананың сүтімен баланың бойына қалыптастырған әдет-ғұрпын ғылыми тұрғыда ұлттың менталитетіне үлкен мән бере отырып, мемлекеттік қоғамдық бағдарламасына сәйкестендіре отырып, ана тілі деген ұғым бүкіл педагогика ғылымының негізгі арқауы болу керек. Жас ұрпақ бойына адамдық құндылықты, отаншылдықты, ұлтжандылықты жеке тұлға ретінде қалыптастыру міндеті тұр. Кешегі социализмге тән ұғым-түсініктерден бой тартып, тәуелсіздік алған тұсымызда жастар бойында пайда болған оқыс қылықтар мұны анық байқатады. Бостандық, тәуелсіздік бізді бұрынғыдай тежемей, шетелдермен тікелей байланысқа шығарды. Радио, теледидар, кино, ұлттық, тіпті кеңестік кеңістіктен шығып кетті. Батыс елдердің жаппай мәдениеті ықпалына түсті. Қылмысты оқиғалар мен соғыс, ұрысқа құрылған, жалаңаш қыздарды, нәпсіқұмарлықты уағыздайтын фильмдер «қызығы» әлі де алды-артын барлап дағдыланбаған, ақыл-ойы толыспаған жастарды баурап алды. Көшенің тәрбиесі, жаппай келген жаңа мәдениет ықпалы балаларды ата-ана ыркынан да шығарып жіберді. Оның үстіне өтпелі кезеңнің жоқшылығына байланысты бала тәрбиесіне көңіл бөлуге көп жағдайда ата-аналардың, аға буын ұрпақтың енжарлығы да ықпал етуде. Мұның келеңсіз

нәтижесін қазірдің өзінде-ақ көріп жатырмыз.

Жастар бойындағы осындай қылықтар, әсіресе, қыздар тәрбиесінен анық көрінеді. Қиыншылыққа, жетімсіздікке шыдамай, өмір үшін күресте табандылық жасай алмай, көбірек ақша табудың жолында ар-намысын құрбан етіп көшеге шыққан жастар, жетім балалар үйлерін толтырып жатқан тастанды сәбилер қай қоғамды болсын көркейтпейді. Бұл мәселе қазақ халқының ұлттық менталитетіне жат. Сырттан келген модамен киініп, санын жалаңаштап жүру де, темекі, арақ ішу де көрінген еркектің көз сүзуіне апаратыны жасырын емес. Қазақ қызын ертеден-ақ осыдан сақтандырған. «Қызға кім қызықпайды» деп қарау әуелден-ақ бар. Адамдық мінездің осындай әлсіз жақтарына ата-ана тәрбиені қарсы қойған. Осыдан барып біздің ұлттық құндылықтарымызда сүйгеніне сіңіре отырып, тазалық пен берік махаббаттың иесі қыздар бейнесі қалыптасқан. Оларды кейінгі ұрпақ өз балаларына өнеге етіп, дәріптеп, жалғастырған. Қыз Жібектің, Баян сұлудың, Қарашаштың әдеби бейнелері тек сұлулықтың ғана нышаны емес, ақылды жардың, қиыншылықта тапқырлық ерлігімен көзге түскен қайраттылықтың символындай қалыптастырған. Халық «қолаң шаш, қиғаш қас, ақылына көркі сай» деген теңеулердің барлығын қыздарға арнаған. Қыздың бүкіл мүсінін суреттеу, білегін, қыпша белін, оймақ ауыз екенін сипаттау, әдептілігі мен жүріс-тұрысының сыпайылығын аңғарту да олардың бейнесін толықтырған. Осымен бүгінгі қазақ қызының келбетін салыстырып қарасаң, ұлттық дәстүрден қаншама алыстап кеткенімізді көреміз. Әрине, қоғам да, өмір де, адам да бір қалыпты тұрмайды. Бүгінгі қызға Жібек бол, Баян бол, Қарашаштай бол деп талап қою да қиын. Мәселе сондай қазақ қыздарының бойындағы ұлттық әдептілікті, сұлулықты, мінезділікті сақтап жаңғырта білуде, жаңа заман жастарға білім беруде, рухани өсуіне, ұлттық әдет-салтпен ұштастыра білуінде.

Халықтық педагогика мәселесі жастар тәрбиесі – жалпы ұлттық тәрбиенің ішіндегі ең күрделісі және қиыны. Оны ұзақ жылдар жоғарғы мектепте сабақ бере жүріп, жастарды тәрбиелеу ісіне атсалысқан біздер жақсы білеміз. 1960 жылдары Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтында (қазіргі университет) қызмет істеген бір топ ұстаз-педагог бірігіп «Кел, қыздар, сырласайық» деген клуб ұйымдастырдық. Сонда біздер қыздардың білікті маман ғана емес, тәрбиелі, болашақ ана болуы қажеттігіне мән берген едік. Әрбір қыздың жүріс-тұрысын, киім киіну, құрбы-құрдастарымен, айналасымен қарым-қатынасы – бәрі де арнайы білім берумен бірге біз оларға дүниеқорлықтан, рушылдықтан, жершілдіктен т.б. теріс ұғымынан гөрі, ұлт татулығын, адамгершілік қасиеттерін көбірек айтып бойларына сіңіре отырып, тәрбие өзегіне айналатын. Оқу бітіріп, ауылға баратын жас ұстаздардың, болашақ аналардың мәдениетті уағыздаушы міндеттерін бағдарлайтынбыз. Сол үшін өнегелі адамдармен, зиялы қауыммен, мәдениет, әдебиет қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастырдық. Жеке бір мәселенің төңірегінде («Ана болуға дайындық», «Жар таңдау», «Бала тәрбиесі» т.б.) арнайы кештер өткізетінбіз. Қырық жылдай қызмет істеген осы клуб кезінде пайдалы қызмет атқарды деп ойлаймын. Осы орайда КазПИ-дің өнегелі ұстаздары Райхан Жұмағазықызы Ержанова мен Бәлия Рахметқызы Айтманбетовалардың біліктілікпен, ерінбей-жалықпай атқарған қызметтерін еске аламын. Олардан сол кездегі жас мұғалімдер біздің өзіміз де көп өнеге алдық. Олардың мінез-кұлқына, білімділігіне, сабырлы ұстаздығына өз отбасымыздың тәрбиесін, анамның өнегелі істерін сабақтастырып, бәрін жастарға үйретуе асығатынбыз. Бүгін жақсы шәкірттеріміздің жылы сөздерін естігенде, сол еңбегіміздің өлмегені деп ойлаймын. Ұстаздарымнан алған тәрбием, өзімнің кейінгілерге көрсеткен өнегем, соңғы жылдары Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық Комиссиядағы қызметіме де көп пайдасын тигізіп жүрді. Онда мен «Балалар құқығы туралы», «Адамгершілік, жыныстық тәрбие туралы» заңдар жобасын дайындауға қатыстым. Қазақ жастары тәрбиесінің бүгінгі проблемаларын талқыладық. Қай кезде болсын қиын мінезді балалар болады және олар жиі кездеседі. Оларды сол жағдайдан алып

шығу үшін ата-ана баласының қиқарлығын, ұстаздың мойнына артып қоймай, бірге жұмыс жасауы керек. Мектептегі балалардың білімімен бірге ұстаз өзіне де талап қоя отырып, ата-ананың көмегімен болашақ, ұрпақтың білімдар, мәдениетті, тәрбиелі болуын көздеу керек.

Қыз баланың алдында күтіп тұрған өмір қандай болады? Оны болжау қиын. Соның қайсына болсын, дайын тұру керек. «Адам өз бақытын өзі жасайды» деп тегін айтылмаған. Жақсы, өнегелі нәрсені адам өмір бойы қабылдап, үйрене беру қажет. «Жүз жыл өмір сүрсен, жүз жыл оқын» деген осыдан шыққан. Отбасында ерін сыйлап көрмеген әйел өзін де сыйлата алмайды. Сен шәкіртіннің тәрбиешісі ғана емессің, өзіңнің де, айналасының да тәрбиешісісің. Мұны мен ұзақ жылдар мәдениет пен ғылымның, әдебиетті үлкен ағаларының отбасымен араласа жүріп, бойыма сіңірдім.

Үлкен аналық даналығы мол Сәбит Мұқановтың жары Мәрия апайдың өзі – бір мектеп. Ғабиденнің жары Зейнеләпайды, Әбділданың жар Сара апайды, Ғали Ормановтың жары Айтбала апайды біз ғана емес, бүкіл әдебиетшілер, зиялы қауым ана тұтатын. Солардың кең пейілінің арқасында жазушылар одағында болып өткен у-шудың бәрі үн-түнсіз тарап жататын. Олар бір еркектің ғана емес, бүкіл әлеуметтің бабын табушы еді. Жазудан жалыққан, шаршаған кезінде, әдебиет мәселелерін солардың үйінде талқылауды ұйымдастырып, достарын, тілектестерін жинап отыраты. Соларға ерген біз де алды-артымызға қарап, соңымыздан бір әңгіме шығу қала ма деп қипақтап, қымсынып жүретінбіз. Сол апаларымыз бен ағаларымыздың алдын кесіп өтпей, қас-қабақтарына қарадық. Кейін араласа жүріп, солардың өлгені ризалық айтты, тірісі әлі де батасын береді.

Бұл тәрбиедегі ортаның күші. Бұған назар аудармай болмайды. Қазір орта түгіл, өз ата-анасының көңілін аулай алмайтын жастар көбейді. Кейінгі кезде қазақ әдетіне жат, өзін өсіріп, тәрбиелеген ата-анасын қарттар үйіне апарып тастайтындар көбейді. «Қалада оқу оқып жатырмын» деп, ата-анасының азын-аулақ ырзығын шашып, өздері оқу емес, жын-ойнақтың ортасында жүрген қыздар мен жігіттер бізде аз кездеспейді. Басының қайда қалғанын білмей, баянсыз жар, бақытсыз ата-ана болатындар осылардан шығады. «Қазақ қыз өссе елдің көркі», «Қызға қырық үйден тиым» деуші еді. Сол желіні

бүгін үзіп алғанымыз өкінішті. Ұлттық тәрбиенің негізі балаға ананың сүтімен, ана тілімен, бесік жырының әлдиімен беріледі. Құлағына ананың тілі мен әлди-бөпе ырғағы сіңіп өспеген баланың мінез-құлқы қазақша қалыптаспайды. Олар басқа ортаға икемделгіш келеді. Мен көшеде бір машина тоқтатып мінгенім бар. Жүргізуші бала-қазақ екен. Қазақша тәп-тәуір сөйлейді. Бірақ, машинаның ішін шулатып рок-музыка қойыпты. «Қарағым-ау, қазақтың баласысың. Тілің де жап-жақсы, қазақша музыка неге қоймайсың?» десем, әлгі бала: «Ой, апа, қазақ музыкасын кім тыңдайды» дегені. Қазақ әні жанын тербемеген әлгі баланың жан дүниесі қазақ деп кім айтар?

Қазір мектептер мен жоғарғы оқу орнында оқып жүргендердің көбі-осы ұғымда жүрген жастар. Олар жақсы уйренген шала-шарпы орысшасын қосып сөйлеп, қазақшаны белінен басып бүлдіріп барады. Көшеде топталып келе жатқан қазақ балаларының сөзіне құлақ тоссаң, осыны көресін. Қазақша газет оқымайды, қазақ тілін дамыту жөнінде жүріп жатқан әңгімелерден өздерін аулақ ұстайды. Қазақ радиосын тыңдамайды. Сол кезде қазақ радиосы ұлттың тілі мен ұлттық дәстүрді насихаттауда басқа бұқаралық ақпарат құралдарынан көп ілгері кетті. Олар бұл салада тұрақты, жүйелі хабарлар таратуда. Радиодан берілетін ән-күйлер жинағы әр үйде болса, оны үйде жиі тыңдауды ұйымдастыра білсе, бұл да ұлттық тәрбиеге, тіл дамыту ісіне үлкен пайда келтірері сөзсіз.

Қазіргі жастарды бұзатын, теріс жолға түсіретін жәйдің бірі - дүние құмарлық. Тәуелсіздік, нарық біреуді бай етіп, біреулерді кедейлендірді. Байығандар дүниенің қызығына түсіп, қазақтың қарапайым мінезінен ажырап барады. Бізде жоғарғы оқу орнында оқитын балалардың ішінде малынып киініп, қымбат тонын сүйретіп, қолындағы алтын жүзігі мен білезігі мен жылтырап, ұялы телефоны сылдырап, құлағында музыка тыңдайтыны бар, сабаққа машинамен келетін жастар көбейіп кетті. Осының бәрі өз еңбегімен табылмаған нәрселер ғой. Осындай модамен мұғалімдерге қыр көрсетіп жүргендер сабақ оқымайтыны да белгілі. Кейінгі кезде жоғарғы оқу орындарының ұстаздарын орынсыз айыптап, сынаққа, емтиханға ақша алады деп жиі айтылады. Мұның негізі балалардың сабаққа қатыспай, сынақ пен емтиханға ақша беріп өтуді машықтанған әдетінің салдары және ол ата-анасынан алған ақшасын сынақ пен емти-

хан үшін бердім деп өтірік айтады. Сөйтіп, ата-ана баласының білімін қадағаламай, олардың болашақта білімсіз маман болып шығуына жол береді. Егер ұстаздар тарапынан ескерту естісе, дереу оның ата-анасы басшыларға шауып, мұғалімдерге қысым жасай бастайтыны да жасырын емес. Осындай ата-ана не ойлайды? Қызы мен ұлының келешегін бе, әлде оның бүгінгі көз алдаған жалған бейнесіне мәз бола ма?

Кейде ата-ене мен келіндердің келісе алмағаны жайлы әңгімелер жиі естіледі. Әлгіндей келіндер қарапайым ата-анамен сиыса ала ма? Қызына жалғыз басты күйеуге шық, бизнесменге шық деп үйрететін аналар осылардан шығады. Баласын шын жақсы көрген адам алдымен оның тәрбиелі болуын ойлауы керек қой. Ол отбасынан, айналасынан жақсылыққа үйренсін, өзі де айналасына жақсылықтың нұрын сепсін.

Жастарға алдымен адамдық жолы адал еңбекте, қарапайымдықта, кісілікте екенін үйрету керек. Осындай тәрбие алған қыз біреудің еденін жуып, үйін жинап берсе де, адал қызметпен ақша табады. Көрінгеннің қойнында жатып тапқан арзан ақшаға әкелген ас та арам. Балалы әйел оны бөбегіне қалай ұсынады. Мен осындай бір мінезін байқап қалған келіншекпен әңгімелескенде, оның «Ой, апай, жас балам бар, оны қалай асыраймын? Күйеуім арақ ішкен соң қуып жібердім» деген жауабын естідім. Осы да ақталу ма? Асханада аспаз бол, шаштараз бол – қызметтің үлкен кішісі жоқ, адал еңбектің бәрі бір. «Бірақ тез табылатын арзан ақшаға қызығып, намысыңды қорлау, балаңды арам аспен асырау адамдық ар-ұят жарамсыз екенін түсін», - дедім.

Әйелдің бақыты – ана болу, ананың бақыты – ұрпақ өсіру, тәрбиелеу. Бала көтеріп, босану, бала емізу – ананың ең бір бақытты шағы. Алпыс екі тамырың иіп, жан-жағыңдағы дүниенің бәріне маужырай қарап, бөбегіңе иіген көңілің аналық мейірімді тасытады. Меккеге үш рет арқалап апарған баласына менің бір түнгі ұйқымды бөліп емізгеніме татымайды-ау деген ана осы шағын есіне алған болар. Осыны ақтайтын бала болса... Ананың осы ұлы қызметіне арналған жырлар қазақ ақындарында каншама! Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақ әйеліне қайран қалам» дейтін бір өлеңнің өзінде қаншама керемет ойлар тұнып тұр. Қазақ қыздары көркем әдебиетті аз оқиды.

Осыны айтқанда, мен қазақ әйелдерінің, әсіресе, қала тұрғындарының бір-екі баламен шектеліп қалуын еске аламын. Мұның өзі ұрпақ

үшін қауіпті. Орыстарда «бір ұл – бала емес, екі ұл – жарты бала, үш ұл ғана бала» деген сөз бар. Бірен-саран бала кездейсоқ жағдайларға душар болып, ата-ананың ұрпақсыз зарлап қалғанын талай көріп те жүрміз. Мен қазақ әйелдеріне туа беріндер, балаларың көп болсын дегім келеді. Жастай туған бала өзімен бірге ер жетіп, кейінгі бауырларын өздері тәрбиелеп кетеді. Көп балалы отбасында өскен балада өзімшілдік, қызғаншақтық мінез болмайды, олар бірінің ескісін бірі киіп өседі.

Қазір балаларды өзара жарыстырып киіндіру, бәріне шетелдің модалы киімдерін әперу сайысқа айналды. Осы жай балалардың арасында қызғаныш мінез тудыратынына, олар өзімшілдікке тәрбиеленетініне ешкім көңіл аудармайды. Тіпті машина мініп, алшаңдап жүрген балалар да аз емес.

Қыз тәрбиесі – біздің қоғамымыздың негізгі ұстанымдарының бірі. Халықтың тең жартысынан көбі әйелдер. Олардың тәрбиелі болуы бастары үшін ғана емес, бүкіл қоғамның рухани өміріне ықпал етеді. Ол ана болып, балаларын тәрбиелеумен қоса, қоғамдық істерге араласады. Соныңбәріндегі кемшіліктерменжансақтықтарға анакөзіменқарайды. Қазір поездарда жолсеріктер түгелімен қыздар. Ұшақтардағы стюардессалар қыздар. Олар айналасына әсемдіктің, тазалықтың, сыпайылықтың ұрығын сеуіп жүруі керек. Сонда қоғам тазарады, әсемдікке бет бұрады, ана көңілімен қайта жаңарады.

Қыз тәрбиесі жөнінде айтқанда, мен біздің қыздар түгелдей бұзылып кетті деуден аулақпын. Жақсы, ақылды қыздар бізде аз емес. Сонымен қатар, қоғамның өткінші кезеңінде әлі де тұрақтанып болмаған мінез-құлықтардың ырқына түсіп кеткендері де бар. Мәселе – осылардың тәрбиесін жақсарту жөнінде.

Қыздардың жеңіл жолға түсіп кетуі туралы сөз еткенде біз жігіттердің кінәсін де жоққа шығаруға тиісті емеспіз. Жас балалар мен жігіттерді былай қойғанда, сақалы шыққан азаматтардың өзі қыздаға көз сүзіп, реті келсе қолын, тізесін сыйпалауға әуес келетіні бар. Солардың көбі қыздың әкесі, қыздың ағасы. Өз қызына біреу солай қарап жатса, қайтер еді. Мұндайлар жоғарғы мектеп ұстаздары арасында жиі кездеседі. Кейде автобуста, театрда, кинода жасы үлкен жігіттердің немересіндей қыздардың жанында ыржыңдап отырғанын көресің. Солар қоғамның сәнін бұзбайтын,

қайта оны нығайта түсетін, әдеп, мәдениет дегендер барын ойласа ғой. Адам жігіттігімен емес, жақсы мінез-құлқымен, адамгершілік қызықтарымен көзге түсуге ұмтылса игі.

Көп жағдайда отбасының бұзылуына әйелдің мінезсіздігі себеп болатыны даусыз. «Қыз кезінде бәрі жақсы, тілі ащы, жаман қатын қайдан шығады» деген қазақ. Жардың жақсы болуына, тәрбиесіне қазақ халқы көп көңіл бөлген. Жас келінді ата-анасы қолында ұстап, тәрбиелеген. Әбден қалыбына келген кезде ғана отау кып бөлек шығарған. Әйел тәрбиесіне оның ері де елеулі үлес қосқан. Сол тәрбиенің негізі бірін-бірі сүйеде, сыйлауда екені белгілі. Бірақ, бұл жас келіннің күйеуінің жүріс-тұрысын аңдып, оның азаматтық құқына шек қоюмен еш байланысты емес.

Қазір еркектің екі-үш әйел алуына болады деп әңгіме тарап жүр. Тіпті, таяуда теледидардан осы мәселеге үлкен пікір алысты. Мұндай әңгімелер қыздардан, әсіресе, күйеусіз отырып қалған қыздардан шыққан. Оларды да түсіну керек. Жалғыз басты боп, немесе бірер әкесіз баламен отырып қалған әйелдер өзіне серік, баласына әке іздейді. Бірақ, бұл адамгершілік тұрғыдан ойластырылмаған дүние. Біреудің жары саған қосымша күйеу болып жарыта ма, қосымша күйеу өмірлік серік бола ала ма? Қыздар осыны неге ойламайды? Жок, оларды қызықтыратыны жігіттердің материалдық көмегі ғана сияқты. Әсіресе, ақшалы бизнесмендердің екі-үш әйел алу мәселесін көтеруін қалай түсінеміз? Сонда олардың отбасы, бала тәрбиелеудегі ортасы мен қоғам алдындағы жауапкершілігін қайда қояды. Десе де олардың бәйбіше мен тоқал арасындағы қызғаныш пен күншілдік өрті, болашақ ұрпақтарына қандай тәрбие бермек. Ал, соның есесіне жетімдер мен қарттар үйіне көмек берсе, олардың аттары мен атақ-дәрежелері одан арман биіктей түспес пе еді. Әрине, бұл мәселелер әлі де шешімін таппай ашық калып отыр. Көп әйел алушылықтың әлеуметтік ортасы бөлек. Құнанбайдың төрт әйелі төрт ауылды ұстаған. Әр ауылдың малы, малшылары, қорақопсысы болған. Соның бәрін бір жерге жиюға болмайтын болған соң және әр қайсысын бір-біріне қоңсы қондырмай, тәуелсіз ұстаған. Оны Құнанбайдың жағдайы көтерген. Кейде Абайдың көп әйел алғаны, Сәкеннің серілігі, Әуезовтің әйелдері жайлы әр түрлі алып кашты әңгімелер айтылып жатады. Әр қайсының өз себептері бар. Соны түсініп, ой елегінен өткізіп, әділетті

баға беру керек. Екі ақынның бірі Абай емес, екі суреткердің бірі Сәкен мен Әуезов емес. Оларды да өз ортасы тәрбиеледі, Сондықтан олар тәрізді ұлы тұлғалардың қайшылықты жақтарын үлгі тұтпай, үлкен ақындық, жазушылық өнегесін жастар бойына дұрыс түсіндіріп, дәріптеп, үлгі тұтуды дәстүрге айналдыру керек. Мен өзім ғалым ретінде ғалым адамдармен, ақын-жазушылармен көп жыл араласа жүріп, үлкен тұлғалар өмірінің ұсақ-түйегін термей, ұлылығын танытатын қасиеттерін көруге үйренген адаммын. Бүгін біз Н.Тілендиев пен М.Мақатаевтың мінез-құлқындағы кейбір жайларды еске алмай, ұлы сазгерлігін, ақындығын үлгі тұтамыз.

Ұл туса, қазақ ұрпағым жалғасады, отым өшпейді деп қуанған. Ұлдың өмірде, отбасы дәстүрінде өз орны бар. Ұзатылған қыздар бауырына «ат байларым» деп көріскен. Қыз, канша дегенмен, жат жұрттық саналған. Бірақ, ел мен елдің арасын жалғастыруда қыздың да орны үлкен. Қазақ аңызында мынандай бір үлгі бар. Бір ақсақалдан «Ұлыңыздың әйелі босанып ұл тудың деп сүйінші сұрай келеді. Ақсақал сүйіншіге бір қой береді. Екінші жолы басқа бір ұлының әйелі босанып, қыз туады. Ақсақал оның сүйіншісіне екі қой береді. Бір күні балалары жиналып қалғанда үлкен ұлы мұны әкесіне өкпе қып айтады. «Менің ұлым сіздің ұрпағыңызды жалғастырады, атыңызды өшірмейді. Ал, сіз қыздың баласына екі қой, маған бір қой бересіз депті. Сонда әкесі «Ай, қарағым-ай, сенің ұлың ұрпақ екені рас, осы үйге, ұзаса осы ауылға ие болады, ал қыз екі елге ортақ, екі ауылдың арасын жалғастырады, туыстырады ғой» деген екен. Мұның бәрі рас. Бірақ қазақ дәстүрінде ұлдың орны ерекше. Оған карамай, ұлдан қызды жоғары қоятын, оған көбірек қуанатын мінездер бой көтеріп келеді. Қыз жігітті үйіне кіргізіп алады. Шаруасын реттейді. Ал, ұл үйленген соң кетіп қалады деген ұғым қалыптасқан. Бұл – біздің ұлттық дәстүрімізден тыс, сырттан келген әдет. Қыздың баласын «жиен» деп емес, «немере» деп атау да орын алған. Ұл туса, бөріні аспанға атып қуанған, елдің қамқоры болады, жау шапқанда қолына найза алып, жерін қорғайды дейтін ұлдардың намысы аяққа тапталып бара жатқанына кейде жаным ауырады. Ұл мәртебесін биік ұстау – ата-ананың міндеті. Жігерсіз, опасыз азаматтарды ата-ана қыз тәрбиесіне қандай жауапкершілікпен қараса, оған болашақ жақсы жар, ел қамқоршысы етіп тәрбие беру керек.

Ұлына азамат деп қарап, келініне өз баласындай тәрбие беріп, тең ұстаса, сол мәртебе биіктей түседі. Ұлға ұлша, келінге келінше қараған абзал. Кейде жаңа түскен келінге «келін» деп айтпаймын, «қызым» деп айтамын деп жатады. Жақсы көріп сыйлағанының белгісі шығар, бірақ «келін» деген қасиетті сөзді ұмытуға бола ма? Әр нәрсе өз мағынасында, өз орнында ардақты, қазіргі келін «келін» болып тәрбие алсын, келіннің қызметін атқарсын. Келіннің тастай батып, судай сіңуі - ата мен енеге де, әке мен шешеге де қуаныш.

Қазіргі жастар тәрбиесінің ең бір осал жері – патриоттық тәрбие. Отан сүйу, халқын қадірлеу, жақсы көру сезімдері студенттер мен мектеп оқушылары арасында, біздер бұрынғы қалыптасқан ұлттық идеологияны жетілдіріп, насихаттай алмай келеміз. Мұның бәрі біздегі идеологиялық жұмыстың жетімсіздігінен. Әнұран қабылдадық, бірақ оны ешкім айтпайды, мәтінін де жатқа білмейді. Мемлекеттік елтаңбаны, көк байрағымызды қадыр тұту, сыйлау дегенмен де ешкімнің жұмысы жоқ. Бұл салада жүргізіліп жатқан жұмыс та мardyмсыз. Таяуда Ы.Алтынсарин атындағы Білім Академиясы жүргізген социологиялық анкетаның қорытындысы мұны анық байқатты.

Біздің идеологиямыз ата-бабаларымыздың, елдің салт-дәстүр адамгершілік өнегелері арқылы, аңыздары мен жырларында қалыптасқан діни ұғым, салттың да идеологиялық мәні, үйретері бар. Тек осының бәрі прогресске, қазақ халқының келешегіне қызмет етсе болғаны. Ал, кейде салт-дәстүрдің, діни уағыздың ескішіл, кертартпа жақтары үстем боп кететін шақтары байқалады. Келін болдың екен - басыңа жаулық сал, ата-анаңа келінше қызмет ет деген бір жақты талаптар кездеседі. Біздің атам заманнан ұлттық ерекшелігіміз - қыз бала тұмшаланып жүрмеген, орамал салу әйелдіктің белісі деп қараған. Өлік жөнелтуге әйелдердің қатысуына тыйым салады. Әйелдер мен қыздардың ата-анасымен қоштасуына қарсы болу қандай ақылға сияды? Осындай дәстүрсымақтардың бәріне сын көзбен қарап, қоғамдық даму, прогресс жолынан ысырылып қалып қоймауды ойлау керек. Дін деген де – үлкен ғылым саласы. Оны тану, білу керек. Ауылдың шала молдаларының ережелері дін танудан мүлдем бөлек. Дін қағидалары адамның көңілінен шыққан кезде ғана ғылымдық, білімдік, тәрбиелік мән алады.

Осымен байланысты дінді құдай жолы, хақ

жолы деп түсінбей, оны күнкөріске айналдырып жүрген жастарды мысалға алайық. Көшеде жалданып, басқа діндердің уағызын айтып, әдебиетін таратып жүрген жастар қай құдайға жұмыс істеп жүр дейсіз? Басқа дінге барғаны үшін, соған қызмет істегені келгендерге сол дін өкілдері ақша телейді. Қазіргі қиыншылықтан құтылудың бір жолын осыдан іздеген кейбір жастар біртіндеп, сол дінді бойына сіңіріп, нанымына айналдырып алғанын сезбей де қалады. Осы жайында кейінгі жылдары жазылып жатыр. Бірақ оған тегеурінді бөгет жасаудың жолын әлі ешкім ойлаған жоқ. Бұл мемлекеттің, ислам дінін қорғаушылардың, жалпы мұсылман қауымының ісі.

Осының бәрін айта отырып, болашақ ұрпақты сауатты, білімді, ұлттық дәстүрде тәрбиелеуде ата-ананың ролін көтеру, мемлекет мекемелердің қамқорлығын арттыру қажеттігіне назар аударғым келеді. Бұл салада педагогика ғылымы да тыс қалмауы керек. Ұлттық әдет-ғұрыпты, салт-сананы халықтық педагогика деп танып, соны бүгінгі ғылым қағидаларымен байланыстырып дамыту, оны насихаттау осы ғылымның үлкен міндеті. Соны ұлт тілімен тығыз бірлікте жүргізу қажет. Сонда ғана педагогика тәуелсіздік жағдайдағы ұланғайыр міндетін атқарады.

Мен ұзақ жылдар экология деген ғылым саласымен шұғылданып келе жатқан адаммын. Сонда көзім жеткені - қазақ даласында радиация таралмаған жер жоқ. Бірқатар облыстарды араладым, ірі өндіріс орындарында болдым. Кеңес кезінде еліміз үлкен индустриялы мемлекетке айналды. Бірақ жер байлығының құнарлығын жоғалтып алдық. Мал ауруы көбейді, саны азайды. Бала туу азайып, олардың ішінде ауру балалар саны өсті. Бұл - қазақтың болашағына зиянын тигізетін ауыр жағдай. Мұндай күйде ұрпақ өсіру, Қазақстан халқын таяу жылдары 20 миллионға жеткізу Президент жолдауында көрсетілген үлкен бағдарламаны іске асыру үлкен мемлекеттік қамқорлықты қажет етеді.

Туған баланы күту, тәрбиелеу де оңай жұмыс емес. Оларды кіндіруге, орауға пайдаланатын материалдардың көбі де синтетика. Синтетика деген ауа жібермейтін, аллергиялық аурулардың қозуына себеп болатын, жас организм үшін басқа да жағымсыз жағдайлар тудыратын материал. Әдемілеп тігіп, сыртын жылтыратып қойған соң, тәжірибесіз ата-ана оған қызыға қарайды. Халықты сөйтіп алдамай, балалар киімін таза мақта, жүннен тоқылған зат-

тардан, таза кездемелерден тіксе дұрыс болар еді. Бұған шетелдің арзан спорттық қытай аяқ киімдерін киген балалардың ертерек ревматизм, жүрек ауруларына шалдығатынын қосыңыз. Мұндай факторлар көп. Тегі балалар, жастар киімдерін тігу мен сатуды сауда адамдарын ырқына беріп қоймай, денсаулық сақтау органдары тарапынан мемлекет бақылау қою қажет.

Туған таза табиғаттың аясында өсіп, ақыл ойы, дені сау боп ержеткен ата-бабаларымыздың тіршілігі - қазір бізге арман. Олар арақ-шарапты, темекіні, аллергия дегенді бімеген. Ақыл-ойы да еркін жетіскен. Бүгін ақыл-ой кемістігі көбейді. Соның бәріне жұтатын ауаның, ішетін судың тазалығы, топырақ пен өсімдіктердің түрлерінің азаюы әсер етіп жатқаны жасырын емес. Жастар бойындағы жеңілтектік пен ұшқалақтық, ашуланшақтық мінездерді, сол сияқты кейінгі кезде жиі байқалып жүрген жастардың өзіне қол жұмсауы да осы экологияның нәтижесі болып табылады.

Ғылымның қай саласын алмайық, атақты ғарышкер ме, актер мен актриса ма, балерина мен жезтаңдай әнші ме, елдің рухани санасын оята-тын күйші-сазгерлер ме, атақты өнертапқыштар, мүсіншілер мен суретшілер ме, өздерінің білімін жетілдіре отырып, өз саласындағы ғылымды дамытушылар ретінде халықтың мұрасын байытушы. Жоғарыдағы ғылым салалары бір-бірімен ажырамайтын, бірін-бірі толықтыратын жүйе болып табылады. Дамыған дәстүрлі ғылымның жүйесін үзіп алмай, жастардың бойына қалыптасқан ғылым салаларындағы жетістіктерді сіңіре отырып, жаңа тұлғаны қалыптастыру бүгінгі күннің негізгі міндеті.

Өткен дәуірдегі халықтың даналары - шешен-билер, жыраулар, ақындар, халықтың жоғын жоқтап, әділеттіліктің нәрін себе отырып, болашақ ұрпағына мол тәрбиелік қор қалдырған. Халықоны сақтап уағыздаған. Бүгінгі Елбасының халыққа жолдауы мәдени мұраны жаңғырту еліміздің елдігін, мемлекеттің бұрынғы болған тарихын тірілту арқылы елдің болашағына жол сілтеудің негізгі бағдарламасы болып табылады.

Ұрпақ тәрбиесі қай заманда болса да күн тәртібінен түспеген. Оны жақсарту біз сияқты жас тәуелсіз мемлекет үшін тіпті қажет. Біздің қоғамның болашақ иелері, мемлекетіміздің нығайып, аға буын бастаған істерді алға апарушылар - солар. Сондықтан оларды еліне, заманына сай тәрбиелеуден күш-жігерін аямаған абзал.

Резюме

В статье автор задается вопросом, почему в нашем обществе существует проблемы невоспитанности молодежи. Подсказывает пути для ее исправление, не примерах показывая как с помощью национальных ценностей воспитывать подрастающее поколение. Также останавливается на вопросах воспитании казахских девушек.

Summary

The author wonders why in our society there is a problem of bad manners of young people. Suggests ways of fixing it, no examples showing how to use the national values to educate the younger generation. Also, is stopped on the education of the Kazakh girls.

С.Ж.Пралиев –

**Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ректоры,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА құрметті мүшесі**

М.А.Нуриев –

**ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Жаңартпа технологиялар және
білім беру мазмұнын ҒЗИ директоры**

М.Қ.Құрсабаев –

Халықаралық «Атамекен» ұлттық тәлім-тәрбие бағдарламасының авторы, педагогика ғылымдарының кандидаты, «Көкше» академиясы этнопедагогика зертханасының жетекшісі

ҒАЛАМДЫҚ ЖАҢАДАНУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ

Бүгінгі жаңа Қазақстан жағдайындағы білім жүйесінің реформалануы – әлемдегі аса ауқымды құбылыстардың бірі ғаламдық глобализациялану үрдістеріне тура келді. Мұндай гипотезаның ақиқатқа айналуы шындық еді. Себебі, кешегі 1980 жылдардың басындағы әлем халқын аландатқан «ядролық соғыс» пен XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы аса ауқымды экономикалық даму және ақпараттық технология жетістіктерінің белең алуы бұқара халықтың жаңаша қоғамдық пікірі мен құндылықтарын, ал білім саласында неопедагогикалық, неопсихологиялық пікірлерін қалыптастырды.

Өз алдына дербес тәуелсіз мемлекетке айналған Қазақстан ұлт лидері Нұрсұлтан Әбішұлының көрегендігімен данышпандығының арқасында жаңа заманның дұрысы мен бұрысын дер кезінде бағдарлап, жаңа Қазақстанның ғаламдық глобализация кеңістігіне барынша адаптациялануы үшін қолдан келген барлық жағдайларды жасауға тырысты. Өткен жыл-

дар, әсіресе, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан үшін көптеген қиындықтар туғызды. Бір жағынан, аталмыш күрделі кезеңнің сипат алуы заңды құбылыс еді.

Қазақ елінің, дәлірек айтқанда Қазақ хандығының әлемдегі арқалы мемлекеттермен терезесі тең, өз алдына дербес мемлекет болғаны баршаға аян. Қазақ хандығы тұсында (М.Әлсатов, М.Смайылова) білім мен тәрбие жүйесі негізінен мұсылмандық бағыт ұстанғанмен, ұлттық болмысымыз бен менталитетіміздің сақталуына, өнер мен әдебиеттің, ұлттық генофондымыздың қалыптасуына орасан ықпал етті. Халық қамын ойлап, ұрпақ тағдырына деген терең сезімдерін ұлт санасында қалыптастыруды көксеген талай арыстар мен қаһармандар осы мезгілде дүниеге келді. Олардың есімдері, әсіресе ұмыт қалған әйгілі ғұламалар, батырлар, қайраткерлер және ұстаздар бүгінде қайтадан сөнбес жұлдыздай көгімізде жарқырауда.

Қазақ хандығы – қазақ этносының ерекше жаратылысы мен болмысын, ұлт дүниетанымы

мен мәдени мұрасының, өнері мен табиғатын, халықтың ұлттық мінезі мен тәлім-тәрбиелік құндылықтарын айқындап қана қоймай, көптеген этностардың аталмыш мәдени қазыналардан сусындауына себеп болды. Ұлттық идея мен өнер-білім, рухани мәдениет құндылықтары қазақ халқының мұсылмандық дінге деген терең сезімі мен сенімі арқасында сақталды. Әлемге әйгілі қазақ жыраулары мен би-шешендерінің әдеби-рухани мұраларын айту-ды былай қойғанда, солардың ішіндегі Қайқауыс ұстаздың «Қабус-нама» (XI ғ.) кітабының еуропалық халықтар тарапынан соншалықты қызығушылық тудыртуы, көптеген ұлттық мемлекеттерде ұлттық рухани мәдениет пен ұлттық сана-сезім көзқарастарының пайда болуына әсер етіп келгенін біреу білсе, біреулер білмейді. Қайқауыстың идеясы ұзақ жылдар бойы әлемдік білім мен тәрбие кеңістігінде «Кодекс куманикус» атты жетекші ғылыми-педагогикалық парадигма болып келді. Бұл жерде Қорқыттың «Оғыз-нама», Асанқайғының «Жер-нама», Ахмет Йассауидың «Диуани хикмат», Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу билик», Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян», Заһреддин Бабырдың «Бабыр-нама» атты дүние жүзіне белгілі шығармалары жөнінде ғылыми еңбектер мен баспасөз беттеріндегі маңызды тұжырымдардың аз жазылып жатпағанын айтуға болады.

Аталмыш құндылықтар өз кезегінде А.Құнанбаевтың, Ы.Алтынсаринның, Ш.Уәлихановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың, Н.Құлжанованың еңбектерінде өз жалғасын тауып, қоғамдағы саяси оқиғалар мен дағдарыстарға қарамастан, ұлт болашағы – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісінде жүзеге асырылып жатты.


Кешегі Кеңес үкіметі өз құрамындағы одақтас республикаларға берген уәдесін орындағанмен, көп жағдайларда Шыңғысхан империясының соңғы буыны Алтын Орда мемлекетінің отар елі болған Ресей империясының жүргізген саясатын қайта жандандырып, тек қана қазақ халқы емес, басқа халықтардың рухани-мәдени құндылықтарының үлкен дағдарысқа ұшыратты. Сондай ауқымды да күрделі дағдарыстардың ішінде әр ұлттың ана тілінің, халықтың діни-рухани мәдениеті, ұлттық сана-сезім мен тәлім-тәрбие құндылықтарының өз деңгейінде дамымай, нәтижеде әлемдік өркениет көшінен

қалыс қалуы тенденциясын қалыптастырғанын айтсақ жеткілікті. Мұндай күйге түскеніміз үшін Ресей империясының негізгі ұлты болып саналатын орыс халқын кінәлауға болмас. Мұндағы айтпағымыз көптеген ғалымдардың пікірінше (В.С. Кукушин, Л.Д. Столяренко, Е.Л. Христова) Ресей империясының басты саясаты – отарлаған елдерде өзінің саясатын жүргізуге барынша күш салып, өз кезегінде орыс халқының табиғи мәдениетінің де дағдарысқа ұшырағанын тілге тиек етуде. Мұндай құбылыс Ресей педагогтарының шынайы орыс мектебінің жойылып бара жатқанын сезе тұра, заман талабына сай жаңа «орыс рухындағы» мектептің фундаментін қалау керектігі жөнінде нақты іске көшуді қажет етуде.

Мысалы соңғы жылдары Ресей Федерациясында негізі қалана бастаған «шынайы орыс мектебі» тақырыбы бойынша Отантану пәнін енгізу ғылыми-педагогикалық, философиялық және этнопсихологиялық тұрғыда сараланып, оның басты тақырыптары болып Орыс тарихы, Орыс табиғаты, Орыс географиясы, Орыс менталитеті, Орыс рухы (жаны), Православие деп аталып, ол құндылықтары сияқты арнайы пән ретінде ендіру ісі қолға алынған [374, 14].

Бұл жөнінде К.Пирлиевтың түркімен, З.Васильцованың украин, Я.Ханбиковтың татар халқының ұлттық педагогикалық ерекшеліктері мектеп практикасында өзінің дәстүрлі жалғасын тапқаны аса қажет деп атап көрсетіледі.

Қазақстан жағдайында шынайы қазақ мектебін қалыптастыру мәселесі күні бүгінге дейін шешілмей келеді. Бұл мәселенің аса күрделі, бірақ оны қайткен күнде де шешу қажеттігі күні бүгінге дейін негізінен тек қана ауқымды саяси мәселе ретінде қарастырылып келеді. Оған кешегі «Алашорда» мемлекетінің Декреттері, қазақ даласындағы медреселер, қазақ ақын-жазушылар мен ағартушы қайраткерлерінің еңбектері дәлел. Сол себепті, аталған ой-тұжырымдар мен соңғы жылдары жинақтала бастаған озық тәжірибелер мен қазақ мектептеріндегі нақты нәтижелер – қоғам алдында, жас ұрпақ алдында тұрған аса күрделі мәселе – 12 жылдық жағдайындағы қазақ мектебінің моделін жасау ісінің қажеттігін аңғартады деп санаймыз [1-кесте].



1-кесте

Жалпы, қазақ мектебіне қатысты зерттеу жұмыстары болған жоқ деп кесіп айтуға болмайды. Атап айтқанда А.Х. Мұхамбаева, Қ.Б. Жарықбаев, С.Қ. Қалиев, Н.Қ. Сарыбеков, С.Ғаббасов, Ш.К. Беркімбаева, Қ.Қ. Бөлеев, Ә.Садуақасов және басқа ғалымдар ұлттық тәрбие мен ұлттық мектептің қажет екені жөнінде маңызды еңбектер жазды. Аталған ғалымдардың ішіндегі А.Мұхамбаева, С.Ғаббасов, Ш.К. Беркімбаева, Ә.Садуақасов еңбектері, сонымен қатар «XXI ғасырдағы қазақ мектебі: даму болашағы» (Алматы, 2006)

атты ғылыми-практикалық конференция материалдары біз көтеріп отырған мәселеміздің көптеген сұрақтарына жауап беретін құнды идеялар болып табылады. Ендігі мәселе осында жинақталған іс-тәжірибелер, теориялық бағыттар және педагогикалық парадигмалар негізінде шынайы қазақ мектебінің фундаментін қалау аса қажет деп санаймыз. Сондықтан, соңғы ғылыми-педагогикалық тәжірибелерге сүйене отырып, айтар ойымызды төмендегі кесте арқылы сабақтауға болады [2-кесте].



2-кесте


ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

Республика мектептерінің 12 жылдық білім беру жүйесіне көшетіні жөнінде Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің Жолдауында айтып өтті. Мемлекет бұл іске көшу барысында көптеген жұмыстар атқарды. Бұл мәселе жөнінде көпбағдарлы ғылыми-эксперименттік жұмыстар жүргізіліп кешенді тәлім-тәрбие бағдарламалары мен білім беру жүйесін реформалауға арналған тұжырымдамалар жасалды.

2003 жылы Балонья қаласында өткен ғылыми-практикалық конференция материалдары бойынша, әлемнің 47 мемлекетінен келген білім саласының өкілдері біртұтас білім кеңістігін қалыптастыру жөнінде аса маңызды шешім қабылданған болатын. Біртұтас кеңістікті қалыптастырудың басты нысаны – білім беру технологияларының белсенді, еркін қарым-қатынасқа түсуіне, атап айтқанда кешенді тұрғыда интеграциялануы болып табылады. Бұл үрдіс тек қана бір ғана білім беру саласымен шектеліп қалмай, әрбір білім алушы ұрпақтың өзінің дарыны мен қабілетіне қарай озық технологиялар мен жетекші тәжірибелермен жақын танысып, өзінің алған білімінің одан ары шыңдалуына жағдай туғызу болмақ. Осы орай-

да көпшілік жетекші педагог мамандары мен сарапшылардың пікірі бойынша 12 жылдық білім – біртұтас білім кеңістігіне оңтайлы жол ашатын приоритетті жүйе екені айқындалды.

Еліміздегі 12 жылдық білім жүйесінің мемлекет тарапынан қолға алынып, оның жүзеге асырылу үрдістері бүгінгі ғаламдық глобализациялану дәуірімен қатар жүріп жатыр. Глобализация феноменіне жер бетіндегі адамдардың көзқарастары бірдей емес. Оның әлемдегі экономикалық дамудың тұрақты фазасына жеткен мемлекеттер үшін аса тиімді екені анық. Экономикалық дамудың ерекше көрінісі мен нақты нәтижесі – мемлекеттің білім саясатының дұрыс екендігін байқатады. Бүгінгі таңдағы өндіріс пен кәсіпорындардың бәсекеге қабілетті тауар мен өнім шығаруы, аталмыш өнімнің адам денсаулығы мен қоршаған ортаға тигізетін зиянды жақтарының жойылуы – аталмыш өндіріс саласын соңғы жоғарғы технологиялармен жабдықтауы екені анық. Бұл үрдіс – сөзсіз білім реформасына жоғары талап қоя отырып, сауатты және оңтайлы жүргізілуінде. Осыған орай 12 жылдық білім жүйесінің қажеттілігі жөнінде алғышарттарға тоқталайық [3-кесте].



3-кесте

Жоғарғы технология элементтерінің ырында басымдылық танытуы ғаламдық білім жүйесінен бастап өндіріс орында- глобализацияланудың нақты белгісі. Енді

бұл феноменнің екінші жағы – жоғарғы технологияларды ендіру барысында ұлттық құндылықтардың дағдарысқа ұшырауы болмақ.

Адамзат өркениеті ХХІ ғасырдың табалдырығын жедел дамыған озық технологиялық жетістіктермен бірге әлі күнге шешімін таба алмай жатқан күрделі әлеуметтік проблемалармен аттады. Әсіресе, ғылым мен техниканың озық тәжірибелеріне негізделген соңғы бес жыл ішіндегі ауқымды өзгерістер, қоғамдық сананың жаңа келбетін қалыптастырды.

Аталмыш жетістіктерге қол жеткізудің айқын бір көрінісі – экономикалық дамудың тұрақты жүйесін қалыптастырған мемлекеттің білім реформасына деген ерекше қамқорлығының жемісі деуге болады. Білім жүйесінің интеграцияланумен қатар заман талаптарына сай күрделене түсуі күн санап үдейе түсуде. Білім беру әдіснамасының да қайта зерделенуді талап етуі – жаңа заманның күрделі бір мәселелеріне айналуға.

Айтар ойымыздың пайда болуына себепші болып отырған нәрсе ол бүгінде көпшілік қауымның лексиконына айнала бастаған «глобализация» дүниесі дередік. Алғашында қарапайым дүние болып көрінгенімен, кейін бұл құбылысқа көптеген адамдар өз алаңдаушылықтарын білдіре бастады. «Глобализация» ұғымын қазақи басылымдар «ғаламдық жаһандану» деп атауда.

Жаһандану үрдісінің негізінен әлемдегі макроэкономикалық қарым-қатынастарға байланысты болғанымен, оның бүгінгі техногенез заманының адамдарына, олардың тұрмыс-тіршіліктері және мәдени-рухани дүниелеріне де қатысы бар екенін айтып өткен жөн. Әдетте, жаһандану кеңістігінің қалыптасуына негізінен әлемдегі экономикалық дамудың жоғарғы белесіне көтерілген қуатты мемлекеттердің экономикалық ортақ мүддеге, яки табыс көзін молайтуға бағытталған ниеттерінен туындағаны белгілі.

Бұл көрініс бір жағынан екі аймақ арасындағы сыртқы экономикалық қарым-қатынастардың жедел дамуына, яғни интеграциялануына алып келсе, екіншіден көрші отырған экономикалық әл-қуаты шамалы дамыған аймақтағы мемлекеттерге зор ықпалын тигізетіні анық.

Экономикалық дамудың жоғары белестеріне шыққан мемлекеттердің көпшілігі Европа территориясында орналасқан. Гүлденген Европаның

бүгінде ғаламдық жаһанданудың эпицентріне жақын орналасуы – білім салаларының модернизациялануына ықпалын тигізіп отыр.

Глобализацияның Европандан қайта бастау алғаны Л.Н. Гумилевтың «пассионаризм» теориясы арқылы сараласақ, тарихи оқиғалар мен географиялық өзгерулердің тұтастығы белгілі бір кезеңде, яки өркениеттің дамуы мен қалыптасуы, кейде гүлденуі мен тоқырауы белестерін бастарынан міндетті түрде кешіреді деген тұжырымына саяды. Мұндай ауқымды қарым-қатынас көріністері өткен тарихтағы «ғұндардың батысқа жорығы» немесе «мұсылман ғұламаларының европа шәкірттеріне арабша санауды үйрету» сияқты оқиғаларға ұқсастығын аңғарамыз. Тіпті, IX ғасырдан ХІҮ ғасырлар арасын қамтыған Мұсылман Реннесансын «кіші жаһандану» деп атауға болады.

Бүгінде осы аталған дүниелер көпшіліктің алаңдаушылығын туғызып отыр. Оның айқын көрінісі жаһандану дәуірінің алпауыт талаптарына танымдық, шығармашылық, техникалық, интеллектуалдық және тәлім-тәрбиелік құндылықтарымыз бен жетістіктеріміздің адаптациялануы дер едік. Аталмыш талаптарды меңгеру – бүгінгі білім жүйесі параметрлерінің қайта құрылуына әкеліп соғатыны белгілі.

Глобализацияның ерекше белгілерінің бірі – экономикалық өсу мен даму тенденциясы болып табылады. Қоғамда осы салаға байланысты соңғы жылдары мол тәжірибелер мен технологиялар жиынтығы жасалғаны, қалыптасқаны және игіліктенгені белгілі. Олардың күн санап көбейе түсуі, экономикалық даму мен гүлденудің тиімді жолдарын іздеуге бағытталған мол ақпараттардың белең алуы осы салаға байланысты іскер мамандарды дайындау ісіне назар аударуды меңзейтіні белгілі [4-кесте].

Экономикалық дамудың жаңа жолына түскен Қазақстанды бүгінде елдің экономикалық реформаны жүргізу жүйесін қалайтын бағытты таңдаған өркениетті мемлекет ретінде танимыз. Осы орайда республикамыздағы білім беру жүйесін заман талаптарына сәйкестендіре отырып қайта қарау қажет. Ғаламдық жаһанданудың бұқара халық арасынан біржақты пікір қалыптастырмағаны белгілі. Бірақ ғаламдану үрдісінің бүгінгі заман адамының санасынан орын алуы нақандағы қоғамдық пікір мен көзқарас барынша нығайып келеді.

Бұдан ғаламдық жаһанданудың түбі қоғам

- Біртұтас білім кеңістігін қалыптастыру;
- Білім жүйесінің модернизациялануы;
- Жоғарғы (ЕТ) технологиялық жетістіктердің білім жүйесіне ықпалын күшейтуі;
- Жалпыадамзаттық һәм ұлттық құндылықтардың сақталуы;
- Жалпы һәм кәсіптік (бағдарлық) білім беретін 12 жылдық білім жүйесінің дамуы;
- Ұлттық мектеп моделінің сақталуы;
- Этникалық құндылықтар, менталитет һәм стереотиптердің сақталуы;
- Білім мазмұны сапасының артуы;
- Тәрбие технологиясындағы этнопедагогикалық парадигмалардың сақталуы;
- Ұлтжанды, коммуникативті, толерантты, креативті дарынды һәм жоғары мәдениетті тұлғалардың қалыптасуы;
- Неопедагогикалық һәм неопсихологиялық принциптердің белен алуы;

дамуының барлық саласын қамтып, өмір тынысына айналатынын көреміз. Болашақтағы ауқымды ғылыми зерттеу жұмыстары ғаламдық жаһандану жайындағы тәлім-тәрбие жұмыстарының мәселелеріне айналуы қажет деп санаймыз.

В данном научном материале интерпретируются современные проблемы образования и воспитания в контексте когнитологического подхода моделирования национальной системы эдукологического и образовательного направления в условиях Казахстана. Авторы ссылаясь на достижения современных дидактических концепции мировой эдукологической практики, ставят перед собой огромную задачу тотального переустройства и конструирования образовательной и воспитательной системы в условиях всеобщей глобализации.

In the given scientific material modern problems of education and upbringing in a context of cognitological approach of modelling of national system educological and an educational direction in the conditions of Kazakhstan are interpreted. Authors referring to achievements of modern didactic concepts world of educological experts, put before itself a huge problem of a total reorganisation and designing of educational and upbringing system in the conditions of general globalization.

Журналымыздың №1-ші санында жарияланған «XXI ғасырдың жастары қандай болу керек және олардың бойына ұлттық менталитетті қалай қалыптастыруға болады?» деген сауалға орай

С.Қ.Қалиев –
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, академик, ҚазМемПедУ

Қазақ халқы ежелден ұзынды ұлына, қызылды қызына кигізіп, ұлды елгезек малсақ, ел қорғайтын батыр етіп тәрбиелеуді көздесе, қызын үйдің ішкі жұмысына үйретіп, ибалы, өнегелі, өнерлі, ісмер етіп тәрбиелеген. Оның мәнісі әке айдын – бәйтерек, ел қорғайтын батыр ер деп ұққан. Ал қыз бала келешек ана. Ол отбасынан бастап, бүкіл ауыл аймақтың, ел-жұрттың ұйытқысы деп бағалаған.

болады деп санаған. Оған қазақтың «абысын тату болса ас көп» деген жабайы мақалының өзі дәлел. Себебі ағайын-туыстың татулығы ерулік, көшерлік беру, бір-бірін дәмге шақыру арқылы жымдасып, туыстықты күшейтіп отырған.

Қазақтың көргенді жерден қыз алып, құда болуында да ел бірлігі көзделген. Аналардың көргенділігі мен ісмер, шеберлігі, отбасының, ағайын-туыстың береке-бірлігінің ұйытқысы болып саналған. «Жігіттің алған жары болса жақсы, пейіштің төрі болар құтты орны» – деген өлең жолдарының мәні осы береке-бірліктің, ел достығының ұйытқысы - Аналар дегеннен туған ойдың қорытындысы.

Кешегі 70 жылдық Кеңестік тоталитарлық саясат кезінде ата-баба дәстүрі аяқасты болып, үлкенді кішінің, әкені ұлдың, ананы қыздың сыйламауы, қарияларды ескінің сарқыншағын марапаттаушылар, жаңарған заман талабын түсінбейтін керітартпа көзқарастағылар деп бағалаушылық басым болып келді.

Жастар ана тілін ұмыта бастады. Бір-бірімен орысша сөйлесуді өнер санайтын болды. Ішімдікке үйірлік етек алды.

1991 ж. еліміздің егемендік алуымен байланысты жастар тәрбиесінде тағы бір жаңа көзқарас пайда болды. Ол енді еркіндік тәрбиесін желеу еткен қыз балалардың батыс мәдениетіне әсіре еліктеуі, темекі тарту, анаша тарту, қыздардың жаппай шалбар киюі, шаш күзеу, кіндігін көрсетіп жүру, батыстық билерді марапаттау, тіпті қоғамдық орындарда жастардың бір-бірімен ашық сүйісуі т.б. келенсіз қылықтар етек алды.

Жастар ақшаға құнықты. Арды ақшамен өлшейтін болды. Баюдың жолында неше түрлі айуандыққа дейін бару, басқалардың дүние-мүлкін тартып алу, кісі өлтіру, керуен талау, қала берді ақша, үй-мүлік үшін туған әке-шешесін өлтіруге дейін баратын болды.

Бұл еркіндікті (демократияны) сылтау етіп, шектен шығушылық, ежелгі ата-баба дәстүрін аяқ асты ету, сөйтіп моральдық бет-бейнесін өзгертіп көзсіз батыстық «мәдениетке» еліктеу деген сөз.

Егер ұлттық тәрбие ісін осылайша бетімен жібере берсек, енді бір 20-30 жылдан кейін ел-жұрт, ұлт болудан қаламыз. Бұл бүгінгі зиялы қауымды, қала берді бүкіл ата-аналарды қатты аландатады.

Осы апаттан келешек жастарды сақтайтын жол ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық

мәдениетті қайта тірілту, ұлттық салт-дәстүрдің озық үлгілерін халық педагогикасы арқылы оқушы және студент жастардың санасына біртіндеп сіңіру, мемлекеттік тіл – қазақ тілінің ауқымын кеңейтіп, шын мәніндегі қоғамдық қарым-қатынас құралына айналдыру болмақ.

Алпыс екі жыл ұрпақ тәрбиесімен айналысушы ұлттық педагогиканың шынайы жанашыры, абыз-аталарың ретінде бүгінгі және келер ұрпаққа айтар алты аманатымды санамалап айтып өткім келеді.

Ол **біріншіден** – әрбір ұлт өкілі өз ұрпағын ел, жер, аға-баба тарихымен таныстыра отырып, оларды елін, жерін, ұлтын сүйетін шынайы ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуді үнемі естен шығармауы керек.

Екіншіден – әр үйдің ұл-қызы ата-баба тарихымен, бұрынғы шежіре шешендердің аталы сөздерін көкейіне кұйып өсуі тиіс.

Үшіншіден – Ел тарихы, жер тарихы ғасырлар бойғы халықтық бай қазына ауыз әдебиеті үлгілері: мақал-мәтел, аңыз-әңгіме, ертегі жырлардан көрініс тапқан. Елін, ұлт мәдениетін сүйер ұрпақ осыларды жаттап жатында сақтау керек.

Төртіншіден – ұлттық өнердің інжу-маржаны қол өнерінде, ән мен күйден көрініс тапқан. Өнер сүйетін жастар ұлттық өнердің асыл үлгілерін жастайынан үйреніп меңгеруі қажет. Өнердің қадір-қасиетін бағалай білмейтін, ән мен күйді терең сезіне алмайтын жас өскін – ұлттық өнерден мақұрым, көрсоқыр-керең болып өседі.

Ал керекнен кеше туатыны, олардың ізгіліктен аулақ, жауыздыққа жақын болатыны сөзсіз.

Бесіншіден – өнер мен білім атаулы ана тілі арқылы жас өскіннің кеудесіне нұр болып құйылады. Баланы Ана тілінің мәйегімен уыздандыру әр ата-ананың парызы. Ол үшін әр ата-ана өз балаларымен үйде қазақша сөйлесіп, мақал-мәтел, өлең-жыр, ертегілерді үйретуі керек. Ата-ана қадірлемеген ұлттық тілдің қоғамдық рөлі де аяқасты болып қадір-қасиеті кеми бермек. Ата-анаға қарап бала өседі. Әр ата-ананың ұлт тілін, ұлт менталитетін өз ұрпағының санасына сіңіруі қоғам алдындағы ата-аналық парыз деп санау қажет.

Алтыншы – Ұлттық тәрбиенің негізі аналарға байланысты. Ананың тілі, жан жүрегі, болмыс бітімі – ұлттық мәдениетпен терен

«Әдептілік – әдемілік» дейді халық. Әдемілік сәннен, әннен, өнерден көрінеді. Талғауы таңдауы жоқ адам сәннің (сәнін кетіріп) өзі ұялмаса да, жұртын ұятқа қалдырады. Денені жалаңаштап көрсету – қазақ халқында сән емес, ол ұят, намысқа жат, әдепсіздік.

Жан мен тәннің тазалығы – рухани тазалық, ой тазалығы, ниет тазалығы, сөз тазалығы. Іс-әрекеттегі тазалық... бәрі – әдептілік (мәдениеттілік). Ол ұлттық тәрбие арқылы қалыптасады.

«Әдеппен сөйлеп әдеттен» деп, халық әрбір тұлғадан сөйлеу мәдениетін талап етеді. «Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала сорлы бала» деп, халық әдепсіздікті қатаң мінейді. «Көп сөйлеп созбайын, әдептен озбайын» деп Абай дана көп сөйлеудің өзі әдепсіз екенін ашық айтады.

Мінез-құлық әдебі, жүріс-тұрыс әдебі, өнер әдебі, шығармашылық әдебі ұлттық тұлғаның ішкі және сыртқы мәдениетінің дәрежесін көрсетеді.

Жалпы, ұлттық әдеп ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени құндылық болып табылады. Әдепті болу, яғни мәдениетті болу – әрбір тұлғаның адами және ұлттық борышы. Әрбір ұлттың әдептілік ерекшеліктері бар.

Әдептілік – іс-қимылдағы, сөйлеудегі, еңбектегі, мінездегі адами мәдениеттіліктің көркем көрісі, ерен ерекшелігі.

Іс-қимылда ізеттілік, инабаттылық, сыйластық белгілері арқылы әрбір тұлға өзінің әдептілігін көрсетеді.

Сөйлеу мәдениетінің (қысқа сөйлеу, әсерлі сөйлеу, дауыс ырғағын мәнерлей білу, әрбір сөздің өз әуезін әрілеп, байыптап сөйлеу, тыныс белгілерін өз мағынасында пайдалана білу т.б.) әдептілік мәні мен маңызы зор. Өз ырғағымен, өз мәнерімен, өз мағынасымен айтылмаған сөйлем сөйлеушінің мәдени кемістігін көрсетеді.

Еңбектегі әдептілік (тазалық, ұқыптылық, тындырымдылық, іс-ретін таба білу, іс тәртібін сақтау, уақытты пайдалана білу, бірлік т.б.) жеке тұлғаның мәдени ерекшеліктерін көрсетеді, еңбек өнімін арттырып, қуанышқа, шаттыққа жеткізеді.

Мінездегі әдептілік жеке тұлғаның ұлттық мәдениетті бойына сіңіре білгенін көрсетеді.

Имандылық әдебі

Имандылық – ұлттық тұлға бойындағы құдіретті өмір заңдылықтарын жан жүрекпен қадірлеп, сол тәлімнаманың қағидаларын

бұлжытпай орындаудың іс-әрекеттік көркем көрінісі.

Тек жақсылық ойлау, адам баласына, айналасына, табиғатқа тек жақсылық жасау, жақсылыққа сену – имандылықтың иланарлық белгілері болып табылады.

Ашуланбау, өсек айтпау, артық сөз сөйлемей, тек пайдалы іс-әрекет жасап, пайдалы сөз сөйлеу, иманды адамның өз ерекшеліктері ретінде айналасына айдан анық көрініп тұрады.

Жан және тән тазалығын сақтай білу иманды адамның қадірлі қасиеті. Ой, сөз, іс-әрекет, киім-кешек, жатын орын, бөлме, жұмыс орнының тазалығы... бәрі иманды адамның имандылық салтанатын көрсетеді.

Тіршілікте тынымсыз пайдалы еңбек ету – тіршілік иесінің имандылық қасиетін көрсетеді. Еңбектегі ұқыптылық, жауапкершілік, ынтымақтылық, ықыластылық, тазалық, ұжымшылдық, бірлік... бәрі имандылықтың саналық сапасын көрсетеді.

Иманды болу ұлттық мәдениеттің айқын көрінісі. Қазақ халқы ұрпағын имандылыққа тәрбиелеп, заңдылықтарды, заңдарды, міндеттерді, парызды мүлтіксіз орындауға баулиды. Имандылық – адамгершіліктің көркем көрінісі.

Иман араб тілінде «сенім» деген мағынаны білдіреді. Өмір заңдылықтарына, оның тылсымдық құдіретіне сеніп, сенім қағидаларын өмірде көрсете білу – имандылықтың іс-жүзіндегі бейнелі-бейімді қасиеттері. Иманды болу тәлім-тәрбиенің айқын көрінісі. Қазақ халқының ұлттық кредосы.

Ізеттілік әдебі

Жеке тұлғаның адам баласымен тек сыйласымдық әдеппен (мәдениеттілікпен) қатынас жасай білудің өнегелі үлгісін *ізеттілік* дейміз. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» дейді қазақ халқы.

Үлкенге құрмет көрсету – әдеп. Құрмет көрсету, бас иіп, оң қолын жүрек тұсына қойып, жылы жүзді, ықыласты, инабатты бейнемен беріле амандасу – ізеттіліктің әдеппен толысқан көрінісі. Жалпы, көпшілікке құрмет көрсетудің көркем көріністері ізетті қимылдан, әдепті сөзден, нұрлы бет-қимылдан айқын көрінеді. «Күндей күлімдеп, жаздай жадырап», әдепті, әсерлі, сыйласымды сөздермен елжірей нұрланып көрсетілген ізеттілік ұлттық тұлғаның ұлағатты бейнесін көрсетеді.

де, құрметтелушінің жүрегін елжіретеді.

Көпшілікті, бауырластарды, руды, елді, ұлтты, жалпы адам баласын қадірлеп, ізеттілікпен құрмет көрсету – ұлттық тұлғаның елеулі ерекшеліктері болып табылады. «Адам да құдірет: Әманда құрметте» дейді ақын. Әрбір адам ұлы (саналы) тұлға, оған ізет көрсету – мәдени, рухани, әдепті көрініс болып табылады.

Әрқашанда әдептілік іс-әрекетпен, әдеп сақтаумен көпшіліктің көңілінен шығу ұлттық тұлғаның қазақи қасиеті болуға тиіс. Әрбір адамның өз мінезі: сөйлеу мәнері, іс-қимылы, сыпайылық сыры болады. Ал, ізеттілік көрсетуші тұлға тек жақсылық ниетпен жадырай назар аударып, тәккапарлық пен надандықты, асқындық пен тасқындықты жарқын нұрымен жеңіп отыру керек.

Ізеттілікқайырымды, нұрлы, мейірімді, мархабатты қарым-қатынастан туындайды. Ізеттілікті үйретпейді, ізеттілікті үйренеді. Ата-ана, айналадағы ақылгөй адамдар ізеттілік көрсетіп, ұлттық тұлғаның әдебін қалыптастырады.

Қайырымдылық әдебі

Қайырымдылық – адам баласына, табиғатқа жақсылық, жанашырлық жасаудың белгісі. Ол отбасынан басталады.

Кемтарларға, кембалаларға қайырымдылық жасау үшін қайырымды тұлға оларға тікелей көмек көрсетеді, тұрмыстық хал-ахуалына қаржылай қамқорлық жасайды. Әрине, мұның бәрі қамқоршылық, өз халіне, тұрмыстық-қаражаттық мүмкіндіктеріне байланысты болады.

Жетім-жесірлерге, тұрмыстан қысылғандарға қайырымдылық жасау әрбір ұлттық тұлғаның адамгершілікпарызыболыпқалыптасқан. «Жетім көрсең, жебей жүр» дейді халық. Жеке тұлғадан бастап, ұлттық, мемлекеттік дәрежеге дейін салт-сана болып қалыптасқан халықтық дәстүр жалпы, адам баласының қағидасына айналды. Бұл қағида бұлжымай орындалмаса, әлеуметтік заңдылықтар бұзылады. Бұл салтты бұзу (бұрындамау) жеке ұлттықтұлғаныңжетесіздігін, тексіздігін, сараңдығын, санасыздығын көрсетеді.

Халық қажетіне демеуші болу да қайырымдылықтың, халықтың дәстүрі. Бұл дәстүрді орындау тұрмысты, ауқатты тұлғаның қолынан келеді. «Елім десең, ерінбе сен» деп, халық елге қызмет ету қамқорлықтың қадірін арттыратын құбылыс екенін ашық айтады. «Елге қайырымдылық ерге сын» дейді халық.

Табиғатқа қайырымдылық жасау барлық адамзаттың ардақты борышы. «Судың да сұрауы бар», «Аққан тердің, күткен жердің жемісі» сол табиғатқа жасаған қамқорлық пен қайырымдылық арқасы.

Қайырым жасау – әдептіліктің негізі. Қазақ халқы қайырымды халық. Қайырымды халықтың ұрпағы ата салтын арандай сақтап, абыройлы болуға міндетті. Қайырымдылық – ұлттық парыз.

Мейірімділік әдебі

Адам баласының айналасына, табиғатқа мейір-шапағат көрсетуі оның адамдық ақпейілділігі мен кісілік құндылығы болып табылады.

Мейірімді адам табиғаттағы, адам тіршілігіндегі құндылықтарды, көркемдік көріністерді айқын сезініп, сүйсініп, сүйіп, соған жақсылық жасап, қамқорлық көрсетеді, әзірлейді, толықтырады, дамытады. Ата-ананың балаға деген мейір-шапағаты олардың қуаныш қуатын, бақыт баламын, өмірге деген құштарлық құлшынысын көрсетеді. «Алтыным», «айым», «жаным», «күнім», «ботам», «қоңыр қозым», «жарығым», «жан жүрегім» т.б. мейірбандық сөздер арқылы ата-ана ұлттық әдептің биігінен сезім қозғап, баланың адами, сүйіспеншілік, махаббаттық сезімін дамытып, қалыптастырады. Ата-ана мейірімі шексіз. Ана бала үшін жанын аямайды, өмірін қияды. «Бала – бауыр еті» деп сүйеді.

Жақсы адамдардың жанашырлық іс-әрекеттері олардың мейірмандық салтанатынан көрінеді. Жақсылық – құттылық. Мейірмандық – құттылықтың құнды белгісі. Қазақ халқы ұрпағын мейір, сезімге тәрбиелейді, құттылыққа құлшындырады.

Ата-ананың, әсіресе, немереге деген мейірімділігі ерекше болады. Табиғи тағылым, адами айшықты сезім, үйірілген үйлесім, жан-жүректі баураған сүйіспеншілік, марқайтқан махаббат ата-ана мен немере арасындағы бір-біріне деген мейір-шапағатын «көкке жеткізіп» көрсетеді. Ұлттық әдеп салты осы құдіретті сезімді қалыптастырып, қадірін арттырады.

Мейірімділік – қазақ халқының әдептілік кредосы. Мейірімді, меймандос халықтың осы ерекшелігін бүкіл адамзат біледі. «Өнер, саз, шеберлік алдық біз, Өнерпаз шешен, мәрт халықпыз».

Салауаттылық әдебі

Жеке тұлғаның (қазақтың) сабырлы, салтанатты мінез-құлқының, жан тазалығының, арлылық болмысының үлгілі, өнегелі көрінісі *салауаттылық* деп аталады.

Салауатты тұлға артық сөз айтпайды. «Қоқсықтарды мыңжылдық қоқсытады мыңжылдық» демекші, тіл тазалығы, сөз айқындығы, сөздің шешендік мәні салауаттылықтың нұры.

Салауатты тұлға арақ ішуден, құмар ойнаудан аулақ болады. «Барлық күнәнің кілті – ішкілікте» (хадис). Салауатты адам арақтан басқа да есті аударатын ішкіліктен безінеді. Салауатты адамның санасы тұнық болады.

Салауатты адам құмар ойнамайды, ол «құмарлықпен» күреседі. «Ойнаса құмар, ойсыз пес құлар», «Құмар құн тартқызады», «Бұзыққа ерме, қызыққа берілме» деп, халық ұрпағын салауаттылыққа тәрбиелейді.

Қазақ халқы темекі тартудан, нашақорлықтан ұрпағын аулақтатып, «Темекі – тегіңе жат», «Арақ атаңа жат», «Өзіңді қыстама, өкпенді ыстама», «Ішіңе тартқан түтін – өміріңе жұтың», «Тартсаң түтін, қашады құлың», «Темекі тісіңді алады, тентек су күшіңді алады», – деп халық темекі тарту салауатсыздық екенін дәлелдейді.

Жан тазалығы мен мән тазалығын сақтай білу де салауаттылық белгілері болып табылады. Қараниеттіліктен аулақ болу, мейірімді, қайырымды, ізетті, инабатты, көпшіл, кеңпейілді болу салауаттылықтың белгілері. «Пейілдің кеңдігі – ғажап, зейіннің кемдігі – азап».

Әлеуметтік ортада әдеп сақтап, үлгі-өнеге көрсету салауаттылықты көрсетеді. Салауаттылықтың толық белгілері, көбінесе, жасы келіп қалған адамдардан айқын көрінеді. Әдепті тұлғаның абыройлы белгілері (салауаттылық) осы салауаттылық арқылы айқын көрінеді.

Біліктілік әдебі

Жеке тұлғаның ғылыми, мәдени, әдеби құндылықтарды жан-жақты жақсы біліп, оны әдептілікпен өмірде, іс-әрекетте пайдалана білуді *біліктілік* дейміз.

Біліктілік, көбінесе, ғылыммен байланысты болады. «Ғылым таппай мақтанба» деп Абай дана «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз... Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз, Ондай болмақ қайда?»

деп, «Айтпа ғылым сүйсеңіз» деген насихаттарымен жастарды біліктілікке шақырады. Білікті адам өзі біліп қана қоймайды, білгенін басқаларға үйрете біледі. «Басқа білмей, сен білсең, білгеніңнің бәрі тұл» деп, ақын біліктіліктің жауапкершілігін де басып айтады.

Ұлттық тұлға өз ұлтының мәдениетін: әдебін, дәстүрін, салтын, салт-санасын жақсы біледі де, өзінің мәдениеттілігін сол ұлттық құндылықтарды әдеппен көркем көрсете біледі, өзі өркениеттіліктің өнегесін, үлгісі, сипатын, мәнін, мазмұнын зиялы әрекеттерімен паш етеді. Ұлттық мәдениетті жан-жақты игерген адам сол мәдениеттің ұлттық мәнін ғаламдық өркениетпен байланыстырып, толықтырып пайдаланады.

Қазақ халқы – ақын, шешен халық. Білікті қазақ әдебиетші, шешен. Ол қазақ халқының мақал-мәтелдерін, әмбебеп әдебиетін жақсы біледі. Білікті тұлға – сөз мәдениетін, сөйлеу ауқымын, ойды сөйлеу арқылы тартымды баяндауды игерген, білімпаз тұлға.

Жеке тұлғаның біліктілігі шешендік өнерінен де айқын көрінеді. Ол мысалдан, дәлелдеп, әсерлі сөйлеп, тіл өнерінің қазақи қасиеттерін көрсетеді. «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деп, қазақ халқы көп оқу, көп үйрену көпті білудің негізі, жаңғыртып, жаңаша үйрену қажет деп түйіндейді.

Қамқоршылық әдебі

Адамға, табиғатқа, жан-жануарға жақсылық жасап, оларды қорғап, көмек көрсетудің әдепті көрінісі *қамқорлық* деп аталады.

Әрбір ұлттық тұлға сол ұлттың қалыптасқан әдет-ғұрпы, әдебі, салты, салт-санасы бойынша, отбасындағы, айналасындағы, елдегі, жалпы адам баласына қамқорлық жасауға міндетті. Әсіресе, ата-ананың балаларына деген қамқорлығында шек болмайды. Ата-ананың балаға деген қамқорлығы балалар өскен соң парыздық салтпен өтіледі. Кез келген тұлға, қай ұлттан болса да мүдделі адамға қамқорлық жасауға міндетті. Ұлттық салт-сана бойынша бұл игілік ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, сіңіскен. Қазақ ұлтының негізгі бір дәстүрі осы.

Адам – саналы бейне. Ол бір-біріне ғана емес, туған жерге, тамылжыған табиғатқа қамқоршы болуға міндетті. Ауа тазалығын. Су тазалығын, көше тазалығын сақтау үшін әрбір тұлға (адал жүректі адам) өзінің ұлттық дәрежеде қалыптасқан қамқорлық міндеттерін

орындай білмесе, оның адамгершілігі айқын көрінбейді де, ол табиғат алдында нағыз күнәһар болады. Жерді суару, орманды баптау т.б.

Қазақ халқында «Малды теппе», «Малды кендір жіппен байлама», «Киелі малдың иесі бар» т.б. мәтелдер және «Қамбар ата» (жылқы), «Ой-сыл қара» (түйе), «Шопан ата» (қой), «Зеңгі баба» (сиыр), «Сексек ата» (ешкі) деп төрт түлік малдың пірін дәріптеп, мал күту салты бар. Табиғатта барлық жан-жануарларға, құстарға, балықтарға қамқорлық жасау – ақылды адамның міндеті.

Жеке тұлғаның қамқорлық сезімі оның ұлттық тілі шыға бастағаннан-ақ бірте-бірте қалыптасып, оның адамгершілік сапасын көрсетеді.

Сабырлылық әдебі

Әрқашанда шыдамдылықты, байсалдылықты, төзімділікті ақылмен, әдеппен сақтай білу үлгісін *сабырлылық* дейміз. «Сабыр түбі – сары алтын, жеткізеді мұратқа» дейді халық. Сабырлылықтың салтанаты жеке тұлғаның басына қиындық туған кезде ерекше байқалады. Сабыр салтанаты ақыл мен төзімге байланысты. Күйгелектік күйдіреді, сабырлылық сақтайды. «Асығыс түбі – өкініш, ойланып алмақ, сабыр сол» деп, Абай дана әрбір әрекетте сабыр сақтап, ойланып алу сабырлылықтың белгісі екендігін өнеге етіп айтады.

Сабырлылық – әдептіліктің салтанатты көрінісі. Сабыр сақтаған адам ойлау жүйесінің қиындығын түйіндеп, ақылдың парасаттылық пайымын тауып, адамгершіліктің үлгілі-өнегесін көрсетеді.

«Сабыр сақтап, төзуге болар, бірақ уақыт өтіп кетеді» деген екен ғұлама жазушы Мұхтар Әуезов. Әсіресе, мақсатты істе тездік әрекет қажет болған жағдайда «шықпай отыру» бейқамдық болады. Әрбір тұлға бейқамдық пен сабырлылықты ажырата білу керек.

Ақылмен қалыптасқан сабырлылық шыдамдылықты, төзімділікті туғызады. Қиындыққа шыдау, қиянатты қисынды әрекетпен жеңу, уақытша улатқан жағдайға шыдау ақыл парасатымен қалыптасқан сабырлылық болып табылады.

Сабырлы болу – әдептіліктің өнегелі үлгісін, көргендінің көркем бейнесін көрсетеді.

Жауапкершілік әдебі

Әрбір адамның адамдық қасиеттері өзіне, өз әрекетіне, перзенттік парызына,

адами-заманауи тағдырына, адамгершілік міндеттеріне жауапкершілікпен қарау.

Ең әуелі жеке тұлға өзінің денсаулығына, жан саулығына, тұрмыс-тіршілігіне аса зор жауапкершілікпен, ұқыптылықпен қарауға бейімделеді, қалыптасады.

Жеке тұлғаның алдында үздіксіз орындайтын іс-әрекеттері бар. Ол алдымен, күнделікті іс-әрекеттерінің іс-тәртіп жүйесін қалыптастырады. Ерте тұру, алға қойған күнделікті міндеттерді орындау, уақтылы дем алу, өнермен, спортпен шұғылдану, оқу, үйрену, жаттығу бәрі де уақытысында жауапкершілікпен әдепті орындауды талап етеді. Егер, іс-әрекет жүйесі қалыптаспаса, ол адамның өмірі берекесіз, мазмұнсыз, нәтижесіз болады.

Ата-ана, жауапкершілік әдебі, отбасы мүшелерінің жауапкершіліктері өмір өрнегінде бірте-бірте қалыптасып, отбасынан басталатын Отанның тіршілік жүйесінің «қазаны қайнап», өз нәтижелерін береді.

Қоғам мүшелерінің, ұжым мүшелерінің жауапкершіліктері жеке тұлғаға көп міндет жүктейді. Жеке тұлға ең әуелі өз міндеттерін жауапкершілікпен орындау арқылы қоғамдық, ұжымдық жауапкершіліктің өтесіне шығады.

Жеке тұлға құқықтық жауапкершілігін жақсы түсініп, еңбек ету, жар таңдау, махаббатты қастерлеу, сән мен талғам, жарасым, ұнасым дегендерінің мәнін бағалау, көркемдікті көре білу, көркемдікті жасай білу (өнерде, тіршілікте) жауапкершілікпен, әдеппен орындалмаса бәрі бекер.

Ұлтжандылық әдебі

Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері, ұлттық салт-дәстүрлері мен мәдениеті жеке тұлғаның жанын жадыратып, жүзін нұрландырады. Сондықтан, өз ұлтын (қазақ ұлтын) сүймейтін пенде болмайды. «Халқын сүймегеннің қары сынсын», «У ішсең, руыңмен», «Отаның үшін отқа түс, күймейсің», «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі», «Қарға тамырлы қазақ» деген мақалдар ұлтжандылық әдебін бейнелейді. «Қазақпыз – әлемге танықпыз. Азатпыз, ерлік пен алыппыз» деп мақтанады ақын.

Ұлтжанды қазақ, ең әуелі ұлттық тілді жоғары бағалайды, ұлттық әдебиетті, мәдениетті сүйеді. «Ана тілім – байлығым. Сана, білім, айбыным» деп, ол ұлттық тілді қастерлеп, шешендікке бейім болады.

Ұлтжандылық – ұлтшылдық, яғни, тек өз ұлтын сүйіп, басқа ұлттарды жек көретін тұлға емес, нағыз адами асыл қасиеттерді игерген тұлғаның беделді белгісі.

Ұлтжанды тұлғаның қозғаушы күші ұлттық намыс. Ұлттық намыс – ержүрек, қайырымды, мейірімді, өнерпаз, шешен, қазақ халқының ғасырлар бойғы қайсарлық күрестері мен қажырлы еңбектері арқылы қалыптасқан ұлттық қасиеті. Ержүрек, жеңімпаз, әмбебеп халықтың ғаламға танытқан биік туы – ұлттық намыс, әрбір тұлғаның жүрегіне арнап, қанына сіңген құдіретті қуат.

Ұлтжандылық – перзенттік парызы өтеудің ұлттық белгісі: әрбір ұлттың перзенті өз ұлтын сүймесе, оған қызмет етпесе, ол ұлтжанды емес, яғни ол отансыз, опасыз жан. Басқа ұлттық ортада өсіп, өз елін, ұлттық тілін білмейтін тұлға ұлттың өкілі емес. Ол өз халқына қызмет ете алмайды, қазақпен қаны бір болғанмен, жаны бөлек тұлға ұлты үшін қызмет ете алмайды.

Ұжымшылдық әдебі

«Бірлік болмай, тірлік болмас», «Көп түкірсе – көл», «Көпке топырақ шашпа», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Жұптасып көтерген жүк жеңіл», «Көппен көрген – ұлы той», «Көп көтереді, терең батырады» дейді қазақ.

Қоғамда ұжымды ардақтап, оның мақсаттары мен дәстүрлерін бұлжытпай орындау – әдептілік, адами қадірлі қасиет. «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас» деп қазақ халқымыз ұжымшыл болуды о бастан уағыздап келеді.

Ең әуелі ұжымның әрбір мүшесі ұжымдық жауапкершілікті берік сақтауға міндетті. Ұжымдық жауапкершілікті жеке бастың тіршілігінен жоғары қою ләзім. Жалпы, ұжымдық міндеттер мен мақсаттар жеке тұлғаға үлестемей, тұтастық жауапкершілікті жүктейді.

Ұжымдағы дәлдік дәстүр әрбір іс-әрекетті белгіленген уақытта орындауды талап етеді. Уақытты пайдаланудың дәлдік дәстүрі ұжымдағы тәртіптілік әдебін қалыптастырады.

Ұжымдағы қамқорлық дәстүрі ұжым мүшелерінің бір-біріне қамқорлық жасау әрекетін міндеттейді және қалыптастырады. Ұжымдық қамқорлықтың түрлері көп, ол ұжымдасқан топтың қасиетті борышы болып табылады.

Ұжымдық салтанат жеке тұлғалардың ынта-ықыласы мен еңбектенуі

арқылы өз нәтижелерін береді.

Әсіресе, ұжым өнерпаздығы, еңбекшілдігі ұжымшылдық қасиет арқылы өрнекті, өнегелі жемістерін береді. Жеке тұлғаның өнерпаздық, еңбекшілдік қасиеті өз ұжымында дамиды.

Ұжымдағы зерттегіштік, білімдарлық дәстүрлер арқылы жеке тұлғаның біліктілігі дамып, қалыптасады.

Ұжымдық тәрбие жеке тұлғаны ұжымшылдыққа баулу арқылы оның адамгершілігін, еңбексүйгіштігін, әдептілігін, көпшілдігін қалыптастырады.

Іскерлік әдебі

Жеке тұлғаның іс-әрекеттегі білімдарлығы, шеберлігі, әмбебаптығы, көргенділігі, тәжірибесі жетікті екендігі, ындырымдылығы бәрі бірігіп, *іскерлік* деп аталады.

Іс-әрекеттегі білімдарлық, оқығаны мен тоқығаны мол жеке тұлғаның өз білімін іске асыра білетін қабілетінің қайырымын көрсетеді. Алған білімін (теориялық) іс-әрекетте (практикада) іске асыра білу білімдарлықтың белгісі.

Жеке тұлғаның іске шеберлігі, оның іс-әрекеттегі ынта-ықыласы, қызығуы, құштарлығы, құлшынуы арқылы қалыптасады да, ол алған ісін тиянақты, өз дәрежесінде орындайды.

Іскерлік, көбінесе, әмбебап білгірлікпен айқын көрінеді. Мысалы, компьютермен жұмыс істеу үшін жеке тұлға электротехниканы, радиотехниканы, жазу ережелерін, өз мамандығын жан-жақты жақсы біліп, пайдалану керек.

Іскерлік көргенділікпен де байланысты. «Көрген көргенін істейді, көсеу түрткенін істейді», «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деп қазақ халқы көргенділіктің тәрбиелік, тәжірибелік мәні зор екенін, мұрагерлік мәнін көрсетеді.

Іскерліктің нәтижелігі, көбінесе, жеке тұлғаның іс тәжірибесіне байланысты. Іскер болу үшін, тәжірибелік іс-әрекеттер жеткілікті болу керек. «Үйрен де жирен» дейді халық. Үйрену мақсатын намыспен қаруландырып, іс нәтижесін көрген адам қуанышқа бөленіп, талап пен еңбек арқылы бақытқа жететіне сенеді.

Іскерліктен әдептілік, мәдениеттілік көрінеді де, ол адамдықты танытады.

Әділеттілік әдебі

Әдептілік қасиетті жеке тұлғаның бойына сіңіру отбасы тәрбиесінен басталады. Өтірік айтпау, шындықты танып, оны қорғау,

әділетті болу, адамға жақсылық ойлау, әр нәрсені бағалай білу қағидалары іс-әрекет арқылы жеке тұлғаның санасында қалыптасады да, оның адамдық бейнесін көрсетеді.

«Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам», «Өтірік сөз өрге бастырмайды», «Өтірікшінің шын сөзі зая кетеді» деп, халық әділеттіліктің қас дұшпаны өтірік екенін жас ұрпаққа жастайынан түсіндіріп, оларды шыншылдыққа тәрбиелейді. Халық өтірікті «өтірік өлеңдер», «сықақ әңгімелер» арқылы күлкіге, мазаққа айналдырып, жас ұрпақты одан жирендіреді. «Өтірік, өсек, мал шашпақ» сияқты «дұшпандарды» Абай дана ашып айтып, одан аулақ болуды уағыздайды.

Халық шындық тани білуді және оны қорғай білуді насихаттап, шындық – әділеттіліктің тірегі екенін дәлелдеп көрсетеді. «Міншіл болма, шыншыл бол», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Шындық бас жармаса да, тас жарады» деген халық сөзі шындық, әділеттілік арқылы мақсатқа, жеңіске жетуге болатынын дәлелдейді. Ұрпақты әділеттілікке тәрбиелеу үшін, халық шындық үшін күресудің тәсілдерін үйретеді. Әділетті болу – шыншыл болудың ұлттық көрінісі. Шындық – сыбайластыққа қарсы күрестің күрмеусіз құралы.

Әділеттілік адам баласына тек жақсылық ойлаудан да айқын көрінеді. Күншіл, қараниет адам ешқашан да әділетті болмайды. Сондықтан, халық ондай адамдардан аулақ болуды, адам баласына тек жақсылық жасауды уағыздап, ұрпағын жақсылыққа тәрбиелейді.

Әділеттілік әр нәрсені әділ бағалай білуден де көрінеді. Іс-әрекеттің, құндылықтың әділ бағасын бере білмеген адам әділетті емес. Әділетсіз адамның жалған сөзі, баянсыз бағасы – дұшпандық. Ол жазасын тарту керек.

Өнерпаздық әдебі

Қазақ халқы – өнерпаз халық. Қол өнері, әншілік өнер, ақындық өнер, жыршылық өнер, саяттық өнер, шешендік өнер, спорттық өнер, бишілік өнер, күйшілік өнер т.б. өнер түрлеріне әрбір адам бейімді болады, сол өнердің өзіне ыңғайлысын тандап, игереді, дамытады.

Қол өнерін әрбір қыз бала игереді. Зергерлік өнердің бұрынғы және қазіргі түрлері дарын иелерінің даңқын шығарып жүр. Кілем тоқу, ши тоқу, киіз басу (түс киіз, текемет т.б.), шілтер тоқу, ою мәнері, киім тігу, кесте тігу шеберліктерін сұранысына қарай, қазақ қыздарының кез келгені қызыға үйренеді.

Қазақ халқы – әнші халық. «Мен қазақ даласы ән салып тұрғандай сезінемін» депті академик Бартольд. «Әннің де естісі бар, есері бар, тыңдаушының құлағын кесері бар» деп Абай данамыз әншілік өнердің құндылығы әнге және әнді айта білуге байланысты екенін басып айтады. Әншілік өнер – иелі, киелі өнер.

Қазақ халқы – ақын халық. Әсіресе, айтыс өнерінде қазақ халқының өнеріне тең келетін халық жоқ. «Сонда да өлеңнің бар таңдамасы, Іші алтын, сырты күміс сөз сарасын, Қазақтың кемсітер қай баласы?» деп Абай ақын ақындық өнерге жауапкершілікпен қарауды үйретеді.

Қазақ халқының жыраулары мен жыршылары өнерпаздықтың өркениетті үлгілерін жасап берді. Кез келген қазақ мектебінде жыршылар тобы бар. Айтыс өнеріне бейімділер өз өнерлерін көрсетеді.

Саяттық (құс салу), спорттық өнер қазақ елінде ерекшелігімен танылады. Қажымұқан ұрпағы дүние жүзінде спорттық жарыстардан жүлделі болып келеді.

Күйшілік, бишілік өнер әрбір адамның бойында бар. Өнерді «өрге бастырып» дамыта білу – ұлттық міндет.

Өнерпаз болу (өнерпаздық) – әдептің (мәдениеттің) беделді белгісі. Өнер нышандарын анықтап, дамыту керек.

Ұқыптылық әдебі

Ұқыптылық ұлттық әдептің (мәдениеттің) құнды белгісі. Іс-әрекетке жауапкершілікпен қарап, әр істі дер кезінде, тиянақты, тыңғылықты, тындырымды, жемісті, нәтижелі орындау қалыптасқан ұқыптылыққа байланысты.

Іс-әрекетті ұқыпты орындау үшін іске жауапкершілікпен қарап, оның тетігін жақсы біліп, «ойдағыдай» орындау керек. Яғни, істі ұқыпты орындау оның тетігін жақсы білумен байланысты.

Істегі ұқыптылық оның дер кезінде орындалуына да байланысты. «Еріншектің ертеңі таусылмас» дейді халық, «Күшінді әуреке салдырма, Ісінді ертеңге қалдырма» дейді ақын. Дер кезінде орындалмаған істің берекесі кетеді. «Уақыт зырлайды, іс күтіп тұрмайды» іс-әрекет дер кезінде орындалмаса, ол жағдай ұқыптылықты (әдептілікті) бұзады, ұқыпсыздық пайда болады.

Ұқыптылық, көбінесе, іс-әрекеттің тындырымды орындалуына байланысты. Іскер адам ісін сәтті аяқтап, одан соң бірнеше рет істің тындырымдылығын тексеріп, өз

кемшіліктерін түзейді. Кемшіліксіз нәрсе болмайды, «Біткен іске сыншы көп», іске сын көзімен қарау, өз кемшіліктерін көре білу жеке тұлғаның ұқыптылығын қалыптастырады. Істің тындырымдылығын сынаған адамның әділетті сынын әдептілікпен мойындау керек.

Ұқыптылық әрекет қалаулы қалыптасса, әрбір істің жемісі (нәтижесі) айқын көрінеді. Ұқыпсыз әрекет – нәтижесіз. Іс нәтижесіз беретіндей жо-спарлы, қисынды, мақсатты, мазмұнды болу керек. «Ойланып алмақ сабыр – сол» деп Абай дана айтқандай, іс нәтижелі болу үшін «асыққан – шайтанның ісі» болмай, саналы іс сабырмен орындалу керек.

Іс-әрекетте жинақы болу – ұқыптылықтың белгісі. Жинақылық, тазалық, реттілік, жүйелік іс-әрекеттің әрін келтіріп, оның өнімді болуына себепші болады. «Олақтан салақ жаман» деп халқымыз ұрпағын ұқыптылыққа тәрбиелейді.

Арлылық әдебі

Қазақ халқы ұрпағын «Жаным – арымның садағасы» деген қағидамен арлы жан етіп тәрбиелейді. Ардың негіздері: ұят, намыс, қайрат, ақыл парасаты, жан тазалығы, ақниеттілік, адамгершілік.

Ұят – ізеттілікті, сыйласымды, өз кемшілігін мойындауды көрсететін құбылыс. Үлкен адамды, көпшілікті, ата-ананы сыйлайтын ұлттық тұлға, оларға сыйласымын көрсетіп, иманжүзділік білдіреді. «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деп халық «ұятты барды» құрметтейді. Ұялу – ұялшақтық (жасқаншақ) емес. «Ұятым – арым, миятым – барым» деп, ақын ұятты армен тіркес көрсетеді.

Ардың қозғаушы күші – намыс. Қазақ – намысшыл халық. Әрбір тұлға «намысқа тырысып», қатарынан қалмауға, алға қойған мақсаттарын орындауға бар күшін (намысын) салады. «Ұятсыз, арсыз салтынан, Қалғып кетер артынан» деп Абай дана арсыз адам табансыз, адамдығы жоқ пенде екендігін айтады.

«Ақыл, қайрат, жігерді бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» деп, Абай дана арлылық қасиеттің қалыптасуы ақыл мен қайратқа байланысты екенін ғибраттап көрсетеді.

Арлылық – ақыл-парасатын көрсететін құбылыс. Ақылсыз адам – арсыз надан. Онда іс әдебі, сөз мәдениеті, ой жүйесі болмайды. Арсыз адам жарасым, талғам дегенді білмейді,

көркемдікті қорлайды.

Арлылық – жан тазалығы мен тән тазалығын көрсететін қасиет. Ақниетті сана, ақжарқын тазалық болмаса, арлылықтың қадірі білінбейді.

Арлылық – адамгершіліктің биік шыңы. Ар-намысты халық – жеңімпаз халық. Біз, сол жеңімпаз халықтың ұрпағымыз.

Бірлікшілдік әдебі

«Бірлік болмай, тірлік болмас» деп, қазақ халқы тіршіліктің тікелей негізі бірлік екенін қағида етіп, ұрпағын бірлікке тәрбиелейді.

Бірлік бірлесу, достасу арқылы іске асырылып, адами өмірдің ерекшелігін көрсетеді.

Бірлесу бірігу, топтасу, қауымдасу, ұжым құрумен қалыптасады. Екі адамның бірігуі, бірнеше адамның топтасуы, бірнеше топтың қауымдасуы, қауымның, ұжым құруы бірлікшілдіктің негіздері болып табылады.

Бірлікшілдік басшылардың біліктілігімен, даналығымен қалыптасатын қасиет (ұлттық әдеп). Қазақ халқының бірлігін Жәнібек хан, Есім хан, Қасым хан сынды хандар, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты билер мен дала данышпандары және көреген көсемдері, батырлары қалыптастырған болатын.

Бірлікшіл халықтың ұрпағы «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген ұлттық қағиданы берік ұстап, тірлікте жеміске, бірлікте жеңіске жетіп отырған. Әрбір тұлға бірлікшілдік қағиданы берік ұстанса, мақсатына жетеді.

Бірлікшілдіктің берік белгісі достықтан көрінеді. «Қанды көйлек киісіп, жүректері түйісіп» дос болу ата салты. Дос – достық үшін жанын қияды. Шын достық – адамгершіліктің шыңы. Оны біз тарихта Исатай мен Махамбеттің достығынан көреміз. «Досыңа достық – қарыз іс, Дұшпаныңа әділ бол» деп Абай дана достық жолын ашып көрсетеді. «Кейбір дос бүгін тату, ертең сату» деп, Абай табансыз дос дұшпандай болатынын сақтандырады.

Бірлікшілдік – адами қасиет, ұлы әдеби қағида.

Перзенттік парызды өтеу әдебі

Қазақ халқының ұлттық дәстүрі бойынша әрбір ұлттық тұлға өзін өсірген ата-ана, ел-жұрт алдында перзенттік міндет, перзенттік борыш, перзенттік парыз дәстүрлерін орыдауға тиісті болады.

Перзенттік міндет ата-ананың тілін алу-

дан басталады. Өзіне-өзі қызмет ету, тиісті міндеттерін орындау, еңбек етудегі тәртіп, алға қойған күнделікті тіршілік жүйесін сақтау – бәрі перзенттік міндет болады.

Перзенттік борыш перзенттік міндеттерді орындаудағы ата-анаға қарыздар екенін жеке тұлғаның түйсініп, оны орындау әрекеті.

Перзенттік парыз – қасиетті ұғым. Кәмелетке толған әрбір перзент ата-ана алдында, ел алдында, Отан алдында міндеттері мен борыштарын абыроймен атқарып, қызмет ету мақсаттарын іске асырудың заңды (салттық) құбылысы. «Отаның үшін отқа түс – күймейсің» дейді Бауыржан батыр. Отанға қызмет ету – әрбір ұлттық тұлғаның парасатты парызы. «Ел ішім – жанұям, Сен үшін жан киям» деп, әрбір ұлттық тұлға елге адал қызмет етуге парызды. Қазақ халқының ұлттық дәстүрі бойынша, әрбір перзент өскен соң атананы асырау парызын орындауға тиіс.

«Әкелді өмірге, баптады,
Әкенді өскенде бақ кәне:
Төзімді бағбаны болмасаң,
Өзіңді Құдайдың атқаны».

Бұл өлең шумағы ұрпақ парыздарлығын дәлелдеп тұр. Әрбір ұлттық тұлға бүкіл адамзат алдында адамдық парызын (кісілікті, әдептілікті, қайырымдылықты, имандылықты т.б.) сақтау әдебін білуге тиіс.

Үнемшілдік әдебі

Дүниенің паркын бағалап, орнымен пайдалану, үнемдеу, әр нәрсенің қалпын білу, құн мен бағаны ажырата білу арқылы әрбір тұлға үнемшілдік әдебін қалыптастырады.

Үнемшілдік қасиеттің қас жаулары: ысырап, орынсыз дүние шашу, парықсыздық, затты пайдалана білмеу, затты қолдана білмеу, құнсыздық, үнемсіздік, жобасыздық.

«Дүниенді шашпа, артыңды ашпа» дейді қазақ халқы. Дүниенің қадірін білмей, ойламай, орынсыз шашу «мырзалық емес». Әрбір заттың есебі бар. «Есеп білмеген – есек» деп, халық дүниені есептеп жұмсауды насихаттайды.

Үнемшілдіктің қас жауы парықсыздық. Әр заттың өз нарқы, құны, паркы болады. Алтын мен жезді айыра білмеген парықсыз надан дүние құнын бағалай алмайды.

Халық әр затты пайдалана білудің үнемшілдік қасиеттерін жоғары бағалайды. «Тарта жесең, тай қалады, қоя жесең, қой қалады», «Жаман қой өрісін бір күнде тауысады» деп, халық затты пайдаланудағы үнемшілдік қағидаларын

тәрбиеге тәлімдеп пайдаланады.

Затты қолдана білудің де үнемшілдік мәні зор. Асты мөлшерсіз көп дайындап, обал-сауалына қарамай, «артық асты» төгіп-шашып тастауды халық обал дейді. Әрбір парықсыз адам обалдың залалын тартады (өкінеді, жоқтайды, күйінеді, ашынады, ашығады).

Затты күте білмеу, сақтай білмеу – ысырап, қорлықтың сорақысы, сорланатын түрі. Заттың тазалығын сақтамау, жөндемеу, аз кемшілігі үшін «тастай» салу бағаламау, қорлау болып табылады. «Қыс киерін жаз киіп, жарлы қойдан байысын» деп, халық затты сақтай білуді уағыздайды. «Көрпеңе қарай көсіл» деп, халық үнемшілдіктің тұрмыстық мәнін де үнеммен байланыстырады.

Ұлттық тіл әдебі

Қазақ халқының ұлттық тіл мәдениеті ерекше, тіл тазалығы, сөз қолданыс, сөз әдебі, ой мен сөздің байланыс бағамы, сөйлемдік құрылым, сөз ырғағы мен сөйлем әуезділігі ұлттық тілдің қадір-қасиетін білдіреді.

Қазақ халқы тіл мәдениетіне ерекше көңіл бөледі. «Қоқсықтарды мың жылдық қоқсытады мылжыңдық» деп, халық «Қысқа да, нұсқа» сөйлеуді уағыздайды. Дөрекі сөйлеу мәдениетсіздік болып табылады.

Тіл тазалығы – ұлттық тұлғаның біліктілігін, мәдениеттілігін көрсетеді. «Орысша ойлап, қазақша сөйлеу» – ана тілін қадірлемеудің белгісі. Бейнелі, «берекелі» қазақ тілі ой оралымын айқын айта алады.

Қазақ тіліндегі сөз қолданыста негізгі сөзге дауыс ырғағы екпіндеп түседі де, ол сөйлем мағынасын қуаттап тұрады. Сөйлем мүшелері өз орындарында тұрмаса, сөз мәні бұзылып, сөйлем әлсірейді.

Қазақтың ұлттық (мемлекеттік) тілінде әдепті сөздер көп қолданыс тауып, сөйлеу мәдениетін сақтау дәстүрі орындалады. Қазақ тіліндегі сөз әдебі ырғағы мен екпін әуезі арқылы байқалатындықтан, ой иесі сөз екпініне ерекше көңіл бөліп, сөзін «қожыратпай» сөйлеуге міндетті.

Қазақ халқының «қоңыр үнді, қорғасындай салмақты» ұлттық тіліндегі әдеп – ұлттық тіл мәдениетінің кепілі.

***Бірлігі дәстүрге айналған,
Тірлігі бақытқа сайланған
Сыйлауды, әдепті үйреткен
Иманды халқымнан айналам.***

Резюме

В статье автор передает культурный и духовный облик казахского народа. Автор доносит до читателя формы воспитания с помощью обычаев, связывая их с культурой речи, культурой быта, культурой действия, культурой характера, социальной культурой, культурой личности казахского народа.

Summary

In the article the author shows cultural and spiritual appearance of Kazakh nation. Author shows the forms of upbringings by customs, mixing it with the cultural speech, culture of mode, culture of action, culture of character, social culture, culture of personality of Kazakh nation.

А.Құсайынов –

*педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының президенті*

БІЛІМ БЕРУДЕГІ «ЖАПОНИЯЛЫҚ КЕРЕМЕТ» ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА БІЛІМ ЖАҒДАЙЫ

Қазіргі ғаламдану заманы қандай болмасын елдің даму жолын анықтауына үлкен салмақ салып отыр. ХХІ ғасыр, бір жағынан, ғылым мен өндірістің қарқындап дамыған, инновациялық технологиялар ғасыры болса, екінші жағынан, дамыған елдер экономика әлемінде өз бағыт-бағдарын бекем ұстап, шамалары жеткенше ешкімді жақындатпай, оқ бойы алда жүруді мақсат тұтуда. Осындай күрделі кезеңде бар елдің экономикасына ауыр жүк салған жаһандық дағдарыс басталды. Бұл дағдарыс қай елге болмасын, әсіресе, барлық елдердің Елбасыларына үлкен сын сағаты болды. Еліміз де бұл дағдарыстан шет қала алмады. Бірақ, көрегендік даналығын дүние жүзінің озық ойлы ғұламалары мойындап отырған, біздің Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің саликалы саясатының арқасында қазақ елі бұл дағдарысқа төтеп берді. Осы дағдарыстың сабағын бізге терең түсіндіріп келген Елбасы өз жолдауында: «Менің басты мақсатым – еліміздің алдағы онжылдықтағы экономикалық өрлеуін қамтамасыз етіп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашу», – деп ойын ашық айтады.

Менің ойымша, бұл жолдау ешбір қазақстандықты бей-жай қалдырған жоқ. Себебі, әр адамның көкірегіне терең ой салған, елдің келешек дамуының анық бағыт-бағдарын көрсеткен үлкен жолдау болды. Жолдауда елімізде білім беру сапасын дүние жүзінің озық елдері деңгейіне жеткізу мақсатында атқарылуы қажетті

ең түйінді мәселелер нақтылы айтылған.

Еліміз егемендік алғаннан бері Елбасы жастарға саналы тәрбие, сапалы білім беру мәселелерін күн тәртібінен шығарған емес. Біздерді Елбасының білім беру саласының терең білуі тәнті етеді. Бірде Елбасы жапон елінде ғасырлар бойы сақталып келе жатқан ұлттық рухани адамгершілік тәрбиенің маңызына ерекше көңіл бөлген болса, үстіміздегі жылы Үкімет мүшелерімен өткізген мәжілісте финн елінің даму үрдісін үйренудің қажеттігіне тоқталды. Осы екі елдің ғарыштап дамуының түп негізі оларда білім беру жүйелерінің ғылыми негізде дұрыс ұйымдастырылғанында болып отыр.

Білім беру саласында еңбек ететін қызметкерлер алдына нақтылы мақсат-міндеттер жүктелген. 2020 жылы елімізде 12-жылдық білім беру жүйесі нәтижелі жұмыс жасауы тиіс, кәсіптік және техникалық білім экономика сұраныстарына толық жауап берулері керек, еліміздің жоғары оқу орындары рейтингі топтамасына қосылуы қажет.

Білімнің түп қазығы мектепте қаланады. Фундамент жоқ жерде ғимарат та жоқ. 12-жылдық білім беру жүйесіне өтудің басты мақсаты, білім беруге негізделген оқыту жүйесінен, нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесіне көшу. Мұндай жүйе барлық дамыған елдерде нәтижелі жұмыс жасауда. Осындай жүйе толық іске асырылған жағдайда ғана, білім сапасы қарқынды дамитын болады. Бұл, біздің бәріміздің де ортақ

мақсатымыз болуы керек деп ойлаймыз.

* * *

2008 жылдың маусым айында Цукуба университетінің ғалымдарының шақыруымен Жапонияға бардым. Университетте ТМД елдеріндегі білім жүйесін зерттеу жобасы жүргізілуде. Оған Жапониядағы салыстырмалы педагогика және білім беру жүйесі саласында ұзақ жылдар еңбек етіп жүрген ғалымдар қатысады. Бұл зерттеу тобы 1975 жылы Жапония мемлекеттік педагогикалық зерттеу институтының Салыстырмалы педагогика зертханасының меңгерушісі болып жұмыс істеген профессор Сатоши Каванобенің жетекшілігімен КСРО-дағы педагогика ғылымдары және білім жүйесі проблемаларын зерттеу мақсатында құрылған. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Ресей Федерациясының білім жүйесін зерттеумен айналысқан. 2008 жылы ғалымдар Орта Азия елдерінің педагогика ғылымдары және білім жүйесі проблемаларын зерттеу үшін тағайындалған Ғылымды дамытуға көмектесетін Жапония қоғамының грантын жеңіп алды. Бұл грант Орта Азия елдері мен Жапония арасындағы қарым-қатынастың дамуы мен нығаюы негізінде Жапонияның осы аймаққа қызығушылығының артуына байланысты берілген. Жоба 3 жылға есептелген және «Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі кезеңдегі Орта Азия елдеріндегі білім саясатын салыстырмалы зерттеу» деген тақырып бойынша жүргізіледі.

Менің сапарымның мақсаты – осы жоба бойынша зерттеу стратегиясын жасау үшін жапон ғалымдарына кеңес беру, Цукуба университетінде ғалымдар алдында және Тохоку университетінде Жапония Салыстырмалы Педагогика Қоғамының жыл сайын өтетін 44-ші конференциясында баяндама жасау болатын. Менің келуіме байланысты «Орталық Азия елдеріндегі білім саясаты» деген тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Конференцияға Жапонияның 400-дей компаративист-ғалымдары қатысты.

Жапонияда болған сегіз күн ішінде Министрлікте, ғылым және білім мекемелерінде болып, көптеген ғалымдармен сұхбаттастым.

Жалпы Жапон елінің білім жүйесі туралы көптеген материалдар жазылған. Менің кітаптарымда да материалдар бар.

Жапония өзінің тарихында жас ұрпақты тәрбиелеуге ерекше мән берген ел. Біз импе-

ратор Мэйдзидің 1879 жылы шыққан «Білім берудің ұлы принциптері» деген жарлығы және осы күнге дейін Жапониядағы білімнің даму стратегиясын анықтайтын «Вакон есай» – «Жапония рухы – батыс технологиясы» принциптері туралы білеміз. Сонымен қатар, Жапониядағы балалар үшін қасиетті қағида болып табылатын «Мұғалім ғибадаты» және т.б. белгілі. Жапонияда болған күндерде осы қағидалардың шынайы өмірде қалай жүзеге асырылып жатқанын көргім келді. Сондықтан, мен бір күнді толығымен мектепке арнауды жөн көрдім. Бұл өтінішім орындалып, 25 маусымда күні бойы Токиодағы Цукуба университетінің Бастауыш мектебінде болдым.

Бұл мектеп 1880 жылы, император Мэйдзи жарлыққа қол қойғаннан бір жылдан кейін, оның негізгі ережелерін жүзеге асыру үшін құрылған. Императордың осы жарлығы жарыққа шыққан соң білім беру мен тәрбиелеудің конфуцийлік моральдық-этикалық қағидаларына оралу басталғанын еске түсіріп өтейік. Құжатта: «Адамдар алдымен өз бойында руханилықты қалыптастырып, адамгершілік (моральдық) қағидаларды ұстануы керек, содан кейін олар өз қабілеттеріне сәйкес әр түрлі пәндерді меңгере алады» делінген.

Мектеп құрылған жылы, яғни, осыдан 128 жыл бұрын анықталған мектептің мақсаты күні бүгінге дейін ешқандай өзгеріссіз сақталған:

Өзін адам ретінде терең түсіне білетін бала тәрбиелеу;

Мәдениетті жалғастыратын, жасайтын және дамытатын бала тәрбиелеу;

Өзін Жапонияның азаматы деп ұғынатын бала тәрбиелеу;

Дені сау және белсенді бала тәрбиелеу.

Мектептің негізгі міндеті оқушыларды рухани дамыту және жасына сәйкес бастауыш білім беру болып табылады.

Жапониядағы бастауыш мектеп 6 жылдық. Бұл мектепте 4 бірінші сынып, 4 екінші сынып және т.б. бар. Әрбір сыныпта 40 баладан. Мектепте барлығы 960 оқушы оқиды. Сағат 8-ден 5 минут кеткенде таңертеңгілік дене шынықтыру басталады. Ол 20 минутқа созылады. Сабақты сыныпқа жауапты мұғалім жүргізеді. Балалар өте белсенді, барлығы қимыл-қозғалыс үстінде. Негізінен, секірмек (скакалка) қолданылады және эстафеталық ойындар ұйымдастырылады. Душ қабылдауға немесе бассейнге шомылуға 20 минут уақыт бөлінеді. Сағат 8-ден 45 минут

кеткенде сабақ басталды, ешкім кешіккен жоқ. Кейбір балалар сабаққа басына сүлгі салып келді. Бұл әдеттегі жағдай екен, оған ешкім де назар аударған жоқ.

Жапониядағы белгілі әдіскерлердің бірі сэнсей Танака Хирошидің әр түрлі сыныптарда өткізген екі сабағына қатыстым. Ол танымал әдіскер ретінде мектептің акт залында мұғалімдерге арналған көрнекі сабақтар жүргізіп тұрады және ол сабақтарды теледидар арқылы бүкіл Жапон елінің мұғалімдері көре алады. Танака Хироши таңертең балалармен бірге белсенді түрде спортпен айналысты. Әрине, мұғалімнің шеберлігі оның әрбір қимыл-қозғалысы мен түсіндірулерінен сезіліп тұрды. Әрбір бала сабақта өз партасында отыр. Сабақта ұжым болып жұмыс істейтін кезде олар бірнеше рет, әдетте, төрт-төрттен парталарын біріктіріп, содан кейін қайтадан бөлек-бөлек отырды. Бұны олар өте тез орындады. Партада балалар қалай отырғысы келсе, солай отырды. Бұған рұқсат берілгені көрініп тұр.

Мектепте күні бойы болғанда мұғалімдердің біреуінің оқушыларға дауыс көтергенін естіген жоқпын. Маған Жапонияда оқушыға дауыс көтеру дұрыс емес деп есептелетінін айтты. Балалармен өз қателерін өздері саналы түрде түсінгенше сабырлы түрде жұмыс істеу керек екен. Сэнсей Хироши оқушылардың бақылау жұмысын көрсетті. Бірақ сэнсей Хирошидің бірде-бір түзетуін көрмеген соң, «Шынымен, мүлде қате жоқ па?» – деп сұрадым. Ол: «Әрине, қате бар», – деп күліп жауап берді.

Сөйтіп, бақылау жұмыстарына қойылған белгілерді көрсетті. «Осы белгіні көрген соң, балалар қате бар екенін түсінеді. Олар өз бетімен қайтадан жұмыс істеп, нәтижесін көрсетеді. Егер қажет болса, материалды толық игергенше, тағы да түсіндіремін», – деді. Сабаққа қатысқанда басқа мұғалімдердің де осылай жұмыс істейтініне көз жеткіздім.

Сабақта балалар мұғаліммен бірге материалды белсенді түрде талқылайды. Олардың барлығы білімді енжар қабылдаушы емес, оқу процесінің белсенді қатысушылары болып табылады.

Бізбен бірге сабаққа ата-аналар да қатысты, оларға ешкім де назар аудармады. Бұл – әдеттегі жағдай екен. Ата-аналарға сабаққа қатысуға рұқсат етіледі, тіпті, сабаққа қатысуға ынталандырады. Мектеп өмірімен толық танысу

үшін ата-аналарға ресми түрде жылына 3 күн белгіленеді. Бұл күндері барлық ата-аналар мектепке келеді. Бірақ, осы күндері мектеп әдеттегі режиммен жұмыс істейді, барлық сабақ сабақ кестесі бойынша жүргізіледі.

4 сабақтан соң ұзақтығы 1 сағатқа созылатын үлкен үзіліс болды. Үзіліс кезінде балалар түскі тамақтарын ішіп, мектепті жинайды. Мені сэнсей Хирошидің екінші сыныбына түскі асқа шақырды. Парталар төрт-төрттен біріктіріліпті. Балалар бір-біріне қарап отырды. Балалар арбамен түскі тамақ алып келді. Әрбір бала тәрелкесіне өздері тамақ салып, өз орындарына отырды. Бір-біріне: «Ас дәмді болсын», – деп бәрі бір мезетте тамақ ішуге кірісті. Сэнсей Хироши де өзінің жұмыс үстелінде тамақ ішті. Тамақ ішіп болған соң олар арбаға тәрелке, қасық, шанышқы, арнайы сүт өнімінің бөтелкесін тез-тез салып, бірнеше оқушы оларды алып кетті. Бірнеше минуттан кейін бүкіл мектептің жинастыру орнына қалай айналып кеткенін түсінбей қалдым. Барлық бала сыныпты жинауға кірісіп кетті. Әрбір сыныпта 1–6-сынып аралығындағы 12 баладан болды. Барлығының қолында шелек, швабра, шүберек бар. Бір сөзбен айтқанда, барлығы сынып, дәліз, 960 балаға есептелген акт залын қосқанда барлық бөлменің шаңын сүртіп, еденін жууға кірісіп кетті. Екі спорт алаңын, мектеп аумағын жинады, гүлдер мен ағаштарға су құйды. Мен мұғалімдерді көрген жоқпын. Содан кейін мұғалімдердің қайда екенін сұрадым. Менің сұрағымға мектеп директорының орынбасары: «Мұғалімдер балаларға ешқандай ескерту жасамайды, егер қажет болса, олардың іс-әрекетін түзетеді», – деп жауап берді. Кейін мен спорттық форма киген бірнеше мұғалімді көрдім, олар балалардың іс-әрекетін бақылап тұрды. Сыныптағы барлық жұмыстың балалардың жасына қарай бөлінгенін байқадым. Үлкендері су тасып, парталарды жылжытып, ал ең кішкентайлары шүберекті ылғалдап, шаң сүртіп, еденді жуды. Олардан сәл үлкендері солармен бірге жүрді. Бір сыныпта бірінші сынып оқушылары ойнап жүріп байқамай шелектегі суды төгіп алды, бірақ оларға ешкім ұрысқан жоқ. Сыныпта мұғалім жүр еді, ол да ескерту жасамады. Олар іс-әрекеттерінің дұрыс емес екенін сезініп, ұялып қалды. Барлығы да ештеңе болмағандай қалып танытты. Бір сағаттан кейін барлық шелек, швабра, шүберек, сыпыртқы және басқа да құрал-саймандар өз орындарына

мұқият қойылып, барлық бала партада отырды. Дәлізде ешкім болмады.

Мектеп директорының орынбасары айына бір рет жалпы жинастыру жасалатынын, сол кезде барлық терезе жуылатынын айтты.

Соңғы сабақта спорт алаңында бір сынып дене шынықтырумен айналысып жатты. Бір адам арнайы арбамен жүгіріп жүріп, спорт алаңына ақ жолақтар сызып, алаңды дене тәрбиесі сабағын жүргізуге дайындады. Біз оларға жақындағанымызда, мен математика пәнін жүргізетін сэнсей Хирошиді таныдым. Ол күліп тұрып тағы да сәлемдесті. Мен нағыз бақытты адамның жүзін көрдім. Балалардың өз мұғаліміне ерекше сүйіспеншілікпен қарайтынын сездім.

Содан кейін мектептің оқу ісі жөніндегі директорының орынбасары, сэнсей Ясуо Хасеговамен және ғылыми жұмыс бойынша директордың орынбасары сэнсей Хозомицумен, менің қасымда жүрген Цукуба университетінің профессоры Минору Отани мен Қазақстаннан келген докторант Қуаныш Тастамбекованың қатысуымен кең отырып әңгімелестік.

Неліктен мен Сэнсей – Мұғалім деген сөзді жазып отырмын? Себебі, жапондықтар мектепке, Мұғалімге үлкен құрметпен қарайды. Мұғалім оқушыларға адамгершілігі жоғары жеке тұлға болып табылады. Жапондықтар: «Мұғалім – бұл ұлттық игілік», – деп санайды. «Үш қадам кейін шегінсең де, мұғалімнің көлеңкесін баспа», – дейді халық даналығы. Сондықтан олар «Сэнсей» деген сөзді әрқашан құрметпен айтады. Мені де профессор Құсайынов емес, сэнсей Құсайынов деп атады. Мен бұл сөздің, бұл атақтың үлкен жауапкершілігін сезіндім. Жапонияда адамның қалыптасуы, тәрбие, білім философиясы ұйымдары өзара тығыз байланысты. Жапондық мектепте оқыту мақсаты дәстүрлі түрде білім беруге қарағанда тәрбиелеуге көп мән береді. Халық ғалым болғанша, жақсы адам болған дұрыс деп есептейді. Бұл мақсат бастауыш мектептің оқу жоспарында арнайы оқу пәндері арқылы жүзеге асырылады.

Бұл мектепте балалар аптасына 5 күн сабақ оқиды. 1-сыныпта жапон тілі, математика, музыка, адамгершілік тәрбие, сурет салу және сызу, дене шынықтыру сабақтары және жұмасына 3 сағат жалпы сабақ жүргізіледі. Жалпы сабақта балалар әртүрлі пәндерді, мысалы, 1 сағат ағылшын тілін, 1 сағат экология және т.б. оқиды.

3-сыныпта бұл пәндерге қоғамтану мен жара-

тылыстану, ал 5-сыныпта үй шаруашылығы мен волонтерлік (бұл қарт адамдармен жұмыс, қоқыс жинау және т.б.) қосылады. Осылай бастауыш сыныпта жеке тұлғаның эмоциялық санасын қалыптастыратын пәндер 70% құрайды. Бұл арақатынас жоғары сыныптарда да сақталады. Бітіруші сыныптарда математика мен қоғамтануға қатысты пәндер жинағының артуына қарамастан, гуманитарлық пәндер 50% құрайды.

Дене шынықтыруға ерекше мән беріледі. Дене жүктемесіне, әр түрлі қимыл ойындарына, соның ішінде секірмек, эстафеталарға зор назар аударылады. Ең таңғаларлығы бұл ойындарға мұғалімдер балалармен бірге қатысады. Мектепте экскурсиялар, жорыққа шығу, «осанпо» (төңірекке жаяу серуендеу) және тауға серуендеу, тіпті, белгілі бір тау шыңын бағындыру – әдепкі жағдайлар болып саналады. Мұғалім Ясуо Хасегова жыл сайын теңізде үш километр қашықтыққа жаппай жүзу бірнеше рет ұйымдастырылатынын, оған кішкентай балалар да қатысатынын мақтанышпен айтып, суреттерін көрсетті. Дене шынықтырудың жапондық әдісінің мәні: бала аман қалудың табиғи жағдайларына барынша жақын, қыста суыққа, жазда ыстыққа төзімді болуы керек. Бала организмнің табиғи төзімділігін арттырумен қатар тәрбиелеудің негізгі, әрі өте маңызды элементтерінің бірі – баланы дене тазалығын сақтауға үйрету болып табылады. Тазалық таза қолдан ғана емес, таза денеден, таза киімнен, таза шаш пен тістен де байқалады.

Бұл мектептің дәлізінде тек суық су ағатын төмен орналасқан крандар бар, одан балалар сыныпты жинастыратын кезде су алады. Балалар қыста да тек суық суды пайдаланады. Осыған байланысты ешқандай ауру тіркелмеген. Мектептен басқа әрбір отбасы міндетті түрде балаларды ерте жастан денесін шынықтырумен айналысады. Осы жерде Жапония адамның өмір сүру ұзақтығы жағынан дүние жүзінде бірінші орын алатынын айта кеткен жөн. Жапон халықтарының орта жасы қазақстандықтардың орта жасына қарағанда 20 жылдай артық.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, балаларды адамгершілікке тәрбиелеу барлық мектептің басты міндеті болып табылады. Ол екі аспектіде жүзеге асырылады. Біріншіден, ол барлық мектептің іс-әрекетінде көрініс табады. Бұл – танертеңгілік дене жаттығуын жүргізу, түскі ас шаралары, мектепті күнделікті жинастыру,

сабақ өткізу әдістемесі, балалармен қарым-қатынас және т.б. Екіншіден, адамгершілік тәрбиесі жөнінен арнайы сабақ жүргізу, бұған үй шаруашылығы бойынша сабақты да жатқызуға болады. Жапон тілі, музыка, сурет салу мен сызу, дене шынықтыру және экология сабақтарын жүргізген кезде де адамгершілік тәрбиесіне ерекше мән беріледі. Мысалы, түскі ас шаралары кезінде тамаққа деген көзқарас, жеке бас гигиенасын сақтау, қоқыс жинау, тазалық сақтау, өзара қарым-қатынас, өзара сыйластық және т.б. қалыптасады.

Үй шаруашылығы сабағының міндеті – өзінің жеке тәжірибесі арқылы адамның дербестігін тәрбиелеу, танымдық іс-әрекетін тудыру, қоршаған ортамен өзара байланысты ұғындыру, өз бетінше өмір сүрудің негізгі дағдыларын қалыптастыру, әр түрлі өмір жағдаяттарында сәйкес іс-әрекет жасау, бақылау, жақын адамдарына көмектесу және т.б. Бастысы – балалар жапон асханасының ерекшеліктерін оқып-біледі, ұлттық тағамдарды даярлауды үйренеді, оларды дастарқанға қалай қоюды, қалай ішіп-жеуді, бір сөзбен айтқанда, жапон ұлттық асханасы және жапон ұлттық тағамдары туралы біледі.

Мектепті күнделікті жинаудың адамгершілік және тәрбиелеуші аспектісі туралы көп нәрсе айтуға болады. Бір мысал келтірейік. Бізде адамдар көшеде темекі қалдығын, қағаз, тіпті сусын бөтелкесін де лақтыра салады. Ал, мектебін күнде жинаған бала осындай әрекетке бара ма? Меніңше, жоқ. Олар барлық жерде тазалық пен тәртіп сақтап, қоршаған ортаға қамқор болады. Бұл олардың мінез-құлқының бір аспектісі ғана.

Мен сэнсей Я.Хасеговадан бұл мектепте қарапайым отбасы балалары оқи ма деп сұрадым. Ол күліп, мектеп бітірушілердің арасынан Жапонияның үш премьер-министрі және Нобель сыйлығының лауреаты шыққанын айтты. Олар да мектепте оқыған кезінде мектепті жинаумен айналысқан. Бұл – мектептің негізі қаланған, яғни жүз жылдан астам уақыттан бері сақталып келе жатқан дәстүр екен.

В.И. Лениннің: «Оқы, оқы және оқы», – деген сөзін еске түсіріп, сэнсей Я.Хасеговадан «Бұл мектеп қой, тәрбиелейтін мекеме емес, неліктен мектептің негізгі мақсатында білім сапасы туралы бірде-бір сөз жоқ?» – деп сұрадым. Бұған ол: «Бұл – әрбір мұғалімнің міндеті», – деп сабырмен жауап берді.

Біз Жапония туралы айтқанда,

өзінің әлеуметтік-экономикалық және интеллектуалдық-технологиялық дамуымен назар аудартатын елді елестетеміз.

Жапонияның қарқынды индустриализациясының негізгі факторларының біріне – олардың ағарту саласындағы жетістіктері жатады. Білімнің ұлттық дәстүрмен тығыз байланысы, «жапондық кереметті», өзіндік «білімдегі жапондық кереметті» тудырған факторлардың қатарында, өз орны бар ұлттық ерекшелік болып табылады.

100 жылдай бұрын Жапония білім деңгейі бойынша дүние жүзінде жетекші орындардың бірін алды, ал кейінірек бүкіл әлемді өнеркәсіптік жетістік-табыстарымен таңғалдырды. Демек, білім беру мазмұнында қоғамды өз реформаларын жүргізуге және дүниежүзілік қауымдастықтың үндеуін өзінің бүкіл қоғамының, оның барлық мүшелерінің жаңа талаптары мен жағдайларына бейімделу арқылы қарсы алуға мүмкіндік берген бір нәрсе болған. Білім басқа салалар арқылы берілетін кәсіптік дағдыларды емес, құндылықтар мен нормаларды таратты. Басқаша айтқанда, өз ісімен айналысты. Міне, сондықтан жаңа кәсіптік салалар пайда бола бастағанда жапондықтар оларды жеңіл, әрі тез меңгеріп алды. Олардың білім деңгейі «кез келген өнеркәсіптік машинаның саналы тетіктеріне ешбір қиындықсыз айналуға» мүмкіндік берді.

Білімдегі жапондық кереметтің мәні ол көптеген жыл бойы (ондаған, мүмкін жүздеген жыл) қандай да бір өндірістік, өнеркәсіптік және т.б. проблемаларды шешу құралы ретінде тар прагматикалық шекте қарастырылған жоқ. Бұған, негізінен, Жапония біліміндегі реформаның ешқашан әдебиетте белгіленген дәстүрлі жағдайларға және алғышарттарға – капитализмнің басталуына, өнеркәсіптік-өндірістік базаның сапалы түрде өзгеруіне және т.б. тәуелді болмағаны, өзінің жүйелілігі мен тарихының болуы дәлел.

Жапониядағы білім әрқашан өзінің сипаттамасын сақтады – ауқымды әлеуметтік-мәдени контексте құнды нұсқаумен жұмыс істеді. Бұл жерде біз қоғамның жеке тұлға мүддесін, оның еркіндігіне шек келтірмей жүзеге асырғанын байқаймыз.

Жапондықтар өндірістік жетістіктер мен өмір мәнін, мәңгі құндылықтарды айыра алады. Олардың еңбек іс-әрекетінің негізіне салынған, жоғары деңгейдегі борыш пен міндет

сезіміне негізделген конфуций этикасы жатсыну, шеттету, шиеленіс сезімдерін жоюға, қазіргі заманғы өнеркәсіптік өндіріс жағдайларында да өзара қызығушылық пен үйлесімділік жайын жасауға мүмкіндік береді. Оның күші дарашылдық негізінде емес, тұлғааралық қарым-қатынастың үйлесімділігіне ұмтылудан қалыптасқандығында.

Жапондық үздіксіз білім беру жүйесі жапон қоғамының рухани-адамгершілік құндылықтарын көрсететін негізгі үш өмірлік принципті насихаттайды. Олар:

1) ойлай біл, өз бетіңше шешім қабылда, проблемаларды шешудің ең жақсы жолдарын іздеп, таба біл;

2) әдемілікті түсін, өзің де әдемілік сезімді тәрбиеле, жаның сұлу, жүрегің мейірімді болсын, тілектес бола біл;

3) денің сау, төзімді, күшті бол.

Жапонияда балаларды ерте жастан үлкендерге құрметпен қарауға тәрбиелейді. Мысалы, қарым-қатынас кезінде жасы үлкен адам сөйлеп, жасы кіші адам тәжірибесі мол адам ретінде оны тыңдайды.

Үлкендерді сыйлау өмірде барлық жеке және өтпелі құндылықтармен мүдденің басымдығымен де байланысты болса керек. Себебі, өмірде маңызы бар нәрсе, әдетте, қартайған кезде мәнді бола бастайды ғой. Өмірде көпті көрген үлкен адамның беделі жастарға маңызды әлеуметтік нормаларды беруге мүмкіндік болады.

Бізді ата-бабаларымыз осылай тәрбиелеген жоқ па? Ғасырлар бойы дәстүрге айналған балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің жапондық жүйесі мен қазақ халқының ғасырлық тарихы бар дәстүрлі рухани-адамгершілікке тәрбиелеуі арасында өте көптеген ұқсастықтар бар. Бірақ, өкінішке орай, бізде көптеген құндылықтар жойылып, ұмытылып және саясаттанып кеткен.

2008 жылдың маусым айында еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев Жапонияға барды. Сапарға шығу алдында журналистермен кездесіп, сұрақтарына жауап бере отырып, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев былай деді: *«Жаһандану кезеңінде біз игілігімізді сақтау үшін көп нәрсені ескеруіміз керек. Осыған байланысты, мысалы, кимоно киетін, храмға баратын және жоғары технология саласында жаңалықтар ашатын жапондықтардан үлгі алуға болады. Басқаша айтқанда, өзіндік ерекшелікті сақтау*

консерватизмді білдірмейді». Президентіміз осылай Жапониядағы тәрбиелеу жүйесінің ерекшелігі туралы өте айқын айтты. Біз Елбасы айтқан сөздердің барлығын мұқият тыңдап, оның мәнін терең түсінуге тырысып, қажет қорытынды жасап, керек шешімдерді қабылдауымыз керек. Бірақ, бұл оңай іс емес.

2006 жылғы Қазақстан халқына жолдауында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: *«Бізге экономикалық және қоғамдық модернизация талаптарына сәйкес қазіргі заманғы білім беру жүйесі керек»*, – деп айтты.

Бүкіл дүние жүзі біздің Президентіміздің саяси кемелдігі мен көрегендігін мойындайды. Президентіміз білім саласына түпкілікті реформа қажет екендігіне бірнеше рет назар аударды. Елбасының өзі білім жүйесінің материалдық-техникалық базасын жақсартудың, жүздеген мектеп, мектепке дейінгі және кәсіптік-техникалық мекемелер, таңдаулы жоғары оқу орындарын салудың бастамашысы болып табылады.

Алайда, білім мазмұнын жетілдіру арқылы білім беру және тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған реформа жүргізу, ең алдымен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің құзырындағы іс.

Жапонияға сапарының алдында Елбасы журналистермен кездесу барысында: *«Біз алдыңғы қатарлы елдерден 40-50 жылға артта қалып қойдық»*, – деді.

Білім деңгейі – кез келген елдің экономикалық, әрі ғылыми-техникалық прогресінің бастауы болып табылатыны белгілі. Олай болса, дүние жүзінің жетекші елдерінен білім беру жүйесінің дамуы бойынша қаншалықты артта қалып отырмыз? Бұл сұраққа жауап беру үшін білім беру жүйесінің қалай дамығанына талдау жасайық. Алдымен, Кеңес Одағынан не мұра болып қалғанын қарастырайық.

1980 жылдардың басында-ақ байқала бастаған білім беру жүйесіндегі дағдарыс, жалпы қоғамдағы дағдарыстың негізінде басталды және оның басты себебі – тоталитарлық режим дағдарысы мен оның даму ресурстарының таусылуы болды. Әлеуметтік дағдарысқа себеп болған жалпы себептерден басқа, кеңестік білім жүйесінің дағдарысының басқа да, өзіндік себептері бар. Олардың ішіндегі маңыздылары – өкіметтің мектептің дамуының ішкі заңдылықтарына мән бермеуі, оны толық мемлекет билігіне өткізуі, әлеуметтік және

идеологиялық хирургияның енжар объектісіне айналдыруы.

Мектептерді мемлекет билігіне өткізу олардың көптеген міндеттері мен қызметінің жойылуына, жабық, режимдік мекемеге айналуына апарып соқты. Жеке тұлға мүддесі мен қоғам талаптары мектеп табалдырығынан тыс қалды. Ол тек мемлекетке қана жұмыс істейтін болды. Соған сәйкес, мұғалім де педагогикалық шығармашылық құқығынан айырылып, мемлекеттік шенеунікке айналды.

Бізге кеңес мемлекетінен мұраға қалған білім мазмұны жеке тұлғаны дамытуға емес, білім, білік, дағдыларды игеруге бағытталған еді. Білім саласынан іс-әрекеттің алуан формалары мен түрлерінің, әлемге эмоциялық-құндылық қарым-қатынас, рухани-адамгершілік тәрбие беру, қарым-қатынас және т.б. тәжірибелерді беру сияқты маңызды құрам бөліктері түсіп қалды. Нәтижесінде білім беру үйлесімділігі ғана емес, мектептің білім беру сипаты да жойылды.

Бұл «жетілдірудің» нәтижесі белгілі: оқу пәндерінің көптігі; білім мазмұнының жүйелілігінің, тұтастығы мен құндылығының жойылуы; оның кейде қолдану міндеті мен тәсілдері мұғалімге де, оқушыға да белгісіз бөлек-бөлек, нашар ұйымдастырылған, схоластикалық ақпараттың конгломератына айналуы. Осыдан мұғалім мен оқушыға жүктеме көп артылып, оқуға қызығушылық азайды; білім сапасы төмендеді, балардың денсаулығы әлсіреді; қоғамда рухани-адамгершілік климат және т.б. нашарлады.

Тәуелсіздік жылдары осы дағдарыстардан шығу үшін қандай шаралар қолданылды?

Кез келген білім реформасы – бұл, ең алдымен, ғылыми зерттеулер мен дайындықты қажет ететін білім мазмұнының реформасы. Қалғандары білім жүйесіндегі, оның инфрақұрылымындағы өзгерістер. Алғашқы мұндай реформа 1996 жылы «Жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін дайындау және басып шығару туралы» мақсатты кешенді бағдарлама қабылданған соң басталды.

Отандық оқулықтарды жасау білім берудің қазақстандық моделін енгізу үшін маңызды, әрі қажетті шара болды. Бірақ, ол дағдарыстан шығуға мүмкіндік бермеді. Себебі оқулықтар, негізінен, дағдыларды меңгеруге бағытталған стандарттар негізінде жасалды. Сонымен қатар, Кеңес Одағы кезінде оқулықтар Ресейде жа-

салды, қазақ мектептерінде аударма оқулықтар оқытылды. Сондықтан, отандық оқулықтарды даярлау және жасау тәжірибесі болған жоқ. Ал, сапалы жаңа мектеп оқулықтарын жасау өте күрделі іс. Осы істің барлық күрделілігін танып-білген белгілі академик А. Калмогоров оқулық жасауды реактивті ұшақ құрастырумен салыстырды.

Отандық оқулықтар қажетті дайындықсыз, әрі сараптаудан өтпей, өте асығыс жасалды. Олардың сапасы төмен болды. Жақсы оқулықсыз жақсы білім жоқ екені белгілі.

Қазақстанда әлі күнге дейін отандық мектеп оқулықтарын жасау және мониторингі жөнінде ғылым бір жүйеге түскен жоқ. Ал, бұл ғылымның 200 жылдан астам тарихы бар. Бізде әлі күнге дейін дүниежүзілік оқулық шығару талаптары түгіл, тіпті, 12 жылдық білім Стандартының талаптарына жауап беретін бірде-бір оқулық жоқ. Бұл туралы кейінірек айтамыз.

1996 жылы біздің елімізде жоғары оқу орындарына (ЖОО) тестінің ең қарапайым әдісі – «жауап таңдау тестісінің» нәтижесі негізінде қабылдау жөнінде эксперимент бастау алды. 1998 жылдан бері ол кең қолданыла бастады. Осындай тестілерге дайындалған жоғары сынып оқушылары қабылдау емтихандарын тапсыратын пәндерді шындап оқып-білуді қойды, себебі тестің сұрақтарына жауап беру үшін оның қажеттілігі болмады (ал, бұл тест олардың тағдырын шешеді). Тестілеудің қарапайым әдісін енгізіп, соңғы 10 жыл бойы оқушылардың барлық пән бойынша іргелі білім алуын тежедік. Жоғары сынып оқушылары оқулықтарды, көркем әдебиеттерді оқуды азайтты, сұрақтың мәнін терең түсінуді, теория, құбылыстарды талқылауды, өз ойларын айтуды қойды.

Ұлттық Бірыңғай Тестінің (ҰБТ) құны мен беделінің түсуінің негізгі себебі – ҰБТ мазмұны стандарт рөлін атқара бастады (бұрыннан атқарып келеді). Ол жалпы білім берудің жаппай жұтаңдауын және терең консервациясын күні бұрын белгіледі. Аттың алдына арбаны қойып, ҰБТ идеологтері оқу материалын ҰБТ-ға дайындау құралына айналдырды. Әкімшілік ресурс көмегімен қажет бағытқа түзетілген жылдам нәтиже керек болды.

Тестілеуді жетілдіру мақсатында маңызды өзгерістер жасалмағаны таңғалдырады. Ғылыми мәтіннама (текстология) осы күнге дейін бізде ешкімге белгісіз, оны бірде-бір ЖОО-да

оқытпайды.

Осылай тестілеу әдісі біздің еліміздегі білім жүйесіне орны толмас зиянын тигізді. Ол талапкерлерге шетел тілінде бірде-бір сөз айтпай-ақ шетел тілдері университетіне қабылдануға, ешқандай теореманы дәлелдемей-ақ физика-математика факультетіне түсуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта тестілердің осындай ең қарапайым тәсілі еліміздің колледждер мен ЖОО-да, студенттердің білімдерінің сапасын анықтауға қолданыла бастады. Бұл да жоғарғы оқу орындарының білім сапасына көтеруге кері әсерін тигізіп отыр. Білім сапасын анықтаудың мұндай тәсілі дүние жүзінің дамыған елдерінің бірде-бір жоғары оқу орнында қолданылмайды.

Біз ҰБТ жүргізген соң жыл сайын Білім және ғылым Министрлігі жасайтын анализдің ішкі анализ екенін, яғни, өзімізде бар нәрсені ғана салыстыратынымызды ұмытпауымыз керек. Оны басқа салыстыратын нәрсе жоқ. Дүние жүзінің басқа елдеріндегі білім сапасымен салыстырмаймыз. Ал еліміздегі білім сапасы жыл сайын төмендеп отырғаны бәрімізге белгілі жәй. Сондықтан кімнің мүмкіндігі болса, сол баласын шетелге ЖОО-ға, тіпті мектепке оқуға жібереді. Бұл жақсы үрдіс емес, мұның соңы жақсылыққа апарып соқпайды.

ҰБТ қорытындысы бойынша 2008 оқу жылында, 2007 оқу жылында бірінші орын алған Оңтүстік Қазақстан облысы ең соңғы орынға түсті. Бұл нені көрсетті?... ҰБТ мазмұнын айтпағанның өзінде, оны дұрыс өткізбеу негізінде елімізде ондаған мың баланың тағдыры тәлкегіе түсіп жатыр. Бұған кім жауап береді?... Алдағы уақытта бұлай болмасына кім кепіл? Ешкім де кепілдік бере алмайды. Сондықтан, мектептің жоғары сыныптарында жақсы оқып жүрген мыңдаған талантты балалар жыл сайын оқу бітірмей жатып Ресейдің, басқа да елдердің жоғары оқу орындарына түсіп, елден кетіп жатыр. Бұл да бізді өте қатты ойландыратын жағдай.

Дүние жүзінде ұлттық білім жүйесінің деңгейін анықтайтын әр түрлі халықаралық тестілер бар. Солардың бірі ПИЗА (PISA) – мектептің оқыту нәтижесін немесе жетістігін зерттеудің халықаралық бағдарламасы.

Дүние жүзіндегі көптеген елдер осы зерттеулерге қатысады, солардың нәтижелерін мұқият зерттеген соң, соны жақсарту үшін қажетті ша-

раларды қолданады.

ПИЗА арқылы британдық оқушылардың Германия мен Франциядағы құрдастарымен салыстырғанда математикадан дайындық деңгейінің төмен нәтиже көрсететіні анықталды. Сондықтан, 1988 жылы реформа даярлау жөніндегі Ұлыбританиядағы құжаттардың бірінде былай көрсетілген: «Экономикалық жағынан жақсы нәтижеге жету үшін барлық деңгейдегі оқушылардың математикадан үлгерімін жоғарылату керек...».

2000 жылы ПИЗА нәтижесі бойынша Ресейдегі мектептік білім көрсеткіші өте нашар болды. Зерттеуге қатысқан дүние жүзіндегі 32 елдің ішінде Ресей 27–28-ші орын алды. Осы нәтиже Үкіметте, Ресей думасында мұқият талқыланды. Білім сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылданды, соның ішінде білім саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру көлемі айтарлықтай артты.

2003 жылы Ресей оқушылары көрсеткіштерін сәл жақсартты, дүние жүзіндегі 40 елдің ішінде математикадан сауаттылығы жөнінен 29–31-ші орын, жаратылыстану ғылымдары саласынан сауаттылығы бойынша 20–30-шы орын, проблеманы шешуге біліктілігі саласында 25–30-шы орын, оқу сауаттылығы саласында 32–34-ші орын алды.

2006 жылы Қырғызстан ПИЗА-ға қатысты, бірақ нәтижесі көңіл көншітерлік емес: Қырғызстан 57 қатысушы елдің ішінен 57-ші орын алды. Соның нәтижелері бойынша білім сапасын арттыру жөнінде бірқатар шаралар және «Мұғалім мәртебесі туралы» Заң қабылданды.

БҰҰ деректері бойынша 2000 жылы Жапония дүние жүзінде математикадан бірінші, оқудан сегізінші орын алды. Соңғы жылдары бұл көрсеткіш сәл де болса төмендеді. Жапония үкіметі шұғыл түрде осы көрсеткіштердің төмендеу себебін зерттеп, оларды жақсарту жөнінде бірқатар шаралар қабылдады.

Шындығында, Қазақстандағы білім сапасы қандай деңгейде?

Ерте ме, кеш пе, біздегі білім жүйесінің шынайы жағдайын білетін боламыз. Мұны неғұрлым ертерек білсек, соғұрлым көп ұтар едік.

2005–2010 жылдары Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша 12-жылдық білім беруге көшу туралы шешім қабылданды. 12-жылдық білім беруге өтуде білім беру мен

тәрбиелеудің жаңа мазмұнын жасау, қазіргі дағдарыстан шығудың бірден-бір дұрыс жолы болып табылады. Алайда, істің бүгінгі жай-күйі қауіп туғызады.

Өз кезінде Білімді жоспарлау халықаралық институтының директоры Ж.Аллак былай деді: «Көптеген елдердің тәжірибелері білім процесінің күрделілігінің басты себебі қаржыға ғана байланысты емес, ақшамен шешуге болмайтын қиындықтарда екенін көрсетеді». Оның осы қызмет орнындағы ізбасары, көрнекті америкалық білім қайраткері және зерттеуші Ф.Г. Кумбс осы ойды аса дәлірек нақтылады: «Дағдарыстан шығу үшін әрбір білім жүйесіне көп нәрсе керек, идеяны, батылдықты, іздену мен өзгерістерге ұмтылу арқылы сыни тұрғыда өзін-өзі бағалау қабілеттілігін ақшаға сатып алмайсың».

Кез келген басқару шешімі ғылыми зерттеу нәтижелері негізінде қабылдану керектігі белгілі. Әсіресе, қазіргі кезде білім мен ғылым ғасыры болған ХХІ ғасырда жаһандану процесі жылдам қарқынмен жүруде және әрбір елдің алдында өзінің білім жүйесін дамытуда маңызды құндылықтар мен бағдарды анықтап алу мәселесі тұр. Бұл мәселе Қазақстанға да қатысты.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2006 жылы Қазақстан халқына жолдауында: «*Білімді дамыта білмейтін ел ХХІ ғасырда сәтсіздікке ұшырайды*» деді. Бұл шынайы шындық.

Мектепте тәрбие мәселесін дұрыс ұйымдастыру мен сапалы білім беру кез келген елдің дамуының түп негізі болып табылады. Сондықтан, 12-жылдық орта білімге көшуде жастарға рухани тәрбие беруді, білім жүйесін әлемдік білім кеңістігіне шығаруды, ұлттық мәдениет пен дәстүрді сақтауды және дамытуды, қазақ тілін жетік меңгеруді, сонымен бірге, еліміздің дүние жүзінің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына қосылуын қамтамасыз ететін жаңа білім саясатын жасауды және жүзеге асыруды қамтамасыз етуіміз қажет.

Біздің ойымызша, Президент әкімшілігі

немесе Үкімет жанынан жастар тәрбиесі мен білім берудің проблемаларын қарастыратын және олардың шешу жолдарын анықтайтын консультациялық-кеңесші орган құру керек.

Қазіргі уақытта, елімізде отандық компанияларға экономиканың маңызды салалары бойынша үлкен озық жобаларды іске асыруға көмектесу үшін көлемді қаржы бөлетін, «Қазақстанның 30 корпоративтік лидері» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Осы жобалардың қатарында жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру және білім сапасын көтеру жобасының болғаны да дұрыс болар еді.

Үкіметтің, қоғамның және жеке адамның сұранысын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасында Білім берудің Ұлттық моделі мен Бірыңғай білім беру саясатын жасау жұмыстарын да, арнайы жоба ретінде, кешіктірмей бастау қажет.

Бұл жобаларды іске асыру үшін Мемлекеттік үлкен ғылыми-зерттеу институттарын құру қажет және оларға жеткілікті қаржы бөлінуі керек. Біз, бір қарапайым шындықты, баланы дұрыс тәрбиелеп, оған сапалы білім бермейтін елдің келешегі болмайтынын қашанда есте сақтағанымыз абзал.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев ІІ Парламент сессиясын ашқанда «Білім туралы» Заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу» туралы заң жобасын жылдамырақ дайындау қажеттігін айтты. Осы Заңды дайындау барысында дүние жүзіндегі жоғары деңгейде дамыған елдердің бірі, Жапон елінің «Білім туралы» Заңын мұқият зерттеу қажет деп есептейміз

* * *

Қазіргі жаһандану заманында елім, жерім, тілім деп соққан жүрегі бар, һәм зейінді де, зерделі жастар тәрбиелеген жағдайда ғана Қазақ елінің келешегі кемел болатынын ескергеніміз абзал.

Резюме

Автор пишет, что основная цель перехода на двенадцатилетнюю систему образования – настроиться на определенные достижения. Дано сравнение с японской системой образования: упор в японских школах сделан более на воспитание, нежели на образование.

Summary

The author writes that the main issue of transition to the twelve-year system of education is to be disposed on particular achievements. There are also given a comparison with Japanese system of education: in Japanese schools the emphasis is put on upbringing more than on education.

Қ.Б.Жарықбаев –
педагогика ғылымдарының докторы,
психология ғылымдарының докторы,
ҚР еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗІ ҚАНДАЙ?

Мінез – адамның әдетіне айналған бір сыдырғы да, тұрақты тұрлаулы ерекшелігі, кісінің даралық өзгешелігінің өзегі, өмір сүру бағытының өрнегі, айналасымен қарым-қатынас жасауының өзіндік тарихы.

Мінез бітістері екі жағдайда көрініс береді. Оның бірі – жеке, даралық болса, екіншісі – топтық, этностық сипатта болады. Оның толық, кесек, айқын, берік, байсалды, сондай-ақ осыларға қарама-қарсы антподтары да болады. Соңғысы мінездің жағымсыз, келеңсіз көріністері болып саналады.

Мінез мәселесі, оның қалыптасу жолы есте жоқ, ерте замандардан бері ғұлама ғалымдардың еңбектерінде күн тәртібінен түспей келеді. Мәселен, әл-Фараби адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты десе, ұлы Абайдың пікірінше, мінез – ғылым мен ақылды сақтап тұратын сауыт» екен. Адам мінезінің заманына қарай өзгеріп тұратындығын, «заманына қарай адамы» дейтін пікірді ғұламалар талай рет айтқан. Мұны Абай шығармаларынан да және Ж.Аймауытовтың, М.Әуезовтың «Қазақтың өзгеше мінездері» («Абай» журналы, 1917) еңбегінен жақсы байқауға болады.

Қазақ халқының мінез ерекшеліктері жайлы еңбектер әзірше саусақпен санарлықтай. Бұл жерде орыс антрологі Н.Л. Зеланд (1833-1902) пен қазақ ғалымы Т.Т. Тәжібаевтың (1910-1964) алатын орны ерекше. Тағдыр тауқыметімен қазақ өлкесінде отыз жылдай болған, Санкт-Петербург университетінің түлегі Зеланд өзінің 1885 жылы Омбыда жарық көрген «Қазақтар» атты еңбегінде халқымыздың темперамент ерекшеліктері туралы былай дейді: «Қазақ – қызу қанды, ол төзімді, ақкөңіл, байқағыш, қайғы-қасіретіне ортақтас Сангвиник». Оның рухына жайсандық, ізгілік тән, ол ылғи да жайдары жүреді, жалпы сергек, әрі еліктегіш келеді, алайда «жүйкесі» көнбісті ашуланшақтыққа бара бермейді... Қозғалысы шапшаң, үнемі ат үстінде жүруі қан айналысы мен зат алмасуына қолайлы болуы тиіс. Бұған

қоса дала тұрғындарының дене қызуының жиі алмасуы олар жұтатын таза ауада, шөлейтте жол шеккенде суынды көп ішпеуі, діни жорамалдарға байланысты тағамдар таңдауы, асқазан және ішек жолы қызметін жақсартуға жәрдемдеседі, бұлардың оның рух күшін сақтауға зор ықпалы бар, сондай-ақ олардың арақ, апиынмен және темекімен жүйкесін жұқартуға әдеттенуінің біраз пайдасы бар. Жүйке салауаттылығы адамның иманды, өнегелік бейнесінен де жақсы көрінеді. Жаны жайсаң адам өзгелерге іш тартады.

Көшпенді қазақтың тіршілігі қара күшке мығым, қиыншылыққа төзімді, құбылмалы табиғат жағдайына тез икемделгіш болумен бірге, жан-жүйесі жағынан да жан-жақты жетілген, кемел адамдарды қалыптастырды. Үйде де, түзде де бала ес білгеннен бастап із кесіп, жол қарап, жұлдыз санап өсті. Олардың көзі қырағы, құлағы сақ, қияндағыны шалатын болды. Аң аулап, мал бағып, күнделікті күйбең тіршілікпен жүрсе де жас өскін ақынның сөзін, жыраудың жырын, әншінің әні мен әуенін қалт жібермей тыңдап, ел аузындағы ұтымды мақал мен мәтелді, ертеке пен жұмбақты, терме мен шежірені жадында сақтап, халық даналығын өзіне рухани азық етіп отырды. Өрдайым көшіп-қонуға дайын отырған қазақтар үшін аң-құс аулау, мал күзету, жау түсіру – тұрмыстың дағдылы машығына айналды. Әрбір көшпенді әрі жауынгер, әрі малшы, әрі шаңырақ иесі болып саналды. Осы айтқанымыздың дәлелі болып табылатын кейіннен мақал болып кеткен «Өнерді үйрен де жирен», «Жігітке жетпіс өнерде аз», «Шебердің қолы ортақ», «Жауда жүрсе ат ойнатқан батырым, үйде жүрсе, құрт қайнатқан батырым» сияқты бес аспап адамның психологиясы жайлы қанатты сөздер біздің заманымызға дейін жетті. Көшпелі қауым бірін-бірі жақсы білді, әр адамның қадір-қасиеті, оның жасына, жол-жоралғысына, әлеуметтік ортадан алатын орнына қарай белгіленіп отырды. Мұндай қауымдастық адам аралық қатынастарды қаршадайдан көріп өскен бала өсе, ержете келе ортақ мүдделікті, көзқарас сәйкестілігін, кісілік

белгісін түсініп, жеке бастың өзіне бұра тартуына мүмкіндік бермеді. Психологиялық тұрғыдан «бірауызды» болып қауымдасқан жандар үнемі өздерінің рулық одағына етене сіңіскен салттар мен дәстүрлерді ұстанды. Осыған орай көшпелі тұрмыс тәліміне лайықталған бата беру, ант ішіп ақталу, айтысқа, дау-дамайға төрелік айту сияқты этностық таптаурындар (стереотип) кең өріс алды. Әрине, осы топтық санамен бірге әркімнің жеке басының әлеметтік және биосфералық факторларға орайлас жеке-дара, жас, жыныс ерекшеліктерінің де болатындығы еске алынды. Мәселен, көшпелі халық қыз баланы ерекше қадірлеп, қастерлеп, әлпештеді. Оны әдемілік пен әдептіліктің, сұлулық пен іңкәрліктің символы деп, ал мінезі жайсаң, әдепті жігітті «қыз мінезді жігіт екен» дейтін болды. Қоғам өмірінде қазіргі кезде жүріп жатқан терең саяси-экономикалық өзгерістер халқымыздың баға жетпес рухани байлықтары: тілі мен ділі, діні мен тарихы, өнері мен әдебиеті, табиғи ортасы, күн көрісі мен шаруашылығына (қолөнері, киім-кешегі, ою-өрнегі, әуез аспаптары, үй жиһазы т.б.) байланысты небір асыл құндылықтарды бүкіл болмыс-бітімін (менталитетін) жанартып, жаңа мазмұнмен байытуда. Әрине, еліміз бен жеріміздің түпкілікті иегері – қазіргі қазақтардың психологиясында осы этносқа ғана тән біртұтас ұлттық ерекшелік бар деп айту қиын. Өйткені, қазақ этносының қазіргі бүкіл тыныс-тіршілігінде, отбасындағы әдет-ғұрпы мен салт-дәстүр, жөн-жосық, жол-жоралғысында кең-байтақ өлкемізді біраздан бері мекен етіп келе жатқан басқа этностар мінездерінің элементтері де көрініс беріп жүр. Десе де, бәз біреулер айтып жүргендей, біз жылқы мінезділіктен айырылған, «қой мінезді» момын, жуас, намысы жаншылған халық емеспіз.

Жеріміздің ұлан-ғайыр кеңдігімен, мұндағы табиғат сұлулығының әсерінен ғасырлар бойы қалыптасқан дархан жомарттық, адамға деген мейірімділік пен өнерпаздық, қазақ биосферасының өзіндік ерекшелігінен туындаған асқан қонақжайлық, жойқын соғыс пен қуғын-сүргінге ұшырау салдарынан тірнектеп жинаған рухани мұраны өсер ұрпаққа жеткізу ниетінің негізінде қалыптасқан – балажандық, үнемі мал шаруашылығымен айналысудан қанымызға сіңген малжандық, ешуақытта басқа жұрттың жеріне көз алартпаған бейбітшіл саясат, өзі тиген дұшпанның қабырғасын қақыратқан

көзсіз батырлық, «мың өліп, мың тірілген» кездердегі керемет шыдамдылық пен барға қанағатшылық – біздің ұлттық мінезіміздің жоталы бітістері, халқымыздың ұлттық мақтанышы.

Патшалық отарлау мен большевиктік империялық саясат тудырған ұнамсыз қасиеттер бізде қазір де баршылық. Қанымызға әбден «сіңіп» кеткен жағымпаздық пен жалтақтық, даңғазалық пен ұраншылдық, күдікшілдік пен күншілдік, арызқойлық пен жалақорлық, бойкүйездік пен салғырттық, жалқаулық пен шалағайлық т.б. осы секілді келеңсіз қасиеттері әлі күнге дейін алдымызда оралып, жезөкшелік, некебұзарлық, келеңсіз тіршілікке құмарлық, бақталастық т.б. (бұлар бұрын-соңды қазақтың түсіне де кірмеген мерез қасиеттер еді) осы секілді пәлелер келіп қосылды. Бізде бұдан басқа еліктеп-солықтаулар (батысшылдық, ермелік, еліктеушілік, желөкпелік т.б.) жетіп артылады. Бұл жайт еңсемізді көтертпей, құлдық психологиясының шырмауынан шығуға кесірін тигізіп-ақ келе жатқанын естен шығармауымыз қажет.

Еліміздегі полиэтностық, нарықтық қоғам жағдайында да мінез проблемасының жаңа қоғамда қалыптасу жағдайы өзекті мәселе. Бірақ та бұл жөнінде нақты зерттеулер жоқтың қасы.

Кезінде ұлт мәдениетін зерттеуші бір ғалымның турасынан қойған мына бір пікірі ойдан кетер емес: «Алдағы жаңа ғасырда адам болып қалатынымыз айдан айқын, бірақ қазақ болып қалуымыз үлкен мәселе...».

«Қазақ әдебиеті» газетінің бір нөмірінде «Уа, біз кіміз?» деген мақала басылды. Оның қысқаша жауабын былайша берген болар едік: Біз «сырты бүтін» (түр сипатымыздың қазаққа ұқсастығы) «іші түтін» (қазіргі қазақтар біртекті ұйыған ұлт еместігі). Өйткені, көпэтностық (полиэтностық) қоғамда жоғарыда айтқандай, белгілі бір ұлтқа тән кесек, толық, берік те байсалды, тұтас мінездің болуы мүмкін емес. Мұндай мінез бітістері бір текті этносқа, яғни моноэтностарда ғана кездеседі.

Қазіргі нарық заманына белшесінен батқан қазақ елінде біздің пайымдауымызша, 10 миллионнан астам қазақ жұрты 6 үлкен топқа бөлінетін сияқты. Бұның біріншісі, шамамен 2,5 миллиондай әртүрлі себептерге байланысты **мәңгірт** (бұның да неше түрі бар Қ.Ж.) атанған ағайындар. Бұлар ана тілнен де, тегінен, әдет-ғұрпынан бей-хабар жандар. Екінші топ – бұл да сан жағынан осы шамалас маргинал қазақтар. Жұрт бұларды

шала қазақ немесе *дүбәра қазақ* дейді. Үшінші топ – «*жаңа қазақтар*». Бұлар егемендік алғаннан кейін пайда болған қазақтың жас буржуазиясы, яғни қазіргі қазақ байлары. Бұлар сол 100 мыңның төңірегінде болар деген болжам бар. Төртінші топқа тәуелсіздік жылдарында өз отанына қайтып оралған қандастарымызды жатқызуға болады. Бұлардың жалпы саны жарты миллиондай болып қалар. Қазақтардың осы тобын *оралмандар* деп атайды. Осы топтың басты ерекшелігіне – дінге берік, қазақшылығы басым, ұлттық тілдері деформацияға онша ұшырамауы жатады. Жергілікті қазақтар бұларды «монғол қазақтары», «қытай қазақтары» деп атап жүр.

Бесінші топқа атам заманнан бері елімізде тұрып келе жатқан, орыс империясы мен кейіннен коммунистік идеологияға белшесінен батқан, қазірде арамызда жүрген *қадуәлгі қазақтар* және олардың қазіргі ұрпақтары. Бұлар қазақ отбасында өсіп-өнген, қазақ мектебінен тәлім алғандар. Олар қазақша сөйлеп, ана тілінде газет журнал, кітап оқи алғанмен, ұлттық бай рухани мәдениеттен жөндеп сусындай алмай жүрген, «соры сопақ самардай» қазақтар тобы. Мұндайлардың санын жобалап бір-екі миллион болар деп ойлаймыз.

Қазақтардың келесі бір айрықша тобына ата-бабаларымыз айтып кеткен «сегіз қырлы, бір сырлы» адамдарды, имандылық пен көргенділікті өзіне ту етіп ұстайтын *нағыз қазақтарды* жатқызар едік. Мұндай қазақтар әз-Жәнібек пен Керей, Қасым хандардың тұсында болған. Қазір мұндайларды кездестіру қиынның қиыны. Өйткені, бізде төрт түлік малдың 3000-дай атауын, мәселен, қозының 40-тан астам түрі болатынынан хабары бар, кісінің бет пен көзінің әрқайсысының 40-тан астам синонимі бар екенін білетін қазақты қолына шам алып іздесең де табу қиын. Қазақтардың осы тобын қиялдағы қазақтар десек қателеспес едік. Осынау топтардың әрқайсысының айналысқан кәсібіне, тапқан табысына, біліміне, жыныс, жас ерекшеліктеріне байланысты өзіндік психологиялық ерекшеліктері болатынын бесенеден белгілі.

Қазіргі қазақ психология ғылымында бір кездері орыс психологі А.Ф.Лазурский жасағандай тұлғалар классификациясы жоқ. Осы мәселе күн тәртібіне де қойылмай келеді. Толық қанды ел бо-

ламыз десек, осынау топтардың ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерттеуіміз қажет.

Осылайша қазіргі қазақ қауымын шартты түрде 6 топқа бөле келіп, біз бұлардың қай-қайсысына да Алла жар болсын деп бата-тілек айтып, төмендегідей бірер ұсыныс жасауды жөн көрдік:

1. Қазақ халқы тұтас ұлт болып ұю үшін жастарымызды Қазақстандық патриотизм рухын ұрандатпай, сөзбен іске көшіп, соның бір тетігі ретінде ұлттық психологиялық қоғам құруымыз қажет. Өйткені, бұл жерде психология ғылымының атқаратын рөлі ерекше. Бұл үшін жалпы білім беретін мектептерде психология (жантану) пәнін міндетті түрде оқытуды қолға алған жөн;

2. Күні бүгінге дейін қазақ арасында кең тараған ру мен жүзге бөлінушіліктен біртіндеп арылу – ұлттық ұюдың басты бір факторы екендігінде көз жеткізетіндей нақты іс-шаралар ұйымдастырылса, сөйтіп жұрт көңіліне қонатындай түрлі жиын, пікір талас, диспуттар жиі-жиі өткізіп тұрса құба-құп болар еді;

3. Ұлттық рухымызды жандандыра түсу үшін Астана, Алматы мен облыс орталықтарында жастар үшін ұлттық психология жайлы кеңес пункттері орталықтары ашылса;

4. Елдегі орта арнаулы, жоғары оқу орындарындағы қазақ студенттері үшін этнопсихология (ұлттық психология) курсын оқытуды қолға алып, мұның оқу құралдары мен бағдарламаларын жасау үшін авторлар тобы құралса;

5. Мемлекеттік тіл мен ұлттық тәлім тәрбие мәселесі бір-бірінен ажырамай, қосарласа жүргізілсе, бұл саладағы ісіміз оңға басар еді.

Сөз соңында, Алаш ардагері Әлихан Бөкейханов, Нұрсұлтан Назарбаевтың төмендегі түйіндерін еске ала кеткені орынды.

«Бұл заманда, – деп жазды Ә.Бөкейханов, – жылап мұратқа жетемін деу аш түйенің күйсеуі болады... Жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер табылса, қазақ халқы соның соңынан ерер еді». Сондай-ақ, Н.Ә. Назарбаевтың: «Рухы биік халықтың іргесі де берік, әлеуеті де қуатты, ынтымағы да жарасты болмақ деп есептеймін» – дегені қазіргі қазақ қауымына арнап айтылғандай.

Резюме

В этой статье прослеживаются основные этапы становления казахского национального характера и некоторые психологические особенности современного казахского этноса.

Summary

In this article it is traced the basic stages of formation of the Kazakh national character and some psychological features of modern Kazakh ethnoses.

С.Ғаббасов –

*Медицина және Педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, жазушы – дәрігер, фантаст,
Махамбет сыйлығының лауреаты*

МЕТОДОЛОГИЯСЫ, ЖҮЙЕСІ МЕН НЕГІЗІ ЖОҚ ПЕДАГОГИКА – ҒЫЛЫМИ ПӘН БОЛА АЛА МА?...

Бірің жыл бұрын әл-Фараби атындағы Қазақтың Мемлекеттік Ұлттық университетінің (ҚазМУ) жанындағы Психологтар мен педагогтар қауымдастығының кезекті отырысында, осы тақырыптың төңірегінде мәселе көтеріліп, біраз ашық пікірлер айтылды. Жарыссөзде ғалым-ұстаздар ойларын қорытындылап: **“Педагогиканыңда, психологияныңда бүгінге дейінгі методологиясы, жүйесі, негіздері анық емес”** – деген тұжырымға келді. Мұны ерекше атап айтып отырған себебіміз, жоғарыда келтірілген тұжырым жайында күллі зиялы қауым бейтарап қалмай, өз пікірлерін білдірер деген үміттеміз!

Мәселені жан-жақты зерделей зерттеп қарасақ, шынында да адам тәрбиесі... бүкіл адамзат көлемінде, жыл өткен сайын азғындап бара жатқандығы да байқалмай отырған құбылыс емес. Олай болса, осынау теңдессіз терең мәселені шешу үшін ендігі жерде ескі канондар мен ұғымдарға байланып қалмай нені болса да ашық айтып, шырқыраған шындықты іздестірген жөн сияқты. Тура сөздің жақтаушысы аз болса да, онда біраз жылдан бері жинақталған психо-физиологиялық жаңа көзқарасты ашып айтудың мезгілі де жетсе керек... Ол үшін әуелі мәселенің түп-тамырынан, яғни гносиологиясынан бастасақ, адамзат қауымының ұстаздары атанған Аристотель мен әл-Фарабидің ғылым жайлы классификацияларында **“кез-келген пән өзінің ішкі негіздерінен бастау алмаса, ол ғылыми пән ретінде жетіле алмайды”** деген тұжырымдарына илансақ, онда педагогика мен

психологияның ішкі негіздерін танып білу басты шарт екен. Ендеше, осы айтылған қағидаға сәйкес жоғарыда келтірілген: **“Педагогика мен психологияның методологиясы, жүйесі, негіздері анық емес”** делінген тұжырымды салыстыра отырып ой өрбітуге мәжбүрміз. Өйткені, бұл мәселе берісі – қазіргі ұрпағымыздың тағдыры алаңдатса, арысы – адамзат қауымының бұлыңғыр болашағымен астасып жатыр. Демек, осыншама қатпары қалың, ауыр мәселені жүйелей талдап, таратқанда неден бастасақ дейтін сауал асу бермес асқардай алдына кеп тұра қалары да заңды құбылыс! Сонда мәселенің жалпы ауқымына үңілсек, тізбектелген жылдар түгіл еріксіз ғасырлардың тереңіне жетелеп, бүкіл өркениетімізді қамтып жатқанын аңғару қиын емес. Дәлірек айтсақ, тіпті кінәраттың басы біздің эрамыздан бұрынғы, сонау көне Грек заманынан тамыр алатынын байқаймыз. Осылайша күрмеуі қиын бұл мәселені көңіл көзіне сыйдырып, көне жұртымыздың даналығы айтқандай **“тура биде туған жоқ”** дейтін қағидаға сүйеніп, бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің қателігі сонау Платон мен Аристотельдің келіспеушілігінен туындайтынын, ашып айтатын мезгіл де жеткен тәрізді. Сол заманда-ақ қасиетті Аристотель өз ұстазының Идея мен Жан туралы түсініктеріне кереғар келуіне, алдағы замандарда Тән мен материялық ұғымдар сыңаржақ күйге ауысып, бірте-бірте адам тәрбиесіне атеистік көзқарастың ықпалы күшейе берді. Біздер оның бет қаратпас ызғарына қарылып өскен ұрпақ екеніміз де рас. Міне, осының салдарынан адам жанының

тәрбиесі бүгінге дейін адыра қалып, ұрпағымыз рухани жұтандықтың азабын тартып отыр. Мұның тікелей дәлелі ретінде Жанның 12 түрлі арнасын тәрбиелеуді былай қойғанда, оның не екенін әлі күнге дейін түсінбейтіндігіміз негізгі шындықтың бірегейі болып танылады. Ендеше, ең әуелі Адам дегеніміздің өзін түсініп алмай, оның тәрбиесіндегі методологиясын, жүйесін, негізін дөп басып айта алмайтынымыз да ақиқат...

Ендеше, ең әуелі Адам дегеніміз не?

– Адам дегеніміз үш түрлі жүйеден (Тән, Жан, Рух) тұратын тіршілік иесі.

– Тән дегеніміз не?

– Тән ішкі және сыртқы мүшелері бар анатомиялық жүйе.

– Жан дегеніміз не?

Жан – тіршіліктің формасы. Үш түрлі сипаты (өсімдіктер, жануарлар, адам) бар. Жанның мүшелері, яки арналар: түйсік, ұят, сүю, зерде, мінез, жігер, табиғи қабілет және ішкі бес сезім – осылардың жиынтығы, жанның 12 арнасы болып табылады.

Бұл қағидалар бұрын-соңды айтылмағандықтан, алғашында құлаққа тосын тигенімен, іздеп отырған шындықтың көзі осыларда жатыр. Осындай психо-физиологиялық жаңа көзқарас бүгінгі ғылыми педагогикада қолданылатын адам тәрбиесінің негіздері – **оқыту, білім беру, тәрбиелеу** деудің ендігі жерде сын көтермейтінін аңғартып қана қоймай, сонымен қоса, тәрбиенің екі сатыдан тұратын мүлдем жаңа **методологиясын, екі жүйесі мен жеті түрлі негіздерін** айқындап береді. Бұл жайында алғаш рет 1995 жылы (Алматы, әл-Фараби баспасы. Көлемі 29,0 т.б.) жарық көрген “Халық педагогикасының негіздері” атты монографияда егжей-тегжей талданып айтылатындығын ескертуді жөн көрдім. Бұл еңбекте ХХ ғасырдың парадоксі ретінде “Халық педагогикасы ғылым емес” (Г.Н. Волков) дейтін тұжырымның қате екендігі дәлелденеді.

Халық педагогикасының екі сатылы методологиясы:

а) Биологиялық индивид немесе Жүрек тәрбиесінің жүйесі;

ә) Сананың жетілуі (қоғамдық тұлға) немесе Ақыл тәрбиесінің жүйесі тұңғыш рет ұсынылады. Осы айтылған екі жүйеден немесе жеті түрлі адам тәрбиесінің физиологиялық кезеңдерінен халық педагогикасы пәнінің жеті негізі қалыптасатынын анықтап береді. Осылай-

ша, адам тәрбиесінің методологиясы, жүйесі, негіздері ғылыми түрде дәлелденіп ұсынылады. Сонымен қоса, бүгінгі таңда бір-бірінен ажырата алмай жүрген «халық педагогикасы және этнопедагогика дегеніміз не дейтін заңды сауалдарға да жауап беруге тырысады. Көне ілімдер мен қасиетті Құран сүрелеріне сүйене отырып, “Халық педагогикасының негіздерінде” ұсынылған адам тәрбиесінің екі сатылы методологиясынан шығатын екі Жүйесі мен жеті түрлі негіздерінің ғылыми дәлелінің анық екеніне көзім жетті.

Жалпы, **Жүрек тәрбиесі** деп отырғанымыз Жанның 12 арнасын ояту мен ашудың тәсілдері болып табылады. Бұл тәсілдерді іске қосатын күдірет тек Ана атаулының қолында екенін ашып айтқан жөн. Бірақ, ана атаулы бұл тәсілдердің технологиясын білсе ғана іске асыра алады. Олай болса, ең әуелі күллі ана атаулыны жаңа іліммен таныстыру қажет. Өйткені, қазіргі аналардың түгелге жуығы ана құрсағындағы тәрбиені білмейтіні рас. Сөйтіп, адам табиғатындағы үш жүйенің: Тән, Жан, Рухтың тәрбиесі түзелмей, әділетті қоғам да, мейірімді мемлекет те болуы мүмкін емес!...

Ендеше, ана құрсағындағы тәрбие тәсілдерінің негізі не? Оны қалай жүргізуге болады? Осы сауалдардың бірден токетер жауабын айтсақ, оның бір ғана жолы бар! Ол – **мінажат**, яки **медитация** жасауға әдеттеніп соған байланыстыра ана құрсағындағы тәрбие тәсілдері жүргізіледі. Анаға аяғы ауыр кезінде табиғаттың өзі беретін таңғажайып қасиеттерінің бірі – оның сыртқы және ішкі сезімдері аса терең күйге ауысады. Соның арқасында аяғы ауыр әйел атаулының мінажатқа немесе медитацияға түсуі еш қиындық тудырмайды. Тек, мінажат етудің жолдары мен тәсілдерін үйренсе жетіп жатыр. Осы жол ғана Жүрек тәрбиесінің, яки ана құрсағында ғана ашылатын Жанның арналарының сипаттарын орнықтырады. Сөйтіп, Адам табиғатының ішкі сипаттарын игеріп, бұрын-соңды болмаған ұрпақ тәрбиесінің мүмкіншіліктеріне иланамыз. Жанның арналарын ашу арқылы мидың астыңғы қабатында орналасқан экстрасенсорлық орталықтардың қызметтері жүйеленеді. Өйткені, жанның барлық арналары интуициялық сипаттарға жататындықтан, олардың ешқайсысы да тікелей санаға бағына қоймайды. Енді қысқаша болса да жанның арналарына жеке-жеке тоқталып көрелік...

Түйсік. Жанның бұл арнасы қазіргі адамдарда толық сипатында бар ма?

– Әрине, жоқ! – деуге мәжбүрміз. Себебін өзіңіз-ақ ойлап көруіңізге болады. Мәселен, отырған үйіңіз 3 сағаттан кейін жер сілкінісіне ұшырайды делік, сонда мұны сезген тіршілік иелері үйден бірнеше күн бұрын безіп кетсе де, тек адамдар ғана көзімен көрген сәтте бас сауғалауға кіріседі. Міне, бүгінгі адам атаулының түйсіктерінің түрі осындай! Ендеше, бұл арнаны ашудың қажеті бар ма? Сөз жоқ, түйсіктің оралуы адам баласына да соншама керек екені айтпаса да түсінікті...

Ұят. Осы кезде жанның бұл арнасы қандай күйде?

Оны бүгінгі қоғамның өзі-ақ көрсетіп отыр. Арбау мен алдау жайлаған мына заманда сорақысы шыққан ұяттың жайы мүшкіл екенін кім теріске шығарады. Мысалы, осыдан он бес жыл бұрын кез-келген сәби дұрыс жасамаған қылықтарына қып-қызыл боп ұялып қалатын еді. Бетінен мөрі тамған сол құбылысты қазіргі балалардан байқау қиын. Олай болса, жабылуға айналған жанның бұл арнасының да беріп отырған кесепаты аз емес. Бұдан шығатын қорытынды: келешек ұрпақ тәрбиесінде Жан мен Тәнді өзара үндестіре тәрбиелеуді бұдан ары кешеуілдетуге болмайды.

Сүю. Бұл шіркіннің сапасы қалай?

Біз жастарға Отаныңды сүй, Жерің мен Еліңді сүй, Тілің мен Дініңді сүй, Адамзатты сүйе біл деп үгіттейміз. Бірақ, істің жайы жылдан-жылға құлдырап барады. Себебі неде? Тіпті, адамдар мен адамдардың арасы түгіл Ата-ана мен Бала арасындағы мейірімнің тозып бара жатқанын несіне жасырамыз. Олай болса, ұрпақ тәрбиесінің осыншама ауыр жағдайда екенін түсініп қана қоймай, жаңа ілімнің технологиясын мемлекеттік деңгейде, тіпті қолымыздан келсе адамзаттық көлемге көтеру керек екенін дәлелдеудің қажеті жоқ сияқты.

Жігер. Бұл жанның ең құдіретті арнасы. Дұрыс жетілген жігердің (ерік) алмайтын қамалы, жеңбейтін қиындығы жоқ. Жігерін қайрап бекіген адам, ешнәрсеге арбаламайды да, алданбайды да. Тіпті, пәнилік нәпсісіне де тыйым сала алады. Жоғарыда айтылған түйсік, ұят, сүю арналарының да қалыпты мөлшерде жетілуі тікелей жігермен реттеледі. Ендеше осы жігердің қазіргі күйі қандай? Әсіресе соңғы буын жастарда жігер бар ма? ... Аса көмескі, өте нашар деуге

болады. Осы әлсіздіктің салдарынан наша шегу, темекі тарту, арақ ішу, ұрлық жасау, өтірік айту, кісі өлтіру секілді небір қиян-кескі қылықтардан өзін-өзі тежеуге жігері жетпейді. Ендігі жерде ескі, тозығы жеткен тәрбие тәсілдерінің күні қараң екенін мойындайтын мезгіл жетті.

Мінез. Шіркінді сөз ету тіпті қиын?! Адам мінездерінің қай қырында мүкістік жоқ? Әділдік бар ма? Рақым мен қайырымдылық қайда? Сыпайылық пен мейірімділік тозды ма? Осылайша мінезсіздік жайлаған бұл өмірде азаматтық пен кісілікті іздеудің жолы тарылып барады. Өйткені, арнасы жабылған өзеннің жойқын апатқа ұшыратары сөзсіз ғой...

Зерде. Сенің күйің нешік?

Бала атаулы ұрығынан уланып дебиль болып, жарық дүниеге жарымжан күйде келіп жатқан мынау заманда Зерде менен Зейінде қандай қасиет қалмақ?! Сонда, дебиль дегеннің өзі не? (**Дебильность** лат. *Debilis* – **слабый – относительно легкая степень прожденного психического недоразвития, идиотия**) \Словарь ин.слов - С.151, М.,/. Көмейінен сөз маржаны төгілген текті жұртымыз, кешегі ХІХ ғасырдаң өзінде-ақ өмір сүрген Дулат пен Бұхар немесе Нұрым мен Мұрын жыраулардың шәкірттері ұстаздарынан ұзақ таңға естігендерін келесі күні бір сөзін шашау шығармай айтып беретін зерделері қайда? Ол қазір айтсаң адам нанғысыз қиялға айналды. Оның орнына бүгін магнитофонның таспалары қызмет етуде. Жаңа ілімнің тәсілімен мұндай сорақылықтан да арылуға болады.

Табиғи қабілет. Өткен-кеткен замандардың қай кезеңімен салыстырсақ та, бүгінгі адамдардың рухани сапасынан көңіл құлазып, күдік көбейіп отырғаны бекер емес. Адамдардың жыл өткен сайын тән қуатындағы әлсіздікпен қоса, психикадағы жігерсіздік те көп нәрсенің сырларын аңғартса керек. Бұрынғы замандардағы ата-бабаларымыздың қуаттылығын айтпағанда, Ахаң (А.Б.) мен Жақаң (М.Д.) немесе Мұхаң (М.Ә.) мен Қанекендердің (Қ.С.) өзі қайталанбас алыптардың қатарында қабылданып жүр. Ал ертедегі көкірек көзімен-ақ тылсым сырларды шешіп отыратын Асан қайғы, Кетбұға, Келбұға, Қорқыт ата мен Қойлыбайдай көріпкелдердің баламалары туар күн келер ме екен?!

Ішкі бес сезім дегеніміз не? Адам ағзасындағы Сыртқы бес сезім мен Ішкі бес сезімдердің айырмашылығы неде? Сыртқы бес сезімді қолмен ұстап, көзбен көріп жүрсіздер,

ал қысқаша жинақтап айтсақ, Ішкі бес сезім Жанның ең күдіретті, ең әмбебап, ең терең де тылсым арналары болып табылады. Сондықтан да данышпан Рудаки:

**“Жүрегіңмен сезбесең,
Әлемнің сырын ұқпайсың.
Көзіңмен көрем дегенмен,**

Барлығын байқап шықпайсың...” – деген өлең жолдарында теңдессіз терең мағына жатыр. Тіпті, сыртқы және ішкі бес сезімдердің бір-бірінен айырмашылығын бұдан артылтып дәл сипаттау мүмкін емес...

Көкірек көзі адамның табиғи қасиеттерінің ішіндегі ең бір тылсымы мол тамаша сипаты болып табылады. Жүрек тәрбиесімен көкірек көзі ашылған адам таңғы-махшар нұрын да, тіршілік атаулының болашақ өмірлерінде, тіпті табиғаттың түсінікке симайтын сырларын да, бар болмысы арқылы сезінуімен қоса, тіпті көзбен көріп қолмен ұстағандай көріпкелдік жасайтындары жайлы мысал көп. Адамзат тарихынан белгілі өткен-кеткен көріпкелдерді айтпағанда, тек кеше ғана өмірден өткен Ванга әжейді еске түсірсек те жетіп жатыр. Ол осынау жарық дүниедегі құбылыстар түгіл, о дүниедегі құпияларды да көкірек көзі арқылы көре білген жан. Оның **“Жер бетіндегі кез-келген тіршілік иелері, әлемдік ырғақтар мен тәртіптің заңдылықтарын үндестіріп сақтай алмаса, тартар азабы мен көрер бейнеттері көп болмақ, – деп ескертіп өткені белгілі. Үндестіктерді бұзбай өмір сүру жолы қайсы? – деп сұраған жандарға ойлана толғанған Ванга әжей: - “Иә-ә, болғанда қандай! Аса қиын да емес, жолы бар! Ол қайырымдылық, тек қана қайырымдылық”, – деген екен. Оның осымен қоса жалғастырып айтатыны: - “Аса ауыр уақыт кезеңдерін бастан кешіріп жатырмыз. Адамдар арасында келісім жоқ! Тіпті, жаңа туған бала анасының сүтіне жарымауы тек қажыған жүйкеден ғана емес, олардың өзара үндестіктері мен рухани байланыстың әлсіздігінен екенін ұғынуымыз керек. Әр буындағы адамдардың бір-біріне деген өкпе-реніштері тым көп. Өзімшілдік пен қанағатсыздыққа ден бере бермей рақымшылдыққа бет бұру қажет”** – деді ғой.

Ішкі сезіну ғылым тілінде телепатия делінеді. Адам бойындағы бұл қасиет те көпшілігімізге белгілі. Бірақ, адам жанының арналарының біртіндеп жабылуына байланысты, телепатия да кез-келгеніміздің маңдайымызға жазылмай

отырған құбылыс екенін айта кеткен жөн сияқты. Әйтсе де, өзінің ішкі сезімдеріне мән беретін жандар, егер өздерінің ең аяулы адамдарымен бір жайсыздық бола қалса, міндетті түрде сезінетіні де рас. Мұндай уақиғалар көбінесе ішкі сезімдер қарапайым жандардан ерекшелее табиғи дарындары ашылған жандарда кездеседі.

Ішкі дәм және Иіс сезіну жайында көбінесе көне жазбаларда айтылады. Ежелгі замандарда адамдар иіс пен дәмді, тағы жануарлардан артық білмесе, қалыспаған көрінеді. Бұл дерек адамда жанның арналарының біртіндеп жабылғанын аңғартса керек. Олай болса, біздер ұсынып отырған жаңа методология мен жүйелердің түп-тамыры, яки гностиологиясы табиғатпен астасып жатыр екен.

Осындай жаңа методология, жүйелер мен негіздерге сүйенген халық педагогикасы мен этнопедагогика дегеніміз не дейтін заңды сауал туындайды. Ең әуелі, халық педагогикасы мен этнопедагогика дегеніміз медальдің екі беті тәріздес бір ғана жаратылыстың сипаты екенін түсінуіміз керек. Олай болса, бұларды психофизиологиялық жаңа көзқарастың методологиясы мен негіздері қалай түсіндіреді екен?

Халық педагогикасы дегеніміз адамның жан дүниесін тәрбиелейтін және зерттейтін ғылым екен. Этнопедагогика дегеніміз тұрмыстық және материалдық заттар арқылы, адамның тән құрылысын жетілдіретін ілім деп түсінген жөн. Оның бірден-бір дәлелі ретінде, халық педагогикасының жеті түр негіздерінің әрқайсысындағы этнопедагогикалық сипаттар осы айтылғанды тапжылтпай растап береді. Оны **“Халық педагогикасының негіздері”** атты еңбектен жан-жақты салыстыра отырып анықтауға болады.

Қорыта айтқанда, ғылымда бар ескі мен жаңаны салыстыра қарастырып, бүгінгі адам тәрбиесіндегі жіберіліп отырған ағаттықтарды кешеуілдете бермей, ең әуелі мемлекетіміздің деңгейінде шешіп, бірте-бірте адамзаттық мәселеге айналдыру арқылы туған еліміздің абыройын асқақтатқан болар едік. Ол үшін пендешіліктен биік, азаматтықпен астасқан сана керек. Сонда Ел болып, егемендігіміздің де игілігін сезінер едік.

Резюме

В данной статье автор рассматривает методологию воспитания, определяя систему и основы воспитания. Он ищет ответ на вопрос сможет ли воспитание стать научным предметом? В данной статье вы сможете найти ответы на такие вопросы, как национальная воспитание и народная этнопедагогика.

Summary

In given article the author considers education methodology, defining system and education bases. Whether he searches for the answer to a question there can be an education a scientific subject? You can find answers to such questions in given article, as national education and national ethnopedagogics.

XX

XX

Т.С.Тебегенов –
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Қазақ
әдебиеті кафедрасының меңгерушісі

ХАКІМ АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІ – ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

Қазақ әдебиеті – әлем өркениетіндегі классикалық рухани құндылықтар құрамындағы мәдениет қазынасы. Адамзат тарихының әуелгі қалыптасу кезеңдерінен бастап, кейінгі даму белестерінде ұрпақтарға ортақ дүниетаным кеңістігінде әрбір халықтың өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиелік негіздері материалдық және рухани мәдениет салалары арқылы қалыптасады, болашақ дамуға жалғасады. Әлем халықтарының рухани құндылықтары арқылы жер бетіндегі саналы тіршілік иелеріне тән көркемдік-эстетикалық ойлау ұлағаты да қалыптасады. Планетамыздағы 6 миллиардтан асқан адамзат ұрпақтары әуелде өзіндік төл ұлттық тәлім-тәрбие негіздерінен нәр алады. Әрбір халықтың ұлттық тәлім-тәрбие негіздерімен қалыптасып өсуінде фольклор мұралары мен әдебиет шығармалары ықпалды орын алады. Әрбір халықтың өткені мен қазіргісін және болашағын жалғайтын жас ұрпақтың үлгілі мінез-құлық қасиеттері мен қалыптасуы, өсуі, өркендеуі үшін сөз өнерінің көркем үлгілерін жасаған ойшыл ақындар шығармалары тәлім-тәрбиелік қызмет құралы болумен келеді. Бұл орайда, қазақ өркениетіндегі әлемдік классикалық әдебиет үдерісі арнасындағы хакім Абайдың шығармашылық мұрасын басты бағдар етеміз.

Ұлттық тәлім-тәрбие – адамгершілік қасиеттерді ұрпақтар санасында

қалыптастырудың басты көрсеткіші. Хакім Абайдың өлеңдерінде қазақ ортасындағы жақсылығы мен жамандығы жағаласқан мінез-құлық қасиеттерін егіздей жырлап айту арқылы адамдарды ізгілік жолына бағыттау мұраты көзделеді. Хакім Абай адамдардың кемшілігін жөндеуге, тәлім-тәрбие арқылы жақсылық жолына бағыттауға болатын көзқарас ұстанымындағы гуманист-тәрбиеші. Бұл туралы ол «Отыз жетінші сөзінде» адамгершілік тәрбиесін жүзеге асыруға болатындығын зор сеніммен айтқан-ды:

«Менегерзаконқуатықолымдабаркісіболсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» [1. 348б.]. Демек, Абай өз ұлтының жақсылықтарына сүйене, кемшіліктеріне күйзеле жырлап, көркем ойлы сыршыл және сыншыл өлеңдері арқылы ұрпақтарды ұлттық кемелділікке жеткізуді ойлады.

Ақын қазақ ұлтының атадан балаға жалғасқан ұлағатты мінез-құлық мәдениетін өнеге өрісі тұрғысында жырлайды. Ұлттық тәлім-тәрбие негізі – ата-бабалар қалыптастырған өнегелі қасиеттер. Хакім Абайдың лирикалық өлеңдеріндегі ұлттық тәлім-тәрбие беру көзқарастарын дәйектейтін өнегелі мінез-құлық иелерін ұрпаққа ұсыну ойлары көркемдік-эстетикалық таным әлеміне жетелейді. Мысалы:

1. Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек [1. 46 б.].

2. Адамзат тірілікті дәулет білмек,
Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек [1.46 б.].

3. Ақылды кара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек [1.47 б.].

Адал адам – қоғамдық әлеуметтік ортаның ең басты құндылығы. Адалдық – саналы тіршілік иелерінің басты сапалық көрсеткіші. Күнделікті іс-әрекеттерінің барлығын да ақылмен өлшеген, әрбір адаммен қарым-қатынас мәдениетін де сабырмен, шыдаммен сабақтастырған тұлғалар халық жүрегінен орын алады. Отбасындағы, ауыл-аймағындағы, атырабындағы әр алуан мінез ерекшеліктері бар адамдармен байыпты, байсалды қарым-қатынастар жасайтын, сол арқылы жолдастық, достық көңіл-күй үндестігін, түсіністік хал-ахуалын орнықтыратын адамдар тұлғалары дараланады.

Хакім Абай – адамдардың өзара қарым-қатынастарындағы еркектердің де, әйелдердің де мінез-құлық психологиясына тән жан әлемі қасиеттерін саралап бағалайтын психолог. Тілеулес көңілді адамдардың сұхбаттасуларының, диалогтарының ортақ мұрат жолындағы игі істерге бастайтын ұлағаты да басты назарға алынады.

Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары әр түрлі адамдардың өзара түсіністік қарым-қатынаспен өмір сүруі – дүниетанымы дәстүрлі жолмен қалыптасқан, ата-бабалық тектілігі мықты халықтың болмысы. Қазақ халқының ежелгі замандардан қазіргі кезеңге жеткен, мәңгілік болашаққа ұласқан жолында ағайынына, бүкіл елге мінез байлығымен, көңіл жомарттығымен, білек күші ерлігімен, батырлығымен қорған болған талай қайраткер азаматтар тағылымы ұрпақтан ұрпаққа жетті. Бұл орайда, хакім Абайдың ата-тегіндегі арғы ата-бабаларының, бергі атасы Өскенбайдың, әкесі Құнанбайдың және солар тектес тарихымыздағы атақты тұлғалардың тағылымын ұрпақтардың санасына сіңіруі ақын өлеңдеріндегі ұлттық тәлім-тәрбиенің өзегі. Хакім Абай «Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуы» өлеңінде әкесі Құнанбайды да, бауыр інісі Оспанды да халық қамқоры, ел азаматы, ақылман, тәлімгер-тәрбиеші тұғырындағы тұлғалар сипатымен жырлаған:

...Кәркиден, пілдей қуатты,
Тағы арыстан жүректі.
Аплатон, Сократ ақылды,

Қаһарман Ғали білекті.
Өз заңымша ұқсаттым,
Берген Құдай тілекті.
Оспанды алған бұл өлім
Тәубе қылсақ керек-ті.
Мұсылманға қоймаған
Орынсыз жанжал шатақты.
Ерегіскен жауларын,
Кісен салып матапты.
Зекет жиып, егін сап,
Тойдырған ғаріп, жатақты.
Ескендір, Темір, Шыңғыстай,
Мұсылманда атақты.
Мұқым қазақ баласы,
Тегіс ақыл сұрапты.
Тобықтыны ел қылып,
Басын жиып құрапты.
Меккеде уақып үй салып,
Пәтер қып жаққан шырақты.
Бір Құдайдың жолына,
Малды аямай бұлапты [1.207-208

б.б.].

Қазақ – дәстүрлі тәлім-тәрбие бойынша өзара сыйласқан, тату-тәтті өмір сүру ұлағатын берік ұстанған халық. Ата-бабалардың ұрпақтарға қалдырған аманаты – өзара сыйласқан, тату-тәтті, бірлікпен өмір сүріп алға өрлеген халықтың мәңгілік сақталуы. Абайдың халық қамқоры болған тұлғалар тағылымын жалғастыратын ұрпақтардың өзара сыйласқан тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынас мәдениетін тілеген өлеңі де ұлттық ділді нығайтуға арналған:

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік
Ер табылса жарайды, қылса сұхбат.

...Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе біріндікін бірін жеткіз!
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!

Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,
Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып.
Біріңді бірің ғиззәт (арабша – қадір, сый),
құрмет етіс,
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.

Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес,
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,

Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес [1.58 б.].

Отбасылық одақ иелері – еркек пен әйел. Олардың көңіл-күйлерінің, мінез-құлық дағдыларының үйлесімі – ұрпақтың, әулеттің, ағайынның, бүкіл халықтың өсіп-өркендеуінің негізі. Қазақ отбасыларындағы еркек пен әйелдің өзара сыйластығы, шынайы сүйіспеншілік, ілтипат тұтастығы арқылы ұлттық діліміздегі адамгершілік асыл қасиеттер жүйесі қалыптасқан, ол дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Хакімнің өлеңдеріндегі ерлі-зайыпты қазақтың отбасылық көңіл-күй, хал-ахуалының тәлім-тәрбиелік сипаты да дидактикалық, эстетикалық насихат аясында жырланған:

1. Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр,
Бүлк еткізбес қалайша соқса тамыр.
Жар көңіліне бір жанын пида қылып,
Білместігің бар болса, қылар сабыр [1.59 б.].
2. Ақыл керек, ес керек, мінез керек,
Ер ұялар іс қылмас қатын зерек...
Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй,
Қоржаң суық келеді кей сасық ми.
Ері ақылды, қатыны мінезді боп,
Тату болса, риаз (арабша-гүлбакша) үстіндегі үй.

Жоқ болса қатыныңның еш өсегі,
Болмаса мінезінің еш кесегі.
Майысқан, бейне гүлдей толықсыған,
Кем емес алтын тақтан жар төсегі [1.59-60 б.б.].

Абайдың өлеңдерінде ұлттық тәлім-тәрбие негіздері, қазақ отбасыларының дұрыс құрылуына арналған ойлары әлеуметтік-азаматтық көзқараспен жырланған. Өнегелі отбасы – еркек пен әйел үйлесімімен жүзеге асатын әлеуметтік құрылым. Қазақтың даналық түйіндеулері жинақталған мақал-мәтелдерде де отбасы одағының ең басты құрушылары еркек пен әйелдің мінез-құлық психологиясының үйлесімі басты назарға алынғаны мәлім. Мысалы, мынадай мақал-мәтелдер хакім Абай насихатының көркемдік негізі екендігі ақиқат: «Сұлу сұлу емес, сүйген – сұлу», «Ерлі-қатын тату болса шырағы жанар, ерлі-қатын араз болса өмірден көңілі қалар», «Жақсы қатын, жарының жақсысын асырар, жаманын жасырар», «Жолдас күту – жарға сын, жалған сөздік – арға сын», «Ерін баққан қатын елін де бағады», «Жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс», «Жақсы қатын – зейнет, жаман қатын – бейнет», «Ерлі – қатын

бірі-мойын, бірі-бас» т.б. [2. 92-94 б.б.].

Хакім Абайдың ұлттық тәлім-тәрбие негізі отбасы иелері хақындағы ойлары да халық даналығы негізінде жырлануымен ерекшеленеді. Қазақ дәстүрімен ер адамның болашақ жарын таңдауының да әлеуметтік-тұрмыстық жауапты тағылымына хакім айрықша назар аудартады. Бұл – ұлттың ұрпақтарын дүниеге әкелетін жан ділі таза, адамгершілік қасиеттері үлгілі еркек пен әйел жұптасуын тілеген тәрбиешілік насихат:

«Жасаулы» деп, «Малды» деп байдан алма,
«Кедей қызы арзан» деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма.

Үйіңе тату құрбың келсе кіріп,
Сазданбасын қабақпен имендіріп.
Ері сүйген кісіні о да сүйіп,
Қызмет қылсын көңілі таза жүріп [1. 60 б.].

Хакім Абайдың өлеңдеріндегі авторлық-идеялық ұстаным бағдары ұлт ұғымын құрайтын жақсы Адам Тұлғасының болуын, ұрпақтарға ұласуын, мәңгілік сақталуын тілеу. Бұл орайда, қазіргі философиялық зерттеулердегі «Адам және оның мәні туралы қазіргі көзқарастар» бағалауларының да сөз арқауындағы дұрыс адам тұлғасын тани түсуге бағдарлайды: «Адам нақты тарихи уақытта және әлеуметтік кеңістікте, тәрбие мен практикалық әрекет барысында қалыптасады. Сондықтан да тұлға әлеуметтік-индивидуальдық ретінде – бұл әрқашан да нақты нәтиже, өте әр алуан факторлардың өзара әрекеті мен синтезі. Адам неғұрлым үлкен деңгейде әлеуметтік-мәдени тәжірибені бойына жинақтаса, соғұрлым тұлға маңыздырақ және ол өз кезегінде оның дамуына өзінің индивидуалды үлесін қосады.

Тұлғаның қалыптасуына қандай факторлар ықпал етеді және тұлғаның қарапайым адамдардан қандай айырмашылығы бар? Әрине, мұндай факторлар өте көп, бірақ оның қалыптасуындағы негізгі рөл әлеуметтік жағдайларға – **тәрбиеге, білімге, қоршаған әлеуметтік ортаға, ата-анаға** тиесілі екендігін атап өту маңызды. Тәрбиенің рөлі адамның балалық және жасөспірімдік кездері қандай моральдық, қоғамдық құндылықтарды игеруімен байланысты» [3.247-248 б.б.]. Демек, хакім Абайдың өлеңдеріндегі ұлттық ділдің үлгілі сапалы көрсеткіші болуы тиіс жастарға арналған

насихаты халқымыздың табиғи болмысын сақтауға шақырады. Ақынның өнегелі отбасы иелері тұлғаларын насихат жырымен бейнелеуі көркемдік-эстетикалық, педагогикалық-психологиялық кешенді тәлім-тәрбиелік ойлау жүйесін танытады.

Ойшылдың тәлім-тәрбиелік бағдарлы өлеңдері қазіргі заманғы тәуелсіз Қазақстанның жаңатарихындағы мемлекетіесі қазақтың ұлттық дүниетаным ұлағатын дамыта жалғастыруға қызмет етеді. Адамзат өркениетінің дара, дана тұлғасы хакім Абайдың ұлттық тәлім-тәрбиеге арналған шығармалары ұлтын сүйген отаншыл қайраткер ұл-қыздарымызды тәрбиелеу құралы қызметін мәңгілік атқаратыны да дәлелденген ақиқат. Бұл орайда, Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың БҰҰ-ның ЮНЕСКО шешімімен әлемдік деңгейде өткізілген 150 жылдық мерекелік мерейтойда «Абай туралы сөз» тақырыбымен жасаған баяндамасындағы ойлары да дана тұлға тағылымын ұлттық дамуға бағдар

еткен қазіргі және мәңгілік ұстанымымызды дәйектей түседі: «Абайдың айтуынша, адамның бақытты болуы үшін, оның ынтасы мен сол ынтаның мақсатына жетуіне былайғы жұрттың ықыласы керек. «Достықты достық шақырады», – дейтіні де тегіннен тегін емес. Сондықтан да ол ұлттық бүтіндік, ішкі татулық, уыздай ұйыған ынтымақты көп аңсады. Ал, халық дегеніне жету үшін оған да өзін қоршаған ортамен дәл сондай ынтымақ пен ықпалдастық керек. Бұл – біздің қазіргі таңда тағдырымызды шешетін ең басты тарихи факторлардың бірі» [4.57-55 б.б.].

Қорыта айтқанда, хакім Абай өлеңдеріндегі қазақ ұлтының басты жетекші тұлғаларын қалыптастыруды көздеген ойлары – біздің қазіргі және болашақтағы тәлім-тәрбиелік бағдарымыздың негізгі желісін құрайды. Қазақ ұлтының әлем өркениеті кеңістігіндегі танымалдылық беделі де, күш-қуаты да жаңа ұрпақтың ұлттық-отаншылдық қызметі арқылы жүзеге асатыны ақиқат. Ұлттық тәрбие ұлағаты ұрпақтарды жаңа биіктерге жетелей береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Раритет, 2008. – 384 б.
2. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері./Жинап, құрастырған Тұрманжанов Ө. – Алматы: Білім, 2004. – 272 б.
3. Философия: Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық/Құрастырған Ғабитов Т. – Алматы: Раритет, 2008. – 400 б.
4. Назарбаев Н.Ә. Абай туралы сөз. – Алматы: Рауан, 1995. – 160 б.

Резюме

В статье рассматриваются философско-педагогические особенности лирических стихотворений хакима Абая посвященные казахскому молодежи по воспитанию в духе национальной мировоззрении.

Summary

In article are considered filosofsko-pedagogical features lyrical a poem hakima by Abaja devoted Kazakh the youth on education in the spirit of national outlook.

К.Ж.Қожахметова –
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
ғылым және халықаралық байланыстар бойынша проректоры

ҚАЗАҚТЫҢ ОЙШЫЛДАРЫ МЕН АҒARTУШЫЛАРЫНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАРЫ МЕН ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Рухани-адамгершілік тәрбиесі – мәдени құндылықтарды іске асыру мен таратудың маңызды механизмі, өмірдің мәні мен өнегесі, тарихпен, ана тілімен, философиясымен, әдебиетімен, дәстүрімен, психологиясымен «ұлттық-мәдени әлемнің» арнайы детерминизацияланған мазмұны мен түрі.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыру төл мәдениетімізді тұтастай сақтаудың маңызды шарты және қоғамның рухани қауіпсіздігінің басты алғышарты, өйткені «мәдени дербестік» – мемлекеттік тұрмыстың тәуелсіздігі және халықтың ұлылығының кепілі.

Рухани - адамгершілік тәрбиесінің өзектілігі зиялыларды дайындау мен білім берудің ұлттық жүйесі күйреуі нәтижесінде, өз халқына, оның тарихына, салт-дәстүрі мен мәдениетіне жат болу сияқты руханилықты және зияткерліктің әлсіреп, халықтың шығармашылық мүмкіндігінің өшуі сияқты негізгі себептерімен күрделенгендігінде.

Ұлттық даму мен мәдени бағдарлы білім ұлттың мүмкіндігі мен шығармашылық күшінің белсенділігін арттыру, оның рухани байлығын жинақтаудың алғышарты.

Осыған байланысты, біз ұлттық мектеп өз халқының тарихи тәжірибесіне, әлем мен адамның рухани-адамгершілік санасына, діни құндылықтарды қоса алғанда, рухани мәдениетке сүйенетіндігі шындық екендігін білеміз. Оның негізінде іргелі білімнің белгілі бір жүйесі ғана емес, өз халқының тарихи рөлдері мен тағдыры туралы, рухы туралы, жоғары құндылықтары туралы кең мазмұнды танытатын рухани ағартудың бай дәстүрлері қаралған болуы тиіс. Ағартушылық адамның маңызды үш бөлігін: *біріншіден*, рухани жан дүниесі, *екіншіден*, ойы мен сөзі үйлесуі, *үшіншіден*, тарихилығы сияқты адамның маңызды үш белгісі арқылы ерекше қасиеттерінің толық ой-қорытындысынан ағартушылық шығады.

Адамға ұлттық тән. Сондықтан да, адамның ұлттық өзіндік санасын қалыптастырудан бекітуге дейінгі шынайы ағартушылықтың міндеттерінің бірі халықтық тәрбиеге айналады. Бұл міндет көп ұлтты Қазақстанның бірлігін орнықтыратын қазақ халқының рухани мәдениетіне қызмет ететін, ұлттық рухани құндылық биігіндегі туған мәдениетінің аясында дамыған жағдайда ғана жүзеге асады. Ол үшін қазақ халқынан шыққан ойшылдар мен ғұламалар, ағартушылардың халық ділімен біте қайнасқан пікірлері мен көзқарастарын талдап, таразылай отырып, педагогикалық тұрғыдан бағалағанымыз ұрпақ тәрбиесі үшін аса қажет.

Қорқыт бабаның ойлары өзінің «Қорқыт ата кітабында» қанатты сөздер, өсиеттер, аңыз-жырлар ретінде беріліп, философиялық тұжырымдаманың негізін құрайды. Оның өсиеттерінің басты тақырыбы бала тәрбиесі, ата-ананы құрметтеу. «Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып, тумағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді.» Оның кітаптарының негізгі сарыны бабалар өсиетіне адал болу рухындағы ұрпақ тәрбиесі, батырлық пен ерлік рухындағы тәрбие болып табылады. Үшінші жыр осыған арналады.

Сол кезеңнің салты бойынша он бес-он алтыдағы ер бала соғыс өнерінің барлық қырын меңгеруі тиіс. Үлкендер жас жігіттерді өздерімен бірге майданға әкетеді. Қолына қару алып, тар жол тайғақ кешпеген, жауының қанын төкпеген жігітті ешкім адам ретінде санап, сыйламайды. Ал, жауының алдында тайсақтаған, қашқан адамды өз әкелері қатаң жазалап отырған.

Қорқыт жырлары өз арын жоғары бағалауға, соғыс өнерін танып-білуге, өз Отанын жаудан қорғауға және Отан үшін жан қиюға шақырады. Жетінші жырдың кейіпкері Игенек

батырдың басқа батырлармен салыстырғандағы тұлғасының сан қырлылығымен ерекшеленді. Ол он бес жасында өз әкесін тұтқыннан босатып, үлкен той жасайды, тойға Қорқыт ата қатысып бата береді.

Ж.Баласағұни өзінің атақты «Құтты білігінде» (құт әкелетін білім) философиялық ойлары мен дүниеге деген көзқарасын жеткізді. Оның түсінігінде мейірімділік пен бақыт мәселелері адамның өмір салтына қатысты. Адам өлгенмен, оның ісі мәңгілік. «Кісі мәңгі болмас, ары – мәңгі қалар шапағаты».

Баласағұни адам ғұмырының ұзақтығы ұзақ өмір сүруінің емес, ізгі істерімен өлшенеді дейді. «Егер адам артына өз ұрпағына пайда келтірердей іс қалдырса, оның жаны өлімге берілмейді». Ж.Баласағұни бала тәрбиесінде ата-аналарға насихат боларлық өте құнды педагогикалық мұра қалдырды: «Өзіңнен ұл-қыз туса, асыл бекзат, қолда өсір, ұстай көрме алыста жат».

*«Мейірімді, таза болса тәрбиесі,
Баланың еркін өсер ақыл-есі,
Ұл-қызға әдеп үйрет, білім-өнер,
Көп көріп, сонан пайда кемелденер».*

Егер бала жаман мінезді болса, онда жақсы адамдарға қауіп төнгені. Адам өмірде өз ойындағы мақсаттарға жеткісі келсе, ол дұрыс тәрбие алуы керек. Ата-ана өз ұлын бірінші кезекте ата-текті жалғастырушы, үйдің қожайыны екендігін ұғындыру қажет. Бұл – ата-ананың бірінші парызы. Халыққа тән адамгершілік бейне үлкенді, ата-ананы сыйлау мен құрметтеу арқылы айқындалады. Сондықтан да әкесін құтқару жолында мерт болған ұлдың өлімі бақытты өлім. Өнегелі тәрбие жас адамның өмірдегі өз жолын жаңылмай табуға көмектеседі.

*Ақылды – ұлы, біл, білімді – білікті,
Қонса екеуі, ұлы етер жігітті...
«Ақыл қайда болса, ұлылық толады,
Білім кімде, сол білікті болады.
Ақылды ұғар, білімділер біледі,
Түгел болар білімді, есті тілегі!»...*

Баласағұни мейірімділік шындықтың мәніне терең үңіледі: *Әділеттілік – бақыт, негіз (ұя), бақыт – қанағатшылық пен тәубешілдік. Әділеттіліктің мәні – адамшылық.*

Жаратушымен тығыз байланыс, әлемнің үйлесімі, кеңістік пен кезеңнің бірлігі, адамның Алланы тануға ұмтылысы, ғарыш пен адам әлемнің тұтастығы, макрокосмос мен микрокосмос Қожа Ахмет Яссауи философиясының бас-

ты тақырыбының бірі болып табылады.

«Диуани хикмет» және «Рисала» атты еңбектерінде А.Яссауи өз ілімдерінің негізгі әдіснамалық ұстанымдарын анықтайды. Негізгі ұстанымға ізденіс жолы Хақты, Руханилықты, Тазалықты тануға апаратындығын жатқызады. Адам осы мақсатқа жету жолында шарифат – заңдылық талабы, Ислам заңы; тарихат – тарих туралы ілім; мағрипат – ғибадат, хақиқат – шындық жолы сияқты төрт кезеңдерден өтуі тиіс. Әр кезең Яссауидің түсінігінде өзіндік тазару мен өзіндік таным, Хақты тануға ұмтылыс. Мұның күрделілігі адам үшін әр кезеңнің өзіндік аса маңызды мағынасының барлығы, оларды түйсініп өтпейінше, өзіндік дамудың жолына түсу мүмкін емес. Тарихат: *тәубашылдық, ғибадатшылық, махаббат, сабырлық, шүкіршілік, ризашылдық, заһидшілдік (анықтық), ғаріптік* сияқты сегіз жүйеден тұрады. Біздің зерттеуіміздің тұрғысынан «тәуба» ұғымы назар аударуды қажет етеді. Өйткені, А.Яссауи шығармашылығында «тәуба» негізгі философиялық түсінік. Тәуба – шарифатқа жеңіл оймен қараудан құтылу, тазалық пен шындық жолында өзін-өзі қайта тәрбиелеу сияқты құбылыстардың өлшемі, бастауы.

Тәубашылдық (қанағат, тоқтамшылдық, ризашылық) – адам көңілінде болатын түрлі құбылыстар мен өзгерістердің негізі. Тәуба негізінде этикалық тұрғыдан қабылданады. Қанағаттанушылық тәрізді «тәуба» философиясы біздің халқымыздың санасында қарапайым көрініс береді.

Ламакан – жаңару мен дамудың жоғары сатысы. А.Яссауи ілімімен келісе отырып, хақ шындықты тануға талпынған адам, алдына қойған мақсаты жоқ құдайдың құлы емес, керісінше мұндай адам өмірді сүйетін, іздемпаз, үнемі өзін жетілдіруге мақсат қойған адам болуы керек. Ө.Нысанбаев: «Оның адам кемелдігі философиялық тұжырымдамасы мейлінше терең пайымдау» деп бұл байланысты ескереді. Оның ежелгі ілімі арқылы да қоғамның және тұлғаның үйлесімді, жан-жақты дамуына жеңіл қол жеткізуге болады. Бәрімізге белгілі, адамды ғарышпен және әлеммен салыстыру, мұның өзара байланысын орнату – ежелгі философиялық дәстүр. Ал, «кемел адам» – бұл микрокосм және макрокосм. Микрокосм – бұл дамыған адамның сыртқы түрі, ал макрокосм – оның ішкі мазмұны. Адам – бұл тұтас әлем, үлкен әлемнің кішкентай

бейнесі. Міне, дәл осы – ізгілік ілімі». А.Яссауи идеясы – адамның ақыл-ойы мен санасының таза-рууы. Қожа Ахмет Яссауи ілімі кемел адамның тәрбиесі туралы идея тұрғысынан қарағанда шыдамдылық пен төзімділік, саналы тоқтам, ұстамдылық, шүкіршілік пен қанағатшылдық (тойымсыздар мен ашкөздерге қарсы) сияқты тұлғаның сапаларына тәрбиелеу қызығушылық тудырады. «Тәуба» адамның нақты мүмкіндіктеріне шынайы жауап береді, бірақ, А.Яссауи философиясының күрделілігі сонда, бүгінгі күннің шындығы көзімен қарағанда, адам кемелдену жолында өзін-өзі жетілдірудің көптеген кезеңдерінен өтеді, сондықтан да «тәуба» кесімді өлшем бола алмайды.

Егер Абай философиясын этнопедагогикалық дүниетанымдағы оның рөлі тұрғысынан қарар болсақ, онда зор мүмкіндіктер игертер күші бар. М.Орынбеков Абайдың философиялық көзқарастарын зерттей келе, Абайдың адами ұстанымының пайда болуы мен ол үшін негізгі фәлсапалық сұрақтар өздігінен тумағандығын ескертеді. Ол адами мәселелерді философ ретінде қарастырады, өйткені өз тұжырымдамасының ортасынан ойып тұрып жеке адам туралы сұрақтарды қарайды. Ол тіпті, адамды құдаймен салыстыра отырып, асыл қасиетті тұлға, адамгершілікті жеке адам, әділеттілікті құдай арқылы түсінуге тырысқан адам толыққанды және үйлесімді дамыған адам деген түсінікке тоқталады.

Абай философиясы ұлттық бағдарлы сипатта екенін ескерсек, қазақ философиясы да Абай философиясын негізге алады. Ғалым Абайдың орталық философиялық идеяларының мәнін ашады. Абай философиясының өзегі адам тақырыбы. «Адам бол!» деген ұранды ойды жалау етеді. Шығыстың ұлы ғұлама-ойшылдарымен үндесе отырып, адамның еркіндігі мен құқығы оның лайықты өмір сүруі туралы күрескендігі байқалады.

Абай қазақтың ру мен ағайын төңірегінде ғана ойлаудан шығуын қалайды. Қазақтың этникалық бірлігін ойлау үшін тіл және мәдени, экономикалық кеңістікті шолып, жалпы адамзаттың, бірліктің мүддесін ойлауға шақырады.

Данышпан ақын өз түсінігі бойынша адам баласы өмірдегі бар және болып жатқан нәрселерді түсінуге және қабылдауға қабілетті, өз руының ғана емес, ұлтының, адамзаттың

жеке адамы атануға тиіс деген ой айтады. Адам дегеніміз өзінің туылып, өсіп-өнген, әлеуметтік жағдайларға тез қалыптасқан мәдени ортасының нәтижесі. Ағарту мәселелері өмір шындығына сәйкес түбегейлі өзгерісті қажет ететін қарым-қатынас арқылы қоғамды жаңарту міндетін көздеп өркендеуі тиіс.

Адамның ең басты қабілеті қоршаған орта-на сай өзін өзгерте білуі. Абайдың адам туралы пайымдаулары оны философиясының орталық мәселелеріне әкелді. Адам және оның әлемдегі жағдайы, тәжірибесі мен шығармашылығы түйінді мәселе болып табылғандықтан, Абай поэзиясының өзегіне айналды. Ол жеке адамның тұрмысы туралы ережеге, оның санасына, жандүниесіне, өзіндік санасына ой салады. Абай адамды тұтас тұлға ретінде түсінеді. Ақыл мен жанды «Менге» біріктіре отырып, «мен» басында тірі болғанмен, ақыл мен жан мәңгі, тек олардың жүзеге асулары әртүрлі дейді. «Менге» ақыл мен жанды біріктіру жеткіліксіз, «менікі» қосылар болса, өзгешелік пен қарым-қатынас жүйесі толығымен түседі. «Ақыл мен ой деген – Мен, ал тән – Менікі» деп Абай анықтай айтады. Адам тірі тұрғанда тән мен жан бірге, адам ғұмыры біткенде ғана бір-бірінен ажырайды. Олар бөлектенсе, өмір біткені. Абайдың айтуынша, адам өлмейді, өлетін табиғат немесе онда тұрған зат.

*Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап күлмес.
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.*

Адам дәстүрлі түрде тұрмыспен байланыста. Абай тұрмыстың адамсыз мағынасы жоқ деп көрсетеді (Ол әлемнің өзегі). Руханият – адамның негізгі бастауларының бірі. Адам оны халық ауыз әдебиеті мен кітаптардан, музыкалық аспаптар үні және мешіттегі уағыздар мен мінажаттардан бойға жинақтайды. Адам үлгі етер тұлғалар мен жетекші ойларды, тіл және әдеп үлгілерін тану арқылы мәдениетке қол жеткізеді. Бұл шындық, әділеттілік, қайырымдылық, мейірімділік, сұлулық идеялары мен рухани-адамгершілік ұстанымдарын қабылдау мен пайымдауға әкеледі. Егер адам әлемнің орталығы болса, оның орталығы – өзінің өзіндік санасы. Абайдың «Адам бол!» деген негізгі идеясын аша отырып М.Орынбеков нағыз адам болу тек өзін тану арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. Мына әлемде «Адам бол!» идеясымен бірге оңаша

қала отырып, сананы немен бекіту, рухың мен жігеріңді немен қайраттандыру қажеттігіне:

«Сенбе жұртқа тұрса да қаниа мақтап,

Әуре етеді ішіне қулық сақтап.

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап», – деп ақыл қосады.

Философ Абайдың діни философиясының терең түсініп, Аллаға сену – адамның даму жолдарындағы баспалдақтар, яғни «Адам бол!» философиясының да өз кезеңдері болатындығын, соның бірі – Алланы тану, өзіңді өзің танудан тұратындығын айтады. Аллаһ – Пайғамбар – Адам үштігін Абай қарапайым адамдардың қажеттілігіне сай келісілген жүйе ретінде түсіндіруге ұмтылады. Алайда, ол құдайдың құдіреттілігіне, сан қырлылығына, ғаламды жаратуына, адамға соншалықты жақындығына күмәнсіз. Аллаһ әр адамға даналық пен қайырымдылық мүмкіндігін бере отырып, оның болашақ тағдырына да тікелей қатысты. Құдай өзі жаратқан пенделеріне мейірім, шындық, сұлулық береді де, әр адамның өсіп-өркендеп, көркеюіне мүмкіндік жасайды, ал оны жаратқанның бұл сыйын қаншалықты бағалап, қажетіне жарату еркіндігін адамның өзіне қалдырады.

Абай өзілімінде адамның кім болуы жеке адам ретінде дамуына және сол жолдағы ізденісіне қатысты деп қарайды. Адамға пайғамбарлар мен әулиелер, хакімдер қызметі үлгі. Нағыз мұсылмандарға қандай жолмен жүру қажеттігі таңдалады. Егер пайғамбарлар мен әулиелер салған жолмен жүріп, өмірдің қызығын тәркітпін кетер болсаңыз, тұрмыстағы міндеттерді кімдер атқарады, мал бағып, нан табу, киім тігу мен жаудың жолын бөгеуге ешкім ұмтылмауы керек пе деген ой тастайды. Сондықтан, Абай мұсылмандарға ең ыңғайлы жол хакімдер жолы деген ойға тоқтайды. Хакімдер дін жолын уағыздамаса да, өз еңбегінің адамға пайдалы болуын көздейді, «Жақсы адамдар әрдайым басқа адамдарға пайдасын тигізіп отырады» деп Алланың көрсеткені сияқты.

Адамның құдайға деген махаббаты адамның өзін-өзі тазартуы, адами парызы, өмірінің негізгі ережесін ұстана білетін тәрбиелілігі сияқты рухани сапаларының пайда болуынан басталады. Аллаға деген махаббат мейірімділік пен сұлулыққа және оның мазмұнына негізделуімен қымбатты. Күнәдан тазаруды Абай тәңірінің шартымен келісу дейді, өйткені, адам өзін күнәһар

сезіне жүріп, таза жолда жүрмін дей алмайды. «Аллаһ пен адамның арасында белгілі бір өлшем сақталуы тиіс, себебі ол адамның дамуы үшін берілген кеңістік» деп жоғарыда айтылғандай «Адам бол!» бағдарламасы арқылы адамның қол жеткізетін өлшемдері мен көрсеткіштері – Аллаһ пен адам арасындағы ара қашықтық – адам болудың нақты да саналы кезеңі деп көрсетеді. «Адам бол!» идеясы шексіз мүмкіндіктер арқылы таңдауды өзіне бере отырып, адамды жетілдіру, кемелдену баспалдақтарымен биіктетеді. Осыған байланысты ол «Сенім адамның өзін діндар деп сезінуі ғана емес, Алланың бірлігі мен барлығына, Құранның Аллаһтың сөзі екендігіне пайғамбарымыз Мұхаммедтің құдай сөзін жеткізуші екендігіне сенумен бекітіледі. Аллаһтың сипатын білу өте қажет», – деп жазады. Аллаһтың аты құдіретті күш пен мол мүмкіндіктің жинақталған сапаларымен, жан-жақты ұлық қасиеттерімен сипатталады. Адамға мұны танып-білу, адамның құдайдың құлы екендігін түсінуге әкеледі. Мұнда Абай Алланы тануда оған ұқсауға ұмтылыстан сақтандырып, тыйым жасайды.

Абай Аллаһқа тән: *Қайраткерлік, Ғылым, Күш, Айқын көруші, Есте сақтаушы, Даңқты, Бұйрық беуші, Орындаушы* сияқты сегіз қасиетін атап көрсетеді. Бұл сапалар адамның ішкі жан-дүниесіне қатысты. Алланың осы қасиеттерін бағалап, ұқсауға тырысқан адамда тумысынан осы сапалар бар, тек оны жүзеге асыру үшін адамның өте көп еңбектенуі қажет. Адамның Аллаға жақындығын ескере отырып, Абай Исламдағы құдайдың құлы болған адамды құдіреттілік деңгейге жетуге деген талпынысты тұлға ретінде көтерді. Ақынның түсінігінде Алланың сегіз сипатын нақтылы түрде өз бойынан көрсете білген адам құдаймен тең. Абай қайтадан «Алайда, бұл қол жетпес мақсат, өйткені «Аллаһ – өлшеусіз, ал біздің ақылымыз – шектеулі», адамның шексіздікке жетуі мүмкін емес», – деп жазады, демек, адамның өзін-өзі кемелдендіру, жетілдіру, дамыту жолы шексіз, себебі адам мүмкіндігі орасан, кемелденудің де шеті болмауға тиіс. Абайдың «Адам бол!» атты философиялық идеясы мейлінше көп өлшемді де сан қырлы және оның этнопедагогикалық дүниетанымды дамытуда мүмкіндігі орасан зор, ол шынайы өмірді сезінуге, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысқа көмектеседі. Бұған көз жеткізу үшін Абай поэзиясына үңілу қажет. «Жігіттерге» деген

өленде өмірдің басы мен ақыры, соқпақтары мен жолдары, жүректегі жастықтың желігі мен саналы әрекеттері сияқты өмір туралы ойларын айтады.

*«Адам болам десеңіз,
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ -
Бес дұшпаның білсеңіз».*

Абай адам баласының осы бес дұшпаннан құтылуы арқылы өмірде өз мақсатына жете алады және оған бес асыл іс серік болуы тиіс. Олар – талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым. Бұл қасиеттерді меңгерген жігіт өмір сүруге батыл кірісуіне болады.

Шәкәрім философияның өзегі – *адам*, оған ерекше қамқорлық пен көңіл бөлу оның пәні болып табылады. Ойшыл қазақтың ағартушылық дәстүрімен келісе отырып, адамды түсіну білімнен, білімнің шындықтан көрініс табуынан білінеді деп есептейді. Бірақ шындық адамның сезіміне қатысты емес. Адам оны ақылының көзімен ғана көре алады. Басты шындық әлемнің пайда болу себептері туралы шындық болып есептеледі.

Шәкәрімнің діни догматикасы жіті зерттеліп, салиқалы түрде қабылданбады, қайта сынға ұшырады. Ол өзінің «Мұсылмандық шарты» атты кітабында адамға адамгершілік тәрбиесін беру мақсатында дінді пайдалану қажеттігін айтады, көз жеткізер мысалдар келтіреді. Шәкәрім де Абай сияқты қоғамды адамгершілік тұрғысында тазартудың басқа құралын таппайды. Қазақ халқының ортасына Исламды тарату арқылы, қазақтың қоғамдық өміріне ыңғайланған Ислам арқылы жолға қою керектігін ұсынады. Ол адам жанын тән мен өлімге тәуелсіз мәңгі өмір сүретін субстанция деп қарап, жаратушының қалауымен дене сияқты пайда болатынын кез келген құрал арқылы дәлелдеуге тырысты. Өзінің «*Үш анық*» атты кітабында ол «жаратушыда ақыл-ой мен таным бар ма, өлгеннен соң жан жоғалып кете ме, бұл кітаптың негізгі мақсаты осы» деп анық жазды.

Жанның өлімге берілмейтіндігін, Жаратушының барлығын мойындайтын сенімнің анықтығы – *бірінші анық* екендігі. Қаншалықты осы сенім шындығын қанша тайталасып дәлелдеуге тырысқанымен, соншалықты ғылыми негіздеме алмағандықтан, халықтың дені дерлік бұл түсініктен мақұрым болды.

Екінші анық – рационалды ойлау мен сезіммен қабылдауға негізделген, ғылыми анығы. Бірақ ғылыми дәлелдер біржақты қаралмайтындықтан, оның ақталуы болашақ пен білімнің есесіне қалдырылды. Сондықтан да, олар адам жанының ізгілікпен қалыптасуына негіз бола алмады.

Ақыры, *үшінші анық* – субстанционалды негізгі ұяттан тұратын жан анығы. Осы ұят қана жанның бастапқы талабы, ізгілікке бастайтын өмірге адамгершілік тұрғысынан тазартатыны да анық. Сондықтан да, адам жанының өлшейтіндігі және басқа тәнге енуі осы анықтың негізгі шарттары болып табылады деп Шәкәрім осыған барынша күш салады.

Шәкәрімнің үш анық трактовкасының екінші нұсқасы да болуы мүмкін. «Үш анықтың» ұмытылып қалған қосымшасы немесе өзіндік жинақталған қорытынды ой болып табылатын (записки забытого) «Ұмыт болғанның жазбалары» атты ойшылдың философиялық эссесінің мазмұнына талдаудан екінші нұсқалық ой аңғарылады. Мұнда философ «Үш анықты» дамыта түседі. «Адам табиғатын қандай жолмен түзетуге болады? Адамзатты өмір сүруге үйрету үшін не істеген жөн? Бұл сұрақтар халықтың игі жақсыларының ақылы мен ұятына ғасырлар бойы тыныштық бермейді», – деп нақтылайды. Ол бұл сұрақтарға жауап беруді алты бағытта қарастырады.

Осылайша, адамды адамиландыру туралы барлық қаралған тұжырымдамалар ғылыми қанағаттанарлық болмады. Ал сұрақ жауапсыз қалуы мүмкін емес, әйтпесе, адамзат азығандықтың құлдырауына ұшырау қаупінде. Міне, сондықтан ол адамды жаңғыртуға өзіндік тұжырымдаманы негіздеуге күш салады. «Ақыл-ойы мен ар-ұяты, өз туғандарына деген жанашырлық сезімі бар адамдар бір-біріне зиянкестік жасап, қырып-жойып өмір сүре алмайды. Менің ақылға салуым бойынша, – дейді ол, – адамның жақсы өмірінің негізі – таза еңбек, арлы ақыл, таза жүрек. Осы үш қасиет, барлығына үкім жүргізуі қажет. Оларсыз өмірде келісім мен тыныштық жоқ».

Алайда, бұл сұрақтардың шешімі үшін кем дегенде екі шарт ұстану қажет. Біріншісі: «Мемлекет басшысын адал, ақылды, қанағатшыл адамдардан сайлау керек. Лауазым иелерін тағайындау, әділетті де адамгершілікке құрылған заң тәртібі және олардың сақталуын, жүзеге асуын қадағалау. Халықты еңбек етуге үйрету, білім беру қажет, бірақ мұның бәрі адамды

алға озған сайын өзгерген қоғамға лайық рухани-адамгершілік тәрбиесінің асыл қағидаларына айналған қазақ ойшылдары мен ағартушыларының идеяларын жаңғырта, оқу-тәрбие үдерісіне пайдалануымыз керек.

В статье автор рассматривает генезис идеи диалектического единства национального и общечеловеческого.

In article the author considers genesis of idea of dialectic unity national and universal.

**МЕТОДИКА РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ
КЛАССНОГО РУКОВОДИТЕЛЯ В УСЛОВИЯХ СИСТЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ
КВАЛИФИКАЦИИ**

циональная модель повышения квалификации научных и педагогических кадров в современных условиях», в которой ученый определил методологическую основу, функции и принципы деятельности учреждений системы повышения квалификации на трех уровнях: школьном, областном, республиканском. В диссертационном исследовании автор оперирует такими понятиями, как «профессиональное мастерство», «профессиональная компетентность», «профессиональные знания», которые можно рассматривать в качестве составляющих профессиональной культуры. Анализ основных форм и методов совершенствования профессионального мастерства учителей в школе, предложенных ученым, позволяет разработать методику повышения педагогической культуры классных руководителей в системе повышения квалификации.

Б.А. Альмухамбетовым разработана «на-

Наиболее близким к теме настоящего исследования является диссертация В.Г.Павленко, посвященная проблеме оптимизации системы повышения квалификации классных руководителей. Исследователь раскрыл понятие «система повышения квалификации», обосновал принципы повышения квалификации, разработал задачи и функции повышения квалификации классных руководителей на школьном, районном, областном уровнях. Важным результатом исследования является содержательная модель подготовленности классного руководителя к воспитательной работе с учащимися. Однако специально не рассматривалась проблема повышения уровня педагогической культуры классного руководителя.

Проблеме обновления воспитания в системе повышения квалификации посвящено исследование Р.С. Димухаметова. Ученый обосновал зависимость обновления воспитания в меняющемся обществе от организационно-методических усилий системы повышения квалификации, разработал методические технологии повышения квалификации педагогов воспитателей, технологическую карту повышения квалификации заместителей директоров школ по внеклассной и внешкольной воспитательной работе, однако рассматриваемые вопросы не связаны с проблемой повышения педагогической культуры классных руководителей.

Существенный вклад в разработку проблемы формирования профессиональной культуры педагога в системы повышения квалификации внесла Н.К.Кибатаева. Исследователь раскрыла особенности формирования профессиональной культуры педагога в системе повышения квалификации, обосновала траекторию развития и представила результаты апробации методики ее формирования. Исследование Н.К.Кибатаевой посвящено проблеме формирования профессиональной культуры учителей-предметников, вопрос о педагогической культуре классных руководителей специально не рассматривался.

Анализ исследований показал, что учеными предлагаются разработки проблем системы повышения квалификации, среди которых, на наш взгляд недостаточно уделяется внимания проблемам повышения квалификации классных руководителей в современных условиях, проблема развития уровня педагогической культуры классных руководителей в системе повышения квалификации специально не рассматривалась.

Вместе с тем на основе имеющихся исследований представляется возможной разработка теоретических основ данного процесса.

Рассмотрим общие подходы к организации системы повышения квалификации педагогов.

Е.П.Белозерцев считает основной целью послевузовского этапа непрерывного педагогического образования развитие творческого потенциала педагога, совершенствование его личностных качеств, профессиональных знаний и умений, расширение его научно-теоретических, управленческих и организаторских возможностей и способностей. [с.125].

Развитие личности учителя является целью, основой и условием эффективности его профессиональной подготовки, и в то же время оптимальная реализация задач профессиональной подготовки способствует развитию личности учителя. Данное заключение подтверждается определением Н.Б.Крыловой: «развитие личности есть постоянное становление, изменение, возникновение новых содержательных личностных структур – процесс, адекватный всей системе жизнедеятельности и образу жизни личности». [с.17]. По мнению исследователя «личностная культура формируется во всесторонней деятельности; полнота развития и самоопределения личности обусловлена широтой, диапазоном и содержанием деятельности... таким образом, культура специалиста формируется всем строем, образом и стилем жизнедеятельности, одновременно воздействуя на их развитие. Это обусловлено тем, что повышение культуры воспитания связано с процессом его гуманизации, восходящей тенденцией его развития как системы и социального института; процессы гуманизации воспитания, гуманитаризации образования и задачи формирования целостной культуры специалиста тесно связаны». [с.6].

Таким образом, основным требованием к системе повышения квалификации классных руководителей является обеспечение процесса повышения уровня их общей личностной и педагогической культуры, находящихся между собой в отношениях взаимосвязи и взаимозависимости. Реализация данной задачи невозможна без разработки содержания образования через составные части педагогической культуры. Вместе с тем культура личности – это постоянно изменяющееся образование, поэтому процесс ее развития должен, в первую очередь учитывать динамику

личностного роста. В этой связи необходимо систематическое обновление содержания образования педагогов с учетом новейших достижений гуманитарных наук, а так же исследования уровня развития педагогической культуры классных руководителей. На наш взгляд, данное положение должно стать основой разработки принципов повышения квалификации. Таким образом, в качестве основополагающих принципов повышения квалификации классных руководителей выступает принцип подбора и обновления содержания образования, которые должны проводиться с учетом уровня развития их педагогической культуры.

Далее рассмотрим основные положения исследователей относительно принципов повышения квалификации педагогов. По мнению Абдуллиной О.А. основными принципами педагогической подготовки выступают: системность и целостность общепедагогической подготовки; взаимодействия общего, особенного и индивидуального в содержании и методах подготовки; научности; связи теории и практики; систематичности и последовательности; единства обучения и воспитания. [с.38].

В.В.Бенин в основу системы самообразования педагога определяет принципы целесообразности обучения, индивидуализации; непрерывности и системности. [с.242].

Н.К.Кибатаева в основу модели формирования профессиональной культуры педагога определяет следующие принципы: системности; непрерывности, преемственности, целостности этапов и ступеней педагогического образования; фундаментальности; интегративности; гуманизма; интерактивности; сотрудничества. [с.65].

Выше были рассмотрены принципы общепедагогической подготовки, которые требуют пересмотра и уточнения применительно к подготовке классного руководителя. В.Г.Павленко, характеризуя процесс оптимизации системы подготовки квалификации классных руководителей отмечает такие принципы ее функционирования, как: принцип актуальности, научности, практической направленности, целостности системы. [с.113]

Современный взгляд на систему повышения квалификации педагогов отличается уклоном в сторону вариативности и гибкости системы. В условиях становления рынка образовательных услуг каждый учитель должен иметь право и возможности выстраивать собственную стратегию

профессионального роста. Формы повышения квалификации должны строиться **на принципах** субъектной ориентации, опережающего характера, гибкости и вариативности, преемственности и согласованности, учета изменяющихся требований к системе образования и профессиональной деятельности учителя.

На основе вышеизложенных положений можно заключить, что система повышения квалификации классных руководителей, основной целью которой является повышение их педагогической культуры, в настоящее время должна быть организована на принципах, обеспечивающих оптимальную разработку содержания образования, а так же оптимальную организацию процесса повышения квалификации, способствующей повышению уровня педагогической культуры классного руководителя. Такое условное деление принципов на две категории позволяет провести анализ имеющихся в педагогической литературе подходов к повышению квалификации педагогов и разработать на его основе систему повышения уровня педагогической культуры классных руководителей.

В первую группу принципов, на основе которых должно разрабатываться содержание образования классных руководителей мы выделили принципы: научности, актуальности, интегративности, культуросообразности, природосообразности.

Принцип научности предполагает соответствие содержания образования уровню современной науки и техники, накопленному опыту мировой цивилизации.

Принцип актуальности - учет изменяющихся требований к системе образования и профессиональной деятельности учителя, взаимосвязь теории и практики.

Принцип интегративности предусматривает междисциплинарные связи, ориентированные на формирование целостного представления о воспитательном процессе, а так же связь теории с практикой.

Принцип культуры и природосообразности – ориентированность на повышение уровня педагогической культуры классного руководителя, с опорой на его этнокультурные запросы.

Во вторую группу принципов, характеризующих операциональную сторону процесса повышения квалификации, определены: принцип системности, гуманизма, интерактивности, об-

ратной связи.

Принцип системности обеспечивает системность и целостность общепедагогической подготовки, обеспечивающей повышение педагогической культуры классного руководителя; непрерывность, гибкость и вариативность системы повышения квалификации классных руководителей ее преемственность и согласованность.

Принцип гуманизма предполагает субъектную ориентацию и сотрудничество педагогов, индивидуализацию и дифференциацию обучения.

Принцип интерактивности предусматривает включение участников образовательного процесса в обучение, построенное на групповом взаимодействии, сотрудничестве, кооперации, обеспечивающих накопление опыта.

Принцип обратной связи обеспечивает оценку результатов обучения и эффективное применение полученных достижений в практической деятельности.

Следующим этапом проектирования модели формирования педагогической культуры классных руководителей является определение компонентов системы повышения квалификации и ее организационных форм.

Б.А.Альмухамбетов, освещая общие тенденции развития повышения квалификации отмечает, что последняя во многих странах осуществляется в трех направлениях: обучение в системе высшего образования; обучение через кратко и долгосрочные курсы для учителей; самообразование педагогов. [с.242]. Сравним с этим утверждением положение Е.П.Белозерцева, который условно разделяет все формы повышения квалификации педагогических кадров на три категории:

- долгосрочные, фундаментальные, предусматривающие научно-теоретическое и практическое совершенствование по избранному предмету деятельности, по окончании которых возможно рассмотрение соответствующими аттестационными комиссиями вопросов о квалификации педагогов;
- краткосрочные (оперативные) при государственных или общественных организациях, учебных заведениях и научных учреждениях (действуют временно или постоянно, в зависимости от потребностей органов народного образования). Эти формы содержат оперативную или опережающую информацию по тематике,

определяемой органами народного образования;

- самообразование педагогов, включающее в себя систематическое самостоятельное изучение определенных вопросов по индивидуальному плану, утвержденному и выполняемому под руководством непосредственного руководителя подразделения, участие в семинарах по производственным, экономическим, общественно-политическим и философским вопросам. [с.126-127].

Как видим, классификация форм повышения квалификации Е.П.Белозерцевым проводится по организационному принципу. Им рассмотрен операциональный аспект повышения квалификации, названы компетентные органы, или учреждения, осуществляющие обучение педагогов.

Положения В.Г.Павленко дополняют структуру учреждений повышения квалификации классных руководителей. С каждым из учреждений повышения квалификации автор соотносит содержание обучения, условно выделив три направления: теоретическая подготовка (облИУУ), методическая подготовка (районное звено), опыт творческой деятельности (школьное звено). [с.100]

Сопоставление структуры повышения квалификации, предложенной Е.П.Белозерцевым с классификацией В.Г.Павленко позволяет сделать следующее заключение. Структурными элементами системы повышения квалификации являются областные ИПК, районные методические объединения классных руководителей и школьные методические объединения. Организационными формами повышения квалификации педагогов, по нашему мнению, в областных ИПК являются долгосрочные и краткосрочные курсы, в райметодобъединениях – различные формы взаимодействия с организациями образования по совершенствованию методической работы, в школах – деятельность методических объединений и самообразованию педагогов.

Согласно модели, предложенной Б.А.Альмухамбетовым, организация системы повышения квалификации строится на четырех уровнях: республиканском, областном, районном, школьном. Каждый уровень системы повышения квалификации выполняет определенные функции. На первом уровне решаются задачи повышения теоретической и методической подготовки педагогов на основе новейших достиже-

ний науки. [с.120]

Таким образом, структура системы повышения квалификации дополняется Республиканским институтом повышения квалификации сотрудников образования – звеном, призванным осуществлять теоретико-методологическую подготовку педагогов. Повышение квалификации учителей на различных уровнях СПК: республиканском, областном, районном, школьном, рассматриваемое нами в контексте формирования педагогической культуры классного руководителя основывается, в первую очередь на самообразовании педагогов.

Однако последнее способствует повышению уровня их педагогической культуры при соблюдении определенных условий.

В.Г. Павленко определяет перечень данных условий, при которых самообразование классного руководителя способствует оптимизации процесса повышения его квалификации. В первую очередь, содержание самообразования должно быть связано с программой повышения квалификации, отвечать задачам совершенствования деятельности классных руководителей. Во-вторых, содержание самообразования должно соотноситься с возможностями классного руководителя, его творческим уровнем, педагогическим опытом, быть направлено на обеспечение его педагогического роста и преодоление затруднений в воспитательной работе. В-третьих, классный руководитель располагает временем для самообразования, последнее не рассматривается как фактор перегрузки. В четвертых, самообразование имеет проблемный характер, проблема, над которой работает классный руководитель, является частью общешкольной проблемы, в связи с чем самообразование каждого классного руководителя становится коллективной заботой всего педагогического коллектива, предметом профессиональной оценки и помощи со стороны методического объединения классных руководителей. В-пятых результаты самообразования выражаются в творческом педагогическом поиске классного руководителя.

Рассмотрение проблемы самообразования как способа развития педагогической культуры классного руководителя предопределяет необходимость уточнения вышеописанных условий. Как субъект общечеловеческой и педагогической культуры, классный руководитель должен обладать, в первую очередь, мотивацией к ее повыше-

нию, а так же к осуществлению воспитательной деятельности. Во-вторых, содержание самообразования должно соотноситься с уровнем его педагогической культуры, что предполагает необходимость применения методов диагностики и оценки при его разработке.

В системе повышения квалификации, основными компонентами которой являются: республиканские и областные институты, районные методические службы, школьные методические объединения классных руководителей в соответствии с их функциями определяются наиболее оптимальные формы и методы работы, направленные на повышение педагогической культуры классных руководителей.

В этой связи требуется, на наш взгляд, проведение проблемного анализа имеющихся форм и методов, применяемых в системе повышения квалификации педагогов, с целью выяснения, какие из них наиболее эффективны с точки зрения формирования педагогической культуры классных руководителей.

Одной из актуальных проблем системы повышения квалификации является обеспечение взаимосвязи теории и практики. В этой связи Е.П. Белозерцев, отмечает такие средства, как обеспечение проблемного обучения, организация дискуссий, деловых игр, разработки проектов, тренинга, практикумов, «круглых столов», использование при изучении педагогической теории таких учебных задач, которые позволяют осуществить конкретизацию теории в практике школы, моделирование педагогических ситуаций. [с.128-129].

Моделирование педагогического процесса и процесса самовоспитания, по мнению С.Б.Елканова, может не только временно заменять реальные педагогические процессы, но и иметь некое превосходство над последними. В процессе моделирования отбираются и наглядно подаются наиболее существенные признаки и свойства моделируемых явлений. Как бы отбрасываются их избыточные и ненужные признаки. Таким образом, происходит более эффективная организация усвоения необходимых знаний и умений.

Решение педагогических задач как моделей педагогических проблемных ситуаций позволяет быстрее обычного овладеть основными профессионально-педагогическими умениями. Это умение анализировать условия педагоги-

ческих задач, выявлять скрывающиеся за педагогическими явлениями качества и свойства участников педагогического процесса, ставить педагогический диагноз, формулировать конкретные педагогические проблемы, строить педагогический прогноз, отбирать оптимальные средства для решения этих проблем и т. д. [с.56].

Важным инструментом, является теоретическое осмысление своей практической деятельности на спецсеминарах и спецкурсах по психолого-педагогическим дисциплинам. [с.128-129].

Следующей актуальной проблемой повышения квалификации является развитие творческого потенциала учителя, который формируется, в первую очередь путем обращения к передовому педагогическому опыту.

Между тем, как отмечают исследователи, нередко примеры педагогического мастерства подаются в информационном, ознакомительном плане, без глубокого проникновения в причинно-следственные связи и зависимости, лежащие в основе передового педагогического опыта, без раскрытия действующих в нем психолого-педагогических закономерностей. [с.141].

По мнению Н.Ю. Посталюк педагогический опыт в принципе не может быть передан другому. Только творчески переосмыслен и использован на основе знания общих педагогических закономерностей, механизмов, процедур порождения. [с.22]. Способность к переосмыслению и применению данных педагогических приемов, способов рождается посредством использования игровой методики. Ученый предлагает классификацию игр: исследовательские, аттестационные и дидактические игры. Если игра проводится для получения нового знания, например, для экспериментальной апробации какого-либо нововведения на предприятии, совершенствования, решения комплекса реальных проблем, то есть в игре самым важным становится результат, то она называется исследовательской. Основная цель аттестационных игр — оценка профессиональных качеств, компетентности участия специальными экспертными советами, которые задают ход игры. Дидактические игры имеют основной своей целью определенный результат в научении игроков, «микродвиг» в развитии личности, хотя, конечно, и в них осуществляется контрольно-оценочная функция. В этих играх важнее сам процесс игры, в ходе которого и про-

исходит развитие участников, а не результат, который, кстати, часто бывает известен ведущему заранее. Наряду с основной целью в любой игре функционирует и ряд дополнительных, второстепенных. Так, исследовательские игры, без всякого сомнения, вносят вклад в повышение квалификации участников, присутствует обучающий эффект в аттестационной игре. [с.152-155].

Одной из составляющих педагогической культуры является коммуникативная культура педагога. В этой связи одним из направлений повышения квалификации должно стать развитие умения общаться.

С.Б. Елканов предлагает три методики формирования умения общаться: 1) моделирование педагогического общения («педагогические игры»); 2) микропреподавание, когда для усиления каждого педагогического приема проводятся пробные микроуроки для малой группы учащихся с последующим анализом и обсуждением (лучше — с видеозаписью); 3) использование чужого опыта.

Таким образом, под системой повышения квалификации классных руководителей мы понимаем целостную совокупность учебных занятий и видов их методической деятельности, отвечающих современным требованиям, реализация которых обеспечивает теоретический рост классного руководителя, развитие их педагогического мастерства, необходимую педагогическую подготовку к осуществлению воспитательной работы, способствующих повышению уровня их педагогической культуры.

Процесс формирования педагогической культуры классных руководителей в системе повышения квалификации будет успешным, если цели и содержание образования отвечают актуальным потребностям совершенствования воспитательной деятельности классных руководителей, реализуются с учетом реальных условий педагогической деятельности и возможностей обучающихся, обеспечивается теоретическое, методическое и практическое совершенствование воспитательной деятельности классных руководителей. Поскольку системообразующим элементом системы повышения квалификации является личность классного руководителя, заинтересованного в собственном педагогическом росте и активно повышающего свою квалификацию во всех звеньях функционирования си-

педагогической культуры, мотивация и стимулирование самообразования и самосовершенствования классного руководителя.


1. Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации Республики Казахстан. – АСТАНА, 2005.
2. *Альмухамбетов Б.А.* История становления и тенденции развития системы повышения квалификации педагогических кадров в Казахстане.: Диссертация на соискание ученой степени доктора педагогических наук. 2002. - 284с.
3. *Павленко В.Г.* Оптимизация системы повышения квалификации классных руководителей. - Дисс. на соиск. уч.степени канд. пед.наук.– Ростов-на Дону, 1986. -184с.
4. *Коева С.Н.* Деятельность методических объединений классных руководителей школ НРБ по совершенствованию воспитательной работы. – Минск, 1986. -183с.
5. *Каладзе И.Г.* Научно-педагогические основы организации районной системы повышения профессионального мастерства учителей: Дис.к.п.н., Тбилиси. 1986.- 174с.
6. *Белозерцев Е.П.* Подготовка учителя в условиях перестройки. – М.: Педагогика, 1989. - 208с.
7. *Крылова Н.Б.* Формирование культуры будущего специалиста: Методическое пособие. – М.: Высшая школа. – 1990. - 142 с.
8. *Абдуллина О.А.* Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования.- 2-е изд, перераб.и допол.- М.: Просвещение, 1990. - 141 с.
9. *Бенин В.Л.* Теоретико-методологические основы формирования и развития педагогической культуры. Диссертация на соискание ученой степени доктора педагогических наук. – Екатеринбург , 1996.
10. *Кибатаева Н.К.* Дисс. На соиск. Уч.степени кандидата пед.наук Формирование профессиональной культуры педагога в системе повышения квалификации работников образования. – Алматы, 2006 160с.
11. *Сластенин В.А.* Педагогика: учеб.пособие студ.высш.учеб.заведений/ В.А. Сластенин, И.Ф.Исаев, Е.Н.Шиянов; под.ред.В.А.Слатенина.- 7-е изд., стер.- М.: Издательский центр «Академия», 2007. - 576 с.
12. *Елканов С.Б.* Основы профессионального самовоспитания будущего учителя: Учеб.пособие для студентов пед. Ин-тов.- М.: Просвещение, 1989. - 189 с.
13. *Посталюк Н.Ю.* Творческий стиль деятельности: педагогический аспект. Издательство Казанского университета, 1989. - 207с.

1

Бұл мақалада педагогикалық мәдениеттің құрастырылуы класс жетекшілердің біліктілігін жоғарылату жүйесінен көріну мәселелері қарастырылған. Негізгі формалары мен әдістерінің кәсіби әбден жетілгендігіне талдау жүргізе отырып, зерттеушілер тарапынан біліктілікті жоғарылатудың негізгі қағидалары ұсынылған.

1111

The article raises the problem of the formation of pedagogical culture of the class leaders in the training. The analysis of basic forms and methods of improving professional skills, the basic principles of training, the proposed series of investigators.



Р.А.Жумаканова -
кандидат педагогических наук, доцент КазГосЖенПУ,
директор образовательных программ НИЦГО

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРОФИЛАКТИЧЕСКИХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ В ПРОЦЕССЕ ВОСПИТАНИЯ ГРАЖДАНСТВЕННОСТИ У ШКОЛЬНИКОВ

В процессе организации учебно-воспитательной работы в школе важно понимать, что в результате кризисных явлений в социально-экономической сфере значительная часть детей школьного возраста находится в неблагоприятных условиях жизни и воспитания, растет детская безнадзорность, не решаются вопросы обеспечения занятости школьников. Как свидетельствует статистика, более 60% несовершеннолетних, привлекаемых к уголовной ответственности, не учатся, либо не обеспечены какими-либо видами занятости. Не снижается

число детей и подростков, совершающих уголовно наказуемые деяния до достижения возраста наступления ответственности, более 70% из них проживает в неблагополучных семьях.

Правонарушения, наркомания, курение, алкоголизм и другие социальные отклонения среди несовершеннолетних рассматриваются нами как серьезный дестабилизирующий фактор, обостряющий криминогенную ситуацию среди несовершеннолетних, о которой свидетельствуют показатели роста совершенных ими преступлений в 2003-2007 годы, отраженные в Таблице 1.

Таблица №1

Годы	2003	2004	2005	2006	2007
Возраст школьников					
14-15 лет	1,9	2,1	2,2	2,3	2,3
16 - 17	4,6	4,7	5,5	5,5	5,1
Всего	6,5	6,8	7,7	7,8	7,4

Таблица 1. Возрастной состав лиц, совершивших преступления в 2003 - 2007 г.г. (тыс.чел.)

В таблице использованы материалы пилотного исследования Салыкжановой Р.С., Джаманкуловой К.Э. и др. [1].

В целях повышения уровня правовой культуры, совершенствования форм и методов правового обучения и воспитания граждан в 2008 году было принято Постановление Правительства Республики Казахстан об утверждении Программы по праворазъяснительной работе, повышению уровня правовой культуры, правового обучения и воспитания граждан на 2009-2011 годы, в котором отмечается, что успешное решение экономических, политических и социальных задач невозможно в отсутствие правовой грамотности населения, без повышения правовой культуры общества, воспитания у каждого гражданина глубокого уважения к закону, формирования готовности непосредственно и активно участвовать в претворении его положений в повседнев-

ную жизнь [2].

Так, в 2007 году во всех средних учебных заведениях Алматы был создан институт школьных инспекторов полиции. Практика введения школьных инспекторов показала свою состоятельность. В течение последних лет наблюдается устойчивая тенденция сокращения преступности среди несовершеннолетних. В конце 2008 года ее уровень снизился на 12,5%, в 2009 году - на 5,2%.

Целесообразно отметить, что одним из положительных моментов в совместной работе с педагогами является создание в школах города отрядов содействия полиции по профилактике правонарушений среди учащихся в рамках учебного самоуправления. Опыт их работы показал позитивные результаты. Работа отрядов юных помощников полиции была организована в 126 школах и одном лицее. Члены этих отря-

дов под руководством школьных инспекторов совместно с учителями школ проводят работу по предупреждению правонарушений в ученической среде и следят за порядком в школах. .

Важность исследуемой проблемы свидетельствует о необходимости обеспечения системного и комплексного подхода к профилактической воспитательной работе среди школьников, поиска новых, инновационных форм и методов воздействия на снижение правонарушений и преступности, поиска инновационных технологий воспитательной работы по формированию жизненных навыков учащихся с учетом неразрывной связи учебной и внеурочной деятельности школьников. В этих целях важно использовать методически грамотные, научно обоснованные специальные образовательные программы и учебные дисциплины, апробированные в школах, лицеях и колледжах и получившие положительную оценку Министерства образования и науки Республики Казахстан.

Профилактика правонарушений несовершеннолетних, по нашему мнению, должна, прежде всего, тесно увязываться с осуществлением формирования жизненных навыков общесоциального характера, направленных на активное участие школьников в жизни общества, предупреждение безнадзорности подростков и проявлений противоправного поведения.

С целью определения места профилактических образовательных программ в развитии гражданской ответственности у учащихся рассмотрим состояние исследуемой ситуации в обществе. Прорисунки в воспитании, кризисные явления в жизни общества порождают у некоторой части молодежи инфантильность и индифферентность, стремление замкнуться в кругу узколичных, эгоистических интересов. Переживание школьниками психического состояния отчуждения от общества, незрелости, непричастности, непригодности, обусловленного плохой организацией трудового и нравственного воспитания, порождает гражданский вакуум, готовит в сознании молодежи благодатную почву для восприятия антиобщественных, антиконституционных влияний.

Это обуславливает необходимость перемещения акцентов с направленности на формирование исполнительной личности - на развитие социально активной, творческой, инициативной личности, знающей свои права и обязанности, действующей согласно законам страны во бла-

го общества и самого себя, что свидетельствует о важности формирования гражданской ответственности личности обучающегося. Однако поиск конкретных путей воспитания гражданской ответственности у школьников, в общем, и профилактики социальных отклонений среди детей и молодежи, в частности, сопряжен с серьезными проблемами.

Мы полагаем, что в обществе есть три силы, способные противостоять асоциальным, противоправным явлениям, к которым относятся правоохранительные органы, медицина и школа (в союзе с семьей). Но мы должны понимать, что возможности у них различны.

Общеизвестно, что в сферу внимания правоохранительных органов несовершеннолетний попадает только в случае уже совершенного правонарушения, к медикам он попадает в период обострения болезненного пристрастия к наркотическим средствам, психических отклонений или телесных повреждений. Те же несовершеннолетние, которые могут совершить правонарушение, остаются вне сферы их внимания. Следовательно, профилактика преступности, правонарушений, наркомании, алкоголизма и других асоциальных явлений находится в сфере компетенции школы и семьи. Формирование своеобразных психологических, нравственных барьеров личности, устойчивости к наркотическим средствам и другим соблазнам, возможно только путем воспитательных воздействий и не от случая к случаю, а систематически, в течение многих лет. Это не только знание подрастающего поколения о последствиях противоправного поведения, но и умение противостоять давлению тех, кто заинтересован в вовлечении в противоправную среду несовершеннолетних как наиболее неустойчивых к отрицательным влияниям. Профилактика должна быть направлена на формирование невосприимчивости к различным соблазнам в специально организованной педагогической среде.

Анализ программ воспитательной работы школ Казахстана свидетельствует о фактическом отсутствии разработанных действенных инструментов первичной профилактики противоправного поведения несовершеннолетних, предназначенных для широкого применения в практике государственных и общественных учреждений.

Изучение состояния профилактической работы в школах показывает, что в настоящее вре-

мя имеется значительное количество различных отечественных и зарубежных адаптированных и неадаптированных материалов по предупреждению среди учащихся наркотизма, пьянства, жестокости, насилия и других противоправных действий, однако их использование носит исключительно локальный характер.

Формы правового и антинаркотического просвещения учащихся, используемые в учебных курсах средней школы, практически носят не профилактический, а общеобразовательный характер. Как показало проведенное нами исследование, эти формы работы не соотносятся с системой профилактической деятельности школы, не проявляются в осязаемых результатах. Практически полностью отсутствует целенаправленное взаимодействие школы и государственных, общественных институтов в применении специальных профилактических мер, объединенных какой-либо единой стратегией, теоретической и практической концептуальной основой.

Мы предполагаем, что результативность мероприятий по профилактике социальных отклонений во многом зависит от эффективности осуществления комплексных целевых программ, принимаемых как на государственном, так и на межрегиональном и региональном уровнях, использования образовательных программ, ориентированных на повышение уровня правосознания и гражданской ответственности подрастающего поколения.

Как показали материалы анкетирования и опросов, проведенных нами в 2001 и в 2008 годы в школах г. Алматы и Алматинской области, Кызылорды, Шымкента, Кокшетау, Караганды, Актюбинска, а также в Инспекции и комиссии по делам несовершеннолетних г. Алматы, в неправительственных организациях юридической и педагогической направленности - профилактика правонарушений, наркомании, других социальных отклонений среди несовершеннолетних может стать эффективной, если учащиеся будут принимать активное участие в специальных профессионально разработанных инновационных образовательных программах, способствующих предупреждению асоциального, девиантного поведения несовершеннолетних.

Понимая особую миссию образования, как важнейшего фактора общественного прогресса, обуславливающего будущее страны и всего человечества, мы считаем, что современная школа

действительно должна иметь реальные возможности выбрать для воспитательной работы методически грамотно разработанные, апробированные образовательные программы и методические комплексы, направленные на формирование патриотизма и гражданской ответственности школьников.

В анкетах учителя отметили, что используемые в воспитательной работе профилактические образовательные программы способствуют:

- созданию системы социальной профилактики правонарушений, усилению контроля за лицами, склонными к противоправной деятельности (68% учителей);

- улучшению криминальной ситуации в целом, усилению борьбы с правонарушениями, асоциальными явлениями, преступностью, повышению раскрываемости преступлений (44% учителей);

- улучшению состояния общественного порядка на местном уровне, в городе и населенных пунктах (39 % учителей);

- повышению уровня правосознания школьников и их родителей, доверия к государству и органам уголовной юстиции, улучшению взаимодействия граждан с правоохранительными органами (84% учителей).

Истоки деформации нравственного и правового сознания школьников, как показывают исследования, как правило, лежат в семье. Неблагоприятной для формирования личности ребенка является семья не только с явной деградацией ее взрослых членов (пьянство, драки, судимости и пр.), но и та, где за чисто внешним благополучием скрывается атмосфера стяжательства, оправдывающая в глазах этой семьи любые средства наживы. В такой атмосфере у детей воспитывается пренебрежение к труду, ориентация на «выгодную» работу, корыстные предпочтения в выборе трудовой деятельности, ложно понимаемые престижные устремления. Результатом «потребительского воспитания» чаще всего становится установка на удовлетворение потребностей любыми способами, в том числе и асоциальными. Дети из подобных семей обычно отличаются высокой криминальной активностью.

В работе со школьниками важно понимать, что для подростка мнение членов его группы о совершаемых им поступках представляется более значимым и важным, чем оценка тех же поступков взрослыми - родителями, учителями и

т.п., что требует использовать положительное влияние на мотивы и характер действий детских групп, придавать им общественно ценную направленность.

На основе изучения опыта работы учителей по предупреждению правонарушений среди учащихся можно выделить следующие этапы:

- устранение обстоятельств, которые способствуют формированию право нарушающего поведения (неблагоприятные условия жизни и воспитания), до того, как эти обстоятельства существенно сказались на поведении (ранняя профилактика);
- оздоровление среды, условий жизни и воспитания учащихся, которые пагубно влияют на них, и одновременно коррекция их личностной позиции (первый этап непосредственной профилактики);
- аналогичные меры в отношении лиц, уже совершающих правонарушения, и находящихся поэтому в сфере внимания правоохранительных органов: инспекций и комиссий по делам несовершеннолетних, участковых инспекторов (второй этап непосредственной профилактики);
- правовоспитательные воздействия на учащихся, систематически совершающих правонарушения, т.е. таких, поведение которых позволяет прогнозировать реальную опасность перехода на преступный путь (третий этап непосредственной профилактики);
- работа с учащимися, уже совершившими преступление, если наказание или заменяющие его меры не предусматривают их изъятия из коллектива (профилактика рецидива).

На семинарах-тренингах, проводимых специалистами Научно-информационного центра гражданского образования (НИЦГО) для учителей общеобразовательных школ, предупреждение правонарушений среди учащихся рассматривается как одно из центральных направлений правовоспитательной деятельности школы, семьи и общественности. Задачи обучения правам человека заключаются в том, чтобы довести до сознания учеников требования правовых норм, добиться того, чтобы эти требования приобрели для них личностный смысл, получили внутреннюю санкцию, стали руководством в повседневном поведении.

Для преодоления конфликтов, связанных с

применением насилия, учителя считают наиболее важными по значимости следующие меры:

- Вмешаться и остановить драку или словесные нападки.
- Выяснить суть проблемы, попросив как участников конфликта, так и очевидцев, коротко рассказать о случившемся.
- Дать ученикам возможность высказаться спокойно, по очереди, успокаивая тех, кого оскорбили.
- Попросить учеников высказать свои предложения по разрешению конфликта и быть готовым внести свои предложения.
- Обсудить варианты справедливого решения.
- Согласовать дальнейшие действия и следование им. Если это не даст результатов к концу испытательного периода, необходимо посоветоваться с учениками и найти другое решение.
- Обсудить происшедший инцидент, подобрать рассказ или произведение искусства на эту тему, придумать ролевую игру. Попросить учеников сопоставить аналогичные инциденты.

Учителя считают, что в работе со школьниками большое внимание должно уделяться правилам поведения в школе, на уроке, вне школы, что они являются необходимостью, чтобы избежать беспорядка и хаоса.

По мнению 58% учителей каждое правило может быть рассмотрено с точки зрения его справедливости или обоснованности. Так, они согласны, что если ученики считают некоторые правила излишними, несправедливыми или необоснованными, можно позволить им внести свои предложения по их изменению. 39% учителей отмечают, что готовы пойти на компромисс с учениками, так как внесение изменений в правила может повысить эффективность управления школой. Ученики в таком случае будут ощущать ответственность за соблюдение этих правил.

Обобщение и анализ анкетирования, проведенного среди учителей в 28 алматинских школах Жстыуского района в 2004 году и в 2009 году в общеобразовательных школах и гимназиях №54, №30, №120, №66, №2 г. Алматы и 22 школах Алматинской, Шымкентской и Кокшетауской областей, показали, что для профилактики асоциального поведения школьников большую методическую помощь оказывают такие образовательные программы, как «Насилие в школах:

Разработка профилактических планов» [3; 4] и «Наркотики в школах: Предупреждение злоупотребления наркотическими средствами» [5; 6; 7; 8], разработанные в Научно-информационном центре гражданского образования при непосредственном участии автора данной статьи.

Внедрение данных профилактических образовательных программ обеспечивается методическими комплексами, состоящими из Книги для учащихся и Руководства для учителя, в которых дается четкая структура, содержание и эффективная методика воспитательной работы, доступно и в логической последовательности раскрывается роль и место каждого из предложенных уроков, познавательных упражнений, заданий, рисунков, размышлений.

Воспитательная работа по данным профилактическим программам нацелена на активное участие каждого учащегося в работе всего класса или микрогруппы, формирование знаний, отношений и особенно навыков, необходимых для разработки учащимися профилактических планов класса, направленных на предупреждение правонарушений, насилия, жестокости, приобщения к наркотикам и других социальных отклонений среди школьников.

Рассмотрим особенности профилактических образовательных программ Научно-информационного центра гражданского образования, которые, начиная с 2003 года, широко используются в учебно-воспитательной работе, направленной на профилактику насилия и наркомании в ученической среде и формирование гражданской позиции.

Образовательная программа «Насилие в школах: Разработка профилактических планов» предназначена для организации учебно-воспитательной работы в школах и направлена на организацию первичной педагогической профилактики среди школьников. Целью программы является воспитание у подрастающего поколения активной, ответственной и эффективной гражданственности путем формирования знаний, умений и навыков участия в жизни общества, приверженности гражданским ценностям и демократическим принципам. Работа по образовательной программе проводится на основе Книги для учащихся и Руководства для учителя, в которых представлена логически построенная система уроков по профилактике насилия и противоправного поведения школьников, рас-

считанная на 12-15 классных часов, факультативных занятий или уроков по дополнительному образованию.

Логика данной программы предполагает необходимость упражнений учащихся в участии, а также соответствие следующим требованиям;

Чтение и обсуждение дополнительных материалов, использование упражнений на критическое мышление на каждом уроке;

- Интеграция различных умений и навыков учащихся, приобретенных ими в процессе изучения других учебных предметов, таких как письмо, анализ графиков, творчество и другие;
- Использование активных форм, методов и приемов обучения, включающих дискуссии, ролевые игры, планирование групповой деятельности, совместное решение проблем в малых группах, проектная работа.

Программа разработана с учетом возможности интегрирования со школьными учебными предметами общественно-политического цикла, языковыми предметами, ОБЖ, вишнологией и позволяет приобщать представителей общественности к решению проблем в школах.

Основой учебной программы является модель проблемного обучения. Учебная программа предполагает работу учащихся над проблемами, стоящими перед гипотетической школой. Учащиеся всесторонне исследуют изучаемую проблему, на основе чего разрабатывают общественную политику по ее решению. Организация уроков по учебной программе предполагает 7 последовательных этапов. Количество уроков для каждого из этих этапов может меняться в зависимости от сложности вопроса. Последовательность этапов является неизменной и направлена на достижение следующего:

Этап 1. Изучение и понимание текущей ситуации.

Этап 2. Определение ответственности, выявление органов власти и круга лиц, уполномоченных решать эти проблемы.

Этап 3. Выявление возможных путей решения, определение потребностей, ресурсов и лиц для решения проблемы.

Этап 4. Определение целей, выбор решения для достижения целей.

Этап 5. Разработка профилактического плана и плана действий класса.

Этап 6. Обсуждение плана, разработанного учащимися класса, с учащимися других классов, родителями, школьными администраторами, представителями общественности, которые оценивают эффективность проделанной работы.

Этап 7. Анализ приобретенного опыта в процессе индивидуальной и коллективной работы по программе.

Образовательная программа «Насилие в школах: Разработка профилактических планов» предполагает использование групповых и индивидуальных форм и разнообразных методов предупреждения антиобщественного поведения учащихся и ориентирована на создание в школе системы педагогической профилактики социальных отклонений.

В ходе работы по учебной программе учащиеся активно включаются в изучение:

- распространенности проявлений насилия в школах страны;
- причин и последствий проявления насилия и агрессии в школьной среде;
- круга лиц, ответственных за решение проблемы насилия в школах;
- путей решения проблемы, направленных на снижение и предотвращение проявлений насилия в школах.

После изучения учебной программы «Насилие в школах: Разработка профилактических планов» учащиеся смогут следующее:

- объяснить суть проблемы насилия в школах и ее влияние на школу и общество;
- объяснить наиболее распространенные причины проявления насилия в школьной среде и последствия, к которым может привести; установить круг лиц, ответственных за решение этой проблемы;
- овладеть навыками коллективной работы по выявлению путей решения проблемы насилия в процессе разработки профилактического плана класса для гипотетической школы;
- оценивать эффективность и действенность профилактического плана, учитывать реальность достижения поставленных целей и соответствие его правовым нормам;
- разрабатывать стратегии по претворению профилактического плана в жизнь;
- быть ответственными за свое обучение, размышлять над эффективностью своего участия в учебной программе;

- проявлять высокую гражданскую активность и ответственность, находить пути ее решения.

Учебная программа «Насилие в школах: Разработка профилактических планов» состоит из 9 уроков, требующих различное количество времени для их изучения:

- 1 урок: Каковы мнения учащихся вашего класса о причинах насилия в нашем обществе?
- 2 урок: Насколько серьезна проблема насилия в Аксайской средней школе?
- 3 урок: Что можно узнать из газет о проблеме насилия в школах в масштабе страны?
- 4 урок: Насколько серьезна проблема насилия в масштабе страны?
- 5 урок: Какие имеются другие пути сбора информации по проблеме насилия в школах?
- 6 урок: Как можно найти решение проблемы насилия в школах?
- 7 урок: Что делает правило эффективным?
- 8 урок: Что необходимо учесть при разработке плана по предотвращению насилия в Аксайской средней школе?
- 9 урок: Как разработать профилактический план по снижению насилия в Аксайской средней школе?

Каждый урок, разработанный на основе проблемного обучения, включает материалы для чтения и обсуждения, упражнения на критическое мышление, творческие задания для осмысления и обогащения приобретаемого опыта. Для более конкретного понимания проблем насилия, наркомании, противоправного поведения в содержании уроков включены примеры из жизни «гипотетической, вымышленной» Аксайской средней школы.

Каждый урок подкреплён иллюстрациями, которые предназначены для стимулирования обсуждения и закрепления пройденного материала. В Книге для учащихся раскрываются термины и специфические понятия, с которыми учащиеся могут быть незнакомы. В Руководство для учителя включены методические рекомендации и поурочные планы для каждого из 9 уроков.

Каждый поурочный план включает в себя обзор урока, цели и задачи урока, материалы для проведения урока, а также методические рекомендации по организации деятельности учащихся.

Отдельные поурочные планы предполагают приглашение представителей организаций, уполномоченных за решение изучаемой проблемы (школьных психологов, социальных педагогов, инспекторов по делам несовершеннолетних, полицейских, научных сотрудников, а также представителей общественных и негосударственных организаций, предпринимателей) с тем, чтобы способствовать расширению знаний и представлений учащихся о серьезности проблемы и пониманию последствий насильственного поведения. Авторами образовательной программы рекомендуется подготовить Сертификаты участия и вручить их каждому учащемуся, принимавшему участие в данной программе. При этом, как показала опытно-экспериментальная работа, сертификаты целесообразно вручать школьникам в торжественной обстановке на школьном или

классном собрании в присутствии родителей и общественности.

Таким образом, в нашем исследовании воспитательная работа по профилактике асоциальных явлений рассматривается как формирование критического ценностного отношения к социальным проблемам общества, к жестокости, насилию, наркомании, путям и способам решения этих проблем. Мы полностью согласны с Лихачевым Б. Т. в том, что прямое обращение к сознанию детей в целях гражданского воспитания не будет давать срывов, когда школьники параллельно вовлекаются в общественную деятельность по самоуправлению, участию в общественных делах, посредничеству. Особенно важно, когда в процессе формирования гражданственности школьники непосредственно участвуют в преодолении

ИСПОЛЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Салықжанова Р.С., Джаманкулова К.Э. и др. Организация правового всеобуча в Республике Казахстан,- Республиканский научно- образовательный центр «Вдшет» (материалы пилотного исследования). Часть 1.-Астана, 2009.-87 с.
2. Постановление Правительства Республики Казахстан «О Программе по праворазъяснительной работе, повышению уровня правовой культуры, правового обучения и воспитания граждан на 2009-2011 годы (с изменениями и дополнениями по состоянию на 15.01.2010 г.).- Астана, 29 ноября 2008 года № 1116
3. Арғынов А.Х., Жумаканова Р.А. Насилие в школах: Разработка профилактических планов. Книга для учащихся.- Алматы, НИЦГО, 2003.-85 с.
4. Арғынов А.Х., Жумаканова Р.А. Насилие в школах: Разработка профилактических планов. Руководство для учителя.-Алматы, НИЦГО, 2003 г.- 48 с.
5. Арғынов А.Х., Жумаканова Р.А. Наркотики в школах: Предупреждение злоупотребления наркотическими средствами. Руководство для учителя.- Алматы, НИЦГО, 2001 г.-53 с.
6. Арғынов А.Х., Жумаканова Р.А. Наркотики в школах: Предупреждение злоупотребления наркотическими средствами. Книга для учащихся. -Алматы, НИЦГО, 2001 г.-88 с.
7. Арғынов А.Х., Жумаканова Р.А. Жастарға нашакорлық аса қауіпті екендігін ескерту. Мұғалімге басшылық. Алматы, Азаматтық білім берудің ғылыми-ақпарат орталығы, 2002.-53 с.
8. Арғынов А.Х., Жумаканова Р.А. Жастарға нашакорлық аса қауіпті екендігін ескерту. Мұғалімге басшылық. Алматы, Азаматтық білім берудің ғылыми-ақпарат орталығы, 2002.-78 с.
9. Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций М.: Прометей. 1992.- 528 с.

Резюме

Мақалада ғылыми-ақпараттық орталығында жасалынған азаматтық және профилактикалық білім беру бағдарламалары әдісінің тәрбиелік ерекшеліктері қарастырылады.

Summary

The article considers peculiarities of upbringing of civic values through the preventive educational programs developed by Information Research Center for civic education

Ж.Түрікпен-Ұлы –
*Педагогикалық мамандықтар кафедрасының профессоры,
Абай атындағы ҚазҰПУ*
Ә.И.Бөлшекбаева –
*Магистратура және PhD докторантура институтының маманы,
Абай атындағы ҚазҰПУ*

ОҚУШЫ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖӘНЕ ОЛАРҒА КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ

(басы өткен санда)

Қабілет дегеніміз – іс-әрекеттің сәтті орындалуын қамтамасыз ететін жеке адамның психологиялық қасиеттерінің жиынтығы. Іс-әрекеттің түрі адамның психикалық қасиетіне байланысты талаптарын ұсынады. Әрекеттің бір ғана емес, көптеген түрінің талабына жауап беретін жалпы қабілеттер және ерекше-арнайы қабілет бар. Ерекше қабілетке жалпы қабілетпен қатар нақты әрекетті игеруге керекті қабілет жатады. Себебі, олар кез келген әрекет түрін орындау үшін керек. Бұл ерекше қабілеттің қалыптасуына еш кедергі келтірмейді. Ортақ қабілеттер интеллектуалды, ерік-жігер және эмоционалды деп бөлінеді.

Интеллектуалды (зият) қабілетке жататындар:

- ақыл ойдың айқындығы, онда ешқандай көмескілік болмайды, бұл тек интеллектуалды емес, сонымен қатар моральдық келбет, себебі ақыл-ойдың айқындығы тек іс-әрекет үшін емес, жауапкершілік сезімін де арттырады;

- ақылдың логикалығы – қатаң қисындылық, дәйектілік ойлаудағы жүйелілік, зеректік, ақыл-ой бағдарының жылдамдығы (материалды оқып-үйрену, есеп шығару жылдамдығы);

- ақыл-ой тереңдігі – заттар мен құбылыстардың жасырын қасиеттерін тануға көмектесу;

- ақыл-ой өрісінің кеңдігі – мәселенің барлық жағын ескерту қабілетін күшейту;

- ақылдың алғырлығы – сылбырлықтың болмауы, егер объективті себептер қажет етсе, оның барысын өзгерте алуы;

- ақылдың сонылығы – бұл жаңалық, ой еңбегінің шығармашылық сипаты, онда соқыр еліктеудің болмауы;

- ақылдың сыншылдығы – тексерілмеген, алдын-ала болжаған пікірдің болмауы, тексеруді қажет ететін қарсылықтарға байсалды қарау.

Аталған қасиеттердің дамуы адамның ақыл-

ой қабілетінің деңгейін сипаттайды. Еңбек әрекетінің дұрыс болуы үшін шешімділік, ұстамдылық, тәртіптілік, өзіне сенімділік, өзін-өзі билеу қасиеттері қажет. Жігерлілік адамның еңбекке деген қабілетін айқындайды. Басқа қабілеттер көрінбесе де, еңбекке деген жігерлілік іс-әрекеттің ақырғы нәтижесін сипаттайды. Адамның қабілеттерін сипаттағанда оны эмоционалды сапалары, еңбекке деген жағымды эмоциялық көңіл, білімге құштарлық, жауапкершілік сезімі үлкен орын алады. Адам өзінің қоғам алдындағы борышын біліп қана қоймайды, сонымен қатар оны орындауға тырысып, жауапкершілік сезімі билеп, одан ауытқымауға тырысады.

Қабілеттің басқа да елеулі факторының бірі – ықылас. Кез келген іске деген ықылас қабілетті дамытады, табысқа деген сенімді күшейтеді. Әрекеттің белгілі бір түрімен шұғылдануға деген бейімінің өсу қабілетінің күшеюіне ықпал етеді. Мектеп жастарының қабілетін қалыптастыру маман психолог, педагог, физиолог, дәрігерлерді қатыстыра отырып, зерттеу жүргізуді қажет етеді.

Оқушыларды еңбекке баулу

Кәсіптік бағдар беру мен тәрбие жұмысының мәні оқушыларды қоғамдық іс-әрекеттерге белсене қатыстыру болып табылады. Бұл міндетті шешудің жолы – қоғамдық пайдалы еңбекті дұрыс ұйымдастыру, өндірістік ұжымдардың еңбегіне араласу.

Сынып жетекшісі мектептен тыс жұмысты ұйымдастырушылармен бірге оқушының мектепте немесе сол салада істейтін жұмыс түрлерін анықтайды. Жоғары сынып оқушыларын қоғамдық пайдалы еңбекке тартудың жаңа түрі – студенттік отрядтар үлгісімен жоғары сынып оқушыларынан еңбек отрядтарын (ОЕО) құру. Мұндай отрядтар жыл бойы жұмыс істей алады. Сынып жетекшісі оқушылар комитетімен

бірлесе отырып, кәсіпорынмен шарт жасайды. Арнайы кесте бойынша оқушылар жұмыс орнына немесе мектепке келіп жұмыс істейді.

ЕОЕ өзінің жарғысын жасайды, командир сайлайды, отрядтар мен олардың мүшелері арасында жұмыстар ұйымдастырады. Еңбек оқушыларға қуаныш әкеліп, олардың жұмысты үлкен қанағаттанарлық сезіммен орындағаны дұрыс. Мадақтау, көтермелеу шараларын да ұмытпаған жөн. Жеңіске жеткен топтардың ойын-сауық орындарына тегін барып, туристік сапарларға шығуын қуаттап отыру қажет. Мадақтаудың қажетті түрлерінің бірі – жеңімпаз оқушылардың базалық кәсіпорынның еңбек ұжымымен бірге сенбілікке шығуы. Қоғамдық пайдалы еңбек кезінде оқушыларда қоғамдық меншікке ғылыми көзқарас қалыптасады, политехникалық ой-өріс кеңіп, мамандық таңдауға саналы даярланады.

Сынып жетекшісінің ақыл-кеңесі

Жалпыбілім беретін мектептерде оқушыларға мамандық таңдау жөнінде арнайы кеңес беретін қызмет түрі іске қосылғанша, мамандық туралы кеңесті сынып жетекшісі атқарады. Мамандық жөніндегі кеңес оқушының мамандық таңдауы туралы мәселе шешілген кезде өткізіледі. Ол кәсіптік бағдар беру жұмысының соңғы кезеңі болғандықтан, мұғалімнен үлкен жауапкершілікті талап етеді. Егер, сынып жетекшісі кеңес алатын оқушының жеке басы туралы психологиялық талдау жасаса, оқушының жеке басының мінездемесін ұсынылған мамандықтың психологиялық сипатымен салыстырса, болашақ мамандықтың тиімділігі, жайлы болжамның дәлдігі нақтылана түседі.

Кәсіби кеңес (консультация) жұмысы кезінде сынып жетекшісі оқушының мамандық таңдау жоспарына ғана емес, сонымен қатар бейімі мен қабілетін, мінез ерекшелігі темпераментінің дамуына жәрдемдесуге тиіс. Бұл міндетті дұрыс шешудің алғы шарты кәсіби кеңес пен кәсіби ақпарат жұмыстарының өзара кірігуі болып табылады. Ол еңбек пен халық шаруашылығының құрылымын, мамандықты жіктеу мен еңбектің негізгі құрылымының байланысын, әр түрлі еңбек талаптарын, кадр мәселесін, халық шаруашылығының әр саласында еңбекке араласудың мүмкіндіктерін, түрлі мамандық алу жолдарын жақсы білуі керек. Екінші жағынан алғанда, оқушыға мамандық таңдау туралы білікті кеңес беру үшін сынып жетекшісі оның

денсаулығын, отбасы жағдайын, психологиялық ерекшеліктерін ескеруі керек.

Мектептегі кәсіби кеңесті тәжірибелі мұғалімдер оқу-тәрбие жұмысында жиі қолданатын әдіспен жүргізеді. Бұл - байқау, педагогикалық эксперимент, анкета жүргізу, оқушының психологиялық-педагогикалық мінездемесін жазу, т.б. Кәсіби кеңес жүргізуге пән мұғалімдерінің, ұзартылған күн тобы тәрбиешісінің, ата-ананың, үйірме жетекшісін, медицина қызметкерінің, кітапханашының оқушы туралы пікір-мінездемесі керек. Бұл жерде жыл бойы даму динамикасы, әр жағдайдағы тәртіп ерекшелігі туралы мәліметтер жазылған оқушының жеке іс-қағазын жүргізетін сынып жетекшісінің іс-тәжірибесін мақұлдау керек.

Сынып жетекшісінің кәсіби кеңес үшін оқушының өзіндік ерекшеліктерін танып білуі аса қажет. Оқушының өзіндік ерекшеліктері туралы мәліметтер бірнеше жыл бойы жиналады (*оқушы денесінің өсуі, ой-өрісінің дамуы, сабақта, сабақтан тыс уақытта, үйірмелерде, еңбек және тынығу лагерьлерінде, тапсырылған қоғамдық жұмысты орындау кезінде және достарымен қарым-қатынас жасағанда өзін ұстауы, т.б.*) байқау әдісі арқылы оқушы туралы жан-жақты, объективті мәлімет алуға болады.

Оқушыны әртүрлі жағдайда бақылап, оның моральдық сапасын, еңбекке, жолдастарына деген көзқарасын ғана емес, сонымен қатар көптеген психологиялық ерекшеліктерін (ойлау, есте сақтау қабілетін, темпераментін, т.б.) байқауға болады. Мысалы, кейбір оқушыға мұғалімнің түсіндірмесін тыңдай отырып жазу қиынға түседі (бұл оқушының даму бәсеңдігін көрсетеді), енді біреулеріне жұмыстың мұндай түрі қиындық туғызбайды, олар керісінше, кейбір жекелеген тапсырмаларды орындай алмайды, тағы бір оқушылар жұмыстың бір түрінен екіншісіне жиі ауысатын түрін орындағанда көп қате жібереді. Оқушыны бақылай отырып алынған жеке іс-қағазына тіркелген осы мәліметтердің бәр кәсіби кеңес жұмыстарын жүргізгенде өте пайдалы. Оқушыларды бақылай отырып, мұғалім оларда бейімнің, қабілет пен ықыластың пайда болуын белгілейді. Ол гуманитарлық не техникалық пәндерге деген қабілеті бар, теориялық не практикалық әрекеттерге икемді оқушыларды жақсы біледі. Бұл материал да мұғалімге кәсіби кеңес беру үшін пайдалы.

Бақылау жұмысын дұрыс қолданып,

ғылымға негізделген кәсіби кеңес беру үшін оқушының психикалық ерекшелігін анықтау қажет. Оқушының өзіндік ерекшеліктерін айқындау әдістерінің бірі – әңгімелесу. Кәсіби кеңес беру жұмысы – оқушыға мамандық таңдау үшін көмек көрсетуге бағытталған ұзақ үрдіс. Мамандық таңдау туралы мұғалімнің оқушымен бірнеше рет дұрыс әңгімелесуі елеулі мәселені дұрыс шешуге әсер етеді. Психология мен педагогикада әңгімелесу қарым-қатынас кезіндегі психологиялық құбылыстарды білу әдісі ретінде қолданылады.

Әңгімелесу бірнеше қызмет атқаруы мүмкін: таныстыру, диагностикалық тексеру, кооректура және сонымен қатар ақпарат беру. Диагностикалық әңгіме кезінде оқушының мамандық жөніндегі жоспары мамандық таңдау туралы мәселені талқылауға даярлығы сарапқа салынады. Мұнда жоспардың тұрақтылығы, оның пайда болу уақыты шешімді өз бетімен қабылдау деңгейі анықталып оқушылардың таңдаған мамандықтың мазмұнымен, талаптарымен таныстырып, оқушылардың өздері таңдаған мамандықта жұмыс істеуге өзіндік бағалары айқындалады.

Қазіргі мектеп жағдайында оқушылардың кәсіптік бағдарын, қарым-қатынас пен ұйымдастырушылық қабілетін байқау үшін кейбір анкета түрлері қолданылады.

Сынып жетекшісінің кәсіби кеңес берудегі қызметі. Кәсіби кеңес беруші алдында тұрған міндеттің күрделілігі мамандық таңдау жоспарының негізделу деңгейіне, осы жоспарға әсер ететін факторлар мөлшеріне, кейде өзінің мамандық жайлы алға қойған мақсаттарын айтқысы келмейтін жеткіншектердің жеке ерекшелігіне байланысты.

Педагогтың тікелей араласуын қажет ететін жиі кездесетін кәсіби кеңес беру жағдайларының бірқатарын келтіруге болады:

- Оқушының мамандық алу жоспарының болуы немесе болмауы;
- Белгілі бір мамандыққа оқушы икемінің болуы немесе болмауы;
- Оқушының мамандық жөніндегі жоспарының оның бейімімен, қабілетімен, қоғамның маманға деген сұранысымен үйлесуі немесе үйлеспейуі.

Бұлардың байқалу критерийлері:

1. Егер жасөспірімнің барғысы келетін оқу орнын немесе бір өнеркәсіп саласын айтса, онда

оның мамандық алу жөніндегі жоспары бар деп саналады. Егер ол бірнеше мамандықты атап, бірақ қай жерде білім аларын білмесе, онда оның жоспары жоқ, бірақ қалыптастыруға болады.

2. Егер оқушы өз бетімен бір үйірмеге ұзақ уақыт қатысса немесе бір іспен ұдайы айналысса, онда оның бейімі айқын, егер белсенділік танытпаса, онда оқушының бейімі жоқ болғаны.

3. Егер бейімді сипаттайтын әрекеттің мазмұнын таңдап алған еңбек түрімен байланысты болса, онда мамандық таңдау мен бейімнің сәйкес келгені.

Осы үш белгіні салыстыру кеңес берушіге кәсіптік бағдар жағдайын айқындауға мүмкіндік береді:

- Оқушының жоспары жоқ және бейімі байқалмайды;
- Жоспары жоқ, бірақ бейімі бар;
- Таңдаған мамандығына бейімі жоқ;
- Мамандықты өз бейіміне сәйкес таңдаған;
- Оқушының таңдаған мамандығы мен бейімі үйлеспейді.

Бірінші және екінші жағдай кеңес берушінің алдына оқушының мамандық таңдау жөніндегі жоспарын қалыптастыру міндеті тұрса, үшінші-бесінші жағдайларда жоспардың негізділігін бағалау керек болады.

Егер медициналық теріс көрсеткіш пен оқушы таңдаған мамандықты игеруге психологиялық шектеу болмаса, оның ерекше қабілеті байқалса немесе жалпы қабілеті таңдаған мамандық әрекетінде көрінсе, онда таңдап алынған мамандық бала қабілетіне сәйкес деп есептеледі. Бұл жерде оқушының тек мектепте алған білімін басты назарда ұстамай, оның даму деңгейімен, оқу орнына түсе алу-алмауымен де санасу керек.

Аталған критерийлерге сүйеніп, кәсіби кеңес беруші әрбір нақты жағдайда өзінің оқушыға мамандық таңдау жөнінде көрсететін көмегімен анықтайды (жетекшінің жоспарын мақұлдау, қажет кезінде басқа нұсқалар ұсыну, мамандық жайлы жоспарын түзету, оны қоғамдық қажеттілікке, жасөспірімнің қабілетіне қарай икемдеу, мамандыққа байланысты жоспар қалыптастыру). Егер оқушыда медициналық немесе психологиялық теріс көрсеткіш болса және ерекшелігіне қарай шектеулік байқалса, кеңесші әңгіме кезінде неғұрлым салмақты аргументтерді пайдаланады. Баланың жоспары

іске аспайтын жағдайда да оны жоққа шығармай, болашақта орындайтын мамандығын алатындай мүмкіндіктер қарастыру керек.

Жоспарының жүзеге аспайтынына оқушының көзін жеткізе алмаған ретте (бұл жерде оқушының ата-анасымен бірнеше рет өткізілетін әңгіменің үлкен мәні бар) басқа шараларды қарастыру керек. Ал, бұл, жол түптеп келгенде, алғашқы таңдап алынған мамандыққа апаруы керек. Ата-ана және кәсіби кеңес берушінің көмегімен оқушы өзіне мамандықтың қай түрі ұнайтынын, оған қай жерде үйренуге болатынын анықтап алуы қажет. Нақты бір таңдау екі рет, ал кейде одан да көп талқыланады. Түрлі оқу орындарымен, кәсіпорындарымен танысуға көмектесіп, олардың белсенділігін арттыру керек. Жоғары сынып оқушыларымен бірнеше рет шағын әңгімелер өткізіп, қандай оқу орнында болғанын, қандай мамандық оны қызықтырып жүргенін сұрап отырудың да мәні зор. Мұндай жұмыстарды көктемгі емтихан алдындағы кезеңге қалдырмай, бүкіл оқу жылы бойында өткізген дұрыс.

Оқушылардың икемділігін зерттеу

Бұл жұмыс оқушының түрлі әрекеттерін жан-жақты сараптауға мүмкіндік береді. Мұндай жұмыстар оқушының қызығуын одан әрі жетілдіру үшін IV-V, VI-VIII сыныптарда өте қажет.

Сынып жетекшісі оқушылардың әр түрлі пәнге деген көзқарасын, әсіресе, мектеп тәжірибесінде негізгі емес деп есептелетін пәндерге (бейнелеу өнері, ән сабағы, дене тәрбиесі, еңбек) көзқарасын сарапқа салып,

олардың объективті бағаларының қорытындысын шығарады. Бұл ретте жалпы жетістіктер (кез келген пән бойынша) мен факультативтік сабақтардағы (кез келген немесе оқушы үшін ең қызық пәннен) жетістіктерді атап көрсету керек.

Оқушылардың сыныптан тыс жұмыстардағы қоғамдық белсенділігіне екі бағытта – ұйымдастырушылық пен атқарушылық бағытта талдау жасау керек.

Бұл жерде сынып жетекшісіне директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары көмек көрсетеді. Ол түрлі қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытып жүретін сол сыныптағы оқушылардың бірнешеуін өзіне көмекші етіп алуы мүмкін. Оқушылардың сыныптан тыс жұмысы оларды қызықтыратын түрлі үйірме жұмыстарынан да байқалады. Оқушының сыныптан тыс жұмысын бақылай отырып, оның белгілі бір саладағы білімінің тереңдігін байқаудың зияны болмайды.

Балалардың қабілеті мен икемі туралы мәлімет жинау үшін сынып жетекшісіне «Оқушы әрекеті түрлерінің кестесін» толтыруға кеңес беріледі (мұндай кестені оқушылардың өздеріне де толтыруға болады). Кестенің көмегімен жеке оқушы белсенділігінің, оның түрлі бағытына бөлінген жалпы келбетін алуға болады. «Социометриялық анкета» (парақша) арқылы жүзеге асырылатын оқушының іскерлік қасиеттері туралы сыныптастарының пікірін білген де пайдалы. Ол оқушы әрекетіне әріптестері қойған 5 балдық бағадан көрінеді:

Сұрақтардың нөмірі	3 балл	2 балл	1 балл

Жұмыс әр оқушының өзін-өзі тануы мен тәрбиеленуіне көмектеседі. Әр оқушы өз бетінше жауап беруі керектігін мұғалім ескертеді де, мынадай мысалды келтіреді: «Әрқайсысыларың жұмыс үшін 4-7 адамнан тұратын бригада құру керек. Еңбекақы жұмыстың саны мен сапасына қарай, бірақ бәріне бірдей мөлшерде төленеді. Сыныптастарыңнан кімдерді бригадаларыңа

алар едіңдер? Үш оқушыны таңдап алыңдар да, менің түсіндіруімнен кейін олардың аты-жөнін тиісті сұраққа орай жазыңдар. Ең жақсы деген бригада мүшесіне үш балл беріп, оның аты-жөнін тиісті торға жазыңдар т.б. Жауаптарыңды маған аты-жөндеріңді жазбай өткізіндер, олар құпия, оны мен ғана білетін боламын». Бұдан соң мынадай сұрақтар беріледі:

4. Мықтылықты, шыншылдықты, ұжымдық сезімді қажет ететін қиын туристік сапарға сынып ішінен кімді алар едің?

Оқушы туралы айқын көрініс бере алатын қажетті сұрақтар тізімін әр мұғалім дербес жасайды. Оқушының жауаптары жазылған парақтарды мұғалім қарап шығып, төмендегідей кесте жасайды:

3. Көңілді, салтанатты мектеп кешін ұйымдастырғанда сыныптастарыңның ішінде

	Аты-жөні (алфавит бойынша)	Сұрақтың нөмірі				
		1	2	3	4	5
	Ахметов Әділ	52	10	5	12	17
	Ақанов Қайрат	15	7	4	12	27

Ең жоғары және төменгі балл мөлшері оқушы қасиеттерінің айқын көрінісі болып табылады.

1. Жалпы психология. Орыс тілінен аударылған оқу құралы. В.В.Богословский т.б. редакциясымен. – Алматы: Мектеп, 1980. Аудармашылар: Қ.Жарықбаев, Ж.Түрікпенұлы, К.Қойбағаров т.б.
2. Жалпы психология. Жоғары оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Білім, 1996. Авторлары: Алдамуратов Ә., Түрікпен-Ұлы Ж. т.б.
3. Жарықбаев Қ. Ұстаздық еткен жалықпас (психология очерктері). – Алматы: Мектеп, 1986.
4. Мұқанов М. Педагогикалық психология очерктері. – Алматы, 1962.
5. Түрікпен-Ұлы Ж. Оқушыларды кәсіпке бағдарлау. – Алматы: ҚазБаспа-КТ, 2004.
6. Жалпы психологияға кіріспе. Оқу құралы. Жауапты редакторы проф. С.М.Жақыпов. – Алматы: Қазақ университеті, 2007.
7. Жарықбаев Қ. Ұстаздық еткен жалықпас (психология очерктері). – Алматы: Мектеп, 1986.

В данной статье рассматривается формирование школьника как личность с помощью труда и профориентации.

This article discusses the formation of the student as an individual with labor and proforentatsii.





**С.Д.Ізтілеуова –
филология ғылымдарының докторы,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Абайтану»
ҒЗО-ның жетекші ғылыми қызметкері**

XXI ғасырда туындап отырған рухани дағдарыс адамзат баласының жүрек көзін тұмшалап, жан-дүниесін кірлетіп, өзін-өзі жоғалтуға әкелуде. Міне, осы тұста адамның рухани әлемін құтқарушы даналардың ой ұстанымы екені даусыз. Даналардың әрбір сөздері ғибратты, діни-философиялық тұжырымдарға толы және олардың ілімдерінің өзара үндесетін жерлері де көп. Даналар туындыларында жаратылыстың сыры, жан мен


рухтың тереңдігінің мәнін ашуға тырысады. Адам ізгілікке ұмтылу арқылы Алланы сүюді, адамзатты құрметтеуді және өзінің ішкі әлеміне үнілуді үйренеді. Осы арқылы ол өмірдің мәнін ұғуға жетіседі. Ойшылдар адамның жетілуі оның өзіне қатысты екендігін ескертеді. Өз бойындағы, жаратылысындағы жақсы қасиеттерді өзінің дұрыс өмір сүруіне пайдалана алса, ізгілікке бейімделуге құштарланса ғана адамның өмірі мәнді болады деген пайымдауды әл-Фараби еңбектерінен табамыз. Дана ойшылдың пайымдауынша, әрбір адам өз қабілетін, дарынын барынша жетілдіруге тиісті. Олардың еңбектерінен байқалған негізгі заңдылық адам болмысындағы сапалы қасиеттерді жетілдіру мәселесін көтеріп, оны адамның ішкі жан дүниесіне берік ұстанымына айналдыру. Яғни, олар адамның жеке тұлға ретіндегі өзін-өзі дамытуын басты бағдар етіп алады. Адам өмірін ізгілендіру, парасатты болу, адамшылық қасиеттерді сіңіру сияқты тіректі рухани құндылықтарды нағыз дұрыс өмір сүрудің негізі деп есептейді. Жаратылыс сырларын терең танып-білу, оны ақыл елегінен өткізіп, парасаттылықпен пайымдау, жүрекпен қабылдап, сезіну, ішкі көзбен көру сияқты күрделі құбылыстарды сараптауда ойшылдардың толғаныстарында өзара сарындастық бар екендігі анық.

Әл-Фараби еңбектері Абай мен Шәкәрімнің адамгершілік мұрасына бастау болғаны ақиқат. Әл-Фарабидің «жетілген адам» концепциясы, Абайдың «толық адамы» мен Шәкәрімнің «түзу адам» туралы ойларындағы сабақтастықты

бүгінгі таңда қойылып отырған адам мәселесімен байланыстыра қарайтын кезең келген сияқты. Үш ойшылдың «адамды түзеу» концепциялары қазіргі жалпыадамзаттық адамгершілік идеологиясына негізгі ұстаным бола алады.

Себебі, адам болмысын, оның жетілу сатыларын, адамның мінез-құлқын жөндеудің жолдары жайында әл-Фараби еңбектерінде жан-жақты қарастырылады. Әл-Фараби адамның адамгершілігінің зор болуы бақытқа жеткізеді дейді. Сонымен қатар жақсы мінез-құлық, терең ақыл мен зеректікті айрықша атап көрсетеді. Жақсы мінез-құлықты қалыптастыру үшін жақсы іс-әрекеттерді, амалдарды үнемі әдетке айналдыру қажет деп есептейді. Әл-Фараби мінезді жетілдірумен бірге денені жетілдіруді маңызды санайды. Адамның рухани әлемінің дұрыстығы мінез-құлықтың да дұрыстығын қажетсінеді. Ал, жаман мінез-құлық адамды рухани кеселге ұшыратады. Әл-Фараби: «Алдымен ескертіп алайық, адам өмірінде кездесетін жағдайлар мыналарға бөлінеді: артынан мадақтауға және жазғыруға болмайтын жағдайлар және мадақтауға немесе жазғыруға болатын жағдайлар» [1, 5], – дейді.

Ойшыл адам бойындағы ақыл-парасаттың орны жайлы пайымды тұжырымдар келтіреді. Ақыл-парасат адамның өмір бойында болады немесе кейде болып, кейде болмайды деп нақтылайды. Адам өзінің іс-әрекеттерінде жақсы әрекетті қалайтын болса, оған жанның тамаша аффектілері сәйкес келсе, онда ол адам бақытқа жетеді, – дейді әл-Фараби.



Жоғарыдағы схеманы Әл-Фарабидің сараптамасы арқылы көрсетіп отырмыз.

Сонымен, Әл-Фарабидің айтуынша, адам жаратылысында жақсы қылықты істеуге де,

жаман қылықты істеуге де қабілетті болады. Жанның аффектілері мен жанның әрекеттерінен олардың не жақсы, не жаман қылықтарының нәтижесі көрінеді. Ал осы жанның аффектілері мен әрекеттері құбылыстары адамның жаратылысынан емес, дағдыланудың нәтижесінен болады [1, 6], - деп тұжырымдайды ойшыл.

Адамның жетілуі, оның мінез құлықтарының үйлесуімен қатар жүретін процесс.


Адам бойындағы небір қасиеттер жөнінде тізбелеп келіп, жақсы мінез-құлық пен ақылдың бірігуін адамшылық қасиеттер, - деп атап көрсетеді.



Тамаша немесе оңбаған әрекеттер мен жан аффектілерін тудыратын күйдің түрін мінез-құлық деп атайды.

Ал, мінез-құлық пен ақыл күшінің көрінісі

әрекеттер арқылы танылады. Егер іс-әрекетің адамшылыққа негізделсе немесе керісінше болса, сенің адамшылық қасиетіңнің дәрежесі көрінеді.



Мінез-құлық аралығында әдет болады. Әдет адамның белгілі бір әрекетінен барып туындайды. Яғни, белгілі бір әрекеттерге әдеттену. Адам белгілі бір дәрежеде жақсы мінез-құлық қалыптастырғысы келсе, жақсы әдеттерге бейім болуы керек. Осы жақсы әдеттен жақсы әрекеттер туындайды. Адам болмысы, оның ақыл-парасаты, ар-ожданы, мінез-құлық, әдеті,

әрекеті, түйсігі, сезім-күші т.б. мәселелердің мәнін айқындайды.

Ерік күші дегеніміз – ең алдымен түйсіктен шығатын ниет. Ниет жанның талпынушы бөлегіне жатады, ал қабылдау болса сезімге жатады,-дейді Әл-Фараби.



ТҮЙСІК----- ЕРІК----- НИЕТ

Сонымен қатар: Игілікті болып табыла-

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

тын әрекеттер – екі қарама – қарсы шектің арасындағы ұнамды істер, ал ол екі шектің екеуі де жаман әрекеттер: біреуі – молшылық, екіншісі – тапшылық. Дәл сол сияқты, қайырымдылық та – екі түрлі күйдің арасындағы рухани күйлер мен қасиеттері, ол екі шеткі күйдің екеуі де

теріс жағдай: біреуі – ысырапшылық, екіншісі – тапшылық. Мәселен, таза ниеттілік – құмарлық пен ләззат сезімінің жоқтығының аралығы, бұл екеуінің бірі – құмарлық – ысырапшылық, екіншісі – тапшылық деген пікір айтады.



Адами қасиеттер мен рухани күйлердің екі аралығын жоғарыдағы Әл-Фарабидің жобасын схемамен беріп отырмыз.

Адамның ішкі әлеміндегі құпия жатқан

иірімдер жөнінде осылай ой толқытады. Жанның небір сырлары жайындағы данышпанның ой-толғаныстары кейінгі дәуірдегі ойшылдардың дүниетанымына тірек болды.

Адам болмысындағы сан қатпарлы, күрделі де, нәзік иірімдердің сырын жан әлемімен байланыстырады. Жетілген адамның тұрпатын, оның жетілуіне дейін қандай рухани кезеңдерден өтуі қажеттілігін түсіндіреді. Жетілген адамға талаптар қоя отыра, ең бірінші оның өзіне барынша адал болуын және өз бойындағы тамаша қасиеттерді көре біліп, жетілдіруді, өзін тануды мәселе етіп қояды. Адамның өзінің ар-ожданының алдындағы адалдығы ізгіліктен туындайды,- деп есептейді. Мінез-құлықтың жақсы, жаманын ажырату да адамның өзіне байланысты. Сондықтан өзінің іс-әрекеттерін алдымен тұжырымдап алу қажет. Қандай іс-әрекет жасағанда жақсы қанағат аласың, не болмаса қандай әрекеттен кейін азап көресің осыны бағдарлаудың маңыздылығын айтады ойшыл. Жан дүниенің күрделі қалтарыстарында жатқан нәзік иірімдерді игеру үшін неден аулақ болу керек, нені тұсаулап ұстау керек, нені жойып жіберу керек, міне, осылардан қалай сабақ алу қажеттігі туындайды. Мінез-құлқымызды белгілі

дәрежеде тәртіпке келтірдікпе пе, жоқпа, осы сұрақ төңірегінде жұмыс жасау маңызды. Алдымен кері іс-әрекеттерден аулақ болу, жақсы мінез-құлықтың потенциалына жол ашады. Жақсы мінез-құлықтың жолын жабатын кері күштер: ысырапшылдық, жарамсақтық, көлгірсу, әзілқойлық, сарандық, тәкаппарлық, қаталдық, арсыздық, мансапқорлық, қызғаншақтық т.б. Әрбір күйдің негізін ашып, адамның жаманшылықтардан арылу мүмкіндіктерін көрсетеді. Әл-Фараби үнемі екі аралық жайлы сөз етеді. Адамның бір күйден, екінші бір күйге түскен кезеңдегі өту жайына үңіледі.

Абайдың «толық адам» туралы ой-пікірлері, танымы Әл-Фарабидің «жетілген адам» концепциясымен мазмұндас екендігін байқаймыз. Абай дүниетанымында «толық адам» үш құндылық негізінде айқындалады. Олар: ақыл, әділет, рахым. Осы үш құндылық арқылы «толық адам» ұғымын 38-ші қара сөзінде береді.




Адамның рухани жетілуі жайлы ой қозғаған Абайдың рухани шәкірті Шәкәрімнің пікірінше рухани қасиеттердің тұрағы «жан». Ол өзінің «Үшанық» еңбегінде жанментән, жаратылыстың сыры, рухани құндылықтардың адам тіршілігі үшін маңыздылығын айқындайды. Шәкәрім: «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс-ұждан. Ұждан – дегеніміз ынсап, әділет, мейірім» [2,

78], - дейді.

Ұждан - адамның ішкі жан-дүниесіндегі рухани әлемнің тірегі. Шәкәрім «таза адам» мәселесіне кеңінен келеді. Осы ойын былай дәлелдейді:

Шын таза жан тазалықпен
Тәңірісіне бармақ ол.
Мейірім, ынсап, әділетте,
Ағызам деп нұр бұлақ, –дейді.



Шәкәрім «шын таза жан» бейнесінде «түзу адам» тұлғасын жасайды. Шәкәрімнің «түзу адам» тұлғасы алдымен Алланы сүйген, адам мен әділетті сүйген жан. Абайдың «толық адам» бейнесімен бірігіп, қабысып, мазмұндас келген ерекше тұлға. Шәкәрім ұсынған осы тұлға жанын ізгілікті рухани құндылықтармен толықтырған жаратушысына жақын жан. Ол өз жанын мейірім, әділет, ынсап, ақ жүрек, адал еңбекпен нәрлендірген. Абай 38-ші қара сөзінде былай дейді: «Енді біліңіздер, перзенттер Құдай тағаланың жолы деген жол ниятсыз (Шек, шама. Бұл жерде өлшеусіз, артық деген мағынада) болады. Оның ниятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіңе шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді» [3, 141]. Адамның рухани жетілуіне ісләм құндылықтарының маңызды әсерін көрсетеді. Дана ойшылдар рухани құндылықтарды са-

раптай келе, адам дүниетанымының негізгі тірегі, қоршаған ортаға, жаратылысқа, әлемге деген көзқарастарын дұрыс қалыптастырудың қайнар көзі,- деп есептейді. Адам жетілуі үшін өз бойындағы сапаларды шынықтыру, жетілдірудің нәтижесі – өмірінің мәнін өзі түсініп, бағалауында.

Адамның Жаратқан Иесін тереңірек білуіне, оны сүюіне, жүрекпен қабылдап, өзінің әділетті өмір сүруінің тетіктерін данышпандар еңбектерінде айқындап отырады.

Адам өз бойынан табылатын ауытқуларға жақсы сапаларды ұштай алмай, нәпсінің тұсауында қалғандығына өзі жауапты. Ал, нәпсіні тұсаулайтын ынсап, – дейді Шәкәрім. Ынсап нәпсінің зынданында жатыр, одан шығару үшін өзің күресуің керек.

Шәкәрім былай дейді:

Нәпсі үйінде байлаулы Ынсап жатыр,
Мұның емін, тегінде, сол аша алған.

Ынсаптың нәпсіні жеңетін күш екендігі, алайда адам нәпсісін тыймай, оған билеттіріп қойған да өзі, ынсапты зынданға салдырған да өзі. Сондықтан ол былай дейді:

Сопысынып, ақсынып әуре болмай,
Ер болсаң, босатып ал сол зынданнан.
Ақыл, ғылым әр түрлі айтса-дағы.
Жиыны осы сөзбен аяқталған.

Шәкәрімнің «Талап пен ақыл» атты он үш шумақтан тұратын өлеңінде, адамның ішкі сапаларының мән-мағынасын ашады. Адамның жетілуі үшін қажетті құндылықтардың әрқайсысының орнын, маңыздылығын көрсетеді.

Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан,
Анық төмен болмай ма хайуаннан.

Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан [4,122],
— дейді Шәкәрім.

Әрбір рухани құндылықты тарқатып, жанның нәрленетін азығы, тірегі, күші екендігін анық түсіндіріп береді. «Талаптың» потенциалы мықты:

Талап деген бір жүйрік тұлпар сынды,
Бабын таппай мінгенді қылар жынды.

Талап ақылмен байланысты:

Талап шапса ақылға мініп алып,
Жақсы, жаман бәріне бірдей салып.

Адам өмірінде ақыл мен талаптың мәні зор. Талап ақылға матаулы.

Ақылға билеткен талаптың шығар биігі үлкен.

Ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық —
Талапқа алты түрлі нөкта тақтық.

Алтауының ішінде ынсап әділ,
Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық [4,122].

Талапқа тағылған алты нөктаның әрқайсысына ойшыл анықтама береді. Талапты тізгінінде матап, байлап ұстайтын ынсап болса, «Алтауының ішінде ынсап әділ» деп алты қасиетті ынсаптың билігіне береді. Алты рухани құндылық тұтастай алғанда жанның қызметін жақсартатын күштер. Әрқайсысына жеке анықтама беріп, әрбірінің адам жанын нәрлендіретін қызметін пайымдайды. «Ынсапқа» жақыны «рахым»:

Рахым жақсы көреді аяғанды,
Адамға қаттылықты ойға алмайды.

Адамға адами сапасын үнемі жетілдіріп отыру үшін «рахым» маңызды тіректің бірі. Рахымның маңыздылығы соншалық ол бар

жерге мейірімділік келеді. Адами сапалардың өзіндік легі мен тіршілігі және қызметі бар. Шәкәрім «ар» мәселесін жоғары қояды. Өзінің еңбектерінде тұжырымды ой айтылатын тұстарында «Ар ілімі» оқытылуы қажет деп есептейді. Ардың адам өмірінің мәніне айналуы қажеттілігін былай баяндайды:

Ар демек — адамшылық, намыс деген,
Арың кетпес жағыңа қарыс деген.

Теріс ұғып жүрмесін мұны біреу,
Сөз емес күншіл болып, алыс деген [4,122].

Адамның ішкі әлемінің байытатын рухани құндылықтар осы «ар» мәселесіне келіп тіреледі. Адамшылық, ізгілік қағидаларының негізі ардың ісі. «Намыстың» іс-әрекеті «ар» ісімен қатар жүреді екен.

Намыс сол — өзің қорлан кемдігіңе,
Құрбыңмен ұмтылып бақ теңдігіңе.
Алмай өс алдыңғының аяғынан,
Соқтықпай өзің іздеп еңбегіңе.

Шәкәрім «ар» мен «намысты» қатар қояды. Намысқа адал еңбек етіп, өзгеге соқтықпауды, өзгенің аяғынан шалмау жауапкершілігін артады. Шәкәрім:

Ұят сол — аулақта ұял көргендей-ақ,
Ұрлаған малың шығып, бергендей-ақ.
Орынсызды істеуге өлгенше ұял,
«Ұят күшті өлімнен» дегендей-ақ.

Адами сапалардың адам өмірін ізгілікке бұратын тірек екендігін Абайда өз шығармашылығында насихаттаған. Ұстаздың көрсеткен тағылымын шәкірт Шәкәрім ары қарай дамыта түсті. Абай үлгісінде жазылған шығармашылығының дені адами құндылықтар мәселесіне арналған. Абай толық адам бейнесінде баласы Әбдірахманның тұлғасын таниды. Соның бірін мына жолдардан көруге болады:

Тұла- бойың ұят-ар едің,
Ескеріп істеп, ойлаған.
Тәуекелге нар едің,
Талаппен терең бойлаған.
Ерлікке де бар едің,
Үйренуге тоймаған.
Жасқа жас, ойға кәрі едің,
Атаңның атын жоймаған.
Замана неткен тар едің.

Сол қалқамды қоймаған [5, 163].

Абай Әбдірахманның бойындағы бүкіл озық қасиеттерді, сапаларды адамзатқа үлгі

етеді. Әбдрахманның тұлғасын айшықтайтын қасиеттер: ұят, ар, тәуекел, талап, ерлік т.б. қасиеттер жоғарыдағы Шәкәрімнің «Талап пен Ақыл» өлеңіндегі құндылықтармен сәйкес келіп, «толық адам», «түзу адам» тұлғаларын жасаудағы ортақ адами сапаларды танытады. Абай 36-шы қара сөзінде: «Шын ұят сондай нәрсе: шарифатқа теріс, я ақылға теріс, я абиұрлы бойға теріс бір іс себепті болады. Мұндай ұят екі түрлі болады. Біреуі – ондай қылық өзіңнен шықпай-ақ, бір бөтен адамнан шыққанын көргенде, сен ұялып кетесің. Мұның себебі, сол ұят істі қылған адамды есіркегендіктен болады» [3, 122], - деп «ұят» жайында түсініктеме беріп, талдау жасайды. Философиялық ой-толғамдардың негізгісі адамның рухани дамуына арналғандықтан адамды тәрбиелеу, түзету мәселелері қатар жүріп отырады.

Сабыр деген – әр іске шыдамдылық,

Қатты керек адамға бұл бір қылық.

Қолы жетпей талай жан ізденеді,

Осыдан көп шығады адамшылық,—дейді Шәкәрім.

«Сабыр» адамның өмірінің барлық кезеңінде жанның төрінде орналасатын ең басты құндылық.

Сақтық деген – әрқашан байқап жүрмек,

Пайда ма, не залал ма, ескерілмек.

Көргенін, естігенін есепке алса,

Сонда оңай әрбір істі ойлап білмек, - деп адам үшін «сақтықтың» да мәнді де, маңызды екендігін айтады. «Сақтық» адамның ғұмырында кері істерден аулақ жүруге көмекші құндылық.

Дана ойшылдардың адам болмысы, адамды түземек ойларында адамның жетіліп, жақсы мінез-құлықты болуға тәрбиелейді.

Адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына адамның бала кезден тәлім-тәрбие ретінде дарыған көзқарастар мен әдеттер болатынын Әл-Фараби мойындай отыра, адамға рухани құндылықтарды сіңірудің жолдарын көрсетеді. Әл-Фараби адами құндылықтардың жеке адамның дамуын, жетілуін оның өзінің бейімділігіне байланысты деп есептейді. «Қайырымдылық» Әл-Фараби танымында айрықша орын алады. Ізгіліктің бастауы-қайырымдылық деп есептейді. Өйткені, адам баласы қайырымдылықты біліп, түсінсе оны күнделікті өмірінде жүзеге асыра алса, бақытқа жете алады деп пайымдайды. Сонымен қатар,

адам өз мақсатына жету үшін, үнемі өзін-өзі жетілдіруі қажет және ақиқатты тану арқылы жетеді деген тұжырым жасайды.

Абай 32-ші қара сөзінде: «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыт болады. Сол мінез бұзылмасын. Көрсекызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың. Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын. Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын» [3, 118]

Шәкәрім де Абай сияқты әлемдік мәселелерді көтеріп, олардың шешілу тетіктерін іздейді. Абай дүниетанымы поэзия арқылы қазақ қауымының санасын тәрбиелейді. Шәкәрім әлемдік үрдістердегі адамның ішкі әлеміндегі құндылықтардың сапасын арттыру, адам рөлін көтеру туралы, қоғамды жақсарту туралы ой толғайды. Ақын – «бізше адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ» - деп көрсетеді. Ақын адам қасиеттерін шыңдау, адамгершілік пен адалдықты нығайту мақсатында «Ар ілімін» оқыту маңызды деп есептейді.

Адал еңбек – дүниені жаңартушы, ел шаруашылығын өрге тартатын, басқаның еңбегін жемеуге негізделген, адамның өз таңдауы мен ішкі құлшынысынан тұратын еңбек. Адал еңбек – шеберлікті, біліктілікті және білімділікті қалайды, - деп біледі ойшыл ақын.

«Ақ жүрек» ұғымы да Шәкәрім өлеңдерінде терең ойларды, идеяларды синтездеген ұғым. Бұл ұғым ақынның көптеген өлеңдерінде кездеседі. Ақ жүректі адам тек әділет пен шындықты қалайтын адам. Ақ жүректі адам ешкімді алдамайды, өтірік айтпайды, сатқындық жасамайды. Әділеттің ақ жолынан ауытқымайды. Адамзатты жақсылық пен өркениетке тек ақ жүректі адамдар ғана жетелейді.

«Арлы ақыл» - жақсылық пен әділет жолына қызмет ететін ақыл. Шын ақыл жаманшылықтан аулақ болады. Шын ақыл жаманшылықтан аулақ болады. Арлы ақылы бар азамат өмірінің мәнін еліне, жеріне қызмет ету деп біледі. Арлы ақыл білімді, іскерлікті, өнерді жасампаздық пен игілік

жолына бағыттайды. Арлы ақыл иесі халқының бүгіні мен келешегі үшін қызмет етуші азамат, - деп біледі Шәкәрім.

Адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл бар жерде адам нәпсісіне ие болады, әділетсіздікке, арамдыққа, өтірікке, алдауға тосқауыл қояды. Адам жөнделсе-қоғам мен өмір жөнделеді, жаратушыны шын сүю басталады, - деп тұжырымдайды ол. Мына бір өленінде акын:

Ескіден қалған сөз теріп,

Өз ойымнан өң беріп,

Үйретуді жөн көріп,

Түзетпек едім адамды,-деп өзінің ізгілікті мақсатын ашып айтады. Шәкәрімнің шығармашылығынан өмірдегі ұстаған басты принциптерінің бірі – «адамды түзету» екендігін көреміз. Шәкәрімнің осы ойлары ғұлама Әл-Фараби ойларымен тоғысып, ұласып жатқандығын айта кеткен жөн.

Жалпы шығыстық әлем үшін адамгершілік бағдарларды, тағылымдық ұстанымдарды бағалап, оларды тарихи санада басшылыққа алып, жаңғырту дәстүрі терең тамырлары бар құбылыстар болып табылады. Осы ұстанымдар біздің ұлттық қасиеттерімізді айқындайтыны даусыз. Ендеше, өзіміздің рухани әлемімізде, шығыстық жүйенің әсерін, ықпалын, байланысын, ұқсастығын, айырмашылығын анықтау

маңызды. Рухани бастауларымызға назар аударып, ұрпақтардың жалғастығын, сабақтастығына сараптама жасау арқылы көптеген нәтижеге жете аламыз. Шығыс ойшылдарының дүниетанымдық жүйесі бойынша тіршілік атаулының бір Жаратушысы бар. Адам, оның ақыл-ойы, жан әлемі күнделікті тіршілікте белгілі бір заңдылықтар арқылы жүреді. Адамның, табиғаттың қозғалыс көздері бір Жаратушыға келіп тіреледі. Әл-Фарабидің, Абайдың, Шәкәрімнің ұстанымдарында барлығының іргетасы, негізі рухани әлемде деген пікірде тоғысады. Ойшылдардың даналыққа құрылған ой-танымдары, шығармашылықтарының мәдени, рухани құндылығы қазіргі кезеңде әлемді жаһандану процестері күшейген кезеңде адамның ішкі әлемін тәрбиелеу үшін де маңызды.

Қазақ халқының рухани ұстаздары халқына әділеттілікпенізгіліктің жолдарын нақты көрсетіп берген. Бүгінгі ұрпақ олардың адамгершілік мұрасынан сабақ ала алса ғана дұрыс қоғам орната алады. Қоғамдағы тәрбие мәселесінің теориялық және тәжірибелік негіздерін ой-шылдар шығармаларындағы концепцияларға негіздесек, тәрбие жұмыстарында жетістіктерге жететініміз анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Әл-Фараби*. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975.
2. *Құдайбердіұлы Ш*. Екі томдық шығармалар жинағы. Т.2. – Алматы: Ел-шежіре, 2008.
3. *Абай*. Екі томдық шығармалар жинағы. Т.2. – Алматы: Жазушы, 2005.
4. *Құдайбердіұлы Ш*. Екі томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Ел-шежіре, 2008.
5. *Абай*. Екі томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Жазушы, 2005.

Резюме

В статье раскрываются проблемы преемственности взглядов Аль-Фараби, Абая и Шакарима по вопросам сути и смысла нравственности и его роли, в становлении полноценной личности.

Summary

In article reveals problems of continuity of sights of Al-Farabi, Abaja and Shakarima concerning an essence and sense of morals and his role, in formation of the high-grade person.

ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП - ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ КӨЗІ



*Қазақстан Республикасының
Оқу ісінің үздігі,
Ы.Алтынсарин медалінің иегері,
№13 М.Мақатаев атындағы
орта мектептің директоры
Ғалия Нәдірбекқызы Нәдірбековамен*

СҰХБАТ

Ғалия Нәдірбекқызы, Сіз Алматы іргесіндегі іргелі Іле ауданында ұзақ жылдар мектеп басшысы болдыңыз. Екі қоғамның көшін көрген білім беру жетекшісі ретінде ұлттық тәрбие ұғымына көзқарасыңыз қандай?

Ғ.Н: Еліміздің ұлттық дәстүрлері мен халықтық жақсы үрдістерін бүгінгі күннің тұрғысынан талдап, бағалауда және оны келер күндердің де келісті сабағына айналдыруда, ұлттық ұлағат пен тәрбиені ұштастыру тұрғысында алда атқарылар іс-шаралар өте маңызды.

Ұл мен қыз, үлкен мен кіші, отбасы, Отан шеңберінде ынтымақтастық пен достықты, бейбітшілік пен бауырмалдықты үлгі тұтқан халқымыздың даму жолында біз өміршен ұстанымдарды тірек етіп, соның нәтижесінде мемлекетіміздің дамуында жоғары табыстарға қол жеткізіп келе жатырмыз.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жүргізіп келе жатқан сындарлы да сардар саясаттың темірқазығы да осы – халқымыздың ұлы дәстүрлерін жаңа заманның тыныс-тіршілігіне орайластыру, елдің рухани-мәдени, тарихи сапасын жаңғырту.

Біз ХХІ ғасырдағы тасқындаған толассыз ақпараттар қоғамдағы күрделі өзгерістер мен даму қарқыны ағымында өмір сүріп жатырмыз. «Ұлттық тәрбие» – жеке тұлғаның ана тілін, ұлттық салт-дәстүрлерін меңгеру арқылы ұлттық санасының, намысының, мінез-құлқының, сезімінің қалыптасуы. Өйткені, ана тілі, ата тарихы, төл мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрлері –

сол ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтары.

Отан шеңберіндегі жас ұрпақты тәрбиелеу оңай шаруа емес. Ал, оларға ұлттық тәрбиені бойларына дамыту одан да күрделі. Сондықтан да, халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған асыл да, ұлы мұрасын оқу-тәрбие ісіне пайдалана отырып, оны келер ұрпаққа жеткізе білу, олардың кемелденіп дамуына, халқын қастерлеп, оған қалтқысыз қызмет етуге, ұлтжандылыққа, еңбек сүйгіштікке, адамгершілікке, қайырымдылыққа, ізгілікке, рухани жағынан бай абзал ұрпақ болып өсуіне ықпал ету – біздердің, ұстаздардың алдында тұрған үлкен міндет.

Халқымыз талай асулардан, күрделі кезеңдер мен қиын-қыстау жолдардан өтіп, ұлттық тағылыммен сусындап, асқақ армандарымен қияға қанат қақты. Ұлттық ерекшелікке, тарихымызға, мәдениетімізге, өнерімізге, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызға, тұрмыс-тіршілігімізге, отбасы тәрбиесіне ұлттық тәлім-тәрбиенің ықпалы мен әсерінің мәні өте зор. Бұл асуларды насихаттау әр сабақтың ұйымдастырылуы мен сынып сағаттарында жүзеге асып отыруы үлкен мүмкіндік туғызады.

Мектебімізде жыл бойы ұйымдастырылатын түрлі шаралар, сан-салалы ұлттық тәрбие тұрғысындағы проблемаларды қарастыру, қыздар, ұлдар жиналысында және әжелер, аналар, әкелер сайысын өткізу, халықпен бірге біте қайнасып келе жатқан ұлттық құндылықтарымыздың өткенін барлап, болашағына болжау айту – менің міндетім. Біз осы бағытта жұмыстарды ұйымдастыра алсақ, бүгінгі күннің өзекті тақырыбы болып отырған ұлттық тәлім-тәрбие

жайында батыл да, шыншыл бола аламыз.

Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы адамды ойлануға үйретуі. Әрбір жеке адам, ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы, содан кейін барып жалпы адамзаттың қоғамға лайық орнын белгілеуі қажет.

Ұлттық тәрбие – халықтың өмірін, рухын және тілдерінен тұратын ішкі заңдарын, оның ұлттық мінезін, болмысын көрсетпек.

Ұлттық тәрбие алған жеке тұлға дені сау, еңбекқор, ақылды, білімді, сұлу да сымбатты, адамгершілікті, иманжүзді, туған жерін, ұлтын, елін, Отанын, туған табиғатын сүйетін, аялайтын, қорғайтын ұлтжанды азамат.

Ұлттық тәрбие және ұлтжанды азамат тәрбиелеу – қазақ қоғамында орын алып отырған қайғылы қасіреттер мен құбылыстарды, ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін және дінін білмейтін жастарды, тәрбиесіз қыз бен ұлды, тастанды жетім балаларды, қарттар үйлерінде жылап отырған әжелер мен аталарды, отбасын құрмаған және ажырасқан жастарды, қаулаған қылмысты, темекі шегетін, наша тартатын, ішкілік ішетін жастарды, жезөкшелікті, жұмыссыздық, дағдарыстың алдын алып болдырмаудың, олардан құтылудың бірден бір кепілі деп есептеуге болады.

Қорыта келе, бүгінгі ұлттық тәрбие ұғымына зор жауапкершілікпен қарауды талап етіп, отбасында, мектепте, қоғамдық орындарда ана тілі мен ұлттық сананы жастардың жүрегіне терең ұялатудың жолдарын қарастыру, білім беру саласында ұлттық бағытты ұстану мәдени процестің биік шыңына шығарады деп ойлаймыз.

Ақиық ақын атындағы мектеп туралы білгіміз келіп отыр...

Ғ.Н: №13 М.Мақатаев атындағы орта мектеп 1991 жылы ашылған. 280 оқушы, 34 мұғалім жұмыс жасаған. Қазір 2560 оқушы, 163 мұғалім еңбек етеді. 150 мұғалім жоғары, 3 мұғалім аяқталмаған жоғары, 10 мұғалімнің арнаулы педагогикалық білімі бар.

50 мұғалім – жоғары санатта, 42 мұғалім – бірінші санатта, 45 мұғалім – екінші санатта. 3 мұғалім Ы.Алтынсарин төс белгісінің иегері. Олар:

1. Нәдірбекова Ғалия Нәдірбекқызы
 2. Медеуова Биғайша Бесіркызы
 3. Қилыбаева Пернекүл
- 6 мұғалім Қазақстан Республикасының Оқу

ісінің Үздігі.

Мектептің өзекті мәселесі: оқушылардың білім деңгейін нығайту, кәсіби бағдар бойынша оқушыларды бейімдеу, білім алуға қызығушылығын дамыту. Интерактивті тақтаны кеңінен пайдалану арқылы ақпараттық технология негіздерін оқушылар бойына қалыптастыру. Рухани-мәдени мұраларды сабақтастыра отырып, ұлттық-азаматтық сананы қалыптастыру.

Мектепте 65 түрлі үйірме жұмыс жасайды. Онда 1500 оқушы қамтылған. 3 компьютерлі сынып бар. 22 оқушыға 1 компьютерден келеді. 1 мультимедиялық қазақ тілі кабинеті, 1-лингфон ағылшын кабинеті. 5 интерактивті тақтамен жабдықталған (география, физика, химия, биология, информатика) кабинеттер толық іске қосылған.

2009-2010 оқу жылында ҰБТ қорытындысы бойынша 87 түлек тапсырып, 78,8% сапа, 3 «Алтын белгі» иегері, 1 түлек Нүриева Әсел Халықаралық ғылыми жоба байқауына қатысып ҰБТ-тен босатылып, КБТУ-ға грантқа қабылданды. 20 түлек жоғары оқу орындарына грантқа түсті. «Наз» ән-би ансамблі республикалық Дельфийлік ойындар байқауында күміс медаль иегері болып оралды. Жетінші сынып оқушысы Раев Айберген Мәскеу қаласында өткен физика пәнінен Халықаралық жобалар байқауында III орын иеленді. Өнерпаз қыздарымыз Болатова Жанель Германия қаласында өткен «Еуропаға ашық есік» байқауының дипломанты атанды. Сакенова Айгерім Қырғыз Республикасында өткен Халықаралық ән байқауының «Ең әдемі дауыс» номинациясының иегері. Мұғалімдердің аудандық, облыстық конкурстарында:

Балапанова Әсем – Бас жүлде-ән-күй пәнінен

Өткелбаева Рауза – III орын - қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен

Өтегенова Қарлығаш – II орын - орыс тілі мен әдебиеті пәнінен

Керімқұлова Аяулым – II орын - ағылшын тілі пәнінен;

облыстық байқауда:

Қуанышбекова Гүлнар – I орын - биология пәнінен

Скабаева Шынар – I орын - химия пәнінен

Қуанышбекова Гүлнар – Бас жүлде - экологиялық жұмыстан

Сайымбетов Еркін – I орын - А.Ә.Д. пәнінен иеленді.

Абай, Мұқағали, Ілияс оқуларынан өткен облыстық байқауларға қатынасқан 10 «б» сынып оқушысы Дарынбай Сымбат, 9 «ж» сынып оқушысы Өтеген Назира жүлделі орындарға ие болды.

Ұлттық тәрбиенің бастауы – әдеп тәрбиесі. «Әдеп әліппесіңіз» мектеп жоқ. Осы туралы не ойлайсыз?

Ғ.Н: Ұзақ жылдарғы ұстаздық еңбегімде бір байқағаным, біз жасөспірімдерді адамгершілікке, елді, жерді, Отанды сүйе білуге, батырлыққа, батылдыққа, еңбекке, қысқасы тәрбиенің алуан түрлерін шәкірттеріміздің бойына сіңіру үшін бар күш-жігерімізді, іс-тәжірибемізді аянбай-ақ жұмсағанымызбен, оның негізгі де маңызды түп қазығы – ұлттық дәстүрде өсіріп, тәрбиелеу керек екенін ескере бермейміз, бұл өкінішті. Өйткені өмірінің жалғасы, мұрагері, ұрпағы ата-тегінің салт-дәстүрін, ұлттық болмысын бойына туа біткеннен дарыту – ұрпақ жалғасы емес пе? Өз ұлтының дәстүрін біліп, көріп өскен бала келешекте өз елін ардақтайтын, басқа да ұлтты сыйлай білетін, ел-жұртына адал азамат болып шығатындығына күмән жоқ. Осы ұлттық дәстүрімізді баланың қанына сіңіріп, санасына енгізе тәрбиелеу, ең алдымен ата-ананың аялы алақаны мен мейірімінен басталады.

Мысалы бесік жыры, аңыз-әңгімелер, ертегілер айту, тыңдату, баланы туған жерінің аялы табиғатымен таныстыру, оның бүгінгі күнгі экологиялық проблемаларға тап болғанын, тіптен, сол сұлу табиғат туралы ән шумақтарын серуендеп жүрген сәттерде ән-шашу ғып орындап берсе нұр үстіне нұр дер едім. Сонда бала да, оның ата-анасы да, тіптен айналасындағы туған-туыстары да бір ұлттық шынайы сезімге, құштарлыққа кенелер еді. Әрине, мұндай ата-ана өте аз. Сондықтан да өмірде әртүрлі келеңсіз әрекеттер жиілеп барады.

Адам – табиғат перзенті. Сәби туылған кезде адам дүниеге келді дейміз. Дайын жеке тұлға немесе жеке адам туылды демейміз. Балалардың қабілеттілігі, мінез-құлқы, психологиялық ерекшеліктері, жеке даму сатысы біртіндеп қалыптасады.

Адамзат ақыл-парасатының тынымсыз ізденісі нәтижесінде ғасырлар бойында қалыптасып, халықпен бірге жасасып келе жатқан – әдеп. Адам деген ардақты атқа ие болғысы келетін әр кісіге ауадай қажет рухани игілік – әдептің, ізгілік жолын көк өрім ұрпақтың

бойына дарытуда маңызы зор.

Тәрбие, соның ішінде әдеп тәрбиесі де, сәбидің шырылдап жерге түскен сәтінен басталып, үлкендер мен ұстаз-тәрбиешілердің үлгі өнеге көрсетіп отыру жолымен үздіксіз жалғастырылуы тиіс. Баяғының ғұламалары тәмсіл қылып айтады екен: «Әу баста әтір құйылған ыдыстың тозған кездегі сынығынан да жұпар аңқиды, биік ағаш көкөрім шағында бұтақтарын қалай бағыттап, жапырағын қалай жайса, қурағанша солай қалады», - деп. Бұл мысалдың тағылымы – балғын жастың бойына дарытқан қасиеттеріміз де сондай өміршең, берік болады деу. Халқымызда «Жаста берген тәрбие жас қайынды игендей», - демей ме? Мектептегі тәрбиенің бағыты қоғамдағы ең жақсы адам – әдепті адам, әдепті адамдар – қоғамның баға жетпес байлығы, мәртебесі екенін ұғындыру. Әдептілік заңы салтанат құрған қоғамның абыройы жоғары, тұрмысы сәнді, тіршілігі шуақты болатындығын ұрпақтың бойларына дарыту – міндетіміз.

Қазақ халқының отбасындағы, әулеттегі әдет-ғұрып қағидалары, әдеп нормалары бала тәрбиесінде айрықша орын алған. Балаға нәресте кезінде-ақ ізгіліктің, әдептіліктің, инабаттылықтың әліппесін үйретіп, тілі жаңа шығып келе жатқан кезде «Ата», «Апа», «Әке», «Шеше», «Аға», «Тәте» дегізіп тілін ашады, мейірімділік нұрын шашады. Осы сөздерден туыскандық қарым-қатынас әдебінің әліппесі басталады.

Әрбір әулеттегі үлкен адамдармен балалардың қарым-қатынас әдебін жолға қоймайынша инабаттылыққа және парасаттылыққа жету мүмкін емес. Парасат мектебі үлкендердің балалармен, балалардың үлкендермен арадағы сәлемдесулері, сөйлесулері, ізеттілік әдептері, қимыл, іс-әрекет әдебі, отбасы, әулеттің қалыптасқан үлгілі әдептері мен ғұрыптары, бір-бірімен арадағы құрмет, мейірім, жанашырлық жасауы, қамқорлық көрсетуі, сабырлылық сақтай білуі, үлкендер алдындағы ұстамдылығы, ыждаһаттылығы, үлкендердің тапсырмасын жауапкершілікпен орындауы, ауыртпалыққа төзуінен басталады.

Ғалия Нәдірбекқызы, салт-дәстүр ұлт болуымыз үшін ұстанымға айналар деп ойлайсыз ба? Ырым-тыйымның маңызы туралы айтсаңыз.

Ғ.Н: Ұлттық тәрбиеде ырым-тыйымдардың

мәні зор. Ырым тыйымдар адамгершілік кодексінің бастауы десек, мектептегі ұлттық тәрбиені дамытудың түрі де бола алады. Ол құқықтық, патриоттық, эстетикалық, этикалық, адамгершілік, діни сауаттылық тәрбие берумен сабақтас. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтары, ғылым мен практика жетістіктері негізінен де жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдай жасау» деп аталып көрсетілген. Бүгінгі жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Қазақ халқы өзінің бүгінгі күнін бағалай отырып, өткен өміріне көз салу, тарихи тәжірибеден сабақ алу, мәдени дәстүрлерін, әдет-ғұрпын, өмір салтын зерттеу, оларды ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп жеткізіп, саналы тәрбие беруді әрқашан жадынан тыс қалдырған емес.

Ұлттық патриотизмге тәрбиелеудің негізгі көздеген мақсаты – өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, өнер-білім түрлерін үйренуге, отбасын туған өлкесін, Отанын сүйуге, ар-намысын қорғауға т.б. адамгершілік қасиеттерге баулу.

Қоғамымыздың ертеңгі болашағы – мектеп жасындағы жас жеткіншектер. Оларды халықтық салт-дәстүрді, әдеп-ғұрыпты қастерлеуге, құрметтеуге үйреткен абзал. Оқушыларды ұлтжандылыққа, халқын қастерлеп, оған қалтықсыз қызмет етуге тәрбиелеу мақсатында күнделікті оқу тәрбие жүйесіне халықтық педагогикалық тағылымдарын енгізу кең өріс алып келеді. Оқу тәрбие процесінде ұлттық сананы оятуда, туған жерге, елге құрметпен қарауды үйретуде, ұлттық салт-дәстүрлерді, ұлттық атауларды, ұлттық тіл өрнектерін, ұлттық ойындарды көптеп қолдана білген жөн. Тәуелсіз елдің ұрпағына мәдениет пен ғылым, тәрбие мен білім беру – үздіксіз үрдіс болмақ.

Патриотизмді қазіргі көзқараспен ұлтжандылыққа, елжандылыққа сыйғызамыз. Ұлттық патриотизм – өз ұлтының салт-дәстүрін, қадір-қасиетін бойына сіңіру және оны қастерлеп қорғауға дайын болу, бұл туғаннан ата-тегінен қанмен беріліп, тәлім-тәрбие арқылы жетілетін ұлттық сипаттағы саналы әрекет пен мінез-құлық. Патриоттық тәрбие ұлттық на-

мыс, ұлттық сана-сезім және рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа ең алдымен – тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызамыз. Тіл – қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт-дәстүр ұлт болуымыз үшін қажет.

Қазақ халқының әдет-ғұрыптарына тоқтала келсек, халық психологиясында көңіл аударарлық түрлі жайттар көп кездеседі. Соның ішінде кей сезімді, іс-әрекетті сөзбен айтпай-ақ ыммен, іс-шарамен, қимылмен, еппен сездіретін түрлі қызықты, әрі есті ұғымдар бар. Мұны әдеп-ғұрып деп атайды. Біздің халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптары енді ғана зерттеліп, қаралып көпшілік оған енді назар аудары бастады. Мұның тек рухани, мәдени жағы ғана емес, сонымен бірге жас ұрпақ адам тәрбиесінде де үлкен қызмет атқаратынын естен шығармауымыз қажет.

Қазақ халқының әдет-ғұрыптарының бірі – тыйым сөздер. Тыйым сөздердің әлеуметтік қызметі адамның шаруаға ұқыптылығын, барды қадірлей білу, өзін-өзі тәрбиелеу, айналаға қырағы қамқор бола білуін арттыруға бағытталған деуге болады. Қадым замандардан бастау алатын мұндай тыйым сөздерді қазақ халқы ұрпағына бесік жыры арқылы санасына сіңіріп, зердесіне құйып отырған. Үлкенді сыйлап, айтқанын екі етпеген бала – осы нақылдарды әрқашанда есіне алып, жаман әдеттерден бойын таза сақтаған. Қазақ халқы өскелең ұрпақтың тәрбиесіне аса мән берген. Үйде отырып ырым мен тыйымын қашанда тәрбиенің таусылмас азығы деп білген. Қызын қырық үйден тыйып отырған атам қазақ «ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» деген қанатты сөзді жадында ұстаған. Әрбір ісін ырымдап істейтін қазақ халқы жеті рет өлшеп, бір кескенде ғана ісінің берекесі кіретінін сезген. Халқымыздың ежелден желісі үзілмей жеткен көне салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы – қымбат қазыналарымыздың бірі. Адам баласы шыр етіп жерге түскеннен бастап тал бесіктен жер бесікке дейінгі өмірінде, наным-сенімі, таным-түсінігі, қоғамдық даму барысындағы үнемі ғасырлар бойы жинақталған салт-дәстүрлері аясында болады. Замандар өзгерсе де, қоғамдар алмасса да, қазақ халқының салт-дәстүр, санасы ұрпаққа азық, ертеңге нұрлы жол және бағыт-бағдар болады. «Үлкенің – үлгі, өссен – өнеге» көрсет деп, адамгершілікті алға қоя білген ұлағатты ұлтымыздың ұстанымы ұлдарын ұятқа,

қыздарын ибаға тәрбиелесе керек. Халқымыз дәрежеге емес, дәстүрге бағынған. Мәртебесін төрі деп білген, ізеттілігін келінінен таныған, татулығын абысынынан тапқан, қызын – арға, ұлын – нарға бағалаған, дархандығын – даласымен өлшеген, өткірлігін – қылышқа, намысын – найзаға теңеген.

Елдігімізге еркін қол жеткізгеннен кейін болашағымыз айқындалып, жүзіміз қайта жарқырады. Ұлттық тәрбие баланың бойына жас кезінен сіңірілуі керек екендігі анықталды. Адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтан да баланың жан-жақты дамуы үшін ырым-тыйымдарды да, оның мән-мағынасын түсіндіруді ерте жастан бастағанымыз жөн болары анық. Ырым-тыйымдар адамды жат әдеттерден аулақ болуға, адамдық қасиеттерді сақтауға жәрдем беретін асыл қасиет құралы. «Аяғыңды тектен-текке жоғары көтерме – басыңнан бағың таяды», «аяқ киіміңе қарап, басыңды салбыратып жүрме, өрісі кеңімейтін, ісі жүрмейтін жасық, ынжық адамдар ғана солай жүреді», «үйге қарай жүгірме, ырысың кетеді», «ұртын не тілін тістеп алған адамның үйіне ашыққан адам келеді» деген ырым-тыйымдар арқылы адамдарға күш-жігер сыйлайды, өзіміздің ұлттық салт-санамыздың қалыптасуын дамытамыз. Осы ырым-тыйымдарды мектептегі ұлттық тәрбиенің негізгі көзі деп алып, жас ұрпақтың саналы да білікті, білімді ұрпақ болуының қайнары деп түсіндіріп түрлі бағыттағы дамыту шараларын жүргіземіз. Ырым-тыйымдар арқылы жастарды жаман әдеттен тыямыз, жақсыға құмар болуға үйрете аламыз. Ырым-тыйымдарда көрсетілген құқықтық, патриоттық, эстетикалық әдеп, адамгершілік, діни салауаттылық кодексінің әр адам бойынан көрінуіне жұмыла кірісудеміз. Хадистерде айтылған ырымдар мен тыйымдардың да мәні зор. Мұсылмандықтың маңызын аша отырып елді бірлікке, татулыққа, достыққа шақырады. Ертеде адамдар арасындағы дау бір ауыз тыйым сөзбен шешілген. Ырым-тыйымдарымызды ұлттық тәрбиеміздің туы етіп алсақ, әр жас болашағынан үлкен үміт күттіретін, халқын, Отанын, жерін сүйген, гүлденген Қазақстанның білікті азаматы болатынына кәміл сенемін!

Ұлтыңды сақтаймын десең, қызыңды тәрбиеле, рухыңды сақтаймын десең ұлыңды тәрбиеле деген халқымызды нақыл сөзін

әрқашанда есте сақтауымыз қажет.

Қорыта айтқанда, оқушыларға халқымыздың рухани байлығын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең таныстырып, ойшылдарымыздың педагогикалық ой пікірін оқу-тәрбиесінің тірегіне айналдыру, яғни, рухани эстетикалық, ұлттық тәрбиенің жаңарған жүйесін жасау – бүгінгі күннің өзекті мәселесі болуы керек. Халқымыздың ұлттық рухын жоғары ұстайтын ұрпағымыз көп болсын дегім келеді.

Ғалия Нәдірбекқызы, ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұлттық тәрбиемен үйлестіру, шәкірттер жетістігі туралы ой толғасаңыз.

Ғ.Н: Оқушы бойына ұлттық ерекшелігімізді сіңіруде мұғалім алдында өзекті мәселелер туындайды. Сол өзекті мәселелерді шешуде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану ұстаз шеберлігінің үлесінде.

Ұлттық құндылықтарымыздың ең жоғары сатысында ұлттың тілі тұруы қоғамдық мәселе. Әдебиет сабақтарында көркем шындықты тірек ете отырып, оның ұлттың тілі мен дінімізді қалыптастырудағы сипатына терең мән береміз.

Оқушы бойындағы лингвистикалық дүниетанымының қалыптасуы, тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінуі, әдеби тіл нормасына сай дұрыс сөйлей алуы ұлттық мәдениетімізді өркендетуге айтарлықтай үлес қоса алады.

Жас ұрпаққа ұлтымыздың ана тілін меңгертуде әсіресе халық ауыз әдебиеті ерекше орын алады. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жаттап, күнделікті өмірде қолдана білу үлкен жетістіктерге жеткізеді. Ауыз әдебиеті үлгілерінің тәрбиелік мәніне, ондағы айтар ойдың көркемдігі мен дәлдігіне оқушы назарын аударту – ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің үлесінде.

Халық ауыз әдебиетінің бір саласы мақалдардың мазмұны мен идеясына талдау жасау жас жеткіншектердің ұлттың дүниетанымын кеңейте түседі. Міне, ұлттық тәрбие мәселелеріне қатысты мәліметтер қазақтың ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетінде де көп сақталған. Қазақтың ұзақ ғасырлар бойы ауызша шығарған әдеби мұрасы – фольклор мен тарихи әдебиеті ұлттық тәрбиенің маңызды көзі болып табылады. Халық өмірін, адам табиғатын терең танып, көркем бейнелеуге ұмтылған әдеби шығармада сол адамға, оның өміріне тән ұлттық сипаттар, ұлттық ерекшеліктер көп кездеседі. Сонымен қатар, қазақтың мінез-құлықты, ұлттық тілді, салт пен әдеп-ғұрыптың түрлерін, адамгершілікті,

кішіпейілділікті, қанағатшылдықты тағы да басқа жақсы қасиеттер әдебиет арқылы насихатталады. Ұлттық тәрбие мәселесі сөз болғанда фольклор мен көркем әдебиеттің орны ерекше, ондағы мол материалдарды жас ұрпақ санасына жеткізудің маңызы зор. Жай айтқан сөзден гөрі әдеби образдар мен тапқыр, ойлы, шешен тілмен айтылған сөздер бойға тезірек дариды. Олай болса оқушыларды тек пәнді оқыту арқылы ғана емес, оны іздендіретін, өз бетінше атқара алатын жұмыстарға да баули білу керек. Осы тұста оқушыларды ғылыми жұмыстарға баулу, пән олимпиадасына қатыстыру, пән апталықтарындағы түрлі қойылымдарға, әдеби оқуларға қосу олардың бойындағы ұлттық дүниетанымды айқындай түседі. Оқушыларға ұлттық тәрбие беруде мектептегі шешендік өнерге байланысты жүретін сыныптан тыс жұмыстар көп әсерін беруде. Біздің мектебімізде шешендік өнерге баулу мақсатында Абай, Шәкәрім, Ілияс, Мұқағали, Оралхан Бөкей, сонымен қатар кейінгі уақыттарда Махамбет оқулары және «Жас тілші», «Драма», «Көркем сөз» үйірмелері жүргізіледі. Аталған әдеби оқулар мен үйірме жұмыстарының оқушыларды сөз өнеріне бейімдеуде, сол арқылы мамандық таңдауда көп көмегі тиіп келеді. Мектебіміздегі дарынды, талантты жас жеткіншектердің жарқын болашағына жол сілтеді. Соңғы жылдарда біздің шәкірттеріміз Жұмабай Мақпал, Жұмабай Тоғжан, Тұрлыкеева Гүлім, Ділдебай Айдос, Телешова Әйгерім, Мұқамбаева Гүлвира, Тақабай Аида мектептегі әдеби оқулардың нәтижесінде республика деңгейіне дейін көтерілді. Бұл оқушылар әдебиет пәнін таңдай отырып, жақсы көрсеткіштерімен Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің журналистика факультетінің және Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының студенттері. Бұлардың ішінде Жұмабай Мақпал мемлекеттік «Дарын» сыйлығының лауреаты. Өткен 2009-2010 оқу жылындағы мемлекетіміздің жұлдызы, «Алтын белгі» иегері Ермекжан Дина әдебиет пәнін таңдап, Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінің грант иегері атанды. Жоғарыда аты аталған шәкірттеріміздің ізбасарлары Дарынбай Сымбат, Өтеген Назира сияқты оқушылар да болашақтарынан үлкен үміт күттіруде.

Міне, өз ұлтының төл әдебиетін сүйіп оқып, оны жан-жақты меңгерген оқушылар мектептегі ұлттық тәрбиенің дұрыс жолға қойылғандығын айғақтап отыр.

Рухани, мәдени құндылықтарды жасаушы ұлттың ақын-жазушыларының, өнер иелерінің шығармаларын оқып, талдау, олармен түрлі кездесулер өткізу, тапқырлар сайысына, пән олимпиадаларына, ғылыми жұмыстарға, ғылыми шығармалар байқауына қатысу ұлттық тәрбиенің үйлесім таба білуінің қайнар көзі.

«Шәкіртсіз – ұстаз тұл» деген қағида әр ұстаздың еңбегінің нәтижесін анықтайтын ұғым деп түсінемін. Өйткені, ұстаз еңбегінің жемісі – оның шәкірттері. Менің көп жылдық ұстаздық еңбегімде алдымнан мыңдаған шәкірттер қанат қақты. Менің мақтанышым сол шәкірттерімнің бойынан адамгершілік қасиеттердің, әдептіліктің, тектіліктің, рухани үндестік тапқанын көріп жүргенім. Бүгінде қандай мекемеге бас сұқсам шәкірттеріме кездесемін. Олар орындарынан тұрып, сәлемдесіп, хал-жағдайымды сұрап, не шаруамен жүргенімді анықтап, көмек көрсетуге асығады. Мен үшін бұдан үлкен бақыт жоқ. «Сіз сол баяғы кейпіңіз десіз, қартайған жоксыз» деп мені әлі жас көреді. Ата-аналары кейде шәкірттерімнің тойларына шақырып: «Сіздің ұлыңыз, қызыңыз немесе немереңіз» дегенде өз балаларымның қуанышынан кем қуанбай, жүрегімді бір жылы сезім билеп марқайып қаламын.

Еліміздің әр түкпірінде, әр түрлі салада еңбек етіп, халқына абыроймен қызмет атқарып жүрген, өздері отбасын құрып, ата-ана атанып, әрбір шаңырақтың тірегі болып отырған «ұл-қыз» шәкірттерімді мен де сағына жүріп еске аламын, олар үшін мақтанамын, оларға ұрпақ тәрбиесінде үлкен жетістік тілеймін, сенемін.

Ғалия Нәдірбекқызының отбасындағы ұлттық қайнарлардан нәр алып ұшқандар туралы айтыңызшы.

Ғ.Н: Мен жолдасым Атланмен 35 жыл отастым. Қазір ол кісі «о дүниелік» болып кетті. Жалпы отбасымыз өте тату-тәтті өмір сүрген жанұя болдық. Жолдасым заңгер болды, бірақ орысша тәрбиеленген, орыс тілді азамат еді. Мен оған қарама-қарсы қазақи отбасында туып, қазақ мектебін бітірдім, қазақ ауылында өстім. Бірақ екеуіміздің бір-бірімізге деген сүйіспеншілік сыйластығымызға екі түрлі ортада өскендігіміз кері әсер етпеді. Барлық уақытта сабырлылықпен, түсіністікпен отбасы мәселесін шешіп отырдық. Менің бүгінгі жеткен жетістіктерім болса, оған жолдасымның да қосқан үлесі зор деп білемін. Мені үнемі жігерлендіріп, өз-өзіме есеп, баға

деруге бағыттап, адамдармен қарым-қатынаста өзімді қандай жағдай болса да, солардың орнына қойып, бір сәт сабырлылықпен ісіме сараптау жасауымды өтініп отыратын. «Адам тағдыры – ол ең басты нәрсе» деп отырушы еді.

Біз балаларымызды жекіріп ұрысып, не жазалап қатал ұстамадық. Олар балалықпен бір нәрсе бүлдірген жағдайда отырғызып қойып түсіндіруге, кінәлі екендерін мойындатуға тырыстық.

Қазір шүкіршілік екі ұл, бір қызымнан жеті немере сүйіп отырмын. Енді сүйікті әже болуға тырысамын. Немерелерім апалаған кезде жүрегім жарылып кетердей қуанамын. Барлығы жақсы өсіп келеді. Алды студент.

**Болашақтың мектебі қандай болса
дейсіз?**

Ғ.Н: Қазақ мектебі – қазақ ұлтының бесігі. «Ұлт болам десең – бесігіңді түзе», - деп М.Әуезов тегін айтпаған. Өйткені, ол – қазақ баласының тәні мен жаны, діні мен тілі, танымы мен нанымы, сенімі мен ұғымы, салауатты санасы, білімі мен мәдениеті, ұлттық мінезі мен ұлттық тұлғасын қалыптастырып дамытатын

білім, ғылым, мәдениет ошағы.

Бұл – мемлекеттік білім саясатының темір қазығы.

Қазіргі мектептерде қай тілде оқытса да оқушылардың ұлттық патриоттық сезімін қалыптастыру мақсатында «Елтану» пәнін оқытса;

- Қазақ халқының ұлттық психологиясы мен тарихына, этномәдениеті мен қоғамдық-әлеуметтік ерекшеліктеріне негізделген, әлемдік білім кеңістігі талаптарына сай келетін қазақ ұлт мектебінің моделі жасалса;

- Қазақ мектебіндегі оқу-тәрбие үрдісіне ақпараттық және педагогикалық жаңа технологияларды пәрменді түрде қазақша ендіру керек. Мысалы, электрондық оқулықтар, Интернет кітапханалар қазақ тілінде болса;

- Ауыл мектептерін мультимедиялық құралдармен қамтамасыз ету керек. Қазақ мектептеріне арналған электронды оқулықтар, оқу құралдарын көбейту керек-ақ. Менің ұғымымдағы болашақтың ұлттық мектебі осындай.

Әңгімелескен АЙЖҮРЕК

**Ж.Әшірова –
№127-Ш.Уәлиханов атындағы мектеп-лицей мұғалімі,
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы**

**А.Примжанова –
№43-мектеп мұғалімі,
Қызылорда қаласы**

**ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫ – АУЫЗДАН ШЫҚҚАН ӘРБІР СӨЗБЕН
БАҒАЛАНАДЫ**

«Қазақстан ұлы державада болу үшін бізге күш-қуаты жоғары, қажыр-қайраты мол, ақылды да дарынды, тәрбиелі де иманды жастар керек!»

Н.Ә.Назарбаев.

Тәрбиенің бастауы – ауыздан шыққан әрбір сөзбен бағаланады. Егер біз тұрақты, әрі бірқалыпты, дағдарыссыз дами алатын қоғамға жетуді армандасақ, онда тек қана әлеуметтік әділетті және рухани қағиданы ұстанатын мемлекетті тұрғызу арқылы ғана діттеген ме-

жеге жететініміз сөзсіз. Олай болса ұстаз бен ата-ананың алдындағы басты міндет ХХІ ғасыр –білім ғасырының есігін еркін ашып кіретін, дүниежүзілік мәдениетті танып, ұлттық төл мәдениетті қастерлей білетін, рухани жан дүниесі бай, ой-өрісі дамыған, заман талабына


сай тәрбиелі де иманды ұрпақтарды тәрбиелеу – ұстаздар қауымының және ата-ананың кезек күттірмес мәселесі болып отыр. Кез келген тарихи кезеңде, қоғам дамуында ел болашағы саналатын жас ұрпақ тәрбиесі шет қалған емес.

Егеменді еліміздің болашақ жастарын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, ұқыпты да иманды дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде мектеп ұстаздарының, ата-аналарының алатын орны айрықша. Мектеп өмірі бала үшін рухани дүниесін қалыптастыратын, жаңа әлемнің есігін еркін ашып беретін орта. Тәрбиенің сан алуан күрделі, қиын да қызықты мәселелерді ойлауға бастайтын, күнделікті тұрмыста кездесіп жүрген дағдылар арқылы баланың жан дүниесіне әсер ететін білім мен тәрбиенің алғашқы сатысы – бастауыш мектеп. Кез келген маман иесінің осы бастауыштан кірпіші қаланбақ. «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады», – деп айтқан ұлы Абай. Оған дәлел ретінде біздің өзіміз ең алғаш мектеп баспалдағын аттағанда «Ленин ата – біз ұлан» деп, кез келген оқушы жатқа айтып, кез келген шаңырақтың төрінде В.И.Лениннің суреті ілініп тұратын. Сол кездегі тәрбие бастауыштан қалыптасып, мектеп бітіргенше, есейгенше мәңгі есімізде қалды. Ал қазіргі жастарымыз В.И.Ленин туралы білмейді де, оны ешкім дәріптеп айтпағасын қайдан білсін! Міне, тәрбиенің бастауы – ауыздан шыққан әрбір сөзбен бағаланса керек. Жақсы сөз айтсаң бала шабыттанады. Ерсі сөздер қобалжытады. Ұстаз бола білу де ӨНЕР. Мұғалімдік мамандықты жүреппен сүйе білмесе, ол еш уақытта ұстаз бола алмайды. Диплом алғанның бәрі педагог емес. Ұстаз болуға туа жаралу керек. Мұғалімдікке жалақы алу үшін, күн көру үшін барғаннан асқан сор жоқ. Ол балалардың соры, жас жеткіншектің соры. Тәрбиеде жіберген қатені түзеу қиын. **Бала ұстазды мойындамаса, сен педагог емессің. Ал, мойындау жақсы сабақ беруіңмен ғана келмейді.** Оқушы – сенің ең бірінші сыншың. Шашыңды қоюыңнан бастап, киінуіңе дейін, сөйлеу мәнерің, ой-өрісің, дене бітімің, жүріс-тұрысыңның барлығы көзге көрінбей, баланың сана-сезіміне сіңіп жататын рухани нәр. Сол нәрдің бірінен сәл ауытқысаң, қазіргі жетілген заманауи технологиямыздың заманында оқушыларға ұстаздық тұлғаң үлкен мін болып саналады. А.П.Чехов кезінде «Адамда бәрі әдемі болу керек» деген, ал адамдыққа

тәрбиелейтін педагогте бұл қасиет әлдеқайда көп болуы керек. Жақсы ұстазды оқушы да бірден мойындайды. Оқушыны әділдікке үйрету керек, бұл оқушыға қойған бағадан басталады. Артық қойған баға баланы дандайсытады, кем қойылған баға ашындырады. Мектепте оқушылардың бәрі бірдей. Ұстаз қауымы оқушының әке-шешесінің кім екеніне қарамай, үлгеріміне, тәртібіне қарау керек. Әділ бағалай білсең, абыройың өзінен-өзі көтеріледі, ал әділдіктен кетсең, өзінді де бұзасың, баланы да бұзасың. Мұғалім әділ баға, әділ талап қоя білсе, кез келген оқу орнында да ол бала сол әділ бағасын алады. Ең бастысы балаға керегі, тәрбиелік мәні зор ұстазға деген оқушы жүрегіндегі әділ баға. «Сені көңіл жықпас» апай немесе ағай дейді, оны «әділ» апай немесе ағай дейді қайсысы дұрыс? Әрине «Әділ» апай немесе ағай болғанға не жетсін. Ұстаздықтың өзі әділдік деген сөз. Бала төмен бағаға алдында тұрып аузы бүртиғанмен, ашуы басылған соң, іштей оған келісуі сөзсіз. Ұстаздар осы іштей мойындауға жетуі керек. Кейбір мұғалім баланы тәрбиелеу мақсатында, оқушыға екілік қойып жатады. Тәртіпсіз балаға кейде өте зерек бола тұра тыныш отырмағаны үшін екілік қойылып жатады. Бұл дұрыс емес. Ашындыру содан басталады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің». Бұл деген мектептің өзі ұя болса, оқушыларымыз балапандарымыз, яғни ұстаз қауымы мейірімді, әділ, шыншыл бола білсе ұядан ұшқан балапандар да солай қалыптасары сөзсіз. Ұстаз қауымы жасандылықпен мейірім төккенмен оның берері аз, ал табиғи, ресмиліктің иісі білінбей баланы құшағына тарта білсе, оның берері ұшан-теңіз. Мұғалімнің мейірімі аналық дәрежеде болғаны дұрыс. Бала осыны сезсе, ол мейірімділікке мейірімділікпен жауап берері сөзсіз. Уақыт тасыған өзендей бой берместей өз арнасымен кетіп жатады. Мәуелі бақта, сол бақты бапкер қарағандай, ұстаз қауымының еңбегіне ұқсас. Оқушыны білім беріп, тәрбиелеп, жақсы жолға жол сілтеп, өмірдің ағысына салып, артынан үлкен үмітпен қарап, жемісін күтіп жүресің. Бұл да болса үлкен еңбек. Ұстаз алдындағы баланы, әр үйдің перзентін, отбасы жағдайын ескермей, жүрегімен жақсы көре білсе ғана ол ұстаз деген атқа ие бола алады және оқушының жүрегінен орын ала алады. Қазіргі балалармен жұмыс жасау өте қиын деген сөздерді көп естіп жатамыз, бірақ сол оқушыны тәрбиелеп жатқан ұстаздар мен ата-аналар емес пе? Неге,

сондай қиын, тәрбиесі төмен балаларды өзіміз өсірудеміз ғой! Себебі неде? Оған ешкімнің басы ауырмайды. Оқушыны тұлға ретінде қабылдап, неге ашық сөйлеспеске. «Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады», – деп балаларымыз тегін айтпаса керек. Яғни, балаларды тәрбиелеуде жылулық, жылы сөздер, әсем де назды әңгімелер, ашық сөйлесу, өзіне қарай тарта білу, мейірімділік дегендер ата-ана мен көптеген ұстаздарда кемшін қалып бара жатқаны өтірік емес. Бір 45 минут өтті болды, наным жүріп жатыр, күнім өтуде деген пиғылдағы ұстаздарымыз кездесіп қалады. Ешкімге басын қатырмайды. Тәрбие бастауы ұстазда екенін ұмытып кетіп жатады. Қиын баламен де тіл табысып, жақсы жолға салып жіберуге де болады. Олардың барлығы білімді болып, қызметкер болса, қара жұмысты кім істейді? Егін егу, машина, трактор айдау, мал бағу, тігін тігу, токарь, слесарь мамандықтың жаманы жоқ екенін, қай салада жүрсең де жүрегіңмен қалап, сол мамандықты меңгеруге бейімдеп тәрбиелеп, үкілеп, мәпелеп сол бағытқа жол сілтеп, ашық сөйлесе білгенде ғана ол баладан бір нәтиже шығады. Өмірлік кірпішін қалап жатады. «Бап шаба ма, бақ шаба ма» дегендей небір мектепте бұзық, нашар

оқитын балаларымызды өскенде танымай жатамыз. Жетістігін көріп қуанып қаламыз. Міне, олар да кезінде бала болған, мектепке тарыдай боп кіріп, таудай болып шыққан. «Егеменді ел болдық, бірақ балаларымыз басқаша болып барды, бәрі іштен туып біліп жатыр, таң қаласың», – деген сөздер арагидік естіліп қалады. Себебі, ата-ана перзенттеріне қарауға шамасы келмей, қайтсем жетілдіремін деп үй көрмей апталап, айлап жан-жаққа кетіп жатады. Осы уақыт арасында баланың тәрбиесіне қаяу түседі. Өз еркі өзінде, не істесе де дұрыс деп білгенін жасауда. Жағдайын көтеріп алғасын, бала-шағасымен байланысқа түскенде, балаларының жетілгенін, басқаша ойлар қалыптасқанын шамалап, ата-анаға қарсы, мұғалімге қарсы сөздер айта бастағанын байқап, өкініп жатқан ата-аналар жетерлік. Темекі, ащы сусындарды аузына алып та үлгергенін байқамай қалады. Өкініші өзекті өртейді, бір күн болса да тәрбиелеуден кеш қалғанын, кеш түсініп жатады. Міне, осының барлығы айналып келгенде тәрбиенің кемшін тұстары болып есептеледі. Бұл жағдайлардың көптеген азапты ауыр тақырыптары жетерлік. Ата-ана мен ұстаз, ұстаз бен оқушы, ата-ана мен оқушы тығыз байланыста болса ғана



Қазіргі оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық сананың қалыптасуына аса ықпалды тәрбие түрлеріне ақыл-ой, адамгершілік, ұлтжандылық, ұлтаралық қатынас сыйластығы, ізгілік, эстетикалық еңбек, дене, құқықтық, экономикалық, экологиялық, жыныстық тәрбие жатады. Баланың мінез-құлқы өскен ортасына, көрген тәрбиесіне байланысты қалыптасады. Ата-ана бала үшін ең бірінші үлгі тұтар адамы, өзін көрген айнасы.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтпақшы, еліміздің болашағы бүгінгі балалардың дұрыс азамат болып қалыптасуы отбасындағы тәрбиеге байланысты. Сондықтан балаларыңыз елін, Отанын сүйген азамат болып өсіп, сіздерді

бақытқа кенелтсін десеңіздер бала тәрбиелеудегі қателіктерге жол бермеңіздер! Бала тәрбиесі ата-ана, әлеуметтік орта бірлесіп жұмыс істегенде ғана үйлесімділік табады. Халық «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деп тегін айтпаған, себебі шартты рефлекс қалыптасады. Жаманға да жақсыға да бейім болатыны баршамызға аян. Ұлы ғалым, философ Әбунасыр әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген екен. Бұдан шығатын түйін, бала тәрбиесіне ең әуелі, оның өз ата-анасының еңбекқорлығы, адамгершілігі әсер етпек. Бүгінгі таңда, білім

беру мен тәрбиенің мазмұнын түбегейлі жаңарту қажеттілігі туындауда. Адамдар тұлға болып, бірден дүниеге келмейді, әрбір жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру қажет. Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді өткізуін, баланың қадағалаусыз қалуын болдырмауды ұйымдастыру, қызығушылығын арттыру, қабілетін ұштау барысында үйірме, қосымша жұмыстардың маңызы зор.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз құрып жатқан қоғамның ең жоғарғы құндылығы – адам, бүкіл өзгерістердің, жаңартулардың бәрі сол үшін, соның игілігі үшін жасалып жатыр» деп атап көрсеткен. Сол үшін де алдымыздағы тұлға, яғни ер бала мен қыз балаға өз өмірінің қажеттілігін, ұстанымын, табиғи міндеттерін түсіндіру мақсатында санаға сіңіре білуде тәрбиенің маңызы зор. Оқушыларға адамгершілік дәнін сеуіп, рақымдылыққа, мейірімділікке, имандылыққа тәрбиелеу – қазіргі заман талабы. Өз ортасын, жолдастарын, ата-анасын, ұстаздарын сыйлау, этика-эстетикалық тәрбие беру болып табылады. Тәуелсіз еліміздің дамыған мемлекеттер қатарына қосылуы үшін, ең бірінші халқымыздың білім деңгейін, оқыту мен тәрбиелеу сапасын бүгінгіден әлдеқайда биікке көтеру қажет екені айтпаса да түсінікті. Егеменді елдің ертеңі – бүгінгі жас жеткіншектер десек, олардың білімді де дарынды, күш-қуаты жоғары, қажыр-қайраты мол, жан-жақты жетілген жоғары мәдениетті, парасат-пайымы мол, саналы азамат болып жетілуі тәлім-тәрбие беретін ұстазға, ата-анаға, өскен ортасына байланысты. Сондықтан да, білім мен тәрбиелік жолдарын қарастыру күн тәртібіндегі басты мәселе болып отыр. Ұстаз қауымы әр сабақ өткен сайын тәрбиенің небір жолдарын оқушыға «нұр» болып құятындай айта білсе, сабақ барысында - үлкенге құрмет кішіге ізет. Ертең-ақ өз бастарына келеді деп, тәрбиелік мәні бар көптеген мақал-мәтелдерді айтып отырса, сабақ соңында переменге шыққанда оң жағымен жүрсендер, бір-біріне соқтықпайсындар, оң жағымен жүріндер деп әр сабақ сайын айтылса, әр ұстаздың аузынан шығып отырса нәтижесін көп ұзамай көруге болады. Кездескен мұғаліммен сабақ берсін, бермесін сыпайы амандасуға бейімдей білсек, кішілерді құрметтей біл, өзінен үлкен және құрдастарыңмен тіл табыса біл, - деп үнемі сағат сайын, минут сайын ескерте білсек, нәтижесінде бірте-бірте оқушылар да соған бейімделіп,

өзіндік тұлға қалыптасып нәтижесін берері сөзсіз. Міне, бізде осындай тәрбиелік мәні бар, көзге онша көріне бермейтін тұстарымызды ескере бермейтін жақтарымыз көп, оны көбіне ескеріп, зерттей бермейміз. Баланы өзіміз тәрбиелеп, өзіміз жетілдіріп өзіміз өсіреміз. Заманауи техниканың дамыған заманында осындай тәрбиенің кемшін тұстарын елемей бара жатырмыз. Технологиямыз жетілді, дамыдық деп қуанамыз, бәрібір сол техниканы басқаратын сол тұлға – адам. Адамды техника билеп бара жатыр. Адамның мінез-құлқынан техника жасамайық. Қазіргі кездегі ең жетіспеушілік, балаға мейірім сөз бен өзіне тартып жүрекпен сөйлейтін сөздер азаюда. Себебі, барлық ата-ананың, ұстаз қауымының уақыты жетпейтіндей болып бара жатыр... Уақыт барлығында да жетеді, тек балаға уақытымызды, мейірімізді төге білейік...

Ж.Аймауытов 1918 жылы өзінің «Абай» журналында жарияланған «Тәрбие» атты мақаласында «Тәрбиеге әсер беретін нәрсе өскен орта, ата-ананың тәрбиесі. Соңғысы күшті болмаса, бара-бара әсерлер адамды замандас, жолдастың азғырып, не түрлі жаман мінезді жұқтыратыны белгілі. Тәрбиеге туған жұрттың тілі, мінезі, тұрмысы да әсер қылмақ. Қысымшылық көрген, жасқаншақ болған, жалыншақ, жабыңқы елдің баласы да сондай болмақ. Ашық, көңілді, сауықшыл ел-жұрттың баласы да сондай болмақ. Діндар елдің баласы діндар келеді. Тәрбиеге үлкен әсер беретін шарттың бірі – медресе. Баланың ақылын арттырып, білім беретін, ілтипатты, табанды, талантты, ыждаһадты қылатын, өмірлік азық беретін жақсы медресе болу керек», – дейді. Ұлы ойшыл Абайдың «Әркімді заман өсіреді. Кімде-кім жаман болса, оның замандастарының бәрі кінәлі деуі де адам тәрбиесінің қоғамдық ортамен тығыз байланыстылығына салды. Оқыту барысында тәрбиенің мақсат-міндеттері, мазмұны мен тәсілдері анықталады. Оқытуда тәрбие мен оқытудың байланысы біржақты қарастырылмайды, керісінше біртұтастық принципке негізделіп, бірлікте қолданылады. Демек, тұлғаға білім бере отырып, оны тәрбиелейміз, тәрбиелей отыра білім береміз. Сөйтіп, тәрбие процесі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда оқытудың барысына қолайлы ықпал етеді. Соның негізінде тұлғаның танымдық қызметі мен оқуға деген қызығушылығы артады. Мектептегі оқушыларды ұл мен қыз болып жеке дара

жұмыс жасау алдағы уақыттағы кезек күттірмес мәселе болып отыр. Мектепке «Дін» сабағының кіруі құптарлық іс болып отыр. Қыздар клубы, ұлдар клубы болып мектеп ішінен тәрбиелеу мақсатында 8-11 сыныптар аралығында жүргізілсе құба-құп болар еді. Себебі, қыздар арасында «Сырласу» клубы тәрбиелеу мақсатында жүргізіліп жатқан уақыттарда, ұл балалардың «Біз де қатыссак бола ма», - деген ұсыныстарын естіп қаламыз. Яғни, ұл балаларға да қажет екен-ау деп ойға қаласың. Себебі, өтпелі кезеңнен өту қазіргі жастарға өте күрделі болып отыр. Барлық жерде ашық ақпараттық жүйе дамыған, заманауи технологиямыздың дамып өркендеуі, жан-жаққа бұрылуға шамасын келтіртпей байлап тастағандай әсерде жүргенін байқайсың.

Бір сәтке, олардың да АДАМ–ТҰЛҒА екенін ойлау керек сияқты. Компьютерленген заманда сезімнен, мейірімнен ада болып, мейірімсіз балалар қаулап өсіп келеді. Рухани жұтаңдық, жетіспеушілік күннен күнге өспесе, кемімейді. Әдеби кітап оқуларына да уақыттары жоқ, оларды қадағалап бір жүйеге салатын уақыт келген сияқты.

Қыздардың «Сырласу» клубында жоспар құрудың алдында әр сынып оқушыларына, жауабын шеше алмай жүрген сұрақтарың болса, мектеп психологымен байланыса отырып, «Сенім жәшігіне» тақырыбын тастандар, сол бойынша жауабын іздеп, керек мамандарды қатыстырып өтейік деп ұсыныс тасталды. Алғашқы кезде қыздарымыз сеніңкіремей қашқақтады. Бір аптаның көлемінде «Сенім жәшігіне» әр түрлі тақырыптар тасталды. Сол бойынша қыздарымыздың ұсынысы бойынша жылдық жоспар құрылды. Осы «Сырласу» клубымызға мектеп мұғалімдері, дәрігерлер, психологтар, дін пәнінен сабақ беретін мұғалімдерді әр ай сайын шақырып 1-2 сағатқа созылған тәрбиелік мәні зор тақырыптарға қозғау салдық. Алғаш қыздарымыз ойларын ашық айтқысы келмей, келе-келе ашыла түсті. XXI ғасырдың ұрпақтарына жан-жақтылықты қажет етеді, болашақтың тұтқасы, әсіресе, қыздарымыздың қолында екенін жеткізіп, ашық сөйлескеннен кейін олар да ашық ойларын айтатын деңгейге жетті. Тіпті, жоғарғы сынып оқушылары өмірден алып, көріністер көрсетіп, сол көріністерді көзбен көріп, сол жерде дұрыс, дұрыс емес жақтарына өздерінің ойларын ашық айтатын болды. Ашыла келе сол көріністерді өздері «видеоға» түсіріп,

мектебімізге естеліктер қалдырып, өздерінің кереметтей көзқарастарын қалыптастырды. Осы жұмыстардың шет жағасын ұл балалар да достарынан естіп қызығушылығын танытуда. Әрине, ұл балаларды да осылай, өздерінің шеше алмай, ешкімге айта алмай жүрген сұрақтары, осындай клубтарда ашылып айтатындай дәрежеде тәрбиелей білсек, нұр үстіне нұр болар еді. Нәтижесінде қазіргі қыз балаларымыз әжептәуір жиналып қалды. Олар да біреуге керек екенін сезініп, кездескенде ерекше ілтипат көрсетіп жатады. Міне, осының өзі неге тұрады. Бұл жерде адамгершілікке, жан-жақтылыққа тәрбиелей білсек, олардан да соны ала аласың. Бабаларымыз «Не ексең, соны орасың» деп тегін айтпаса керек. Барлық отбасы перзенттерін бірдей тәрбиелемейді. Әр түрлі отбасыдан әр түрлі балалар дамып өсуде. Тіпті, бір үйдің бес баласының мінез-құлқы да бес түрлі. Егіздердің де түрі бірдей болғанмен, мінездері әр түрлі болады. Біреуі тез жетілсе, біреуі асықпай жетіліп жатады. Міне, осындай әр түрлі отбасында да, әр түрлі ата-ана, әр түрлі болашақтың тұтқасын ұстар жастарымыз өсіп өркендеуде. Міне, сол байлығымызды шашау шығармай, біздер ұстаз қауымы, ата-аналар дұрыс тәрбие бере білсек қана болашаққа абыроймен бара аламыз. Сол үшін әр баланың неге мұқтаж екенін, неден қағажу екенін, кімге ренжулі екенін, әр сабақ сайын пайымдап, қадағалап отыру – ұстаз қауымының міндеті деп ойлаймын. Неге балалармен тіл табыспасқа. Ашылмайтын бала жоқ, оның жолдарын таба білсе. Міне, тәрбиенің бастауы ауыздан шыққан әрбір сөзімізге есеп бере білуіміз керек. Қазіргі кезде етек жайып бара жатқан келеңсіз жағдаяттар, ұстаздар қауымының ішінде де кездесіп жатады. Баланы алалап дұрыс бағаламау, заманның ағымы отбасы төмен және жоғары оқушыларды әр түрлі бағалау. Ата-анасы қызметкер болса, сол отбасының баласын көтермелеу, ащы да болса шындық болып бара жатқаны өтірік емес. Осыдан кейін мұғалімнің беделі төмен түспегенде қайтеді, сосын артынан ренжіп жатады, өздерінің істеріне өздері есеп бергендей ата-аналарына ренжиді. Заман орнында, адам өзгерген заманда қазіргі жастарымыз, ауыздағы шыққан сөзінді аңдып және сол сөздерге әрдайым қомақты жауаптарын дайындап отырады. Әрине, отбасылық тәрбиені оқушылар әрі қарай мектепте жалғастыруды әдетке айналдырып бара жатқан сықылды. Міне, осын-

дай келеңсіз жағдайлардан кейін ұстаздардың беделін, кім қорғайды деп таң қаласың...

Сол ұрпақты тәрбиелеп жатқан өзіміз ғой, сезімсіз, мұңсыз, арыс, беделсіз ұрпақтардың көптеп өсіп келе жатқанынан жағанды ұстап, кейде қорқасың. Сонда болашақта ата-аналарын кәрілер үйіне апарып тастайтын ұрпақтарды, яғни «робот» адамдарды қалай тез, әрі көптеп өсіріп тәрбиелеп жатырмыз деп шошынасың. Көп ата-аналармен байланысқа түссең, айтқанын істемесек, балаларымыз қорқытып өлемін, я болмаса қашып кетемін деген сөздермен «шантаж» жасағасын, амал жоқ айтқандарын істеуге мәжбүрміз дейді. Міне, осындай келеңсіз жағдайларды болдырмау үшін әрбір ата-ана, әрбір ұстаз балаларды көкірегінен итермей, әдемі, шынайы сөздермен бауырымызға тарта білейік демекпін. Өмірден көрген-түйгендерін туралы, әрбір отбасының ата-анасы болсын, ұстаз қауымы болсын, баламен байланысқа түсе отырып, тәрбиелеп, айта білейік! Баланы тәрбиелеуде уақытымыз шектеулі болмай, уақытты таба білейік демекпін. Олар да анадан шыққан, өзіміздің перзенттеріміз екенін ешуақытта ұмытпайық.

Қатыгез адамдарды жылы сөздермен жылыта білейік демекпін. Ол ҰСТАЗДАР қауымының қолынан келеді. Өзімнің сабақ барысында кейде

оқушыларды еркелетіп аламын, алғашқы кезде ұялатын, кейіннен үйреніп кетті. Менің кейде ұрсып айтқан сөздерімнің өздері оларға майдай жағады. Еркелетіп отырып босатып, қайтадан жинап алу тәрбиелеу методикамнан үзілген емес. Еркелеткен кезде кез келген жастағы балалардың барлығы қуанып мәз болып қалады. Яғни, жылы сөздерді үнемі ести бермейтінін байқап қаласың. «Айналайын, жарайсың, жасаған бере салған», – деп әр дұрыс орындаған тапсырманы шабыттандырып отырамын. Әр сабақ сайын үйге берген тапсырманы олар да барынша орындап келуге тырысып жатады. Өзің де бір рахат сезімде шығасың, сол сыныптан ұстаз қауымы абыройды жылдар өте жаймен жинайды. Инемен құдық қазғандай білім берсең, тәрбие де бірге ұштасып жатады. Оқушыларға өзінді-өзің сыйлата білу, ол да мұғалімнің шеберлігіне, ізденімпаздығына байланысты деп ойлаймын. Әріптестеріме, оқушыларды тәрбиелеуде, ата-анамен байланысқа түсіп, балалармен ортақ тіл табыса білейік демекпін. Балаларды тәрбиелеуде әдемі, жылы-жылы сөздерді аямайық, тек оқытуды мақсат етпей, оқушыларымызды әдемі сөйлеуге, әдемі күлуге, әдемі жүріп-тұруға, әдемі киінуге, әдемі шаш үлгісімен жүруге, әдемі тәрбие беріп, адамгершілік тұрғысынан қалыптастыра білейік демекпін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Иманбекова Б.И.* «Тәрбиеге жетекші», – Алматы: 2004.
2. *Қалиев С., Майгаранова Ш., Нысанбаева Г., Бейсенбаева А.А.* «Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері», – Алматы: «Білім». – 2001.
3. *Әбиев Ж.Ә, Бабаев С.Б, Құдиярова А.М.* «Дидактика – білім беру және оқыту теориясы». – Алматы: «Дарын». – 2004.
4. *Демеуова М.Е., Қожахметова К.Ж., Молдыбаева Ш.Б., Аратай Л.Б.* «Тәрбие бағдарламасы». – Алматы, 2006.
5. *Қарабалина О.* «Ұстаз бақыты». – Алматы: «Жанай». – 1990.

Резюме

В данной статье автор раскрывает суть и пути преподавания национального воспитания в школе. Он останавливается на роли учителя, в становлении ученика как разносторонней личности. Автор в статье отмечает, что каждое сказанное слово – это начало воспитания.

Summary

In this article an author exposes essence and ways of teaching of national education at school. He decides on the role of teacher, in becoming of student as scalene personality. An author marks in the article, that every said word is this beginning of education.

А.Қасымбек –
ҚР Білім және ғылым министрі Білім беру жүйесінің басшы
және ғылыми педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыратын
Республикалық институтының тәрбие кабинетінің әдіскері

ЖАС ҰРПАҚҚА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨРЛЕУ КЕЗЕҢІНДЕ ЖАН-ЖАҚТЫ ТӘРБИЕ БЕРУ

Тәуелсіз Қазақстанның оқу-тәрбие ісі уақыт талабы мен замана өзгерістеріне сай ізденістерге толы. Қазақстан Республикасының Президенті үстіміздегі жылғы Қазақстан халқына Жолдауында білім беру саласына қатысты айтылған «2020 жылға қарай қалалық, сол секілді ауылдық жерлердегі барлық балалар мектеп жасына дейінгі тәрбие беру және оқытумен қамтылатын болады» деген сөздері бала тәрбиесіне қатысты сан міндеттерді жүктеумен бірге, жан-жақты тәрбие беру ісін заман өзгерісіне сай қатысты кәсіби деңгейден қайта қарауды талап етеді. Елбасының Үкіметке әкімдермен бірлесіп, «Балапан» арнайы бағдарламасын әзірлеп, іске асыруға кірісуді тапсыруы – келешек ұрпаққа деген кемел қамқорлықтың іргетасы.

Қай заман, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, жастарға оқу-білім мен тағылымды тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюды қолға алған. Әр ұлттың уақыт өрінде көрінетін биіктері мен игі жетістіктері ұрпақ тәрбиесімен тікелей байланысты. Толық жетіліп қалыптасқан ұлттың сана-қабілетінде, түсінік-талғамында, мінез-құлқында, өзіне тән ерекшелік менталитеті болатыны ғылыми тұрғыдан дәлелденгені ақиқат. Өскелең ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі күн тәрбиесіндегі бірден-бір қажетті, кезек күттірмес мәселе. Олай болса, бүгінгі ұрпаққа берілетін тәрбиені ата-бабаларымыз салып кеткен дәстүрлі ұғымдар мен құндылықтармен қабыстыра білу де ұрпақ тәрбиесіне ажарлы өрнек пен нақыш қосары сөзсіз.

Жаңа қоғамның дамуындағы тәрбиенің нәтижесі тәрбиелеп отырған тұлғаның өз бойына сенімді іс әрекетке жол берер қасиеттерді дарыта біліп, қажетті дағды-машықтарды меңгерумен қатар, оны өз қажеттілігіне жарата білуінен де көрінеді.

Қалыптасқан қасиеттеріне саяси мұрат пен азаматтық ұстанымды қосып, өмір сүрудің тәжірибелерінен қуат алып, өзінің жеке басының мәдениетін, білімін кәдеге жаратып, өз әрекетін түсіндіріп, қорғай алатын адам ғана тұлға ретінде кемелденіп, абырой-құрмет тұғырынан берік орын алмақ.

Ұлттық дәстүрге берік, елі мен жерін сүйіп, қастерлейтін, уақыт талабына сәйкес болашақты бағдарлайтын азамат тәрбиелеу – ұстаздар үшін күн тәртібінен түспейтін міндеттердің бірі. Жаңа экономикалық өрлеу кезеңінде тұлғаға жан-жақты тәрбие беру, ең алдымен, ұлт тағылымын тәрбиеленуші бойына сіңіруден басталады.

Ұлт тағылымы туралы ой қозғар болсақ, онда ұлттық таным, ұлт құндылықтары мен тәрбиесін қазақ елі тұлғаларының соны соқпағымен жүретін ұлағатты көштен ажырата қарау мүмкін емес.

Ұлттық құндылықтар туралы жиі айтылады. Мектепте ұлт құндылықтары деген ұғым этнографиялық түсініктер, яғни тақырыптық қойылымдар көрсетумен шектеліп жататыны да бәрімізге аян. Қазақ халқының ұлттық құндылықтарына қатысты терминдерді саралап, ойымызды салмақтап, зерделер болсақ, онда пікірімізді төмендегідей жүйеде таратқанымыз жөн болар.

Ұлт құндылықтарын насихаттау, дәріптеу мен оқушы тарапынан бағалап, бойға сіңіруге баулу – тәрбиедегі басты бағыт. Ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбиенің негізі болар екшелген інжу-маржан: ата-бабаларымыз ұрпақтарына аманаттаған адамгершілік, өмірді танып-білуге құштарлық, білім, рухани тазалық, сезім, елжандылық т.б. құнды қасиеттер – бүгінде ұстаз беретін тұлғатаным сабақтарының берік дінгегі.

Жоғарыда көрсетілген бағыттарды мектептегі тәрбие бағыттарында жүйелі түрде қалай жүзеге асыруға болады.

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

Ұлттық құндылықтар



Ұлттық болмыс	Ұлттық тағылым	Ұлттық экономика	Ұлттық өнер	Ұлттық спорт т.б.
<i>Елдік рух, ұлттық сана, тарих, шежіре т.б.</i>	<i>Салт, дәстүр, әдет, ғұрып, ырым-тыйым т.б.</i>	<i>атакәсіп, шаруашылық, тұлғалық іскерлік т.б.</i>	<i>айтыс, ән-күй, ақындық, шешендік т.б.</i>	<i>атбегілік, құсбегілік, күрес т.б.</i>

Себебі, ұлт құндылықтарына бойлауға мүмкіндік беретін әдемі арна – әдет-ғұрып, салт-дәстүр. Оны тізбектеп қойылым көрсету тәрбие мәнін ашып, мазмұнын тереңдетуге қызмет етпесі анық. «Сенім» бағдарламасының авторы (Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жандосов ауылындағы Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп-лицейі, 1993-1996 ж.ж.), ұстаз-ғалым А.Қыраубаеваның «Халықтық тәрбие, біздің ойымызша, этнографиямен шектелмеуі керек. Халық даналығы баланың жан-дүниесіне мән береді. Еркіндігін орынсыз шектемеуді, баланы жасытпауды есте ұстайды. Бабалардың осы салтынан ұлтымыздың өр мінезді азаматын тәрбиелеуді үйренеміз. Бұрынғы қазақтың елін, жерін сүюі, өрлігі жапондықтар мен американдықтардан бір де кем емес еді ғой. Соның сыры неде? Мұны да зерттеп білу керек-ақ. Бесік жырынан бастап, шешендік сөз, тыйым сөз, түс жору, атқа міну, қыз айттыру салт-дәстүріне дейінгі халықтық тәрбиенің берері мол», – деп атап көрсеткеніндей, ұлттық тағылымды балаға берілер өмірлік тәжірибе мен білім көзіне айналдыра білсек нұр үстіне нұр болар еді.

Ұлттық болмыс, ең алдымен, М.Жұмабаевтың: «Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті» деп айтып өткеніндей, дала ұланының табиғатты түйсінуінен басталмақ. Табиғатты түйсіну – дала перзенттері үшін басты орында тұратын нағыз

өмір құндылықтарын таныта білетін бабалар мектебі. Ата-бабаларымыз көктегі шырақтардың да сырын аңдап, жердің жерұйық пен жәннатын талғап, жазығына жүйрігін сайлап, аптап ыстығына қайнап, суығына шыңға суарылған болаттай жүзін қайрай білген ғой. «Күнәң жоқ болса, күнді болжа» дейтін ата-бабаларымыз ауа райын болжау мен аспан денелерінің ауысу есебін ертеден-ақ меңгерген. Жаз есебін күн мен түн теңелген жаңа тоғыстан, қыс есебін күн мен түн теңелген екінші тоғыс мизамнан бастайтын есепшілер түрлі әдіс-тәсілдермен бұдан арғы жыл мезгілдерінің қалай болатынын малдың мінезіне, күннің шығуына, онан соң наурыз қары мен Шолпан жұлдызының тууына, мизам күнгі малдардың (мизам күні түйе жайлы ұйықтаса қыс жайлы, мазасызданып шықса жайсыз қыс болады, жұт болатын жылы қойлар өрістен аузына бір-бір шөп тістеп қайтады т.б.) мінезіне т.т. болжам жасап, дәл айта білген. Осындай біліктілік пен дәлдік жұттан сақтандырып отырғанын Ы.Алтынсарин өз шығармаларында да айтып кеткен.

Жер-Ана деп аялап, қастерлеген перзенттеріне туған өлкесі де өз сырын ашып, малына өріс, жанына қоныс, жаугершілікте шалғынын төсеніш, жараланғанда бұтасын таяныш етіп, өзі үшін мерт болған ерлерін мәңгілік бесігіне бөлеп отырған. Адасқан жолаушыға түнгі аспан Темірқазығын жағып белгі берген, ол жұлдызды бетке алған жан еш адаспаған.

Сонымен қатар, халықарасында көмескіленіп баражатқан «жеті амал» деген ұғым бар. Х.Әбішев оны былай көрсеткен екен: «Жеті амал. Күннің тоқырауы, қарашаның қайтуы, Үркердің батуы,

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

мұздың қатуы, киіктің матауы, айдың тоғамы, қыс тоқсанының кіруі». Енді осы ұғымдарға тоқтала отырып, халқымыздың табиғат сырын ашуға ұмтылған түсініктерін астрономия, география, физика т.б. пәндерімен байланыстыра қарар болсақ, ұлт тағылымының құр пайым ғана емес, пәндік негізі бар ілім екенін көреміз. Тағы да басқа көптеген халық күнтізбесіне қатысты деректер тілді өзге пәндермен байланыстыруға

мың сан мүмкіндіктер туғызары даусыз. Олай болса, тұлғаның текті де азаматтық болмысын сомдайтын іс-шаралардың туған жердің тынысы мен атамекеннің арда келбетін тануынан басталады. Ешқашан қайталанбайтын ұлттық бірегей қасиеттерді бойға сіңірумен ерекшеленбек. Бұл орайда ойымызды жинақтар болсақ, мұғалімдерге аса таныс төмендегідей жұмыс бағыттарын жүзеге асырамыз сөзсіз.

Тұлға бойында ұлттық болмыс қалыптастыру – оның бала күннен ана сүтімен, ата тәрбиесімен жан-дүниесіне егілген <i>елдік рух, ұлттық кемел, сана баспалдақтары – мүшел жас, табиғатпен қарым-қатынас, тарихпен сырласу, шежіреге тереңдеу т.б. жұмыс бағыттарын тереңдету</i>				
<i>Сынып сағаттары</i>	<i>Әңгіме-сұхбаттар</i>	<i>Кездесулер, «дөңгелек үстел» талқылаулары</i>	<i>Танымдық конференциялар</i>	<i>Дарынды оқушы ізденістері бойынша шығармашылық сағаттары</i>

Мәселен, мүшел жастың тұлғаның қалыптасуындағы танымдық деңгейлері ретінде тануы ұлтымыздың он үшке дейінгі, он үштен кейінгі бала болмысына айрықша қарауы, жиырма бесті асқақтатып, отыздың белестерін шыңдалу, қырықтың белдерін кемелдену тұтқасы, алпыстың шыңдарын ақыл берер даналық кенересі деп, онан кейінгі жылдарды – парасаттың пырағына мінетін даралық тұғырлары деп түйіндейтін ой иірімдерінен айқын байқалады.

Мүшел жасқа байланысты сынып сағаттарын өткізу мұғалімдер практикасында кездесіп жатады. Көркемдігі мен сан қырын көрсету сын көтермей жататын тұстар да кездеседі. Бағытбағдар беріп, тәжірибемізбен алмасу мақсатында осы тұста өзіміз өткізген «Он үшке келді еркеңіз» атты сынып сағатының өткізілу барысын бере кетсек. Сынып сағаты бес бөлімге негізделді.

I бөлім. «Алтын көмбе» бөлімінде ой тудыру мақсатында «Мүшел жас – ақыл мен даналық аялдамалары» тақырыбында ой толғауға мүмкіндік тудыру. Төменде ұсынылған мүшел жас кезеңдеріне байланысты ойларын топтарға бөліне отырып, (жазбаша, ауызша) ортаға салады.

Ұстаз сөзі:

Ұлттық келбетімізді танытатын халқымыздың психологиялық тағылымдарының бірі – мүшел жас.

Қазақ халқында бірінші мүшел он үш жас болып есептеледі. Мүшелдің он екі жылдық жыл қайыруға да байланысты екені белгілі. Сондықтан он екі санын қосып мүшел жас кезеңдерін тез есептеуге болады.

Бастапқы мүшел кезеңінде ойын баласы есейіп, өмірдің жұмбақтарына ойлы көзбен қарай бастайды. Қазақ тарихында он үш жасында өткір сөз, ұшқыр ойымен танылған тұлғалар аз емес. Міне, сен де осы кезеңде тұрсын, олай болса төмендегі мүшел кезеңдерімен таныса отырып, есею кезеңіндегі жүрек толқыны – ойларыңмен бөлісе отырсаң.

1-мүшел – 13 жас (ер жете бастау)

2-мүшел – 25 жас (жігіттік жас)

3-мүшел – 37 жас (ақыл тоқтау)

4-мүшел – 49 жас (орта жас)

5-мүшел – 61 жас (орта жас)

6-мүшел – 73 жас (қарттық)

7-мүшел – 85 жас (кәрілік)

8-мүшел – 97 жас (кемел кезең)

9-мүшел – 109 жас (көкірегі хат)

10-мүшел – 121 жас (ойлы кемер кезеңі)

Оқушылар пікірінен үзінділер:

Ата-баба дәстүрі бойынша он үштегі ұланның отау иесі аталуы оған деген жауапкершіліктің салмағын сездіруден туған болар, бәлкім? Жаугершілік заман ағымы мәжбүр еткендіктен бабаларымыз ұрпақ жалғастығы мен елдің жүгін көтерер ерді

тәрбиелеу жұмысын көздеген болар? Ал қазіргі кезеңде ата-аналарымыз он үштегі баласын бес жастағы баладай тәттімен қызықтырып, қолынан жетелеп жүреді. Егер менің әкем құсап ақылдасып, кеңесіп: «Сен менің ертеңгі үмітім мен жауапкершілікті көтерер жалғасымсың, кезі келгенде отбасының салмағын көтерер азамат боласың», – деп, салықалы ой тастап отырса, есеп берер есею кезеңінде тұрғанын естілікпен сезінуге жағдай тудырғаны болар еді-ау?!

Әнуар.

Ата-анам менімен көп ақылдаса бермейді. Мен де білгенімді айтпақ болсам, олар күлгенде ыңғайсызданып қаламын. Әлі баласың, уақыты келер деп қояды. Мен он үште ұрпағына салмақ артып, сенім білдірген бабаларымыз демократ жандар екен деп сүйсініп отырмын.

Самат.

Ал мен «жиырма бес – жігіттік жас» дегенге таңданып қалдым. Айтылмай қалған қыздарға тиесілі ой қандай? Осыған қарап, бұл мүшел жас ұлдарға байланысты айтылған екен-ау деген ойға келдім. Ал осы кезде қыздарда жайнап жүретін кез емес пе? Сырғалары жалт-жұлт етіп, күлкісі жүзін жайнатып жүретін апайыма қызыға қарап: «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» деген әнді еріксіз ыңылдаймын.

Жайна.

Он үште шындығында ой өзгерісін, жауапкершілікті сезінесің. Анам маған: «Сен мен жұмыста жүргенде кішілерге қамқор бол, қарындары ашып, жайлары болмай қалмасын», – дейді. Оның сенімін ақтағым келіп тырысамын. Кіші інім тынымсыз. Үйде еңбектеп жүріп ұстаған нәрсесін аузына салып жібереді, алам деген затын алғанша жылайды. Анам оның маған ұқсайтынын ескерткен, демек мен анама қандайқиындықтудырғанымды сезінемін. Сосын маған әдемі сырға, моншақтар көбірек ұнайтын болғанын байқадым және кезіккенін жапсыра бермей, жарасымды болғанын қалаймын. Қазақы киім үлгілерін ұнатамын. Киім үлгілерін жасағым келіп, ізденіп жүрмін. Есею деген осы болар, сіздер қалай ойлайсыздар?

Ақтолқын.

II бөлім. «Он үшінде топ жарған» (үй тапсырмасы). Бұл жерде он үш жасында танылған батырлар, билер, өнер адамдары туралы жинақталған материалдармен жұмыс жасалынады. Берілген тапсырма бойынша билер туралы материал

жинақтап келген оқушылар бір топқа, батырлар жайлы жинағандар екінші топқа, өнер адамдары жайлы деректер жинақтағандар үшінші топқа біріктіріледі де, олардың тұлғалық келбетіне талдау жасау үшін бағыт-бағдар беріледі.

1. Сендер таңдаған кейіпкер он үш жасында қалай ерекшеленіп көзге түскен?

2. Оның елді мойындатқан әрекетін қойылым түрінде көрсетіп, өздерінді қандай қасиеттерімен тәңті еткенін топтау тәсілімен көрсетіп өтіңдер.

3. Кейіпкердің осылай танылуына қандай жағдай әсер етті деп ойлайсыңдар?

4. Осы жайдың неліктен тап он үш жаста орын алуы мүмкін, бәлкім, ол кездейсоқтық болар?

5. Өздерің он үште осындай топты жаратын әрекетпен таныла аламын деп ойлайсыңдар ма?

Тапсырма алған топтар бірі осы жасында жарқ етіп танылған тұлғаларды, қол бастаған батырлар мен он үште домбыра алып топ жарған саңлақтар туралы айтып өтеді. Топ жұмысы қойылым, ауызша журнал, интерактивті тақтада көрсетілер слайд-шоу т.б. түрде де назарға ұсынылады.

III бөлім. «Ал мен бір мақал айтайын». Оқушыларға белгілі бір оқиға суреттеліп, балалардың осы оқиғаға байланысты дәл, мағыналы, мәнді мақал айтуына мүмкіндік беріледі.

Атақты батыр әрі шешен Шақшақұлы Жәнібек Төле биден ақыл сұрай келіп:

– Түзу мылтық, ұшқыр құс, жүйрік ит, мақтаншақ жігіт, ұрыншақ ат жидым. Бозбала болып ерлік қылайын ба, үлгі алып билік қылайын ба? Елінде кәрің болса, жазулы тұрған хатың, жайнаған көңіліннің алдында төбе болса, ерттеулі атың деуші еді, ақыл сұрай келдім, – дейді. Сонда Төле би:

– Өгізді өрге салма – қанатың талар, наданға көзіңді салма – сағың сынар. Досыңа өтірік айтпа – сенімің кетер, дұшпаныңа сырыңды айтпа – түбіңе жетер. Жал-құйрығы қаба деп жабыдан айғыр салма – жаугершілік болғанда, жағдайлап мінер ат тумас. Жақыным деп жаманның малы үшін жақсының жағасынан алма – өрісің тарылар. Қару жисаң мылтық жи: жаяу жүрсең таяқ, қарның ашса – тамақ. Ит жүгіртіп, құс салсаң – әуейі боларсың. Мақтаншақ жігіт жисаң – ұятқа қалдырар. Ұрыншақ ат жаз жарға жығар, қыс қарға жығар. Тұмау түбі құрт болар, тұман түбі

жұт болар, ақылдың түбі құт болар. Елге бай құт емес, би – құт. Қабырғадан қар жауса – атан мен нарға күш, ел шетіне жау келсе – қабырғалы биге күш. Қарап отырғаниша, бір нәрсеге жарап отыр, кәсіп болмай нәсіп болмас, – деген екен («Ел аузынан» кітабынан).

Оқушылар оқиғаны талдай отырып, өзіне ұнаған ой желісіне орай мақалдар (*Досыңа өтірік айтпа – «өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам», дұшпаныңа сырыңды айтпа – түбіңе жетер – «жау жоқ деме, жар астында»*) айтып өтеді.

ІУ бөлім. «Он үште бір ой айтсам». Оқушы өз қалауымен (туған жер, ерлік т.с.с.) бір тақырыпты тандап, соған байланысты қысқаша ой түйіндеп, қара сөзбен де, өлең сөзбен де айтуға қақылы.

Елім туралы айтсам деп едім. Қазақ болып туғанымға мақтанамын. Иә, мен – қазақпын! Қазақта дана Бұқар, отты көмей Махамбет бар, ғылым-білімнің шежіресін шерткен Ыбырай мен Шоқан, сезімнің жырын өрген Абай мен Шәкәрім, жүз жылды еңсерген жырау Жамбыл бар.

Қазақ әлемінде күш атасы Қажымұқан, әлемді таңқалдырған күміс көмей әншілер – Әміре, Күләш, Розалар – бір-бір шың.

Қазақтың азат, сауатты ел болуы жолында барлық қабілет-қарымын жұмсаған зиялы қауым жұлдыздар шоғыры іспетті.

Қазақта қазақтың намыс найзағайы – Бауыржан, желтоқсанның жебелері – Қайрат, Ербол, Ләззаттар бар.

Қазақ – ғарышқа қос батырын – Тоқтары мен Талғатын – ұшырған мәртебелі ел.

Қазақ – егемендігіналып, тұңғыш Президенті, Нұрсұлтан Назарбаевтай көшбасшысымен жаңа ғасырға батыл қадам басқан халық.

Мен – қазақпын! Менің елім – Қазақстан!

Бақтыбек.

*Досым, неткен бақыттымыз,
Туған елдің жақұттымыз.
Көгімізде – бейбіт аспан,
Барлық ұлтқа құшақ ашқан.*

Гүлнар.

*Достықты ту ғып көтеріп,
Ауылдың әнін шырқа сен.
Балалық шақта еркеле
Бабалар жүрген қырда сен.
Он үште елге танылып,
Болармыз, бәлкім, ертең ер.
Болашаққа ой жүгірт,
Бүгінгі жүрген еркелер.*

Бауыржан.

У бөлім. «Мәлт еткен сырмен бөлісsem». Бүгінгі тәрбие сағатының өткізілуі барысында түйген ойларын жазып, ойларын ортаға салады. Міне, осылай әр сабақта баланың ұшқыр ойын тербетіп, тебіреніске жетелеп отырсақ, шығармашылықтың өріс алуына бағдар берер едік.

Ал, ұлттық экономика туралы сөз қозғар болсақ, кеше мен бүгіннің ара жігін жақындатып, бала болмысына ана сүтімен сіңген кәсіп пен өмірден терер нәсіпті бағдарлауына бағыт берер ұстаз жауапкершілігі арта түсері сөзсіз. Тарих тағылымдары – халқымыздың ғұмыр-парағы. Әр жердің табиғи ерекшелігіне қатысты қалыптасқан кәсіптің қыр-сырына жетелер дерек, мәліметтер (таңбалы тастар деректері, фольклор мен халық поэзиясы, ғалымдар мен даналар қалдырған бағасыз асыл мұралар т.б.) тұтас бір ғылымға негіз болары сөзсіз. Тереңіне үңілген жанға таусылмас теңіздейін ғаламат!

Қазақ баласының бүгінгі экономикалық кеңістікте еркін әрекет жасар тұлға болып қалыптасуы үшін де ұлттық құндылықтардың алар орны мен мән-маңызы ерекше болмақ. Бәсекелестікке барынша бейім тұлға жеңісті де жемісті нәтижеге жеткізетін ұлттық ерекшелікті сақтай білуі мен оның қарсыластікінен басым екендігіне көз жеткізуі қажет. Уақыт талабына сай қазіргі заманда бәсекелестік адамның санасы мен түйсігіне ауысқан, ғаламдастыру үдерісі шекараларды жоғалтуға барынша тырысып бағып отырған тұста, елдік белгісін танытар қазақы құндылықтар әлемдік аренада жарқ еткізер мүмкіндіктерге жол беретінін, оны ұтымды да тиімді пайдалану қажеттілігін мойындауымыз керек. Салт-дәстүрінен, мәдениетінен айрылған ел басқаның жетегінде кетеді, тәуелсіз ойлаудан қалады. Ел брендінің қызметі де осы бағытта атқарылуы тиіс. Салтымызды бүкіл қазақ болып жаңғыртуға атсалысып жатырмыз, алайда бұл жеткіліксіз, оны әлемдік деңгейге жеткізу қажет. Ұлттық дәстүрлерді, ұлттық өнер мен ұлт спортын таныстыру орыс және ағылшын тілінде де жүруі тиіс. Ешкімнен ұялмай, жасқанбай көрсете алатындай мәдениетіміз бар екен, оны басқалар да білуі тиіс.

Жас қаламгер Е.Әзімшайық: «Жастарға арналған тауарлар маркетингі поп-мәдениетімен қатар жүреді, ал кей тауарлар классикалық мәдениет таратушысы ретінде қызмет атқарады.

Мысалға Моцарт бейнесін тарататын Mont Blanc қаламсабын алайық. Өз тауарларын өткізуде поп-мәдениеті мен субмәдениетті Nike, Tommy Hilfiger, Pepsi, басқа көптеген фирмалар қолдануда. Мәдени шараларға демеушілік көрсетуді көптеген компаниялар өзінің мәдениетті, филантроптық, интеллигентті және космополиттік ұйым ретіндегі статусын таратудағы ең тиімді құрал ретінде көреді. Сол себепті де рухани құндылықтарымызға аса көңіл бөлуіміз қажет, ел брендінің бағытын анықтап беретін де, оны насихаттауда басты рөлдердің бірін ойнайтын да солар.

...Еліміздің бейнесін қалыптастырудағы басты назар аударылуы тиіс бағыт – ата-баба мұрасы. Оны да дұрыс түсіне білу қажет, тарихи ескерткіштер де, ауыз әдебиеті де т.б. көптеген мұралар бұл ұғымға сәйкес келеді. Бірақ, бабаларымыздың бізге қалдырып кеткен басты мұрасы – салт-дәстүр. Кез-келген дәстүрдің халықсанасын қалыптастыруда атқаратын белгілі бір қызметі болады. Соған сәйкес құндылықтар жүйесі де реттеледі. Сол салт-дәстүрлер елдің ажырамас ерекшелігі, одан бас тарту өзіне-өзі ор қазумен тең. Бүкіл бір халықтың жоғалып кетпеуінің негізі де осы салт-дәстүрлерді ұстану, оның жоғалып кетпеуіне жол бермеу.

Мәселен, айтыс өнерін алып қарайық. Бұл өнер тек қазақ пен қырғызға ғана тән. Ал соны басқа елдердің білуі екіталай. Мағынасын түсіндіріп, дұрыс қырынан көрсете білсек, талайды таңдай қақтырамыз анық. Әлемнің талай елінде суырып салма ақынның болатынын естімеген де болар. Бұған аздап ұқсайтыны – рэп окитындардың сайысы ғана, алайда оның айтыстың маңына да жоламайтынын бәрі де білуі тиіс. Алайда бұл тек қазақ тілінде басқа елдер сөйлей бастағанда ғана іске асатын шығар. Ал әзірше айтысты ең алдымен иісі қазақтың бәрі ұғынуға тиіс. Мен бұл жерде қазақ дегенде оған барлық қазақстандықты жатқызып отырмын. Алғашқы белес осы болмақ» дегені де жастардың ой-санасында ұрпақ тәрбиесіне қатысты жаңа ізденістер бар екендігін көлденең

тартады және оның жаңа бренд ұғымымен қарастырылып отырғаны да қуантады. Және осы еркін пікірі Елбасы Жолдауындағы «Жастар – біздің болашағымыздың негізі – өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктеріне қол жеткізеді» деген пікірінің айғағындай. Біз әлемдегі бәсекеге аса қабілетті елу елдің қатарына енуді мақсат тұтқан Қазақстанның келешегін даярлау ісінде негізгі басымдық ретінде халықтың дүниетанымы, мәдени және тарихи, өнер құндылықтарымен үйлестіре оқыту мен тәрбиелеуді қолға алғанда ғана еліміздің жаңа экономикалық өрлеу кезеңіндегі ұрпақ тәрбиесін жан-жақты, өрісті де негізді түрде жүзеге асырамыз сөзсіз.

Ұлттық құндылықтармен өрілген сезім – ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі. Елбасының үстіміздегі жылғы халыққа Жолдауында «Егер біз табысқа жеткіміз келсе, онда біздің әрқайсымыз мынадай қағидаттарды негізге алуға міндеттіміз:

Бірінші – бәрінен бұрын біздің Отанымыз, Тәуелсіз Қазақстан!

Екінші – мемлекет және әр азамат ел ішінде, сондай-ақ, оның сыртында қоғамдағы тұрақтылық пен қазақстандықтардың игілігіне кері әсерін тигізуі ықтимал кез келген қадамдардан бас тартуы тиіс.

Үшінші – экономикалық өрлеу – әркімнің ісі. Бұл – басым әлеуметтік мәселелерді шешудің, бүкіл қоғам мен әрбір қазақстандықтың берекеттілігінің кілті» деп атап көрсетуі де біздің өз пікірімізді жүйелеуімізде негізге алар ойбағдарымыз болмақ.

Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тағылым-тәрбиесі, ұлт тұлғаларының өмірі мен ерлік істерінің тарихы, нақыл өсиеттері – жас ұрпақ тәрбиесіне арқау болар алтын жылға. Тарихтың қойнауына еніп, елдің шежіресіне айналып, өз ауқымын кеңейтіп отырған құндылық қазыналарын жас ұрпақ еншісіне беріп, болашақтың бақытқа қол жеткізе алар батыл тұлғасын қалыптастыруда тәрбиенің тиімді бағыттарын бағамдай білейік, әріптестер!

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы воспитания личности в связи с национальными ценностями. Национальные ценности характеризуются как комплексный фактор развития человеческих ресурсов.

Summary

In given article it is considered questions of education of the person in connection with national values. National values it is characterised as the complex factor of development of human resources.

К.И.Құдабаева –
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Л.Н.Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университеті,
Астана қаласы

ЭТНОДИЗАЙН ӨНЕРІН ИГЕРТУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Қоғамның негізгі мәселелерінің бірі – болашақ дизайнерлер даярлау. Болашақ дизайнерлерді даярлау барысында халықтың ғасырлар бойы жинақталған сәндік-қолданбалы өнері мұрасын, этнодизайн ретінде оқу-тәрбие үдерісінде білімдік және тәрбиелік тәжірибесін тиімді пайдалану назарға алынып отыр.

Қазақстан Республикасының 2007 жыл 15-ші тамызындағы Білім туралы заңында «Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» [1],–делінген. Келешек ұрпақты әлемдік және ұлттық мәдениет деңгейіне көтеру, пластикалық және көлемді пластикалық өнерден этнодизайнер мамандарын саналы да, білімді етіп қалыптастыруда тиімді жағдайлар жасау, көбіне дизайнерге тікелей байланысты. Өткеннің тәжірибесін жастардың бойына дарыту, озық рухани дәстүрді жалғастыру арқылы ұрпақтар сабақтастығының үдерісі жүреді. Бұл үдеріссіз қоғамның өркениетті елдер деңгейіне жетуі мүмкін емес.

Дегенмен бүгінгі таңда жоғары оқу орындары білім берудің жаңа технологиясын енгізуді көздейді. Жоғары оқу орындарында рухани байлықты дамытуда және көркемдік білім берудің құндылығын арттыруда этнодизайн материалдарын пластикалық және көлемді пластикалық өнерде пайдаланудың теориялық және практикалық қажеттілігі туындаған. Студенттердің этнодизайн өнерінің заттары мен бұйымдарын, туындыларының қоғамды жаңаша дамытуда қажет құрал екендігін жете түсіне білмейді, оны бұрынғы артта қалушылық көзқарас деп қарауы қолөнеріміздің құндылығын кері тартады. Оған себеп не десек, этнодизайн материалдарын педагогикалық үдерістің негізінде игермегендігінде. Демек, дизайнерлерге этнодизайннан студенттерге білім беруде дұрыс көзқарасы болып, сауатты игерулері үшін педагогикалық үдерісте көлемді пластикалық өнер туындыларын ұсынамыз.

Атапайтқанда, қазақ халқының мәдени мұрасы арнайы пәндер циклінің В5042200 – «Дизайн» мамандығы бойынша типтік бағдарламасында “Этнодизайн негіздері” деп берілген. Бұлайша шектеумен келісуге болмайды. Сәндік-қолданбалы өнер XIX ғасырда өз алдына өнер түрі болып бекітілген, демек, біздіңше зергерлік, ағаш ою, оның топтарға бөлінуі “қолөнер түрлері” деп, ал ою-өрнек қолөнердің тірі және өлі табиғи зат формаларының өрнектелген әшекей сюжеті болып “ою-өрнек классификациясы” деп аталуы тиіс. Сәндік-қолданбалы өнерді бейнелеуге де, образдар жасауға да, тірі мозаика (шөпті, гүлді егіп) ою-өрнек құрастыруға да, компьютерді кеңінен қолдануға болатындығы, көркем өнер каллиграфиясын, киім-кешек дизайнын жасауға болатындығына көңіл бөлінбеуі, тек қана іс-әрекетпен шектелуге жол беріліп отыр. Сәндік-қолданбалы өнерді жеке пәндерде, мысалы, (ғылыми-практикалық конференция материалдарынан) геометрия сабағында киіз үйдің төбесін қиық конус деп сауатсыз тұрғыдан қолданып жүрген оқытушылар да бар. Студенттердің протодизайн, этнодизайн өнерін терең игеруі, көрнекілік ретінде қолдану, графикалық мәдениетті игеру, көрнекілікте жобалау, формаларды жобалауда (клаузура) студенттердің қабілетін, ерекшелігін ескере отырып жасай алу, қолөнер туындыларының мән-мағынасын, жасалу әдіс-амалын жете меңгеруі, барлық әдістемеліктерге дидактикалық материалдар ретінде пайдалану мүмкіндіктері келеді және тәрбие жұмыстарда кеңінен қолданыла алады. Барлық халықтар мәдениетімен таныс болу және өздік ерекшеліктерін айыра білу қажеттілігі туындайды. Демек, студенттер этнодизайн өнерін ғылыми тұрғыдан меңгерсе, онда олардың білім, білік, дағдылары қалыптастырылып, адамгершіліктік және жеке тұлғалық сапасы артып, шығармашылық қабілетіне орай креативте дамиды. Барлық пәндерге, көркем жобалау, құрастыру жұмыстарында этнодизайн материалдарын пайдалану студенттердің қабілеттері

кеңейіп, жеке тұлға ретінде кәсіби даярлықтарын арттырады.

Теория мен практикада этнодизайн өнерінің көркем туындыларын дизайнды оқыту үдерісінде пайдаланудағы қажеттілік өлшеусіз өсуде, дизайнерлерді даярлауда, оны ұтымды пайдаланудың теориясы мен әдістемесі өз деңгейінде жасалмай отыр. Жоғары оқу орындарында этнодизайн өнері дизайнерлерді даярлаудың қажеттілігі мен сәндік-қолданбалы өнерді дизайн өнері үдерісінде пайдалануды ғылыми тұрғыдан толық қарастырылмауы аралығында қарама-қайшылық туындаған. Осы қайшылықтарды ескере отырып, этнодизайн өнерін оқыту үдерісінде пайдалануға студенттердің даярлығын қамтамасыз ететін шарттарды белгілеу негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

Этнодизайн-футуризм ХХ ғасыр (1909-1920ж.ж.) басындағы өнер бағыты, әдебиет пен кескіндеме, мүсін мен сәулет, фотография, кино және театр, дизайн мен сәнді қамтыды. Негізгі идеясы түрлі өнер түрлерінен алынған, көркемөнердің мәнерлі тәсілі, әр халықтың ұлттықмәдениетімен байланысты болды. Мәдени мұраның бір саласы ретінде этнодизайн өнерін насихаттай отырып, оның одан әрі қоғамның сұранысына қарай жаңаша дамуына жол ашудағы ең басты мақсатқа тоқталатын болсақ. Ол – болашақ дизайнерлерге білім беруді дұрыс жолға қойып, сонымен қатар оқыту, тәрбиелеу, дамыту, адамгершіліктік-шығармашылық үдерістерді ескере отырып, студенттердің көркемдік мәдениетін қалыптастыруды және шығармашылық пен кеңістікте қиялдау қабілетін одан әрі креативті дамытуға бейімдеу. Міндеттері: студенттерге, яғни болашақ дизайнерлерге көлемді пластикалық өнерді мақсатты қабылдап, түйсіну дағдысын, этнодизайн туралы өз көзқарасын, пікірін айта білу, оның мәнерлі тілін түсініп, қолөнер түрін дәріптеушілердің жасаған туындыларын талдай білуге, сонымен қатар студенттердің оған деген дұрыс және негізгі баға беруге жетелеу дағдысын іске асыру, қоғамды жаңаша өзгерту жұмыстарында пайдалану. Тірек жобалармен білім беру – алған білімді көзбен көріп тұжырым жасап отыруда пайдалы.

Қазақтың материалдық мәдениетінің негізгі сәндік-қолданбалы өнерден басталады. Онда пластикалық және көлемді пластикалық өнер мәдениеті графикалық сауаттылықта көрініс

береді. Болашақ ұрпаққа материалдық мәдени мұрадан білім беріп, білігін қалыптастырудың жаңаша жолдарын іздестірудеміз. Соның бірі сәндік-қолданбалы өнер тарихы мен әдістемесінің қомақты үлесін алып тұратын оның теориялық мазмұнын дайындау қажет болып табылады. Оның бір бөлігі лекциялар болса, біз соның әдістемесін мамандыққа байланысты жасауды көздедік. Оны қысқаша мақалада ұсынып отырмыз. Мысалы, сәндік-қолданбалы өнер материалдарын қолөнершілер зияткерлікте эмоционалды қабылдап және рационалды шешімін тауып жасады. Олардың білімі мен іскерліктерінің жоғары дәрежеде екенін заттардан көруге болады. Заттарды сәнділік пішінге келтірілген, халықтың өзіне тән ерекше қасиетінің образды бейнесі немесе формасы деп түсінуге болады. Студенттерге қолөнер туралы сөзбен айтып, заттарды талдатамыз. Зат немесе форманың қалайша көрнектеліп, безендірілгенін анықтап аламыз. Студенттердің өздерінен келесі басқа қолөнер туындысын көрсетіп, қолма-қол талдатамыз. Олардың көбісін түсінбеген жағдайда тағы да өздерінен сұрап, соңында оқытушы тағы да қорытынды жасауы керек. Әрбір затты осы жүйеде талдағанда, адам жадында небір әсерлер қалып, қайткен күнде ол затты танып, білмей қоймайды. Көркем зат, бейне, образ талапты адамның шабытынан туындайды. «Шабыт» дейді психологтар, өнер адамдарында ғана емес, эстетикалық тұрғыдан дамыған адамда да болады деген [2] тұжырымға келген. Мағжан Жұмабаевтың «Бір затты зерттеп алу үшін сол заттан адам жанында көп әсерлену болу шарт, сонымен қатар адамға не нәрсе үйретсек те көрсетіп үйрету керек» [3], – деген тұжырымына сүйене отырып оқыту керек. Демек, біз тірек сызбаларға сүйеніп оқытамыз. Сонымен қатар, ауызша айтқызып, жаздырып, зерттеу жұмыстарын береміз. Қолөнер түрін дәріптеушілер заттық формаларды тіршілікке және көрнектігін ескере отырып зат жасаса, ал көрермен сәндік-қолданбалы өнерді бірден зат туындысы ретінде қабылдайды. Қолөнер дәріптеушілердің затты жасаудағы бірінші бағыты – көркем шығармашылық, яғни сәндік-қолданбалы өнердің композициясы және оның компоненттерін жатқызады. Композиция – бейнелеу өнеріндегі көркемдеудің негізгі құралы болып табылады. Қолөнершілер сұлулық пен үйлесімділік заңдылығына сүйене отырып, ту-

ындыларын үш негізде – қолөнер түрін, композициясын, қабылдануын жасайды. Оны барлық қолөнер туындыларынан байқауға болады. Композиция мынадай компоненттерден тұрады: ішкі және сыртқы форма, әрқашан қатаң сақтауды қажет ететін заңы; ұтымды мәнерлеу тәсілі; эмоционалды эстетикалық сапа. Этнодизайн өнерінің композициялық формаларын оқыту әдістемесі. Композицияның ішкі формасын заңы, тәсілдері, эстетикалық сапасы. Композицияның сыртқы формасын пішіні, материалдары, фактурасы, техникалық әдіс-тәсілдері [кестелеу, тоқу, тегіс жағыстар, бұдырлау, шеку т.б.]. Әрбір қолөнер түрлерінің өзіне тән ерекшеліктері бар. Олар қолөнер түрлері немесе жанрлар деп аталады. Сонымен, тіршілік өнері мен көркемдеу өнер түрлерін бөліп қарастырамыз. Әрқайсысына жеке тоқталсақ, оны игеру оңай болады. Студенттердің алған теориялық білімін тірек жобалармен бекітіп отырамыз. XIX ғасырдың ортасына қарай қолөнер шеберлері тұрмыстық заттар жасаған, ал ауылшаруашылық шеберлер тіршілікке керекті заттарды жасаған. Сондықтан олар екіге бөлініп кетті. Өйткені, белгілі кәсіби мамандар пайда болды. Әрбір маман белгілі бір қолөнер түрінде жұмыс жасаған. Қолөнер туындысын өз алдына түрлерге бөліп оқыту ұтымды. Мұнда қысқаша бағыт беру мақсатымен әрбір қолөнер түрлеріне тоқталып кетуді жөн көрдік. Қолөнер түрлеріне лекция сабақтарда қысқаша шолу жасаймыз. Мұнда да біз тарихшы-этнографтардың қолөнер мәні, жасау технологиясы мен мағынасы жайлы атап кеткен анықтамаларын басшылыққа ала отырып, қысқаша баяндап кетеміз. Мысалы, әр қолөнер түрлеріне тоқталатын болсақ, *темір өңдеу*. Темір өңдейтін адамды ұста деп атайды. Темір өңдеудің екі тәсілі бар: ыстықтай және суықтай өңдеу. Қолөнерші ұстаның құрал-саймандарына төс, күрек, балға, шеге саймандары [5] жатады. Олар қарапайым ауылшаруашылық соқаларды құйды. Өндіріс саймандарынан басқа соғыс қару-жарақтарын: қанжар, қылыш, семсер, айбалта, найза, жебе, сүңгілер соғып шығарды. Сонымен қатар, ауыл және тұрмыстық заттарды жасаған. Мысалы: ат, түйе әбзелдерін, адалбақандар, үш аяқты дөңгелек темір ошақ, көсеу, қалақ т.б. соғып құйып жасаған. Бір тайдың еті толығымен сыятын тайқазан жасаған. Теміршінің өндіріс саймандары: көрік, төс, балта, қысқыш, кескіш, тескіш, тістеуік, егеу т.б. болды.

Бүгінгі таңда дизайнда темірді өңдеп, безендіріп кіші формаларды жасауда кеңінен қолданылады. Кіші формаларға даладағы орындықтар, шамдар, қоршаулар тағы басқа заттар жатады.

Ағаш өңдеу. Орман тоғайлы жерлерді мекен еткен қазақтар ішінде ағаш қолөнері өріс алған, оларды ағаш шеберлері деп атаған. Ағаш шеберлері киіз үйдің сүйегін, оның құрама бөлшектерін, тұрмыстық заттар, ерлер т.б. жасаған. Бүгінде өндірістік дизайнда қолданыс тапқан. Интерьерді безендіреді. Өндірістік дизайнда көбіне жүн өңдеумен, одан тұрмыстық заттар жасаумен байланысады. Мысалы, қойдың жүнінен шидем, түйенің жүнінен шекпен тоқылады. Қылшықты жүндерден бау, басқұр, қап тоқылады. Қылдан арқан, жіп тоқылады. Киіз басу, текемет, сырмақ жасауға қой жүні кәдеге асады. Тері және былғары өңдеу өндірістік дизайнмен тығыз байланысты. Қазақ теріні қолдан илеген, жаңа сойылып алынған теріні жүнін ішіне қарата дегдітіп, ұн аралас ащы айранмен сылайды. Өңін айналдырып екі-үш орап қояды да, жуып тұзды суға салады. Осындай жағдайда ұстағаннан кейін, қайтадан кептіріп, иіне ұн сеуіп пышақпен қырлап, дайын теріні әр түрлі шөппен, өсімдік тамырынан алынған шымқай сары, қызыл күрең, сарғылт түстерге бояған. Қой терілерін томар бояу немесе қаратал қабығының қайнатындысымен бояған. Ұсақ мал қозы, лақ т.б. терілерінен, тон, шалбар, жарғақ киім, тақыр шалбар жасалған. Ірі қара терілері иленіп, кебіс, мәсі, саптама етіктер тігілді. Торсық, саба, көнек істелді. Айыл, тұрман, қайыс, қамшы өрілді. Аң терілерінен тымақ, ішкі киімдер тігілді. Теріні илеп қайыс жасаған. Қайыстан ат әбзелдерін жасаған. Қамыттың құлақ бауы, айыл, жүген, тізгін, шылбыр, қанжыға, бау, қамшы, божы, тұсамыс, шідер, ноқта. Аяқ киімдердің ұлтанын жасаған. Тері илеуді кәсіп деп атайды. Теріден көнек, қаз мойын (домалақ кеуделі ұзын мойын ыдыс), кеукерін (құман тәрізді торсық, былғары тоқым), ер тоқымның астына салатын нәрсе жасаған. Теріге ою-өрнек әшекей сюжеттері, батырмалы (батырылып) немесе қаяу (киюластырып тігу) техникалық тәсілдері жатады.

Тас өңдеу. Тас өңдейтіндерді тас шеберлері деп атайды. Техникалық тәсілі – тасты қашап жасау. Қазақтарда жұмсақ тастан өте сәнді және күрделі ескерткіштер қою дәстүрі болған. Атап

айтатын болсақ, ескерткіш түрлері: құлпытас, қойтас, санды тас т.б. жатады. Жоғарыда айтылған мәселелерді қорыта келе келесідей ұсыныстар жасауға болады. Халықтың ғасырлар бойы жинақталған сәндік-қолданбалы өнері мұрасын, этнодизайн ретінде оқу-тәрбие үдерісінде білімдік және тәрбиелік тәжірибесін тиімді пайдалану; Этнодизайнды әлемдік және ұлттық мәдениет деңгейіне көтеру; Үйдің жаңаша заманға сай стильдігі, эскиздігі көрінісін және

концепциясын құру; Киіз үйдің интерьерінде қабырға мен жерге төселетін заттардың безендіру элементтерін жапсырма қағаздар мен едендерде немесе төсеніштерде қолдану тәсілдерін іздестіру. Дизайнерлер ауылда өздерінің бизнес орталықтарын ашып, этнодизайн материалдарын қолданысқа айналдырса. Мысалы, дизайн материалдарына қойдың терісі, тұяғы, мүйізі т.б. өңделіп, пайдаланылуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:


1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – 2007 жыл, 15 тамыз.
2. Искусство в нашей жизни «Знания» серия // педагогики № 2, 1988. – С. 4-30.
3. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 69 б.
4. Аргынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, 1987. – 128 б.

Резюме

В статье раскрывается проблема формирования культуры профессионального мышления будущего дизайнера, как высшего показателя его профессиональной готовности в условиях современного общества. Анализ практики в современных условиях показывает, что в настоящее время большая часть дизайнеров проявляет стремление к освоению прогрессивных технологий, созданию авторских разработок, концепций дизайнера, введению инноваций, обобщению передового дизайнерского опыта.

Summary

This article is revealed problem of formation cultures of professional thinking of decentness, as a example of its professional readiness in condition of modern societies. Analysis of practice in modern conditions show that, nom the most part of designers show the striving for master of progressives technologies to create of author working out, designs conceptions, to introduce innovations, and generalization of advanced design experience. Evidently, that the developed situation shows in qrowthinq role of arts sciences and techniques and their influences of social problems of society.



С.Қ.Әбілдина –
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Е.А.Букетов атындағы ҚарМУ

ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кез келген халық өзінің қайта өрлеуінде ежелгі ата-бабаларының өміріне, тұрмыс-тіршілігіне көз жүгіртіп, ойлары мен идеяларын ұғынуға тырысатыны айғақ. Өткеннің рухани мұраларын оқып үйрену адамзат мәдениетінің шексіздігі мен бірлігін сезіну мен ұғынуға, адамзат тарихының ғасырлар бойы жасаған іргелі құндылықтарының маңызын түсінуге себепші болады.

XX ғасырдың аяғында әлемдік білім беру жүйесінде ұлттық білім беру жүйелерінің интеграциясы негізінде тарихи-педагогикалық мұраларды жаһандандыру тенденциялары қарастырыла бастады. Жалпыадамзаттық құндылықтар – ұлттық дәстүр, мәдениет, тәрбиелік-білімдік жүйелердің өзара әрекеті мен сан түрлілігінде дамиды және молығады.

«Тарихымызды білмей тұрып алға жылжудың қиын екені белгілі. Сондықтан бүгін де өткенімізді ой елегінен өткізіп, барымызды екшеп, жоғымызды іздеп жатқан жайымыз бар», - деген белгілі академик ғалым М.Қ.Қозыбаев [1]. Олай дейтініміз, бүгінгі таңда этномәдени білім беруді нәтижелі жүзеге асыру үшін ел тарихында қалыптасқан игілікті тәжірибелерді ой елегінен өткізіп, қорыту және оның даму тенденцияларын айқындау кезек күттірмейтін мәселе. Сонымен, Қазақстандағы этномәдени білім беру идеяларының, теориясы мен практикасының қалыптасуы мен даму тарихын зерделеудің көкейкестілігі арта түсуде.

Қандай ғылым болмасын адамзаттың ақыл-ойымен өмірден, іс-тәжірибеден туындайтыны аян. Адам өмірімен тікелей байланысты тәлім-тәрбиелік тұжырымдамалар халық тәжірибесі мен ғылыми ойдың ажырамас туындысы. Сондықтан да педагогика-әр халықтың адамды ізгі тәжірибемен ғылым негізінде тәрбиелеу туралы ілім. Ал, халықтық тәлім-тәрбиесі әр ұлттың ғасырдан-ғасырға жалғасқан тәлім-тәрбиелік мұрасы. Сондықтан да этнопедагогиканың негізгі, нәр беретін тамыры болмақ.

Әр халықтың мәдениетін, сан ғасырлық

тәрбие, тәжірибесін, педагогикалық ойларының дамып, қалыптасуын оның өмірінің әлеуметтік-тарихи және мәдениеттанушылық контекстінде қарастырмайынша мүлдем түсініксіз болар еді. Бұл тұжырымның біздің қазақ халқының этномәдениетінің зерттелуіне де қатысы бар.

Қоғамдық өмірдің тарихи-әлеуметтік тұрғыдан дамып, жетілуімен қатар біздің ата-бабаларымыздың осы кезеңдердің өзінде-ақ, дәстүрлі ұрпақ тәрбиелеудегі мәдениетінің түпкі негізі барынша қалыптасып, тәрбие мәнінің атадан балаға өмір сүрудегі жинақталған әлеуметтік тәжірибесінің үйретіліп, берілуімен айқындалғанын және ол кездегі ұрпақ тәрбиесінің адамның тіршілік ету көзі қол еңбегіне негізделгендігін аңғаруға мүмкіндік береді. Ал, тіршілік көзі еңбек құралдарының болуымен бірге жоғарыда аталған бейнелеу өнерінің дамуы арғы ата-бабаларымыздың бүгінгі ұлттық дүниетаным өресінің тереңдігін, кеңдігін, өмірдегі, өнердегі сұлулықты қабылдап, бағалай білгендігін, әрі оны ұрпақ сабақтастығы мен тәрбиесінің құралы ретінде пайдалана білгендіктерінің айқын дәлелі. Табиғи материалдарды, шаруашылық көздерінен алынған шикізаттарды өңдеп тұрмысқа қажетті заттарды жасап пайдаланулары, үй ішілік ұлттық колөнердің де, шаруашылық кәсіп түрлерінің де дамуы халықтың әлеуметтік-қоғамдық мәдениетінің өркендеу жағдайын айғақтайды. Жоғарыдағы талдаулар мен нақты ғылымдағы деректер сол дәуірдің қоғамдық құрылысына тән адамдар арасындағы қарым-қатынастың, отбасылық байланыстардың, үздіксіз ұрпақ тәрбиесінің жүзеге асып отырғандығының дәлелі. Халықтық педагогикамыздағы адамгершілік, ақыл-ой мен ұлттық дүниетаным, еңбек, экономикалық, экологиялық, эстетикалық тәрбие бастауларының осы ежелгі заман дәуірінен табылатындығы да ешқандай дау туғызбайтын тұжырым.

Қазақтардың өзіндік ерекшелігі мен болмыс сипаты, елді басқару формалары, экономикалық

жүйесі, рухани қажеттілігін қанағаттанарлық өнері, заңдары мен мінез-құлық кодекстері болды. Ұзақ дәуірлер бойы жазба мәдениеті мардымсыз дамыған қазақтардың ауызекі шығармашылық дәстүрі күшті дамып қалыптасты. Әсіресе, жас ұрпақты тәрбиелейтін үгіт-насихат жырлары, мақал-мәтелдері қандай мол, әрі мағынасы тереңде жатты. Бұлар тек құрғақ кеңестер емес, нәрлі де мазмұнды ғибраттар болды, олар құқықтық нормалар мен моральдық, саяси, мінез-құлық және т.б. тәртіптерді де өз мазмұнының құрамында жан-жақты қамтыды.

Түркі тілдес халықтардың этномәдени білім беретін рухани мұраларының қомақтысы **Жүсіп Баласағұнның «Құтты (Құтадғу) білік» еңбегі** (XI ғ.). Оның шығармасы – бақытқа жету ғылымы – әділет, дәулет, парасат, қанағат сияқты төрт қасиет иесі арасындағы диалогқа құрылады. Түркі тілінде жазылған. Түркі тектес халықтарға ортақ ескерткіш болғанымен, қазақ халқының рухани мұрасына тікелей қатысы бар. Жазылу стилі жағынан араб-парсы поэзиясымен, Фирдаусидің «Шахнамасымен» үндес [2].

Ж.Баласағұнның экономикалық мәдениет туралы көзқарасын сөз еткенде, оның белді буыны – еңбек мәселесі. Еңбек арқылы ғана экономикалық ілгерілеу болатыны айқын. Ғұламаның дастанда тұжырымдалған негізгі ой-пікірлері еңбектің тіршілік көзі екендігіне әкеліп саяды.

Экономикалық дамудың негізгі арқауы ғылым мен білім екендігі көпшілікке аян. Көп ғалымдар мен практиктер ғылымды негізгі өндіргіш ретінде санайды. Бүгінгі адамзат баласының жеткен өрісі ғылымның арқасында болып отыр. Ж.Баласағұн сол кездің өзінде-ақ отандастарын зерделі білім алуға, ғылымды меңгеруге шақырған және үндеген. Білімді Ж.Баласағұн өз халқын экономикалық мешеуліктен құтқару, тығырықтан жол табу мақсатында уағыздаған.

Ж.Баласағұн қалдырған бай мұра, оның экономикалық мәдениеті туралы тәлім-тәрбиелік идеялары бүгінгі таңдағы Қазақстанның

экономикалық идеологиясын қалыптастырып, дамытуға көп септігін тигізуде [3].

Заманында Әбунасыр әл-Фараби адамның практикалық іс-әрекетіне үлкен мән бере отырып, таза еңбектің рөлі мен мазмұнына тек еңбек қана адамды жануарлар дүниесінен бөліп, оқшау шығаратынын ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Адамзат қоғамның өмір сүруіне керекті ең басты жағдай оның материалдық тұтыну қажеттері дегенді бірінші орынға қоя отырып, осынау маңызды проблемалар төңірегіндегі теріс көзқарастарды үзілді-кесілді жоққа шығарды. Сол арқылы қоғамның мән-мағынасын ашуда ілгері қадам жасады.

Әл-Фараби ілімі тәрбиенің әрбір қоғам кезіндегі (феодализм, капитализм) әлеуметтік мәнін ашып, экономика, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесінің мәселесін қарастырды [4].

Салық мәдениетін қалыптастыру мәселесінің зерттелуін салық мәдениетін қалыптастырудың тарихи деректерінен бастасақ, сонау Әмір Темір /1333 жылы/ басқа деректерде /1336 жыл/ заманынан бастауға болады. «Темір жарғысының» маңызды элементі – экономикалық мәселелер болып табылады. Ол негізінде объективті көрсеткіші бар салық салу жүйесін жасап шығарды.

Темірдің салық жинау принципі: ауқатты салық төлеуші мемлекетті байытады деген. Сондықтан да ол жер өңдеу ісіне, кедейленген жер иесіне қатты көңіл бөлді, жер өңдейтін құрал саймандар бөлді, арықтың, жолдың дұрыс күйде болуын қадағалады, көпірлер, керуен сарайлары салынды, саяхатшылардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. Демек, сонау заманнан бастап, салық жүйесінің қалыптасуына негіз салынған [5].

Экономикалық тәрбие беру мәселесі XX ғасырдың басында-ақ педагогтарды терең толғандырғаны дерекнамалардан белгілі, бірақ ол нарықтық экономика жағдайында білім беру жүйесін реформалауға байланысты бүгінгі күні ғана өзінің нақты мәніне ие болды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 272 б.
2. Баласағұн Ж. Құтты білік. Көне түркі тілінен аударған және алғысөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
3. Сарбасова Қ.А., Бекмағамбетов А.Ж. «Ж.Баласағұнның экономикалық мәдениет туралы тәлім-тәрбиелік идеялары». //«Білім әлемінде. В мире образования. In the world of EDUCATION». №5.2010.-Б.19-22.

4. *Әл-Фараби*. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 215 б.
5. Темір, Дәуір, Тұлға әрекеттері. - М, 1992, – 112 б.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы формирования экономической культуры учащихся посредством этнокультурных знаний.

Summary

The article deals with the problems of formation of the economic culture of pupils by ethnic and cultural knowledge.

С.Н.Мусабекова –

Ушинский атындағы орта мектеп мұғалімі

Алматы облысы, Қарасай ауданы

ҰРПАК БОЛАШАҒЫ ҰСТАЗДАР ҚОЛЫНДА

Ақырын жүріп анық бас,

Еңбегің кетпес заяға.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балага.

АБАЙ.

Қазіргі таңда Қазақстанның дүниежүзі қауымдастығының арасында беделі артқанына куәміз. ЕҚЫҰ төрағалығы, анти ядролық бағдарламаның жетекшілігі және аймақтағы мәселелерге өз тұрғысынан шешуші орынды иеленгені осының дәлелі.

Ал осы беделге ие болу бірінші мәселе болса, екіншісі, оны әрі қарай дамыту, кемелдендіре түсу болып табылады. Осы орайда, ұрпақ тәрбиесіне жауапты ұстазға артылған жауапкершілік өте үлкен. Егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып бүкіл әлемге танылып отырған шақта педагогтардан шығармашылық жұмыс талап етілуде. Осыған байланысты олар өз ісіне жауапкершілікпен қараумен қатар жаңалықтарды зерттеп, тиімді білім технологияларын пайдалануды кезек күттірмейтін шепке шығаруда. Жас ұрпақты оқытуға, тәрбиелеуге үлкен міндет қойып отырғандығының байыбына барып, нық қадамдар жасауда.

Бүгінгі мектеп мұғаліміне, қазіргі сабаққа қойылатын талаптар да түбегейлі өзгерді. Әрбір мұғалім мектеппен шәкірт алдында жауапкершілікпен, шығармашылықпен,

іздемпаздықпен және шеберлікпен білім беруде.

Ұстаздардың жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу ісінде қажымай еңбек етудің арқасында егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскерлі, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, саналы азамат етіп тәрбиелеуде.

Ұлтжанды баланы қалыптастыруды ең біріншіден өз тілін, дінін, мәдениетін, салт-дәстүрін үйрету керек. Баланың ең алдымен мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру қазіргі замандағы балалардың ішкі жан дүниесінің рухани баюын қамтамасыз ету, тәрбиелеу, қуана білу, қуанышқа ортақтаса білу, жаман мен жиіркеніштен өзін тежей білу, табандылық, төзімділік көрсету, сабырлы, қайырымды, үлкенге құрмет, кішіге ізет, өмірдің ақиқаттарын таныту арқылы жас ұрпақтың ой түйсігінің жақсы жақтарын дамытып, жақсылыққа ынталандыру.

Ұлтымыздың өз уақытынан озып туған ғұлама перзенті Шоқан Шыңғысұлы айтқандай: «...Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін, ең алдымен азаматтық пен білім керек...». Қазақ халқы ғасырлар бойы армандаған азаматтығына

қолын жеткізді. Ендігі жерде ол, өзінің аңсауымен алған азаматтығын көздің қарашығындай сақтаумен қоса, тіршілігін біліммен байытып, ғылыммен жетілдіруді мақсат етуі қажет. Осы педагогика саласында дербестігімізді алған алғашқы жылдардан бері рухани мәдениетті азамат тәрбиелеуге үлкен мән беріп келеді.

Осындай рухани адамгершілігі мол, мәдениетті азаматты тәрбиелеу үшін мынындай оқыту әдістерін пайдалану қажет. Олар:

- **Шешендік сөз өнері.** Қазіргі таңда жаңадан қалыптасу жолында өтпелі транзиттік қоғам жағдайында адамның рухани болмысы сарапталады және қазақ шешендігіндегі рухани құндылық жүйенің өзіндік ерекшеліктері анықталып, оларға әлеуметтік философиялық тұрғыдан сипаттама беріледі. Бүгінгі моральдық нормалар мен ұлттық ұстанымдар арасындағы қайшылықтарға, организмдер сияқты адам да өзін-өзі қоршаған ортаға икемделуі қажет. Және де қоғамның жаңару жағдайында оқушыларды адамгершілік құндылыққа тәрбиелеуде жалпыадамзаттық құндылықтың мәнін ерекше-леуде орны мен рөлі мол.

- **Ұлттық ертегілер.** Олар адам санасының балалық кезінде, даму үрдісінің өзіне тән сан қилы бұралаң жолдарын кешіп, сол сапарда шыңдалып, жетіліп, ақыры ақты қарадан, жақсыны жаманнан ажыратып берер көркем туынды ретінде қалыптасқан. Абай болсын, Шоқан болсын ертегілер арқылы өздерінің өмірлерін терең философиялық мәнмен мазмұнға толтырып, өзіндік өмір кешкен.

- **Жырлар.** Бүгінгі таңда қоғам өзгерістерінің шешуші факторы адам болып табылады. Адам қарым-қатынасының біріктіруші үйлесімділігін қамтамасыз етуде адамгершілік құндылық жетекші орын алады. Жырлар қарастырады. Терең тәлім жаратылыс пен тәрбие өмірді өзінше пайымдауға көмектеседі.

- **Аңыздар.** Жас ұрпақтың кең, әрі тереңге кеткен қиял әлемін мағынамен әрлеп, мәнмен мәнерлейтін мазмұнды қалыптастырушы орынға ие.

- **Жұмбақ-жаңылтпаштар мен көңілашар.** Көнеден келе жатқан Алдар көсе мен Жиреншелердің тапқырлықтары мен даналықтарын былай қойғанда, «...ең бір қарапайым қазақтың өзі де ана тілін ұтымды колдануда Еуропадағы француздармен орыстардан қалыспайды. Олардың сөз саптауы өте ора-

лымды, әрі таза, әрі жағымды», – деп В.В. Радлов әділ айтқан. Ал Абай атамыз болса: «...Әрбір кісінің жаман қылығына күлсең, рахаттанып күлме, ыза болғаныңнан күл, ызалы күлкі өзі де қайғы. Ондай күлкіге үнемі өзің де салынбассың, әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттанып күлсең, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибрат көріп күл», – дей отырып ауыз әдебиетіндегі өзінің төркіндес жанрларынан жігі ашылып, енші алысып келе жатқан тәрбиелік мәні бар сала екенін көрсетіп кеткен.

- **Ұлттық салт-дәстүрлер.** Барлық кезеңде де тәрбие мәселесі қазақ ойшылдарының маңызды нысаны болған. Себебі, жарасымды дамитын болашақ, ізгі қоғам үлгісін жасағысы келгендердің барлығы, ең алдымен ондағы қоғамды құрайтын адамдардың дүниетанымы мен адамгершілік көзқарасын, құндылық бағыт-бағдары мен сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруды мұрат тұтқан. Оның нақ төркіні аталмыш ұлттық салт-дәстүрлер болып табылады.

- **Рәсімдер.** Төл мәдениетімізде үлкенді құрметтеп қадір тұтуды, ілтипатты қарым-қатынаста болуды, сыйласа білуді отбасында берік ұстанған. «Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды, кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды» деген пікір түйілді. Сыпайы, кішіпейіл адамдарды басқаларға үлгі-өнеге ете білетіндігін, жас ұрпақтың тәрбиелі болып өсуіне ерекше назар аударғандығын айқын көрсететіндігі хақ. Үлкендер отырған жерде алдын орап кетпей, инабат, ізет таныта білу, көңілге қарай сөз айту қасиеттері халықтың дәстүрі мен тәлімінде қалыптасып жатады. Руханилық әліппенің жолын жалғастырған ұлы ақын Абай аңсаған үлгі-өнеге, тәрбиленер келер ұрпақтың надандық шырмауындағыны озық, өнерлі елдер қатарына жеткізудің басты құралы ғылым деп ұғынып, сол жолға саналы түрде ұмтылар жастардың бейнесі, ізгілікті екшелеп суреттейді. Этикалық құндылықтардың категориялары әділет пен рахымды ерекше орынға қояды да, солар арқылы діннің тәрбиеге, адамгершілікке үндейтігін көрсетеді.

- **Үлгі-өнегелер** халықтың құнды мұрасы және тәлім-тәрбиенің баға жетпес қайнар көзі. Жастарымыздың санасын қалыптастыру үшін төл мәдениетімізге оралуымыз керек. Оны қорғап дамытатын қоғамдық институттар жүйесіне арқа сүйеу мейлінше маңызды. Ислам дегенде корку

емес, қайта исламды арашалау, қорғау керек. Бұл жерде зерттеп, кем-кетіктерінен хабардар болу қажеттілігі туындауда. Оның неге үгіт-насихат етіп отырғандығын, мақсаты мен бағыт-бағдарын білу және оны жас буынға үйрету қажеттілігіне келіп тірелуде.

Жас ұрпаққа ертегі, аңыз, әңгіме оқытудың маңызы зор. Баланы қызықтырады, ал көбінесе қаншама қиыншылықты көрсе де, оны қалайда жеңіп шығатын ақыл айлалы, алпауыт батырларды, халық ерлігін баяндайды. Асыл сөздерді көп тыңдап, көп оқыса, білімдерін толықтырып, рухани сезімдерін байытып, көркем сөйлеуге талпындырады. Кітап арқылы бүкіл адамзаттық мәдениетпен таныса бастайды. Рухани өмірімізде кітаптың алатын орны бөлек. Алға басып, өскен сайын кітап біздің айнымас досымыз болып қала береді. Кітапты оқи отырып, тыңдай білуге үйретеді. Қиялын дамытып адамгершілікке тәрбиелейді, тілін ширатып, жан дүниесін, мінез-құлқын қалыптастырады. Мысалы: «Күй күдіреті» деген аңыз-әңгімеде ұлы ғалым әл-Фарабидің кім екенін біледі. Аңыз-әңгімеден ғалымның тапқырлығы мен кішіпейілділігін, күш-күдіретін түсінеді. Ол күйдің күдіретін жеткізген аспап, күй-саз аспабы домбыра екенін түсінеді, әр ұлттың өз күй саз әуені болады. Сол ұлттың өз тілінде ұлттық аспабы арқылы орындалады. Домбыраның ерекшелігі басқа ұлттардың аспаптарына ұқсай бермейді. Оның құрылысы: қос ішек, перне, шанақ, тиек және құлағы болады. Домбырадан күй тыңдап отырғанда қандай әсер алдыңдар? Балалардың жауабы: жайлауды елестеттім, құстардың ұшқанын елестеттім, қуаныш сезімі тұла бойымды жайлады. Бұл күй күдіреті бізді қуантты, әрі армандауға үйретті, жүрегімізге жылу, қуаныш әкелді деп балалардың өз халқының өнеріне деген сүйіспеншілігін, кішіпейілділігін, күйдің күдіретін сезіну, тыңдау арқылы қалыптастырады.

Абай еңбектеріндегі педагогикаға қатысты тәлім-тәрбиелік мәнге ие тұстарын дұрыс түсініп игеру арқылы ғана шынайы, халқымызға тән құндылықтар қайнарынан қанып ішуге мүмкіндік аламыз. Сонда ғана, Абайдың ұрпағына өсиет етіп қалдырған «...мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла...» деген сөзінің мәнін түсінеміз. Мысалы, Абай: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола ал-

майды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі білсем екен демелік, не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса соған қызығып, ауызға салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ер жетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да, тура жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» – деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп көз көрген, құлақ естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген». Осылайша, кезеңді сәттерінен кеш қалмаған адам тәрбиесінің қос қанаты болып саналатын жүрек тәрбиесі мен ақыл тәрбиесі домбыраның қос ішегіндей үндесе бірін-бірі жетелей дамитын сипатқа ауысады. Жалын, өзінің педагогикалық жүйесінде, Абай, жүрек қалыптастыратын, ұждандық сипаттарға ерекше мән берген. Ол адамның ғұмыр тіршілігінде жүректің орнын еш нәрсемен салыстырмай жеке дара етіп алдыңғы қатарға қояды. Бұл арада да Абай әл-Фарабидей ұстазының ақ адал шәкірті ретінде танылып отыр. Тіпті, Абайдың айтуынша ақылдың тереңдігін күшейтетін де жүрек деп біледі. Сондықтан да ол:

Ақылмен ойлап білген сөз,

Бойыңа жұқпас, сырғанар.

Ынталы жүрек сезген сөз,

Бар тамырды қуалар, – деп адам тәрбиесінің темірқазығын жүрекпен байланыстырып отыр. Адамның адамгершілігі сыртқы іс-әрекеттерде көрінеді. Шынайы сәйкестігін аңғара алатын болады. Адамгершілікті руханилықпен бірлікте тану арқылы ғана балалардың қоршаған ортамен, адамдармен, табиғатпен қатынастарын жақсартуды, жетілдіреді.

Ұлы Абай айтқандай, адамгершілік махаббат пен әділдік екенін, олардың барлық нәрседе бар екенін көрсетті. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ұят, ар, өзін-өзі адамгершілік бақылау мен бағалау жүзеге асырылады. Руханилыққа жету бала жүрегінде махаббатты, мейірімді ұялатады. Ол сыртқы сұлулықты түйсінуден ішкі рухани сұлулыққа дейінгі дамудан өтеді. Ал махаббат адамның мінез-құлқына рух береді, оны өзгертеді. Баланың болашаққа деген көзқарасы, мінез-құлқының қалыптасуы да қоршаған ортаға байланысты. Бала ата-ананың ғана емес, ұлыс пен ұлттың ертеңгісі. Жас ұрпақты жан-жақты жете-

алатын орны ерекше. «Мектеп» баланың жеке тұлға болып дамуын анықтайтын жол. Бала да өсіп келе жатқан жас шыбық сияқты, иілгіш келеді. Жақсылыққа да, жамандыққа да бейім келетіні баршамызға мәлім. Жас ұрпақтың жастайынан тәрбиелеудің маңыздылығын қазақ халқы ерте түсінген. Бала өмірдің жалғасы, халықтың мұрагері. Кең даламызда көшпелі күн кешіп, аттың жалында, түйенің камында жүрсе де, халқымыз жас ұрпаққа жақсы тәрбие берудің салт-дәстүр, әдет-ғұрпын қалыптастырған.

Жерден ауыр не бар?

Судан терең не бар?

Оттан ыстық не бар?

Көктен биік не бар?

Жерден ауыр дегенім – ақыл,білім,

Судан терең дегенім – оқу,ғылым,

Оттан ыстық дегенім – адамның өмірі,

Көктен биік дегенім – тәкәппардың көңілі.

Қазақ халқының ұлт достығын, Отанын сүю, бауырмашылдық, патриоттық, шыншылдыққа талап қоя білсек, оң нәтиже береріне күмән келтірмес.

1. *Мырзахметов М.* «Абайдың адамгершілік мұраттары».
2. *Нысанбаев Ә.* «Өзіндік таным пәні және оның негіздері», Қазақ әдебиеті; 26.04.02.
3. *Назарбаева С.* «Өзіндік таным курсы бойынша адамгершілік-рухани тәрбие». – Алматы, 2002.
4. *Ғаббасов С.* «Халық педагогикасының негіздері». – Алматы, 1995.
5. Сөз тапқанға қолқа жоқ. – Алматы: «Жазушы», 1988.

Разрешить проблему образования является необычайно важным для настоящего и будущего любого общества однако для Казахстана, который всегда был уникален с точки зрения своей истории, географии и культуры эта проблема еще более актуальна. В данный момент мы находимся на перекрестке – чей путь надлежит выбрать, чей метод понимания мира и жизни мы должны избрать для себя – западное мировоззрение ли, азиатское ли, традиционное ли – все это предстоит выбрать народу современного Казахстана. У нашей страны есть незабываемо-чистое, историческое прошлое, но так же существует коммунистическое наследие. Несомненно выбор который мы сделаем, окажет самое глубокое воздействие на всю систему нашего образования. Поэтому не отказываясь от традиции овладеть современным, вот самоцель пути в сфере образования.

Successfully solving the education problem is one of the paramount importance for the present and future of any society, but it is unique historical, geographical and cultural place Kazakhstan has been always possessing that makes the education case even more crucial for us. Now we are at crossroad in terms of whose way of thinking and whose lifestyle we must prefer as a model for ourselves. There is the Western pattern of worldview, the Asian one, the traditional one, the soviet one and so on. There is tradisional and historical past of our country, as well as the communist one, there is the polytheist one. It is for today people of our country to decide to which we must adhere and which one should be discarded. No doubt it is inevitable for the choice to have a deep impact on our educational system.

ТӘРБИЕ – ТЕК АЙТУДАН ҒАНА ЕМЕС, КӨРСЕТУДЕН...

«Ұлдың ұяты әкеде, қыздың ұяты шешеді» деп қазақ халқы бала тәрбиесіне аса мән берген. Дегенмен, біз көбіне қыз баланың тәрбиесі жайлы сөз қозғаймыз да, ұлттың тірегі болар ер баланың тәрбиесіне келгенде онша айта бермейміз. Десек те, халқымыз ер баланың өнерлі, әдепті, еңбекқор, білімді, ұстамды, парасатты, ұлтжанды азамат болып қалыптасуына қатты жауапкершілікпен қараған. Сондықтан, біз бүгінгі әңгімемізді ұл бала тәрбиесіне арнай отырып, ақылы дария, көңілі сергек, көкірегі ояу, құлағы түрік әз әжелеріміздің бірі, әйгілі батыр атамыз Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова апаймен ой бөлістік.



Зейнеп апай, қазақ халқы бала тәрбиесіне ежелден аса қатты мән берген ғой. Жанындай жақсы көргені соншалық, «баламның табанына кірген шөңге менің маңдайыма қадалсын» деген емес пе?! Халқымыздың бұл тілегі барлық аналарға тән. Аяулы ақ жаулықты ана, қазақтың қызы, қазақтың жары, қазақ ұлтының келіні, ардақты әже ретінде ұл баланың қазақ отбасындағы орны, көтерер жүгі қаншалықты?

Атам қазақ ежелден балажан халық қой. Баласының саны қанша болса да көптік көрмеген. Тіпті біреу-міреу баласының санын сұрай қалса, ырым қылып айтпай, ой-бір төрт-бес жаман кара бар ғой дейді. Қазақ халқы артымда тұяғым қалсын, шырағым сөнбесін, түтінім түзу шықсын деп осы сөздің барлығын ұл балаға арнаған. Өйткені, ұл – шаңырақтың иесі, ал қыз баланы жат жұрттық дейді. Ұл баланы әкесінің, ата-бабаларының жолын ұстауға, шаңыраққа ие болуға, соған құртымдайынан бастап тәрбиелеген. Тіпті, ұл баланың кіндігінің өзін табалдырықтың астына көмеді. Ал, қыз баланыкін оттың басына көмеді. Себебі, қыз отбасының берекесін ұстайтын алтын қазық. Ұл – босағаны, табалдырықты қорғайтын, шаңырағын ұстайтын азамат болып өсу керек деп табалдырықтың астына көмеді, содан барып «Табалдырықты баспа!» деген қазақтың ырымы осыдан шыққан. Қыздың жолдасын оттың басына көмеді, ұлдың жолдасын алты қырды асырып барып таза жерге көмеді. Ондағы мақсат, алты қырды асып жүріп, елін, жерін қорғайтын азамат болсын, айналасын, ата-анасын, туған-туысын қорғасын деген ырым.

«Ұл туғанға күн туды» деп, қазақтың

өмірін ары қарай жалғастыратын, түтінін түзу шығаратын ұлдарын қадірлі, намысты етіп өсіруге тәрбиелеген. Ең алдымен, ұлдың азамат болып қалыптасуы әйел адамды сыйлаудан басталады. Әжесін, анасын, әпкесін, қарындасын ардақтап, соларды қорғау керек. Ерте кезде болған мынадай бір аңыз бар: «Жаугершілік кезде баласын атқа мінгестіріп, жаудан қашып келе жатқан ердің алдынан қарындасы шығып, «Бауырым, мені қайда тастайсың?» дегенде, әкесі артында отырған баласына бұрылып, «Атасы бөлек аттан түс, атасы бір кел атқа мін» – деп, аттың артында отырған баласының орнына қарындасын отырғызып жаудан аман алып қалған екен». Аңыз болғанмен, мұның түбінде ер адамның қарындасқа, бауырға деген жауапкершілігі, құртымдайынан ана сүтіменен, әке күшіменен бойына сіңірілгендігі жатыр. Елді, ұлан-ғайыр жатқан жерді қаншама қазақтың басына төнген небір нәубеттерден қорғап қалған да сол ер-азаматтарымыз. Жан берісіп, жан алысқан да сол азаматтар болатын. Ұрпақ тәрбиесінің сол бір кездегі үзілмеген желісі ұрпақтан-ұрпаққа мақтанышпен жалғасып, елі, ата-анасына, шаңырағына деген намысты, сүйіспеншілікті кішкене кезінен бойына сіңіру керек. Алла Тағала қазақ халқы бірін-бірі сағынысып, аялап жүрсін деп ұлан-ғайыр жер беріп, сол жерге ала бұлттан тамған тамшыдай шашыратып жіберген секілді көрінеді. Осы ұлан-ғайыр жердің бір титімдей пұшпағы үшін олар найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен, білектің күшімен елін, жерін қорғап қалған біздің сол ер-азаматтарымыз.

Қазіргі қазақ жігіттерінің тәрбиесі, өзін алып жүруі сіздіңше тәуелсіздік алғанға дейінгі кезбен салыстырғанда қаншалықты

деңгейде?

Қалай болғанда да біз ер-азаматтарымызды бас ие дейміз. Бас ие – шаңырақтың иесі, үйдің иесі. Бас мойынсыз болмайды. Ер-азамат сол бас болса, әйел – мойны. Мойын мен бас бірігіп, ары қарай ұрпағын өсіріп, өмірін тіршілігін жасап жатады ғой. Ер-азаматтарға ең алдымен, меңінше намыс керек. Өзінің анасын ана деп, өзінің қарындасын қарындас деп, қалғанын талғап ұрғашы деп көретін ол азаматтық емес, ол – жай бөрік киген еркек. Анам айтушы еді: «Ара да гүл жалайды, жылан да гүл жалайды. Біреуі у жасайды, біреуі бал жасайды». Азамат пен еркектің арасындағы ара қатынасты осылай бір суреттеп беретін. Шынында да қарап тұрсаң солай. Өкінішке орай, қазіргі кезде біздің қазақ қыздарын қорлап кететін де, зорлап кететін де, ар-намысын таптап кететін де көбінесе өзіміздің қазақ жігіттері. Бізге өзге жақтан жау келіп жатқан жоқ, қазақ жігіттерінің өзі қазақ қыздарының намысын қорғай алмай жатыр. Тіпті, жеңілтек мінезді қызды көргеннің өзінде соны тәйт деп азаматтық бір ауыз сөзін айтып, әрбірден кейін ағалық ақылын айтып, бетін қайтарып тастаса, қанша айтқанмен сол қыздың беті қайтар еді. Өз ұлтының жігітінен ескерту алған қыз қанша айтқанмен қаймығар еді, аяғын аңдап басар еді. Керісінше, өзі солға бұрылайын деп тұрған қызды одан ары қарай қолынан жетектеп алып кететін жігіттер көбейді. Бұл бір жағынан, егемендік алуымызбен бірге есігімізді де, шекарамызды да айқара ашып тастадық, соның әсерінен болар. Өзгенің жақсысы да, жаманы да, жаттың арамы да, адалы да түгел лақылдап келді. Талғаусыз, талғамсыз барлығын қабылдай бердік. Телеарнаны қосып кеп қалсаң, қарауға жүзің шыдамайтын анайы, қатігездікті, жауыздықты дәріптейтұғын кинолар. Осыны милары әлі толыса қоймаған бозбала балалар ерлік, еркектік деп қабылдап көп қателесіп жүр.

Содан кейін біз ортада үлкен бір ұрпақты жоғалтып алдық деуге болады. Өйткені, Кеңес үкіметі ыдырап, әркім өзінің алдына кеткен кезде бұрын бір орталыққа бағынып, бір қолға қарап, бір қолдан жем жеп отырған ел әрқайсысы өзді-өзімен кеткенде бұрынғы қалыпты тіршіліктің бой-бойы қакырап сөгілді де, үлкен дағдарысқа ұрындық. Жалғыз біз емес, бәрі де солай болды. Еске түсірсек, сонау 90-жылдардың басында, ортасына таманғы кездер өте қиын жылдар болды. Дүкендердің бәрі бос, колхоз, совхоз

тараған, халық жұмыссыз бос сенделіп кетті. Айлық, зейнетақы жоқ, адамдар бар қолындағы жиналған қорының барлығын сол кезде құртып алды дағы, лезде жұтап шыға келді. Сол уақытта әйелдер бел шешіп, ала қоржынын аркалап, бала-шағасын асырау үшін, нәпақа тауып беру үшін бір жағы Қытай, бір жағы Түркия асып, сауда жасауға кетті. Ер-азаматтар бұрынғы істеп жүрген қызметінен, жұмысынан айырылды, істейін десе жұмыс жоқ екі қолы алдына сыймай көбінесе үйде қалды. Ал, үйден әйел кеткеннен кейін отбасының берекесі кетеді. Қанша айтқанмен бала анасымен көп болады ғой. Қазақ айтады: «Еркек – түздің тынысы, әйел үйдің ырысы» деп. Еркек сырттан бітіріп келген тірлікті, әйел үйде отырып ұқсатқан. Осы тіршіліктің барлығы бұзылды. Мінекей, сол кезде ең алдымен балаларға соққы болып тиді. Баларды көше, теледидар тәрбиеледі. Әйтеуір, балаларының қарнын тойғызғанына мәз болып, көптеген ата-аналар бала тәрбиесін қолдан жіберіп алды. Қазір, егемендік алғанымызға 20 жылға жақындап қалды. Сол кездегі 5-6 жастағы баланың өзі 20-дан асты. Ол кезде туылған баланың өзі 20 келіп, соқталдай азамат болып отыр. Мінекей, біздің осы балалар ұлттық тәрбие көрді, отбасы тәлім-тәрбиесін алды деп мен айта алмаймын. Көпке топырақ шашудан аулақпын, бірақ көпшілігі солай болды. Адамдар жан бағыстың жарапазанына түсіп кетті. Сол кездері бір үйдің балалары бір-бірінің киімімен мектепке кезектесіп барған кездер болды. Қуырып жеуге макарон таба алмағандар болды. Міне, осындай қиын кезде «Ораза намазы тоқтықта» дегендей, тек қарынның қамын ғана ойлап кеткендіктен біз ұлттық тәрбиенің арқау жібінің барлығын босатып алдық. Қазіргі жасөспірім жігіттердің арасындағы нашакорлық болсын, ұрлық болсын, жалқаулықтан еңбек еткісі келмейтіндер, келеңсіз оқиғалардың барлығы осы жастағы жасөспірім, осы жастағы жігіттердің арасынан шығып жатыр. Бәрі емес, бірақ жастардың бір тірліктің басын ұстаудың орнына біреудің қолынан жұлып кеткенді, біреуді тонап кеткенін көресің. Бетінен отың шығады. Қарап отырсақ, бұлардың көбі қазақтың қаракөз ұлдары. Көрдіңіз бе, бұл балалар аспаннан түскен жоқ, басқа қоғамнан келген жоқ, бұл біздің аға буынның, біздің берген тәрбиенің жемісі. Бұрынғы Шығыс даналығында: «Бір баланы адам етіп тәрбиелеп болғанша, бір шаһар құлайды» деген сөз бар. Осыдан-ақ бала

тәрбиесінің қыры мен сыры мол екендігін, оны бір сәтке де қалт жіберуге болмайтынын көресің. Мұны ұқыптылықпен бақылап отыру ата-ананың міндеті болса, сол арадағы біраз жылда бұл айтқандар істелмеді. Мектептердің де берекесі кетіп, біресе ана бағдарлама, біресе мына деп соныменен біз осы арада бір ұрпақты жоғалтып алдық. Бір сөзбен айтқанда қазіргі жігіттердің, қыздардың бойындағы келеңсіздіктер сол кездің нәтижесі.

Жалпы, біз көбіне жастарды кінәлап салдарын көреміз де, себебіне оншалықты мән бермейтін сияқтымыз байқауымша...

Дұрыс айтасың. Қазір дүбара жастар көбейді. Ұлы болсын, қызы болсын. Өйткені, ұлттық түрде ұлттық тәрбие берілген жоқ. Мәселен, халық педагогикасы жайына қалды. Рас, алғашқы кезде егемендік алған кезде бөркімізді аспанға атып қуандық. Бізге, ең бірінші қолға алатын дүние – ұлттық идеология, екіншіден, ұлттық тәлім-тәрбие. Кейбір адамдар ұлттық тәлім-тәрбие десе, сонау орта ғасырға сүйреп апарғандай сезінеді. Ол дұрыс емес. Қазақ халқы өте текті халық. Қазақ халқының әрбір салт-дәстүрі, ырымы, әдет-ғұрпы, қарапайым кәделерінің барлығының астарында үлкен тәлім-тәрбие жатыр. Қазақтың әрбір тыйым сөздері – ол ұлттың тәрбие көзі деуге болады. Мәселен, бізді кішкентай кезімізде аналарымыз бір ауыз сөзбен тәрбиелейтін. «Ұят болады», «Әкеңнің алдынан өтпе, ұят болады», «Үлкенге сөз қайтарма, ұят болады», «Көшеде шайнандап жүрме», «тек» деген бір ауыз сөзбен ғана тәрбиелеген. Ал, бүгін ұлттық тәрбиеден кенже қалғанымыздың, осыны көзімізден таса қылып алғанымыздың нәтижесін қазір көріп жатырмыз. Әрине, Кеңес үкіметінің қателігі барлығын бір сапқа, бір қапқа сиғызғысы келді. Мысалы, бір орталыққа бағындырып, саптыаяққа ас құйып, сабына қарауыл қойып дегендей сол жақтан бақылап, айдап өргізіп, жатқызып жусатпақ болды. Бұл белгілі дәрежеде орындалды да. Талай ұлттар сол 70 жылдың ішінде өзінің қадір-қасиетінен айырылып қалды. Ал, егемендік алғаннан кейін біздің қолымызды кім ұстады деген сұрақ туады? Кім ұстап тұр біздің қолымызды, кімнен қорқамыз, кімге жалтақтайыз? Неге қайта-қайта жалпақ шешей бола береміз? Қазақстанда тұратын халықтардың көпшілігі жанын бағу үшін бір кезде қиналғандықтан осында келіп өсіп-өнген, осы елдің нанын жеп, суын ішті.

Әрқайсысының өзінің елі бар, ата-бабасының кіндік қаны тамған жері бар. Қазақтың бұдан басқа жері, отаны жоқ қой. Олай болатын болса, ең алдымен ата-бабасының қаны төгілген, қан тамған ту тіккен жері. Осы елдің киесі де, иесі де қазақ халқы болғандықтан, қазақ өзі қазақтығын сақтауы керек еді, осыны әрі қарай өрістетугі керек еді. Біз ананың көңіліне, мынаның көңіліне қараймыз деп, жалпақ шешейлікпен қайтадан сырғып-сырғып келіп, есіктің көзіне түсіп қалдық. Өзбекстанда Кеңес үкіметінің кезінен «Аталар сөзі – ақылдың көзі» деген хабар болатын. Сол хабар үзіліссіз, күні бүгінге дейін жүріп келе жатыр. Ол хабарды академик, профессор, бәлен-түгендер жүргізбейді, оны кәдімгі өмірден көргені көп, көкейіне түйгені көп, бетінен нұр тамып тұрған аталар мен әжелер жүргізеді. Қарапайым күнделікті өмірде кездесетін адамгершілік, парасаттылық, ұлттық қадір-қасиетті, үлкеннің, кішінің қалай болуын, олардың арасындағы қарым-қатынас туралы айтады. Біз кейде келеке етіп күле саламыз, бірақ сол өзбек халқы бізге қарағанда өте үлкен дәрежеде өзінің ұлттық қадір-қасиетін сақтап отыр. Біз кез-келген нәрсені таңсық көріп, қабылдай береміз. Осыдан барып келеңсіз жағдайлар туындап жатады. Мен үнемі айтып жүретін бір сөз бар: «Қазақтың қызы, қазақтың ұлы ауылда жүргенде пәленшенің ұлы, пәленшенің қызы дейді. Түгеннің қарындасы, пәленнің інісі дейді. Әкесінің, атасының, ағасының атын атайды. Енді сол балалар ауылдан қырық қадам аттап шығып, поездға отырғаннан кейін оның бәрі ана жақта қалды. Енді оның әкесінің де, көкесінің де атын ешкім білмейді. Енді не дейді? Енді оларды қазақтың ұлы, қазақтың қызы дейді. Егер де солардың бойынан жақсы қасиетті көріп жатса, ана қазақтың ұлы, қазақтың қызы мынандай екен ғой дейді. Жаман болса, қандай оңбаған анау қазақтың ұлы, қазақтың қызы дейді. Міне, сондықтан да әрқайсымыздың мойнымызда ұлттың жүгі тұр. Біз осыны сезінбейміз. Бәріміздің ойымызда, иығымызда тұр. Демек, бұл алдымен намыспен келетін нәрсе. Намыс дегенде ауыл үйдің көже намысын айтып отырған жоқпын, мен қазақпын деп құр кеуде данғойланып, жай мақтаншақтық көпірме патриоттық емес, бұл жерде ең алдымен сен ата-анаңа сөз келтірмейтін намысын болу керек. Ұлттық намыс деген осындайдан басталады. Алдымен, сен өз ұлтыңның жақсысының бәрін жарқыратып көрсетуге,

өзгеде жоқ сенде бар, өзгеде кездеспейтін сенде көп, сен соны неге мақтаныш етпейсің? Сен қазақ болып туғанына мақтана отырып, соларды жарқыратып, соларды өзгеге үлгі етуің керек қой. Керісінше, біз өзгеден бірдеңе көрсек, соны бас салып, жерден жеті қоян тапқандай болып жатамыз. Ұлттық тәрбие балабақшадан, отбасынан бастап берілуі керек. Бұның барлығын бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Балабақша деген амалсыздың күнінен құрылған ғой. Әйтпесе, 20-30 баланы бір жерге жинап, бір тәтей оларға бірдей тамақ береді, бірдей тақпақ жаттады, бірдей өлең айтқызады. Бір бөлмеде қызы мен ұлы бірге киінеді, ұйықтайды, шешінеді. Осы арқылы әрбір баланың, ұлының да, қызының да өзіне тән тұлғалық қасиетін кішкентай кезінен жойып алып жүрміз. Қыз бен ұлдың бір-бірінен ұялмайтындығы содан. Ұят деген нәрсенің балапан қанаты осы жерде кесіліп жүр. Бұған ешкім мән бермейді. Міне, сондықтан балабақшада ұл мен қыздың жататын жерін бөліп, тәрбиелеу керек. Алла Тағаланың өзі жаратқанда әйел мен ерді екі түрлі етіп жаратқан, ол екі түрлі әлем.

Бала тәрбиелеу жұмысына араласуға арнайы білімнің қажеті бар ма?

Өкінішке орай, біздің ғалымдар арасында көп жағдайда тек қана ғылыми атағы барлар ғана тәрбие жұмысына араласуды жөн деп санайтындар кездеседі. Ал, былайғы халықты ескеріп жатпайды. Мен өз басымнан өткен, атын айтпай-ақ қояйын, мүйізі қарағайдай бір академик ағайға осы туралы біраз ренжігенім бар. 90-жылдардың ортасында халық педагогикасына арналған «Кәусар бұлақ» бағдарламасын жасадым, оны мұғалімдер көпке дейін пайдаланды. №131 Б.Момышұлы атындағы мектепте «Әдеп» дейтін сабақ болып өтті. Ол сабаққа арнап марқұм З.Нұрқаділов ақша бөліп отырды. Кейін З.Нұрқаділовтің қаладан кетуімен сабақ тоқтап қалды. Бірақ дүркіреп тұрып жүрген болатын. Бір күні жанағы ағамыз звандап тұр: «Сіздің ешқандай ғылыми атағыңыз жоқ, педагог емессіз. Сіз өзіңіз білмейтін нәрсеге неге кірісіп жүрсіз?» дейді. Мен айттым: «Аға, біріншіден, мен сіздің қораңыздағы қойыңызға түскен жоқпын, екіншіден, қазақ халқы ежелден кандидаттық, докторлық атақтары болмай-ақ ұрпақ тәрбиелеген. Біз солардың ұрпағымыз. Ең бастысы, – дедім, кез-келген ата-ана педагог болуы керек». Ол кісі: «Сіздің айтып тұрғаныңыз жөн емес. Сіз келіңіз, пікір таластырайық», –

деді. «Кешіріңіз, менің академиктермен пікір таластыратындай уақытым да, зауқым да жоқ», – дедім. Өлгіндей үлкен адамның таяз ойлағанына таңқалдым, қапаландым. Мен өзім әрбір ата-ана педагог болу керек деген қағиданы ұстанатын адаммын.

Сіз ұлыңызды қалай тәрбиеледіңіз? Өз тәжірибеңізден жастарға ұлды қалай тәрбиелеу керектігі жайында қандай кеңес бересіз? Әдіс-амалдарына тоқталсаңыз?

Менде қыз болмады, жалғыз ұл болды. Ұлым әкесімен дос. Барлық ойын да, сырын да әкесімен бөліседі. Кішкенесінен солай үйреттік. Сондықтан болар бала ішіне бірдеңе жасыруды білмей өсті. Жүрегінде әкеге деген сеніммен өсті. Бірдененені қате жасап жатса, әкесі ұғындырады. Оны тоқпақтап ұрмайды, ұрыспайды. Тек ненің дұрыс, ненің бұрыс екендігін түсіндіреді. Сондықтан ол бала сенімменен өсті. Баламның жасы қазір қырықта. Қазірдің өзінде әкесімен ой бөлісіп отырады. Әрине, біз оның ішкі отбасына араласпаймыз. Өйткені, ол өзінің отбасы. Ер адам нықталу керек, өз шаңырағын қалыптастыру керек. Баланы қорқытып, ұрып-соғып өсіру баланы қаталдыққа алып келеді. Физикада бар ғой, қарсылық қарсылық заңын туғызады деген. Алдымен, ол ішіне жинала береді. Сөйтіп, бір күні жарылады. Сондықтан, әке мен бала арасындағы жаңа көпір бұзылады. Мұндай жағдайға жеткізбеу керек. Кейбіреулер: «Ойбай, өзіміз ештеңені көрмедік. Енді баламыз мен кимегенді кісін, мен ішпегенді ішсін» деп балағатым игіліктің барлығын басына үйіп-төгіп, бірақ соның қайдан келетінін, қандай маңдай термен келетінін ұқтырмағандықтан бұзып алады. Ол бала ұшып үйренеді. Ұшып үйренген балаға барлығы дайын, ал қанаты қайырылған кезде өз аяғымен жүре алмай қалады. Міне, сондықтан да қателеспейтін адам болмайды. Әсіресе, жас кезде қызығатын нәрсе көп. Ол жығылып жердің қаттысын да, жұмсағын да сезіну керек, тізесінен еңсесін тік көтеріп те тұруы да керек. Әрине, барлығы солай деген сөз емес, бұл жалпы өмірде кездесетін нәрсе. Ата-ана осыған жеткізбеу керек. Ал, қазір қарап тұрсам, өз балам екі ұлына біз берген тәрбиені беріп жүр. Екі ұлының мінезі екі түрлі. Үлкенінің мінезі қиын, бабасынан аумай қалған, кішкенесі мен сияқты, адамдармен тез жақындасып, тез тіл табысады. Былай қарап тұрсам ұлым Ержан екі ұлымен де тез тіл табыса алады. Әрқайсысын біліп

отырады. Алдағыны Алла біледі, бірақ сол балалар жаман болады деп ойламаймын. Өйткені, әке мен бала арасында жақсы қарым-қатынас орнаған. Шектен шығарып еркелетуге болмайды, қаталдық керек. Жұмсақ қаттына жеңеді дейді. Қатал болу керек, бірақ қатігез болмау керек. Баланы еркелетіп тұрып та қаталдық жасауға болады, мәселен тыйып ұстау дегендей. Бірақ қатігездік жасамау керек. Қаталдық пен қатігездіктің үлкен айырмашылығы бар. Өмірде баланы қақпай өсірсен, ауыздықсыз ат секілді лағып кетеді де, ал үнемі темір құрсауда ұстасан, ол да ертеңгі күні өзіңнің басына тоқпақ болып тиеді. Сондықтан баланы сеніммен тәрбиелеу орынды. Өз бойындағы бар қасиетпен тәрбиелеу керек. Өзің балаға бірдеңе айтып, өзің басқаша істесең ол тәрбие емес. *Тәрбие – тек айтудан ғана емес, көрсетуден.* Мысалы, үйінде жасыратын, сыбырлайтын нәрсесі көптерден сол үйдің балалары да өскенде жымысқылау болып өседі. Әйелін қатты ұстайтын, тіл тигізетін еркектің үйдегі балалары жасқаншақ, намыссыз, жігерсіз болып өседі. Әйел сыйламайтындар да осылардан шығады. Ол өмірдің тәжірибесі.

Қазір қарап тұрсаң, талай отбасының үйіңнің жартысы ойыншық. Ол баланың не санасына, не ақылына ақыл қоспайды. Ол тек ойын үшін ғана. Сондықтан біздің балаларымыздың балалығы өте ұзаққа кетеді. Жасы отызға келгенше әкесінің мойнына отыратындардың жартысы осындай себептердің әсерінен де болар. Ертеде қазақта жеті жаста бала өзінің ашамайын көтеріп шығып, тайын ерттей алған. Ал, қазіргі жеті жастағы бала әлі ойыншықпен ойнап жүрген бала. Компьютерге кіріп кеткен, ғаламтор деген балаға ақпараттарды береді ғой, бірақ тәрбиені бермейді. Кітап оқитын жастар азайды.

Ұлттық дүниелерді айтқанда түсіндіру керек. Мысалы, қолыңды төбеңе қойма, беліңді таянба, жаман болады дейді. Ары қарай неге жаман болады, түсіндірмейді. Сен неге жаман болатынын түсіндір. Бізде осыны айтатын әжелер аз. Бұрынғы бізді тәрбиелеген ата-әжелер шежіре болатын. Бетінен нұры тамып, сөйлесе көсіліп сөйлеп кетуші еді, ал енді қазіргі ата-әжелер ол кешегі Кеңес үкіметінің кезіндегі атеизммен тәрбиеленгендер. Қазіргі ата-әжелеріміз немересіне ертегі, бесік жырын айтпайды. Атам марқұмның бір кезде тайға таңба басқандай жазып кеткені бар: «Мен үш нәрседен қорқамын. Біріншісі, өзінің сәбиіне бесік жырын айта

алмаған анадан, екіншісі, немересіне ертегі айтып бере алмаған ата мен әжеден, үшіншісі, екі қазақтың бір-бірімен орысша сөйлескенінен шошимын». Шынында да, бесік жыры арқылы бала тілді үйренеді. Бесік жыры арқылы бала құлағына әуен сіңеді. Бұған А.В. Затаевичтің «Бүткіл қазақ даласы ән салып тұр» деуі куә. Бесік жыры арқылы ана тілін қалыптастырамыз. Тіл арқылы ғана адам ұлттық қадір-қасиетті бойына сіңіреді. Өйткені, біздің миымызда пәленбай ғасырдың ақпараттары жатыр деуге болады. Оны ғылым дәлелдеген. Соны қозғау керек. Егер біз оның бәрін шайып жіберетін болсақ, туыла сап басқа тілді үйренсек, тектік қасиеттен айырылады ғой. Мына, ұлттық тәлім-тәрбие, қазақи қасиет, барлығы біздің ана тіліміз арқылы келеді. Тілді қадірлеу, ұғу арқылы, сиқырлы әлеміне бойлау арқылы біз қазақ ұлының өнегесін ары қарай асырамыз.

Жастарды тәрбиелеу үшін халықтық символ керек. Мысалы, біздің кезімізде символдар көп болды. Енді қазір қарап тұрсам, атаның артына қалдырған мол мұрасы – бұл біздің елге етіп кеткен еңбегі ғой. Сондықтан да, отансүйгіштікке, патриоттық сезімге, елім-жерім дегенде иіліп, халқым дегенде қабырғасы қайысып жұмыс істейтіндей етіп жастарды атаның рухымен тәрбиелеу керек деп ойлаймын. Алдымен ата ілініп жатыр аузыма. Ол менің ғана қайын атам болғандықтан емес, бұл бүткіл алты алаштың иісі қазаққа ортақ азамат. Қай қазақты алсаң да, «біздің Баукең» дейді. Өйткені, ата қазақпен, қазақ атамен мерейлі болған. Қазақ атаны бөлген жоқ, ата қазақты бөлген жоқ. осындай тұлғаларды символ етіп алып, тәрбиелеу керек. Мұндай тұлғалар қазақта баршылық. Ал, қазір біз қалай істейміз? Миллионер, бір байды көрсе балалар соны тұлға көреді. Байлық деген қолдың кірі. Қызмет те сол, бүгін бар, ертең жоқ дүние. Ал, енді адамдық, адамгершілік қасиет, ұлттық намысты жастардың бойына сіңіру үшін ата секілді тұлға керек. Атада бәрі дайын тұр. Шығармаларында, айтқан сөздерінде, мақал-мәтелдерінде дап-дайын, басқа жақтан бірдеңе іздеп керегі жоқ.

Қазіргі қазақ жігіттерінің тірлігі сізді қаншалықты алаңдатады? Қалай күрессе болады?

Ана ретінде менің жаным ауыратыны, әже, қазақтың үлкен шаңырағының келіні ретінде менің қабырғам қайысатыны қай жерге бар ма

жүк көтеріп жүрген қазақтың жігіттері. Қай дүкенге барма, еден жуып жүрген қазақтың қыздары. Көшенің бойында кім жұмысқа алады екен деп отырады, бір машина тоқтай қалса, бәрі жапа-тармағай жүгіреді. Осы бір келеңсіз көріністер менің жаныма қатты батады. Қазақтың жігіттері, қыздары біреуге құл болу үшін, біреуге күң болу үшін жаралған ба? Неге сілкінбейді? Кеңес үкіметінің кезінде слесарлық, теміршілік, сантехника, электр жөндеуші, аспаздық, киім тігетін т.б. сондай мамандықтарды дайындайтын техникумдар болатын. Оның барлығы кейін жабылып қалды. Ал, қазір құрылыста болсын, басқа да болсын көбіне сырттан келгендер істейді. Қазақтың балаларының қолынан келер еді ғой деймін. Осындай техникалық оқуларды көбейтсек бәрі барар еді. Барлығының институт, университеттерге баратын мүмкіндіктері жоқ, екіншіден жағдайына қарайды ғой. Кереметтей білімге құштар болып тұрған адам ары қарай өзі-ақ кетеді. Ал, негізгі топқа біз мамандық беруіміз керек емес пе?! Бізде жалған намыс бар. Пәленшенің ұлы, қызы ана оқуға түсті, мен де сөйтуім керек деген. Алынып-салынып сиырын сатып, өліп-тіріліп, қарыз алып түсіреді. Сөйтіп, ертеңгі күні бірдеңеге жарай ма, жарамай ма ешкім басын ауырттып жатқан жоқ. Әйтеуір диплом алу керек. Бұл жерде маман керек. Біздің ақылы үлкен жоғары оқу орындарында адам тәрбиелемейді, маман тәрбиелейді. Тәрбиеге онша мән бермейді, себебі, ақша төледі, ол оқыту керек.

Қазіргі қазақ қыздары мен жігіттерінің тәрбиелік бағыты жайлы айтсаңыз?

Үйдің қасындағы 28 Панфиловшылар паркі бар, 6 жасар Мадияр деген немеремді жиі апарамын. «Атаға барып келейікші» дейді өзі. Кеудесін тосып тұрған мүсінді өзінің атасы дейді. Кішкене кезінен үйреткендіктен, барып мәңгі отқа басын иеді. Сонда мен сол парктің ішінен немеремді алып жүруге ұяламын. Неге десеңіз, орындықтың үстінде қазақтың жігітінің алдында бір қазақтың қызы отырады. Қаланың қыздары, ұлдары олай істемейді. Көбі сырттан келгендер. Қаланы еркіндікке, бостандыққа шыққандай көреді. Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқтай көреді. Қала деген үлкен организм ғой. Әрине, қаланың өзінің тасбауыр суықтығы бар. Ауылдың баласы деген тәрбиелі сөзді ауылға қарай телитінбіз. Ал, қазір мұнда келген қыздар мен жігіттерден қорқатын болдық. Өйткені, бұлар кинода не көреді, соны

мәдениет деп ойлайды. Мысалы, бөтелкенің аузынан су ішу, көшеде кетіп бара жатып тамақ жеу. Мұның бәрі кинодан көрген нәрсесі. Соны мәдениеттілік деп ойлайды. Жаның ашиды, қабырғаң қайысады. Қазақтың қыздарының кеудесі ашық, кіндігі шошайып көрініп, шалбары ышқырына дейін еңкейсе түсіп қалатындай болып, алдынан шыққан кезде кейде шыдай алмай айтып тастаймын. «Қарағым-ау, ертеңгі күні ауру боласың ғой, көрер қызығың әлі алда, ертеңгі күні перзент сүйе алмай қаласың. Мына жүрісің не?» деймін. Кейбіреу ұялып қысылып қалады, кейбіреуі «Какое ваше дело» дейді. Қазір дәрігерлердің айтуынша үлкен әйелдерде болатын аурулар жас қыздарда көп кездеседі. Ол неден? Ол ана бүйректен, кіндіктен ыстық өтті, суық өтті. Міне, осындай нәрселерді түсіндіріп, ұқтыратын әжелер азайды. Содан кейін дінді бетке ұстап, біздің қазақтың салт-дәстүріне шабуыл жасаған жігіттер мен қыздар көбейді. Мейлі, мені жек көрсе, жек көре берсін, бірақ та сан ғасыр сарабынан өтіп, ата-бабаларымыздан қалған мұраларымызға қол сұғатын болса, онда маған ондай діннің керегі жоқ. Өткенде бір тойда сәлем жасатқызбады. Сәлем деген келіннің үлкенге деген құрметі, келген жеріне ізеті емес пе?! Бұл ғасырдан ғасырға келе жатқан өте сұлу салт. Құранда үлкенге ізет қыл, ата-анаңа бас и дейді. Ал, мыналар қайдағы бір бәлені шығарып алыпты, құдайға ғана құлшылық етіп иілу керек, басқа ешкімге бас иеу керек. Сәлем салу құдайға қосақ қосқанмен бірдей дейді. Менің сұрағым келеді, құдайдан басқа ешкімге табынбай, ешкімге ізет көрсетпеу керек болса онда неге Меккеге барып қағба тасты жеті рет айналып, қолының ұшын тигізу үшін неге мыңдаған адамдардың арасында өліп-тіріліп жүр?! Сол жерде мыжылып өліп те жатқандары бар. Мен соған таң қалам. Егер сен ата-анаңа құрмет етпейтін болсаң, барған жеріңе, сол елдің тірісіне де, әруағына да, әулетіне де құрмет көрсетпейтін болсаң, сен қандай келін боласың? Орамал тағып, иегіне бір шоқ сақал қойып, өздерін керемет діншіл болдық дейді. Меніңше, солардың істеп жүргендерінің кейбірін тірлігін көрсең жүрегің айниды. Шыңдап келгенде қазақтың қызы күйеуге тигенше басына орамал салмаған. Орамал салды деген сөз күйеуге тиді, некесі қиылды деген мағынаны береді. Қазақтың қыздары кәмшат бөрік, құндыз бөрік, үкілі тақия, моншақты, шашақты сораба, қыста пұшпақ

тымақ киді. Күйеуге тигеннен кейін сәукеленің желегін бір жыл салады. Содан кейін кимешек киеді. Ислам дініне біздің қазақтың салт-дәстүрі бірде-бір қайшы, яғни кереғар жері жоқ. Ал мыналар ортадан, бүйректен сирақ шығарғандар. Олар халықтың салт-дәстүріне қол сұғып, іріткі салып жүр. Кейбірі қазақпыз деп айтпау керек, мұсылманбыз деп айту керек дегенін құлағым шалды. Сонда не болды? Бұларды кім үйретіп жүр? Бір жерден оқыдым, бір қыз «Егер мен келін болып түскен жерде маған сәлем сал десе, күйеуімді алып кетемін» дейді. Сонда бұл жерде отбасының бірлігі бұзылып тұрған жоқ па, ата-ана мен бала арасына жік түсіп тұр ғой. Сондықтан, ислам діні өте таза, жақсы дін. Ислам дінін әркім әрқалай пайдаланып, ұлттық қадір-қасиеттерге, құндылықтарға кесірін тигізуде. Бұның өзі күнә. Олар өздерін дін жолындағылармыз деп санайды, ал негізінде нағыз өз ұлтына сатқындық жасағандар деп түсінер едім мен. Әңгіменің бір жағы батысқа ауып кеткен қыз-жігіттер болса, бір жағы дінді бетке ұстап, ұлттық қадір-қасиетті бұзып жатқандар туралы. Әрине, құдайға шүкір қазір жастардың көбісінің санасы жақсы жетіліп жатыр.

Сіз Бауыржан атадай ұлы адамның алдынан өттіңіз. Ол кісінің бойында адам танытын қасиеті бар болғанын білеміз. Егер Бауыржан ата тірі болса, қазіргі жастарға, оның ішінде жігіттерге көңілі толар ма еді?

Жоқ. Атаның қабырғасы қайысып, қабағынан қар жауып, жүрегі қара түнекке айналар еді. Өйткені, ата намысты ту еткен адам.

Адалдықты, намысты, мәрттікті, жомарттықты, осының барлығын бір жерде ұстаған адам. Ер адам ең алдымен отының басына ие болу керек. Бұл үлкен парыз, міндет. Әкенің әкедей бола білуі, жұбайына жақсы жар бола білуі, әке баласына қамқор, аялы әке бола білуі айналасындағы адамдарға жақсы аға-іні бола білу – бұның барлығы сол ер адамдарға байланысты. Бізде қазір барлығы сатулы. Мен саған, сен маған. Адамгершілік пен ұлттық намысты ту ете отырып, біріне-бірі жәрдемдесуінің, қолқабыс етуінің өзі қазір ақшаға айналып кетті. Мәселен, ағайын-туыстың тойы болып жатқан кезде баяғыда сол тойды мен өткізейін деп таласатын. Тойды өткізудің өзі бір дәреже болып табылатын. Табақ тартуға таласқандар болатын. Қазір бәрі ақша, сатулы. Ауылдың өзінде бірінің жүзіне бірі тура қарап, көзіне тіктеп қарап отыру, бір-біріне шынайы тірек болу әлсіреп бара жатыр. Әркім өз қотырын өзі қасып жатыр. Мұндай жағдайларды атам көрсе, көңілі толмас еді.

«Ұлттық тәрбие» журналына айтар тілегіңіз?

Мың шақырым жол бір қадамнан басталады дейді. Сол секілді, осы басылымның қадамы сәтті болып, халықтың игілігіне жұмсалсын. Қазақстан халқына қарлығаштың қанатымен су сепкендей игілікке жұмыс істейтін, оқырманы көп үлгілі басылымға айналсын!...

Уақытыңызды бөліп, ой бөліскеніңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан Жанат Мұратқызы

**Ә.Оразымбетқызы –
ардақты әже**

ҚЫЗ БАЛАНЫҢ ТӘРБИЕСІ ТУРАЛЫ

I. Ертеректегі тәрбие жайлы.

«Қыз өссе елдің көркі, гүл өссе жердің көркі» деп, ел көркін келтіретін қызын, қазағым ұлдан ерекше тәрбиелеген. «Қыз» деген сөздің өзі теңдесі жоқ асыл сөз. «Қыз» дегенде бірден «инабаттылық» деген киелі қасиетті елестетеміз.

«Қыз» аты жүрекке от жағып, көңілінді қияға ұшырататын арман. Ол көрінгеннің қолы жете бермейтін шынар.

Соны түсінген халқым қызды қатты қадірлеген. Кейбір мұсылман елдерінен біздің халықтың тәрбиесінің артықшылығы бетін жау-

ып, төмен ұстамаған. Керісінше «қыздың орны төр» деп, тұрмысқа шыққанша қастерлеп төрге, әкесінің оң жағына, ең әдемі, таза көрпенің үстіне отырғызған. Басына орамал жаппақ тұрмақ, екі өрімін бұлғақтатып, шолпысын сыңғырлатып, еркелетіп өсірген. Көшкенде күйменің сұлуы, аттың жүрісі жайлы, жорғасы, күмістелген ертұрман мен сұлу қамшы қызда болған. Көштің сәнін қыздармен әзілдесіп, ән айтысып, сол ауылдың, не көрші ауылдың жігіттері де жандандыратын. Бұл жерде, кейбір қыз бен жігітті жолықтырмай, қызды жауып ұстады деген пікірді жоққа шығаруға болады деген пікірді жоққа шығаруға болады. Қайта қыздарды еркін ұстап, қанға біткен тектілігіне сенген.

Бөлтірік шешен айтқандай, «қызылым қызымдікі, ұзыным ұлымдікі» деп, бай демей, кедей демей әлі келгенше қызды сәндеп, мәпелеп, еркелете отыра ата-бабаларымыз қыздың қасиетті намысы – арын биік ұстауын өнегелі тәрбие арқылы бойына сіңіре білген. Сол ұлағатты тәрбие анадан қызына, әпкеден сіңдіге ауысып, қалыптасып отырған....

Қызы он екі, он үшке келгенде ата-анасы қазақ үйдің оң жағына төсек-орнын аударып, шымылдық ұстаған. Онысы бой жетіп келе жатқан қыз бала еркімен шешініп-киініп, ұйықтағанда ашық жатса да еркін жатсын дегендері. Әрине, қазіргідей көп бөлмелі үйі болмаған соң не етсін?

Қыздардың есер мінез көрсетпей, қанға біткен тектілігімен үлкенге құрмет, кішіге сияпат жасауын қадағалаудан танбаған. Қыздың тәртібін бір отбасы ғана емес, бүкіл ауыл болып ойлаған. Қыз бала кейін келін болып түскенде төркініне кір келтіріп, ата-ана, әулетіне тіл тигізбесі үшін «қызға қырық үйден тию, қала берсе қара күннен тию» деген мақал өмірге келген.

Қазақ «шешесін көріп қызын ал» деп бекер айтпаған. Жақсы шеше қызын әдепті, қолынан бәрі келетін етіп тәрбиелеген. Қазақ қыздарында кесте тігіп, құрақ құрап, өз киімін өзі тігіп кимейтін қыз кемде-кем болған.

Тіпті, ұзатылуына алты ай қалғанда қызға жеке үй тігіп, қасына жеңгелерін қойып, тәрбиенің осалдау жерін жетілдірген.

Бойжеткен қыз осы тігілген отауда тұрып, жақсы біле қоймаймын-ау деген істерін жөндеп істеп, ерте тұрып кеш жатып, жаңа отбасылық өмірге дайындала бастаған. Әкесінің оң жағында отырып, қазан-ошаққа араласпай, онша

біліңкіремей қалғандарын үйренген: қонақ күту, етті мүшелеп алуды игеру т.б.

Қыз баланың тәрбиесі анаға байланысты екеніне де сөз жоқ. Кешегі астың дәмдісін, киімнің сәндісін кигізіп, еркелетіп өсірген қызы ананың аялы құшағынан жат жұртқа кетіп бара жатқанда анасы: – Қарағым, қызым, есің бар болса да тағы да ескертерім, барған жерінде ана атына кір келтіре көрме, әйел баласына табиғат сыйлаған нәзіктік қасиетінді қастерле, албырт жастыққа алданып қалма, ата-ененді күт, сыйла, қарт адамдардың көңіліне қаяу сала көрме, үлкеннің алдын кесіп өтпе, тіпті, үлкендер отырғанда қатты күлме де, ыдыс-аяқты салдырлатпа, ағайынды қадірле, күйеуінді піріндей күт, кішіліктен келер зиян жоқ. Қарағым, «әке аруағына сөз келтірме» деп, қызын әбден пысықтап жібереді. Анасы жақсы тәрбиелеген қыздан әбиірлі келін, адал жар, тәрбиелі ана, тәлімді әйел шыққан. («Әке аруағына ит қоспа» деп те айтылады).

II. Қазіргі таңдағы тәрбие

Әр заманның өзіндік ерекшелігі бар. Қазіргі жаһандану заманымызда жастар, әсіресе, қыздар әр түрлі ұғым, әр түрлі түсінікпен өзінің ұлттық ата салтын ұстаудың орнына біздің рухани мәдениетімізге үйлеспейтін, неше түрлі елдің жағымсыз қылықтарын қабылдап жатыр.

Әрине, бәрі сондай деп көпке топырақ шашуға болмайды. Ақылды, мәдениетті, еңбекқор, елдің келешегі қандай болар екен деп, халқымыздың қамын жеп, тіршіліктің қай саласында болса да игі істер істеп, ерге бергісіз ерлікке барып жүрген қыз-келіншектер тіпті көп. Жиырма жылдан жаңа ғана асқан егеменді еліміздің болашағы үшін ол қыз-келіндеріміз түн ұйқысын төрт бөліп, Отан үшін бар күшін сарп етіп еңбек сіңіріп жүр. Оларға халқының алғыстан басқа айтары жоқ.

Ал, тәртібімен бізді алаңдатып отырған қыздар осы соңғы 20 жыл тұсында өмірге келгендер. Солардың ұнамсыз тәртіптерін көргенде қарнымыз ашып-ақ қалады. Туған ұлтының (халқының) тектілігіне үйлеспейтін, өзіміздің тәрбиеге қарама-қарсы біздің қыздар еліктеп жүрген кей елдің өрескелдігі мол тәрбиесі көзге ұрып-ақ тұр. Жүрек шаншытарлық көрініс.

Бәрін тізіп жату мүмкін емес. Тек, көпшілік ортасында болып жатқан кейбір дөрекілеу, сорақылау қылықтарын айтсақ, әсіресе, 15 пен 20 жастың арасындағы мектепте не жоғарғы

оқу орнында оқитын қыздардың аузында шылымы, аха-ха да ухе-хе, қай жерде тұрмын-ау, айнала толған ел-ау демей, қалта телефонын ала сала қатты дауыспен сөйлесу, кешегі істерін айтып қатты күлу, арасында басқа ұлттың бей-ауыз сөздерін қосу, әңгімелері өрескел, айтып тұрғандарын қасындағылар естіп, күліп отыр-ау деу түйсігіне де кірмейді. Имену жоқ. Орындыққа шалқая отырып, қатарындағы ересектерге көз де салмайды, «қызықты» әңгіме жалғаса береді, жалғаса береді.

Әне бір қыз тұр, жап-жас, менің қызым болсашы дейтін-ақ бала, түрі. Киіміне қарасаң, көзіңді басқа жаққа бұрып кетесің. Шалбары мықынынан төмен, кеудешегі төсін ғана жауып, кіндігі қарнымен түгел ашық. Автобус тоқтаған кезде, қыз қозғалған сайын отырған ақсақалдың мұрнына тие жаздайды. Ата басын бұрып әкетті. Екі көзі терезеде.

«Сексен көрейін деген жасым ба еді,

Быламық ішейін деген асым ба еді» дегендей, Ұлы Отан соғысында қан кешіп, жетпіс жыл Кеңестің жаншуында болған адамның, өз тәуелсіздігімізді алып, егеменді ел болдық па, қазақ қалпымызға қайта келдік пе дегендегі жастардың мынандай тәртібін көру жеңіл ме, ойына не келгені белгілі, бірақ, шыдамды қарт, ол қызды өзгерте алмайтынын біліп, дымы құриды. Ал, аздап сын айтса, немересіндей баладан дөрекі жауап естуі мүмкін. Амал жоқ, көрсең де көрмегендей күйге енесің. Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ...

Ал, мына бір көріністен қараған адам жерге кіріп кете жаздайды. Токсан отбасы тұратын үлкен үйдің күндіз-түні ауласы толған адам, ойнаған балалар, дем алушы қарттар. Күндізгі екі-үш шамасында қасымыздағы мектептің оқушылары сабақтан шығады. Үйлеріне жеткенше біздің аулада біраз «демалады». Ұлы бар, қызы бар топ, орындықтарға жақындай бере сөмкелерін бір жерге жия салады да, екі-екіден бірінің алдына бірі отыра қалады да, құшақтасады, сүйіседі, басқасын айтуға ауыз бармайды, тура шетелдің фильмін көргендей боласың. Кейде нем кетті қарамаған үлкендер ақыл да айтқан болады, оны есітіп жатқан құлақ жоқ. Сол кезде осыдан бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген Мөңке бидің сөзі келеді ойыңа. Менің сөзім емес, атадан қалған сөз:

Табалдырығыңнан биік тау болмас,
Туысқаннан асқан жау болмас.

Керзаманның кезінде су тартылар,
Тана менен торпаққа жүк артылар,
Ар-ұяттың бәрінен жұрдай болып,
Қарап тұрған жігітке қыз артылар, – дейді.

Тура осыларға арналып айтылғандай. Қандай көреген даналар! Сондай даналардың ұрпағының бұзылып бара жатқандығы діңкеңді құртады.

«Қызым үйде, қылығы түзде» деген осы екен-ау. Ананың, ұстаздың көзін ала беріп, істеп жүргендері мынау. «Ернінен емшек сүті кеппей» жатып осындай қылық көрсетіп жүрген қыздардан келешекте қандай адал жар шығады?

Бұлар неге осылай өсіп келеді?

Кім кінәлі? Ата-ана, ұстаз ба, әлде қоғам ба? Әлде «Шіркін-ай, бір барып көрсек!» деген шетелдің ықпалы емес пе екен?

Қыздар, қарақтарым! Уақтылы, өткінші қызыққа берілмей, аналарыңның тектілігінен айырылып қалып жүрмендер! Қазақтың, өзгенің емес, қазақтың қызы деген ардақты атты қастерлендер!

Түсініңдер, **қазақ қызы кім?**

Қазақ қызы – ананың алақынының аясы.

Қазақ қызы – ұлтының ар-ожданы.

Қазақ қызы – халқының кешегісі мен бүгіні және ертеңі.

Қазақ қызы – өшкеннің оты, өлгеннің өмірі.

Қазақ қызы – сұлулықтың символы.

Қазақ қызы – адалдықтың, адамдықтың өлшемі.

Қазақ қызы – ұлтымыздың айнасы.

Сондай-ақ, жастар арасында, әсіресе, қыздар арасында сәнді де қымбат киімге, жақсы баға алуға, осы сияқты басқа да мақтануға тұрмайтын, бірақ, қыздар арасында аса жоғары бағаланатын «құндылықтарға» тартылу, оларға «бас ию» кезеңі өтіп жатыр. Орыс халқындағы «киіміне қарап қабылдап, ақылына қарап шығарып салады» мақалы қазір «киіміне қарап қарсы да алып, шығарып та салып» жатқандай. Оқу бітіруге тақаған студенттер болса да жөн-ау, 1–2-ші курстың студенттерінің кімнің мәшинесі қымбат деп жарысуы көңілге сыймайтын әңгіме.

Шіркін-ау, сол мәшинені өз маңдай терін сығып алып, өз еңбегімен тапқан дәулет болса екен-ау!

Әкенің дәулетіне мастанып, жастайынан мақтаншақтыққа, қанағатсыздыққа салынудың түбі неге апарып соғарын білмейді-ау, байғұс балалар.

«Биіктеп кетсең құлау бар,

Қуанып кетсең жылау бар» дегенді қыздарын осындай жолға салып отырған ата-ана түсінбесе, 15-18-дегі әлі қарны ашып көрмеген қыз қайдан түсінсін оның мәнін?

Осыған сәйкес мынандай ой да келеді миыңа. Кейде, осы заманның қыздары жеңілтек, қутиған ши бұт шалбар, мини көйлек киеді, басқа тілде сөйлейді деп баланың әр қылығына кінә қоя бергеніміз де артықтау сияқты.

Әр заманның өзіндік сәні бар, қай кездегі жастар болса да қатарынан қалғысы келмейді, бірақ, сол сән-салтанаттан артта қалмай-ақ, өз заманының ағымымен өмір сүріп, тек асырасілтеушілікке бармай, өз ұлтына тән жақсы қасиеттерді бойында ұстай білсе нұр үстіне нұр құйылар еді ғой. Бірақ, қазақтың салт-дәстүрі айтып отырған жас қыздарымызға жат. Қазірден бастап іздегендері бай, бөлек үйі бар жігіт. Ол жігіттердің ата-анасының баласынан күтіп отырған жақсылығында бұл қыздардың ісі жоқ. Ойлағандары тек өз мақсаттарына жету, тек қалталыларды кездестіру, тіпті қытай болса да кет әрі емес. Қайран қадірі түскен МАХАББАТ-ай! Сенен көк қағаз артық болды-ау!

Сонда тектілігіміз қайда?

«Малым жанымның садағасы,

Жаным арымның садағасы», – деп, арым ақшаның садағасы болды ма? Әлде, «Қой көрмегенмен ешкілі байдың қызы едім» дегендей, бұрын ештеңе көрмей, жаңа байығандардың қызы ма екен?

Әйтеуір, онша үлгілі, тәрбиелі қыз еместігі көзге ұрып-ақ тұрады.

Міне, менің әлде жаңа байығандардың қызы ма, – деп кейбіреудің намысына тие айтқан сөзім, ата-бабаларымыздың «Қызым, әке аруағына ит қоспа» деген өсиетін ұмытып, сөз тигіздіріп отырған қыздар екенін дәлелдейді.

Ал, ертеңі не болар екен деп, жүрегіміз ауырып жүрген тіл туралы ойласақ, жата қалып жылағың келеді.

Өзі, өз ана тілін білмегеніне ұялмақ тұрмақ, басқа тілдерді білгенін мәртебе тұтып, ауылдан келген орысша нашар, ағылшынша жалпы білмейтін қазақ қыздарын менсінбей «мамбетка» деп қорлайды. Оларды менсінбейді, олармен бір стол басында отыруға намыстанады.

Ауыл қыздары олардың клубына дискотекаға бара қалса, оларды ұрып тастайды. Міне, керек болса! Соның бәрінің себебі ауыл қыздарының ағылшынша, қытайша білмеуі.

Біз білгіштерге ағылшын, қытай тілін білме демейміз. Бірақ, «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді ұмытпа» қайда? Өздерін кем көру, не деген таяздық! Осындай қыздан не жақсылық күтуге болады: тілін білмеу, оны сүймеу деген ұлтын сүймеу емес пе?

Әрі қарай бұл мәселені тереңдетпесек те, көзі ашық адамның бәрі түсініп отырған жоқ па?

Дегенмен, шет елге барып білімін көтеріп келгенімен, ұлттық тәрбиеден жұрдай болып жатқанын ата-ана да, бала да түсінкірмей жатқандай...

Біраз көңілге қонымсыз қыз қылықтарын сөз ете отырып, осы қателіктерді қалай жоюға болады деген сұрақ туады. Оған жауапты ата-ана, ұстаз, көпшілік қауым, қоғам болып кіріспесе бір адамның сынынан жазылатын жара емес бұл.

Құрметті халайық! Ұрпақ тәрбиесі бәрімізге ортақ. Бәріміз де қыз өсіріп отырмыз. Солардың ертеңі туралы көбірек ойланайық!

Өнегелі, үлгілі, инабатты, жаны нәзік, рухани дүниесі мөлдір қазақ қызын ғана өсірейік! Қыз ұлттың болашағы. Солардың тектілігін көргенде көңіліміз сүйсініп, төбеміз көкке жететіндей болайық! Жастар, жастығымен түсінбей жатқан шығар. Олай болғанда қазақ қызының қандай болғанын, қандай екенін, қандай болу керектігін, әліміз келгенше шаршамай үйретіп, тәртібін түзеуге түгелдей ат салысып, шаңырағымыздың түтінін түзу шығаратын қыз өсірейік!

Қыздар! Қыз деген құрметті атқа дақ түсірмей, ар-ождандарың судай таза, сүттей ақ болып, адал жар, ақылды ана, кеменгер әжелікке жетіндер! Мәртебелерің биік болсын!

III. «Бір өкініш, бір үміт...»

«Жаңылмас жақ болмас, сүрінбес тұяқ болмас» дегендей, кейбір жігіттердің жастықтың албырттығымен қателесіп, он-он бес жылдай басқа ұлттың өкілімен өмір сүріп, «жазмыштан озмыш жоқ» дегендей, кейде тағдырдың құдіретімен бір күндері қазақтың бір инабатты қызымен жолығып өмір сүре бастағандағы қуанышты сезімін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. «Мен, – дейді, соның бірі, алғашқы сәтте шөліркеп-шөлдеп, аптап ыстығынан келіп, бас салып қымыз ішіп, қызуым көтеріліп, құмартқан қымызды ғана ішкендегі бас айналған сезімдей күй кештім, – дейді қазақ қызын қазақтың мейіріңді қандырар ешқандай теңдесі жоқ сусынына балап.


сылдыраған бұлағын, самал желін, иісі аңқыған гүлін, жайнаған күнін, өзінің кимешекті анасының келбетін, әпке-қарындасының сымбатын, жеңгелерінің назын, туған жерінің жазын көргендей. Бұл көп жылдар бойы жігіттің өзі де түсінбеген, шөліркеген көңілінің сусыны қанып, мазасызданған жаны жай тауып, жүрек соғуы қалпына түсіп, аспан астындай кең көңілдің, судай таза мейірімнің жетіспеушілігінің толысуы еді. Осындай қыздары бар қазақ ғажайып халық қой, ә? Бірақ, шынайы қазақ тек қаны таза даналардан, даралардан келеді ғой өмірге!

Таза қазақтың қызының мықты қылығын көргенде еліктің лағын, аққудың сыңарын, жұлдыздың жымиюын, күннің қызуын сезесің. Бұл қыз-жүректің әні, дастарханның сәні, сәбидің күлкісі, ата-ананың құрметі, ердің ерлігі, туыстың бірлігі, елдің елдігі емес пе?

Бөтен ұлттың өкілінен кейін ол жігіт қасындағы қандас қызды емес, қазақтың қымызын, қазы-қартасын, домбырасын, әнін, күйін, биін, кең даласын, сай-саласын,

В данной статье автор затрагивает тему воспитания девушек. Проследившая воспитание девушек с древних времен до современности, она ищет ответ на вопросы: «Кто такая казахская девушка, и какой она должна быть?» и т.п.

In the given article the author touches the theme of ladies' upbringing. Retracing ladies' upbringing from the ancient till nowadays. She is looking for the answers to the questions: "Who is Kazakh lady, and what kind of lady she must be?" etc.



С.Ж.Пралиев –
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ректоры,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА құрметті мүшесі
М.А.Нуриев –
ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,
профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Жаңартпа технологиялар
және білім беру мазмұнын ҒЗИ директоры
Ж.А.Сейсенбаева –
филология ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Жаңартпа технологиялар және
білім беру мазмұнын ҒЗИ оқу үдерісін жетілдіру
бөлімінің басшысы
Ж.М.Сейтова –
жауапты хатшы

ЫРЫМ-ТҢЫЙЫМНЫҢ ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕГІ РӨЛІ

Қазақ халқы – өзіндік рухани және материалдық мәдениеті қалыптасқан, дәстүрге бай ел, ырымшыл халық. Оны дүниетанымынан, өмірінен, мақал-мәтелдерінен, біз сөз еткелі отырған ырым-тыйымдарынан көруге болады. Жалпы адам табиғаты естіген, көрген нәрселерінен бір мағына шығарып, оны жорамалдауға құлшынып тұрады. Жақсы нәрсе естіп немесе көңіліне жақпаған нәрсені көрген сәтте оны жақсылыққа жорамалдаса, ұнамсыз сөз естіп, жағымсыз нәрсе көрген кезде оларды жамандыққа ырымдай бастайды. Өмірден көргені мен түйгені мол дана халық балаларының әр басқан қадамын жіті қадағалап, ұрпақ жалғастығына, ұл-қыздарының аман-сау жүруіне баса назар аударған. «Баламның табанына кірген шөңге менің маңдайыма қадалсын» деуі де, балаға аса мән бергендігін айқындайды. Біз ұрпағымызға ұлттық тәрбиені салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты, дін мен тілі, діл мен тарихты дәріптеп оқыту арқылы білім алушының бойына күнделікті өмір тұрғысындағы тәрбие нақыштарының сан белесінен хабардар етеміз. Сол дәстүр нақыштарымен, әдет-ғұрыптардың бүгінгі таңдағы рөлін айқындай отырып, жастардың халық үрдістеріне деген сүйіспеншілігін оятуды мақсат етуді негіздейміз. Жалпы, қазақ халқының ұлттық тәрбие көздері адам психологиясымен етене байланысып, замана жаңаруына сай өзгеріп отыратын құбылыс. Адам өмірі салт-дәстүр, той-томалақ, рәсімге, ырымдар мен наным, ән мен күйге толы. Салт-

дәстүр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан бір саласы. Ол адамдармен бірге туып, дамып қалыптасқан. Адам дүниеге келген күнінен бастап өмірінің соңғы демі шыққанға дейін салт-дәстүрдің ықпалында болады. Ол бір адамның шығарған ой-түйсігі емес, халықтық сана-сезімнің қалыптасқан үрдісі іспеттес. Халықтың сан ғасырлар ұлттық тағылымына қатысты өзіндік ерекшеліктерінен туындаған салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары, ырым-тыйымдары мол. Салт-дәстүрлер қоғамның дамуына орай толысып немесе қолданыстан шығып қалып отыратын құбылыс болғандықтан, біз ұлттық тәрбиені оқыту барысында олардың шығу тарихын, қолдану заңдылықтарын ескере келіп, адам тәрбиесінің өзектілігіне көңіл бөлуіміз қажет. Оқыту барысында қамтылатын материалдардың ұлттық тәрбие жүйесін жетілдіруде оның тарихи мәнін ғана ашып беру емес, қазіргі заман жетістіктеріне сүйене отырып, өмір тынысына сай келетінін жаңғыртып пайдалана білуге үйретуді мақсат еткен орынды.

Адам баласы жаратылғалы бері үнемі үздіксіз дамып, кемелденіп келе жатқан рухани дүние – тәрбие екені әмбеге аян. Өркениеттер тарихына ой жіберсеңіз, қай халықтың да ұлттық тағылымы бар екеніне көз жеткізесіз. Белгілі бір халық тағылымы – сол халықтың ұлттық негізі. Ұлттық негіз ұлттың салт-дәстүр, әдет-ғұрыпымен, тілімен, дінімен, ділімен тікелей байланысты.

Зерделеп қарап отырсаңыз, қазақи тәлім-

тәрбиеде ырым-тыйымдардың орны ерекше. Өмірден алған тәжірибелерін ырым-тыйымдар арқылы балаларын қауіп-қатерден, бәле-жаладан сақтауға қолданып отырған. Қазақтың ырымдары мен тыйым сөздері өте көп, оларға талдау жасасаңыз, белгілі бір мақсатты көздей іске асырылатынын байқайсыз. Мәселен, нәресте дүниеге келгенде үлкен ақсақалдардың біріне ырымдап ат қойғызу (бұл заман өркендеуіне байланысты қалып, жаңаша көрініс табуда, бірақ ауылды жерлерде әлі де кездеседі), ат қойған кезде белгілі бір мақсат көздеу (бай, сұлу, ақылды, еңбексүйіш, батыл, үлкен азамат т.б. болсын деген ниет), атақты, белгілі адамдардың жолын берсін, жұғысты болсын деп шапанының етегіне орау, отырған жеріне аунатып алу. Баланың кіндігін, тұсауын дана, еңбексүйгіш аналардың біріне кестіру, бесікке салғанда да үрім-бұтағы өсіп-өнген аналардың біріне салдыру, жас келінге оттай берекелі бол деп отқа май құйғызу, бесікке үкінің мамығын қадау, бүркіттің, қасқырдың тұяғын байлау, жастығының астына пышақ, айна, тарақты тығып қою ырымдарының астарында өзіндік тәлім-тәрбиелік мағына жатыр. Ырымдар мен тыйымдар халықтық салт-дәстүрлер, ауыз әдебиеті үлгілерімен, өнермен, әде-ғұрыптармен астасып келіп, сол арқылы жастарды «сегіз қырлы, бір сырлы» жетілген толық адам тәрбиелеуді көздейді.

Үйге қарай айқайлап жүгіруге болмайды. Ондай жағдайда «Тәйт, жаман ырым бастағаның не? Үйге қарай айқайлап жүгірмейді» деп тыйып тастайтын. Сондай ырым, тыйымдар қазақ өмірінде қандай орын алады? Оның мәні, күнделікті өмірде қандай маңызы бар? Кейде «қазақ халқы өзі ырымшыл халық-ау деймін» деген өзге ұлт өкілдерінен естіп жатамыз. Шындығына келер болсақ, дұрыс сияқты. Біз көп нәрсеге өзімізге тыйым қоямыз, сол ырымдарға қарай аяғымызды алып жүреміз. Оның мәні неде, осы тыйым сөздер неден пайда болды деген орынды сұрақ туындайды. Қазақтың тыйым сөздері ежелден қалыптасып күні бүгінге дейін отбасындағы бала тәрбиесінде талай ғасырлардан бері тамаша тәрбие құралы болып келе жатыр. Жалпы, қазақтың тыйым сөздері мақал-мәтелдермен өте тығыз байланысты. Мақал-мәтелдер сияқты оларда да әр түрлі бағыттар (еңбек, әдет-ғұрып, отбасы, тұрмыс-салт, өнерге, табиғатқа байланысты және т.с.с.) бойынша өзіндік жүйе қалыптастырған. Тыйымның да, ырымның да

есері де бар, естісі де бар. Ең маңыздысы, соны өз қажеттігіне, лайықты орнында жарата білу. «Ырым – жын-шайтанның «азғын іс-әрекетінен» сақтайтын амал» деген түсінік бар қоғамда. Жаны бар сөз сияқты. Себебі, қай ырымды болсын алып қарасаңыз да, тек тазалыққа, әдептілікке, үнемшілдікке, толып жатқан ізгіліктерге насихаттайды, соған баулиды. Мәселен, біразына тоқталып өтсек, «Іңірде жылама» дейді, оның мағынасы кешке жын-шайтандар көшіп жүреді екен. Оның дінге де қатысы бар. Ырым, тыйым арқылы жастарды діни жағынан тәрбиелеуді көздеу керек. Қазір қазақ жастарының, азаматтарының басқа дінге өтуі көбейіп кетті. Бұны біз білместікке жатқызамыз ба, жоқ әлде жоқшылыққа, әлде өз діндерін қабылдату үшін беретін алдамшы дүниені алсам дейтін ашкөздік, құнығушылық па?! Жастарды аталарымыз жүріп отырған жолдан жаңылыстырмай, өз арнасына бұрып әкелу де діндегі басты мәселердің бірі. Бүгінгі таңда дінді ұлттық дәстүрімізге қайшы келетін тұстарымен шатастыру сынды кереғарлықтар кездесіп қалады. Мысалы, кейбір үйлену тойларындағы «келіннің сәлем жасауы» сынды дәстүрді сынға алу кездесіп жатады. «Адам алладан басқаға бас имеуі керек» деп келіннің сәлем жасауына тоқтау салып жататын тұстары да кездеседі. Бұндай кереғар түсініктер ұлттық тәрбиені дұрыс білмеудің әсерінен көрініс табады. Қазақтың салтында келіннің сәлем салуы – жаңа түскен келіннің ант қабылдауы іспеттес. Себебі, сәлем салғанда, әулеттегі адамдардың аты рет-ретімен аталады. Ол кімнің жасы, жолы, қадірі үлкен екенін айқындайды. Қысқасы, жас келінге елді, руды, отбасы мүшелерін таныстыру және жөн-жосықты түсіндіру әбестік емес. Сонымен бірге беташарда келінге тілек, тәлім-тәрбие айтылады. Сол сияқты, өлген адамға жоқтау айттырмау керек деген сөз шығып жүр. Жоқтау – бағзыдан келе жатқан ұлттық дәстүріміздің бір түрі. Жоқтау арқылы өлген адамның жақсылығы айтылады. Мұндай дәстүрлерімізді жоққа шығарудың астарында ұлттық тәрбиені дұрыс білмеудің әсері тұрғаны анық. Міне, осындай кереғар түсінік болмауы үшін жалпы діннен жастарға қажет мағлұматтарды түсіндіріп отыру бүгінгі таңдағы әр түрлі секталардан қорғап қалуымыздың жолы десек те қателеспейміз.

«Отты сумен өшірме, отты шашпа, отпен ойнама» дейді, қазақ адам өмірін отпен

байланыстырған, «шырағын сөнбесін» деп жатуы оған дәлел. От туралы ғылыми тұжырым жасау да қиын дүние. Отпен аластау, «от ана», «отың өшпесін», «ошақтан от кетпесін» деген тілектер мен ырымдардың сабақтастығы да ертеден келе жатқан символдық мәні бар. Отқа табыну дәстүрі ата-бабамыздың тарихында болғандығы белгілі, сондықтан оның философиялық ұғымының мәні тереңде. Жаңа туған нәрестені бесікке бөлер алдында отпен аластау рәсімі осы ата-бабамыздан қалған діни-магиялық көрініс болып табылады. Келін алғаш үйге табалдырық аттап кіргенде қолданылатын «Отқа май тамызу» ырымы бар. Оны жоққа шығарып, ол құдайға табынушылықтан шыққан, ескі шаманизмнің, тәңіршілдіктің қалдығы деп қарайтындар кездеседі. Ол дұрыс емес. Себебі, оның мағынасын кейінгі жастар түсінбейді. Оның негізгі мағынасы: «Сен үйге келмей тұрғанда, ошағымыз жанып, қазанымыз қайнап тұрған. Енді сен осы жанып тұрған ошақтың отын өшірмей одан бетер майша лаулат» деу болатын. Ал, қазір керісінше отты лаулатып жағудың орнына бөтен халықтан енген туған күнде торт өшіру, яғни отты сөндіру салтына талпынғандарды көріп налисың. Ол біздің ырымдарға кереғар дүниелер. Қазақта «Отқа су құйып өшірсең, өз бақытыңды өшіргенің» деген де наным бар. Мінекей, осы от – жылу көзі, барлық тіршілік атаулының негізі. От арқылы жылу электр станциялары, орман-тоғайлардың өртке орануы, мұнай, газ құбырларының қоршаған ортаға, адамзатқа қауіп төндіретініне байланысты «отпен ойнама» деп тыйым қоя отырып, кішкентайынан жастарға экологиялық тәрбие беруде де маңызы зор деп ойлаймыз. Осы тәріздес тыйым сөздерді қолдана отырып, балаға кішкене кезінен, мектеп табалдырығын алғаш аттаған сәттен ырымдар мен тыйымдар жайлы мол мағлұмат беретіндей тәрбие, ашық сабақ сағаттарын ұйымдастырып, үлкен кісілердің қатыстыруымен өткізіп отыру қажет. Бұл баланың тек санасын, ойын жетілдіріп қана қоймай, айнала қоршаған ортаға түсінігінің кең қалыптасуынан, эстетикалық, экологиялық тәрбие алуына септігін көп тигізеді. Аңдап қарасаңыз, шынайы ырым-тыйымдар тек балаға ғана емес, үлкендердің де денсаулығына, жеке басының тазалығына айтарлықтай пайдасы бар.

«Бүйіріңе қолыңды таянба!» дейді. «Жаман болады!» дейді. Неге? Қазақта жақын бір адамынан айырылғанда ғана екі бүйірін таянады.

Себебі, қатты өксіп, солқылдап жылаған кезде адамның ішкі органдары қозғалысқа түсіп, ағзаға қатты зиян келеді екен. Сонда екі бүйірін таяну – үлкен таяныш, тіреуіш болады. Ырымшыл халық мұны бір жағынан қайғыны шақырма дегенге әкеліп тірейді. Бәрі сол кішкене кездегі қылықтар ғой. Адам есінегенде аузын қолымен жабу керек, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзі есінеген кезде аузын оң қолының ішкі жағымен не сол қолының сырт жағымен жапқан екен дегенді үлкендерден жиі естиміз. Сөйтсек, оның мағынасы есінеген кезде шайтан адам аузына балаларын тастап жібереді. Демек, бұл тыйым – сүннет. Бір жағы көргенсіздік, әдепсіздік. Қазақтың дәстүрлі тыйымдарын әркез ата-аналары, ата-әжелері сөз арасында айтып, құлағымызға сіңіріп өсірсе өте орынды. Қол жумай ас ішпейді. Асты төкпейді – ысыраптың белгісі деп, осындай ерсі істерге тыйым салып отырған дұрыс. Дастарқан үстінде әдепсіз сөз сөйлемейді, жаман сөз айтпайды. Арам өлген малдың, арам аңдар мен құстардың етін жемейді. Түнде тамақтың бетін жауып қояды. Әкесі бар адам бас ұстамайды. Белді, жақты таянбайды. Жер таянып отырмайды. Тізені құшақтамайды. Себебі, халық ұғымында тізені құшақтау – жалғыз қалудың белгісі. Жуған қолды сілкісе ырыс, несібе кетеді дейді. Адамға қаратып қолды шошайтпайды. Саусақты, қолды орынсыз ауызға салуға болмайды, адамға қарап керілмейді, әдепсіздік болып саналады. Жатқан кісінің үстінен аттамайды. Кемтар адамға күлме, күлсең өз басыңа келеді. Біреуге қарап ерін шығаруға, үлкен адам алдында аяқты созып отыруға, адамға қарай түшкіруге, есінеуге, үлкен кісінің алдынан кесе-көлденең өтуге болмайды, бұл қылықтардың барлығы әдепсіздік белгісі. Таңдай қағуға болмайды. Үй ішінде таңдай қаға беру – жаманшылық шақыру белгісі. Екі қолды төбеге қойып отыруға болмайды, ол ел-жұрттан безінудің белгісі. Басына қайғы түскен адам ғана қолын төбесіне қойып отырады деген сияқты тағылымды дүниелерді сөз арасында істеген қылықтарына қарай мысалдармен қатыстырып айтып отыру тәрбиені жеңілдетеріне кәміл сенеміз. Бұл ырымдар мен тыйымдардың астарында даналықтың терең сыры жатыр. Осы тәріздес күнделікті іс-қимылдан көрінетін әрекеттерге қазақ халқы үлкен мән беріп, оны бала тәрбиесіне орынды пайдалана білуін кемеңгерлігінің бір қыры деп түсінсек әбден болады.

Қазақ асты қадірлеген. Нанды баспайды, тұзды бей-берекет шашпайды. Себебі, барлық тағамның тұзсыз дәмі жоқ. Сондықтан да, «Астың иманы – тұз» деп қарап, егер тұз төгілсе, ырыстың төгілгені, ас азаяды. Жерге төгілген тұз еріп жоғалғанша сол жерге тұзды төккен адамдай ащы, ауыр тұрмыс кешеді деп ырымдайды. Осы тәріздес ырымдары мен тыйымдары арқылы баланың жинақылығын да реттеп отырған. Баланы сәби кезден тәрбиелегенде жоғарыдағыдай тыйымдар мен шектер болуы тиіс. Барлығына рұқсат беру тек ата-ана ғана емес, баланың өзіне де қиын. Дегенмен де кез келген тыйымдардың нақты логикалық негіздері болуы қажет. Тыйымдар өмір мен денсаулыққа қауіпті болуы, сіздің жұмысыңызбен немесе өзіңізге өте қымбатпен байланысты болуы да мүмкін. Сондықтан баланы тәрбиелей отырып, осы тәріздес тосқауылдарды ескерген жөн. Егер тыйымдар өте көп болса да, олардың жартысы есте сақталмайды. Сондай жағдайда бала сізге нақты, маңызды болатын тыйымды бұзуы мүмкін. Сол себепті, баланың мінез-құлығын реттеуге жеңіл, тыйым салынған заттарды көз алдынан алып тастау, түсіне білетіндерге ақырын мысалдармен жеткізе отырып түсіндірген абзал.

Қазақ халқы жүкті әйелге шашын кескізбейді. Ал, қазіргі жас қыз-келіншектер мұның мәнісіне бойламайды. Оның себебі, мұндай қылқтан бақ таяды, іштегі баланың бақыты сөнеді, кемтар туылады, қол-аяғы қысқа болады деп ырымдайды. Халқымыз қыздарды, аналарды аса қадірлеген. Қонақ боп барған үйінде, өз үйінде қызды төрге отырғызады. Себебі, «қызда қырық көлікті бақыт бар» төрде отырса – сол бақыттың жұғыны қыз отырған төрде қалады деп есептеген. «Қызда оттай ыстық мейір бар» дейді, төрде отырса – сол мейір сол үйге бағышталады дейді. «Қызда қырық қырсық та бар», егер босағада отырса – қырсық сол үйде қалады дейді. «Қызда мұздай суық ызғар бар», егер есік жақта отырса – сол ызғар сол үйді шалады. «Қызда қырық періште де бар, қырық сайтан да бар». Төрде отырса, сол періштелер сол үйге қонады, есік жақта отырса, сайтандар сол үйде қалады дейді. Осындай ырымдардың салқынынан қалтырап, ыстығына қуанған халық балаларын тәрбиелегенде ырымдар мен тыйымдардың тек жақсы жақтарын ғана алулары керек.

Ырым мен тыйымның барлығын бірдей қабылдай беруге болмайды, оның қажеттісін

алу керек, керексізін ысырып тастау керек. Себебі, кейбірінің «солай болып қалса қайтем» дегендей психикаға кері әсерін тигізетіндері де бар. Мүмкіндігіңше ондай нәрселерге көңіл аудармауға тырысу керек. Қазақи ырымнан қорқып керегі жоқ, тек қоғамда белең алып бара жатқан, адамды шатастырып қана қоймай, ақымақтыққа бой алдыратын «қазіргі заманғы жасанды жаңа ырымдардан» сақтану керек. Мысалы, қара мысық жолды кесіп өтсе, жолды айналып өту дегендей, бұл «қара мысық» бізге орыстардан келген «ырымдардың» бірі. Мұсылмандар мысықты жақсы көрген, оған дәлел, пайғамбарымыз (с.ғ.с.) шапанында ұйықтап жатқан мысықты мазаламау үшін, шапанынның етегін кесіп тұрып кетеді екен. Орыс халқы 13 санынан қорықса, бұл қазақ халқы үшін киелі сан. Оны түсінбеген кейбіреулер осындай ырымдарға сеніп, өздерін тыйып жүреді. Сол сияқты, оң көзін тартса қуанасың, сол көзін тартса жылайсың, табанын қышыса жүгіресің, шайына көбік түссе ақша келеді деген сияқты соқыр наным-сенімдерден аулақ болған дұрыс. Баланы одан жеріндіріп, нақты өмірдің қағидаларына үйрету керек. Байқасаңыз, қазіргі қазақ жастары ырымшыл болып барады. Қарапайым ғана мысал, көшеде кетіп бара жатқан машиналардың исі мұсылман жүргізушілерінің барлығында дерлік «көлденең көк аттының бәле-жала, тіл-көзінен аман сақтасын» деген ниетпен өзінің амандығын ойлап, тағып қойған құран сүрелерін, тәспийқ, үкі, үйіне қамшы, киіміне түйреуіш, көзмоншақ тағы сол сияқтыларды іліп қойғанын байқайсыз. Бұл да ырымға сенген халыққа тән қасиет, өзіндік болмысымыз болар, бәлкім.

Халық тұрмысында күні бүгінге дейін әлі маңызын жоймай сақталып келе жатқан ырым-тыйымдар көп. Оның біразы қолданыстан шығып қалды, енді бірі жөнді, жөнсіз қолданылып та, жаңадан туып та жатыр. Мәселен, қазіргі кезде ырым дегенде бағзы кездегі белгілі бір заманның тұрмыс-жағдайына байланысты гигиеналық тыйымдардың ырымға айналуы. Олар шын мәнінде ырым емес. Мысалы, «Түнде тырнағыңды алма, жаман болады!». Ойлап қарасақ, қазіргі кездегідей жарық шамы жоқ, ыдыс-аяғы мен төсек-орны бірге, тар қазақ үйдегі тазалықты сақтаудан, әрі қараңғыда тырнағымен қоса саусағын, не қолын абайламай кесіп алу қаупінен туған ұстаным. Ал, дамыған мына уақытта бірнеше бөлмелі жарық үйде мұндай түсініксіз

Қ.Бөлеев –
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ ұлттық білім беру академиясының академигі,
Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының
“Педагогика және этнопедагогика” кафедрасының меңгерушісі,
Тараз қаласы
М.Е.Әбікеева –
Жамбыл гуманитарлық колледжінің оқытушысы,
Тараз қаласы

ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫ-ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ТУРАЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ

XIX екінші жартысы XX ғасырдың 20-30 жылдары өмір сүрген қазақ ағартушы-педагогтары А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Ж.Аймауытовтың және М.Жұмабаевтың шығармашылықтарында халықтық салт-дәстүрлердің тәрбиелік мәні және оларды оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану туралы ой-пікірлер молынан айтылған.

1. Ахмет Байтұрсынов – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, ақын, талантты аудармашы, публицист, әдебиет зерттеушісі, түрколог, қоғам қайраткері, ағартушы ұстаз болған.

Ахмет Байтұрсынов ағартушылық қызметінде халықданалығытудырған фольклорлық мұраларды жинап, зерттеуге ерекше ден қойды. Оның 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» еңбегінің тәлімдік-тәрбиелік мәні өте зор.

Ахмет Байтұрсынов сол еңбегінде қазақтың ауыз әдебиеті халық даналығы, тәрбие негізі екенін ерекше айта келе, оның түрлерін былайша жіктеді: ертегі, ауызекі әңгіме, өтірік өлең, үгіт өлең, үміт өлең, толғау, терме, ділмәр сөз, тақпақ, мақал, мәтел, тойбастар, жар-жар, неке қияр, беташар, жоқтау, жарапазан, бата, жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жыры [1].

Кітаптың «Ғұрып сөзі» атты бөлімінде ұлттық әдет-ғұрыптарға байланысты ғұрыптық сөздердің: тойбастар, жар-жар, беташар, неке қияр, жоқтау, жарапазан, бата т.б. мазмұнына, тәлімдік мүмкіндіктеріне жан-жақты тоқталады. Мәселен, тойбастар қашан және қай уақытта айтылатынын, қандай тәрбиелік мәні бар екенін салыстырмалы түрде сипаттап, Баймағанбет правительдің қызы Қаныкейдің тойында Шернияз ақын айтқан тойбастарды мысал ретінде ұсынады.

Қыз ұзату тойында айтылатын «Жар-жар» жұбату өлеңінің мән-мағынасын ашып көрсетеді және оның айтылу тәсілдерін сөз етеді. Сондай-ақ,

қыз келін болып түскенде орындалатын ғұрып – беташар туралы А.Байтұрсынов былай дейді: «Қыз келіншек болып түскенде бетін көрсетпейді. Ауылға келерде алдына шымылдық ұстап, перделеп келтіреді. Үйге кіргеннен соң да алдына шымылдық тұтып, қыз-келіншек, бала-шағалар болмаса, басқаларға көрсетпей қояды. «Беташар» айтылғаннан кейін беті ашылып, шымылдық алынып, ғұрып бойынша көрінетін адамдарына келіншек сонан соң көрінеді» [1].

Беташардан соң орындалатын ғұрыптың бірі – неке қияр. Ғалымның анықтауынша, «неке қияр» сөз неке қияр кезде екі арада жүретін екі куәнің күйеу мен қыздың ырзалығын сұраған уақытта айтылатын сөз, бұл әуенмен емес, өлең ұйқасымен, дәйім бір қалыпта айтылады.

А.Байтұрсынов салт-дәстүр жырларының бірі жарапазанға да тоқталып өтеді. «Жарапазан «рамазан» деген сөзден шыққан, ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің тұсында тұрып, жарапазан өлеңін айтады. Ораза ұстаған адамдар, сауап болады деп, жарапазан айтқандарға құрт, май, ірімшік, бір шаршы шүберек, басқа сол сияқты нәрселер береді. Жарапазанды кәсіп етіп, ораза уақытында ел аралап, күндіз жүріп айтатын үлкен адамдар да болады. Жарапазан айтатындар екеу болып жүріп айтады. Бірі жарапазан айтқанда, екіншісі қостаушы болады», – деп, «жарапазан» сөзінің мәнін, тәрбиелік маңызын түсіндіре келе, оның түрлі орындалу тәсілдерінен мысал келтіреді [1].

А.Байтұрсыновтың қазақтың тұрмыс-салт жырларының ішінде ерекше мән бергені – «Бесік жыры». Ол: «Бесік жыры, яғни бала тербету – баланы ұйықтату үшін айтылатын өлең; бала тербету түрліше айтылады. Бірақ бүгінге бірдей жалпы келетін жерлері бар» [1], – деп оның мазмұнын сипаттайды.

Осылайша ол ұлттық әдет-ғұрыптарға байланысты орындалатын рәсімдердің мән-маңызын салмақтай отырып, жеке тұлғаның рухани, адамгершілік қасиетін қалыптастырудағы халықтық мұраның рөлін айқындайды.

Ахмет Байтұрсынов қазақтың сөз өнерінің тәрбиелік мәніне ерекше назар аударады. Ол сөз өнерінің тіл мәдениетінің қалыптасуына ықпалын былайша түсіндіреді: «Сөз өнеріне жұмсалатын зат – сөз. Сөз шумағы тіл деп аталады, сөз өнеріне жұмсалған сөз шумағы да тіл (ялуғат) деп аталады. Шығарма тілі екі түрлі болады: ақын тілі, әншейін тіл.

Ақын тілі – айрықша өң беріліп айтылған сөз, әншейін тіл – ондай өң берілмей, жәй айтылған сөз. Ақын тілімен сөйлегенде, сөзге айрықша мән берілгендіктен, лебіз өрнегі болып шығады.

...Сөз өнері деп, асылында, нені айтамыз, – дей келе ол: «... бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келтіріп сөз арқылы тысқа шығару – сөз шығару болады» [1], – деп ойын нақтылай түседі. Расында да, Ахмет негізін салған сөз өнері арқылы баланы жастайынан өз ойын дұрыстап жеткізе білуге, сөйлеу шеберлігіне баули отырып, мәдени-рухани дамуына ықпал етуге болады.

А.Байтұрсыновтың тақпақ түрінде қалдырған және жинаған мұраларының да тәрбиелік мәні зор. Ол тақырыпқа анықтама бере отырып, оның мақалға айналуын, мақалдың салт-сананы қалыптастырудағы маңызын ашып көрсетеді. «Салт-санасына сәйкес пікірлерді келтесінен келтіріп, өлең түрде ұйқастырып айту тақпақ болады. Тақпақ қысқара-қысқара маңызданып барып, мақалға айналып кететін де жерлері бар. Мақалдарды құрастырып қосып айтқанда, мақалдар тақпаққа айналып кететін де жерлері бар. Мақал да тақпаққа жақын, халықтың салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызды, шын келеді» [1], – деп ой түйеді.

А.Байтұрсынов мақалдардың жағымдысы да, жағымсызы да болатынын, олардың адам бойында әр түрлі қасиеттердің қалыптастыруына ықпал ететінін атап айтады. Қазақ арасында жиі айтылатын «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы», «Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос», «Жоқтық ұят емес, барлық мұрат емес», «Денсаулық – зор байлық», «Ұяда

не көрсен, ұшқанда соны аларсын», «Ашу алдында шығады, ақыл соңында шығады» т.б. мақалдардың мән-маңызына үңіледі [1].

Мақал мен мәтелдерді салыстыра отырып, «Мәтел дегеніміз кезіне келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ, мақал тәжірибеден шыққан қақиқат түрінде айтылады. Мәтел қақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады», – деп тұжырымдайды. Сондай-ақ, ол халық даналығынан туған «Көппен көрген ұлы той», «Адасқан қаздай, рудан аздай», «Тамақ тоқ, көйлек көп, уайым жоқ», «Бетегеден биік, жусаннан аласа», «Бір теңге беріп жырлатып, мың теңге беріп қойдыра алмадық» т.б. мәтел сөздер бала бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға игі ықпал етеді деп есептейді [1].

А.Байтұрсынов мұраларын зерттегенде ғалымның қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуын көксегені, осы жолда маңызды істер тындыруға ұмтылғаны аңғарылады. Әсіресе, ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ата-баба дәстүріне аса мән береді. Оны ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы ықпалды күштің бірі деп біледі. Өзінің істеген ісін ата-баба қалдырған мұралармен салыстыра отырып, «Біздің заманымыз өткен заманның баласы, келер заманның атасы. Атадан алған мирасымыздың жәйі мағлұм, балаға бұл қалыпта тұрып не мирас қалдырмақпыз, оны болжауға да артық әулиелік қажет емес» [1], – деп қынжылыс білдіреді.

Ағартушы-педагогтың «Маса» атты өлеңдер жинағынан қазақ қоғамындағы әлеуметтік, қоғамдық ойлар, оның азаматтық және халықтық идеялары айқын көрініс береді. Мұндағы «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Жұртыма», «Туысыма», «Оқуға шақыру», «Жұбату», «Анама хат», «Тілек батам», «Тарту», «Жиған-терген» атты өлеңдерінде туған халқын сүю, оны өнер-білімге шақыру, халықтық салт-дәстүрлерді қастерлеу, анаға мейірімділік, бата-тілектің маңызы, қазақ халқының даналығы, оның тәрбиелік мәні туралы кеңінен сөз болады. Мысалы, «Қазақ салты» атты өлеңінде әрбір азамат туған халқын құлай сүйіп, оның бақыты мен болашағы жолында жұмыр басын құрбан етуге әзір болу керектігін айтса, «Оқуға шақыру» өлеңінде «Балалар, оқуға бар, жатпа қарап, Аллалап ал кітапты қолдарыңа» деп, жас ұрпақты оқу-білімге үндейді. Ал «Жиған-терген» өлеңінен қазақ халқының қасіретке толы тарихы мен тағдыры көз алдына елестейді.

«Жұбату» өлеңінде көне халық жырауларының тандаулы дәстүріндесөзін тыңдаушыларына тікелей арнау арқылы ықылым замандардан бермен қарай сахара елінің сәні болған, әр қазақтың жүрегіне қымбат белгілердің бірте-бірте көз ұшынан ғайып болып, жоғалып бара жатқанын жырмен өрнектеп, ойын сауал түрінде жеткізеді.

А.Байтұрсынов «Асыл сөз» атты еңбегінде қазақ халқының сөз өнеріне қатысты дәстүр, әдет-ғұрыптарына жан-жақты тоқтала отырып, оның тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді. «Өнер алды – қызыл тіл», – дей отырып, сөз өнерінің адам санасында үш түрде негізделетініне, яғни 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге байланысты болатынына тоқталады. Ақыл мен тілдің мән-маңызы және міндеті туралы былайша пайымдайды: «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жәйін ұғыну, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау»; «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау» [1].

А.Байтұрсынов мұраларындағы тәрбиелік мәні бар ұлттық тағылымның негізгі түрі – бата. «Бата – біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз; батаны ақсақал адамдар айтады. Батагөй шалдар басы бар табакты алып келгенде, асты жеп болғанда да бата қылып, көбінесе бата тамақ жеп болған соң істеледі» [1], – деп, бата беру жолдарын баяндайды. Ол баталарды түрлеріне, айтылу рәсімдеріне байланысты жинақтап, топтайды.

Ғалым жоқтауға да ерекше мән берген. Оның пайымдауынша, қазақта «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сөз текке айтылмаған. Қазақ халқы тарихының төрт жүз жылын қамтитын 23 жоқтаудың тәлімдік те, білімдік те мәні зор. А.Байтұрсынов «Жоқтауларды» жинап, жарыққа шығарғанда төмендегі ойды басшылыққа алғанын айтады: «Дүниеде ешбір тіл өз-өзінен шықпайды. Дүниеде ешбір тілді бір шешен кісі ойлап шығарған жоқ та, шығармайды да. Тіл деген нәрсе қалың елдің күндегі тұрмыс қазанында қайнап пісіп, дүниеге келеді. Сонан соң ғана шешендер, «тіл көсемдері» тілді безеп, жалға-жөнге салып, жүйесін айырып өстіреді. Сондықтан, әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кетпек, енді ғана өсе бастаған қазақ

әдебиетін алғанда, мұны естен шығармау керек. Ел аузындағы тіл дегенімізде, нені үлгі-өрнек етіп аламыз? Әрине, осындай жоқтауларды, мақалдарды, жұмбақтарды, ертегілерді, өлеңдерді, тағы-тағы осындайларды» [1].

Қорыта келе айтарымыз, А.Байтұрсынов өзінің ағартушылық қызметі мен педагогикалық көзқарастары арқылы халықтық салт-дәстүрлерді кеңінен насихаттап, оларды іске асыру жолына бар өмірін арнаған ғұлама ұстаз, халық педагогы.

2. Халқымыздың қоғамдық-саяси өмірімен қатар, оқу-ағарту саласына зор еңбек сіңірген азаматтардың бірі – Міржақып Дулатов. Оның есімі ағартушы ұстаз, жалынды публицист, жауынгер акын, жазушы, тарихшы, аудармашы, әдіскер, библиограф, саяси күрескер, мәдениет және қоғам қайраткері ретінде танымал.

Міржақып Дулатовтың халықтық салт-дәстүрлердің тәрбиелік мәні туралы ой-пікірлері «Есеп құралы», «Қирағат», «Оян, қазақ!», «Оқу құралы» атты еңбектеріне және «Серке», «Қазақ», «Ақ жол», «Айқап», «Еңбекші қазақ» газет-журналдарында жарияланған көптеген мақалаларына өзек болды [2].

Міржақып мұғалімдік қызметін атқара бастасымен қазақ балаларына арналған оқу құралдарының тапшылығына көзі жетіп, соларды жазуға кіріседі. Мәселен, Ы.Алтынсариннің «Хрестоматиясы» ол күнде табылмас дүниеге айналған еді. Сондықтан да ол осы тапшылықтың орнын толтыру үшін 1911 «Қирағат» кітабын шығарды. Кітаптағы бастауыш сынып оқушыларына жеңіл, түсінікті тілмен жазылған жергілікті табиғатпен байланысты әңгімелерде жылдың төрт мезгілі, жан-жануарлар мен құстар өміріндегі ерекшеліктер, ел өмірі, тұрмыс-тіршілігі туралы мәлімет беру көзделген. Жинаққа халық ауыз әдебиетінің үлгілері, Абай мен Ыбырайдың шығармалары және автордың өзінің «Жаз», «Жазғы кеш», «Шілде», «Күз», «Қыс», «Қоян», «Қасқыр қысты қалай өткізеді», «Бұғы», «Піл», «Кит», «Үй хайуандары», «Бөрі», «Күлкі сөз», «Оқу», «Нұрмаш пен Дүйсен», «Оқымысты бала», «Шалдың үш баласы», «Қонақ кәде», «Ешкімге жауыздық қылма», «Байлық» сияқты әңгімелері енгізілген. Әсіресе тәрбиелік мәні зор «Айқұлақ», «Дүмбілдек», «Марламқаш» сияқты ұлттық ойындар балаларды ерекше қызықтырады. Жинақтағы «Қонақ кәде» атты әңгімеде қазақтың әдет-ғұрпы

– «қонақ кәде» туралы сөз етілсе, «Күлменіздер кәріге» атты әңгімеде әке тілін алмай, өлмелі шалкемпірді мазактайтын әдепсіз балалардың қылығы айтылады.

Дулатовтың поэтикалық шығармашылығы да халықтық салт-дәстүрлерді насихаттауға тікелей бағытталған. Онда халықты ұлттық келісімге шақыру, ағарту ісіне және білімге ұмтылдыру мәселелері кеңінен айтылады. Жазушының мұндай ой-пікірлері «Оян, қазақ!», «Насихат гумумия», «Таршылдық халіміз хақында аз мәнижат», «Алаштың азаматына», «Алаш ұранды қазаққа», «Үшінші июнь законы һәм қазақ», «Жер мәселесі» атты шығармаларына арқау болған. Мысалы, «Оян, қазақ!» атты өлеңінде «Ғылым үйрен, ашылсын көзің, жастар, тәрбиеле өзінді өзін, жастар» деген жолдар арқылы халықты оқу, білімге ұмтылуға дағдылайды. Ал «Жер мәселесі» атты еңбегінде «...Бұл заман өнер-білім заманы болған шақта әр жерде жайылып жүргенде оқудан мақұрым қалармыз. Надан халық білімді халықтардың қасында өзінің дінін, хақын сақтай алмай, дүниеден ақыры есебін бітіруі ықтимал», – деп, өнер-білім жөнінде саликалы ой айтады.

Міржақып Дулатов «Жазу тәртібі», «Тіл туралы», «Қазақ тілінің мұңы», «Қазақ тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға», «Эсперанто тілі» атты еңбектерінде тіл мен жазу мәселелеріне, ұлттық графиканы жасау және қолдануға ерекше мән берді. Оларда кез келген халықтың ана тілі ұлттық тәуелсіздіктің негізі екені, қазақ тілінің халық ағарту ісінде, оның рухани және мәдени өмірінде белсенді қолданылуы қажеттігі, жаңа қазақ графикасын жүзеге асыру мәселелері кеңінен баяндалады. Оның пікірінше, ана тілін, дінін, әдет-ғұрпы мен салт дәстүрін берік сақтаған халық шын мәнінде білім мен мәдениетке қол жеткізбек. «Тек туған ана тілі ғана адамды сол ұлттың өкілі етеді. Егер адам өзінің туған тілін толық игерсе, ол өзінің ұлттық рухы мен ұлттық өмірін сақтайды» [2], – деп халықтық салт-дәстүрлерді насихаттайды.

Міржақыптың «Есеп құралы» екі кітаптан тұрады. Бірінші кітап арифметиканы бастауыш мектептің бірінші жылында, ал екіншісі екінші оқу жылында оқытуға арналған.

Бірінші кітап 4 бөлімді қамтиды. Бірінші бөлімде 10-ға дейінгі сандармен танысу, екінші бөлімде толық ондықтармен, үшінші бөлімде

10-20 аралығындағы сандармен есептер шығару қарастырылған.

Екінші кітап үш бөлімнен тұрады. Бірінші және екінші бөлімдер 100-ге дейінгі санау амалдарына, үшінші бөлім төрт амалды шығаруға құрылған. «Есеп құралындағы» есептердің мазмұны таза ұлттық сипатта, қазақ халқының күнделікті өмірінен алынған. Тапсырмалардың шарттарында қазақ оқушыларының жас ерекшеліктері мен ұлттық психологиясы ескерілген, ал мазмұндары бойынша олар оқушылардың өз бетінше дамуы мен белсенділігін арттыруға бағытталған, әсіресе оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыруға ерекше ықпал етеді.

Міржақып Дулатовтың мектепте оқу-тәрбие үрдісін ұлттық сипатта жүзеге асыру туралы ой-пікірлерінің халықтық салт-дәстүрлер тұрғысынан алғанда маңызы мен мәні ерекше. Мысалы, ол мектептің мақсаты: «Жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру»; міндеті: «...балқыған жас баланың бойына ана тілін анық үйретіп шығару»; оқытудың әдіс-құралдары: «Оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысымен һәм табиғаттан жазылуы, ...алған тәрбиенің әсерлі, күшті, сенімді болуы»; оқыту нәтижесі: «...Мұндай балалар мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды. ...Қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық, өзгерістер көрсе де, ұлт ұлы болып қалады» [2], – деп, ұлттық тәрбиенің әсерін нақтылы атап көрсеткен.

Міржақыптың жоғарыда аталған «Қазақ жайы» атты шығармасын жалпы жағдайдың белгілі бір қырын алып, ерекше уытты әсер күшімен баяндайтын «Қазақ жерлері» деген өлең осының айқын айғағы. Өлеңнің тақырыбынан-ақ көрініп тұр, мұндағы көтерілетін мәселе көшпелі ел тұрмысындағы жер мәселесі. «Мал ашуы – жан ашуы» деген қазақ, бар тіршілігі малмен байланысты болған соң, соған керекті өріс-қонысты қуалап, кең сахараны тынымсыз кезіп жүргенде, оның ойқырына түгелдей бауыр басып, атадан балаға мұра етіп қалдырған. Сол байтақ даланың әр пұшпағында қазақ тарихының өшпес ізі, әр заманда қан болып тамып, тер болып төгілген таңбасы, әр ұрпақтың өзіне қымбат жәдігерлері бар. Сондықтан да қазақ жерін сөз еткендегі ақын тебіренісінің тереңдігін, сол жерлердегі замандар бойғы тіршілік белгілерінің қолдан шығып, қор

болып бара жатқанын көргендегі ақын жанының шырылын, тіпті бүгінгі оқырманның өзі де өзгеше кобальд сезімі үстінде қабылдағандай.

М.Дулатовтың қазақ халқының салт-дәстүріне байланысты жазған «Хош келдің, Наурыз!» атты мақаласында бұл мейрамның халықтың тұрмыс-тіршілігінде орны ерекше екенін айта келіп ойын былай қорытады: «Соңғы жылдар қазақтың шаруасын күйзелтіп, байтақ елі ашаршылыққа ұшырап, ойын ойнап, тойын түгіл, барар тау таба алмай дағдарған еді. Енді, шүкір, аздап заман түзеліп, шаруа оңалуға айналды.

Мұнан былай да, бұ күнгі күнді жыл сайын осындай қуанышпен қарсы алып, ойнап-күліп өткізу үшін, қазақ елі ерінбей еңбек сіңіріп, мезгілін өткізбей егін егіп, пішен шауып күн ілгері қамынды же. Сонда ғана былтырғы, бұрнағы жылдардай қан жыламай, алдағы Наурыздарды да шын мейрам, шын шаттықпен өткізетік. Наурыз – қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы» [3].

Сонымен, Міржақып Дулатов, «Білдіру білмегенге білгенімді, өзімнің деп білемін зор міндетім» деп өзі айтқандай, мақсатты да мағыналы, өрелі де өнегелі өмір сүре отырып, артына ағартушы-тәлімгер, қоғам қайраткері ретінде мол мұра қалдырды, ал ол мұра қазақ халқын, оның ұрпағын ұлттық салт-дәстүрлер арқылы тәрбиелеуге қызмет етті.

3. Жүсіпбек Аймауытов – аса көрнекті қазақ жазушысы, әдебиеттанушы, ақын, қоғам қайраткері, психолог, ағартушы-педагог болған.

Жүсіпбектің 1929 жылы жарық көрген «Жаңа ауыл» кітабында халықтық салт-дәстүрлер кеңінен көрініс береді [4]. Бұл мектеп жасындағы оқушыларға арналып хрестоматиялық үлгіде жазылған еңбек еді. «Сөз бастары», «Шежіре», «Жаз», «Күз», «Қыс» және «Жазғытұры» атты бөлімдерден тұратын оқу құралы балалардың ұлттық психологиялық ерекшеліктері ескеріле отырып жазылған.

Құралға адам, қоғам, өмір, айнала әлемнің сырын ашатын алуан өлең, әңгіме, жұмбақтар, танымдық-тәрбиелік мәні зор аударма шығармалар да енген. Авторлар құрамында төл әдебиеттің қалыптасу, дамуына үлкен үлес қосқан қаламгерлермен қатар, есімі, еңбегі сол кездегі баспасөзден таныс тұлғалар да бар. Оқулыққа Сәкеннің «Кедейдің қысқы баспанасы», Сәбиттің «Егін», «Қызыл бұрыш», Ілиястың «Жазғы шілде», «Баласы-

нан анасына хат», «Қыс», «Саптыаяқ», «Сабын», «Ұршық», Қалмақанның «Жалшы жастар, міндетін», Өтебайдың «Орақшы», Әбділдәнің «Қойшы бала», Байыс Битілеудің «Тырна», Төлегеннің «Шұбар тайым табылды» т.б. өлең, әңгімелері енген. Сонымен қатар онда «Ж.А.» деген бүркеншік есімді автордың «Оқу, білім», «Біздің тәртіп», «Пішен», «Жапырақтар», «Қала мен ауыл айырбасы», «Еріншек», «Бірінбірі жем қылу», «Тінікейді не ойландырады», «Жас көсемдер» маршы атты өлең, әңгімелері де берілген.

Оқулыққа енген көптеген өлең-әңгіме, аударма, жұмбақтар мазмұн, маңызына орай алуан түрлі сурет, өрнек үлгілерімен әсем де бедерлі безендірілген. Мәселен, «Пішен» әңгімесінде арбаға қос ат жеккен адам, «Егін» өлеңінде диқаншы бейнесі орын алған. «Жаратылыс календары» деген тақырыпта қазан айының кестесі (күн аттары, ауа райының құбылысы) келтірілген. Онда әрбір дөңгелек белгіге түсініктеме беріліп, ауа райындағы өзгерістер (жаңбыр, жел, қар т.т.) көрсетіледі. Сондай-ақ онда «Шежіре кестесі», «Кілем тоқу», «Адам соқаны қалай ойлап шығарған?», «Көлікте не жүйрік?» т.б. тақырыптардағы ел өмірінің, кәсіптірліктерінің бейне-белгілері әсерлі ойымен ғана емес, әсем безендірілумен де өзіне тартады. Ең бастысы, мұнда оқушылардың жас ерекшеліктері, таным-түсінігі т.т. кең көлемде ескерілген.

«Жаңа ауылдың» екінші басылуына 149 өлең-әңгіме, жұмбақтар, тапсырма жұмыстар енген. Оқулықтағы өмір, болмыс, құбылыс, тұрмыс т.б. тақырыптардан ел өмірінің тыныс-тіршілігі, ұлттық белгі, әдет-дағды мен дәстүр өнегелері жан-жақты танылады.

Сонымен, Ж.Аймауытовтың «Жаңа ауыл» оқулығындағы тақырыптар табиғат құбылыстарын бейнелі де бедерлі суреттеп, өмір жырын, уақыт сырын шертеді. Бұл кітапты жас буынның ой-танымын байытып, ұлттық тәлім-тәрбие мен бағыт-бағдар беруде орны бөлек еңбек деуге болады.

Жүсіпбек жас ұрпақты тәрбиелеудің бір сатысы ретінде әдет заңын қарастырған, ол жөнінде көлемді «Әдет заңы» атты мақала жазған. Ол мақаласында әдеттің адам тіршілігіндегі орнын, оның жақсы, жаман болып қалыптасу жолын кең талдай келіп, жаман жолға түсіп кетпеу үшін адам бойына жақсы әдетті орнықтыру туралы ойларын ортаға салады. Баланың әдетті жасынан тамыздықтап жи-

найтыны, оқытушының міндеті олардың бойына алдыңғы өмірінде пайдалы боларлық әдеттерді сіңіру екенін, адам іске бола тәрбиеленсе, істің табан тірейтін дерегі де әдет болатынын дәлелді әңгімелейді.

«Әдет – бір сақтаулы қазына (капитал)», – дейді Жүсіпбек. Қазынасының өсімін жеп өмір сүрген адам сияқты әркім-ақ қымбат әдеттерінің пайда-сын көріп тіршілік жасауға тиіс. Ол үшін пайдалы әдетті баланың жас кезінен бойына дарытып, зиянды әдеттен ерте сақтандыру керек.

Жаңа әдет бірден қалыптаса қалмайды, ол ұзақ қайталауды, бойға сіңіруді қажет етеді. Әдет әбден адам бойына орныққанша, оны жалықпай қайталай беру қажет. Қалыптаспай жатып бұзылған әдетті Жүсіпбек толмай жатып тарқатылған ұршыққа теңейді. Бұзылған әдетті қайта орнына келтіру, қайта қалыптастыру әрі ұзақ, әрі қиын үрдіс. Жаман әдет бір күн жеңсе, жақсы әдет жаман әдеттің талай жетегіне төтеп береді.

Автор әдетті қалыптастыруды психологиялық тұрғыда негіздейді. Оның ұғымынша, бір нәрсені істеуге талаптанғанмен, оны істеуге белді байлағанмен, мида із қалмайды; қозғалыс сезімі басталып, ол нәрсе іске асқан кезден былай мида із қалады. Мида ізі жоқ нәрсе әдет болмайды. Жүсіпбек жас кезінде адамның қиялшыл болатынын, әр нәрсені істегісі келетінін айта отырып, солардың орындалмауы да әдетке енбеуінен деген қорытынды жасайды. «Сол ынталар кезінде ұдайымен тиісті сусын ала алмайды да, өмірде қайтпас болаттай қару (әдет) болудың орнына, күндегі уақ мүдделер жол бермегендіктен өзінен өзі сөніп қалады».

Жүсіпбек адам тәрбиесіне айрықша мән берген, әсіресе жаңа заманда қазақтарды іске, белсенділікке, оқу-білімге ұмтылуға үйретуде әдет заңының өзіндік орны барын көрсетуге едәуір көңіл бөлген. Ол «Әдет – адамның екінші табиғаты», «Әдеттің күші табиғаттан он есе артық» деген қағидаларды қолдай отырып, қазақтың әдет-ғұрып салттарының жақсы жақтарын дамыту мәселесін орынды көтере білді.

Сонымен, Ж.Аймауытов халықтық салт-дәстүрлерді насихаттауға ерекше еңбек еткен нағыз халық педагогы деп толық айтуға болады.

4. Ақын, публицист, қазақ әдебиетінің негізін қалаушыларының бірі, аудармашы, ағартушы-педагог Мағжан Жұмабаевтың

халқымыздың рухани өмірінде алатын орны ерекше.

М.Жұмабаевтың халықтық салт-дәстүрлердің тәрбиелік мәні туралы оның поэзиясында, педагогикалық, әдістемелік еңбектерінде және мақалаларында кең көрініс береді.

Мағжанның «Қорқыт» поэмасының мазмұны ақынның шырғалаңы мол күрделі тағдырымен астасып жатқандай. Қорқыт пен өлім Мағжан үшін аса жұмбақ тақырып. Ол басқа да өлең, жырларында өлім жайын көп айтып, көп толғанғаны белгілі. Бұған «Ой», «Мені де, өлім, әлдиле», «Зар» тағы басқа өлеңдері дәлел. Өлімнен қашып, мәңгілік өмір іздеген Қорқыт жайын жырлағанда, ақын оның бар болмыс-бітімін, арман-қиялын өз ой елегінен өткізіп, өмір мен өлім, адам өмірінің мән-мағынасы туралы ой түйіндейді.

Өмірде арманым жоқ – Қорқытқа ерсем,

Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем,

Жас төгіп, сұм өмірде зарлап-сарнап,

Құшақтап қобызымды көрге кірсем, – деп, ол ажал – хақ, сондықтан да өмір жібінің түйінінде өлімді табиғи рәсім ретінде, болмай қоймайтын өмір ақиқаты ретінде қабылдау керектігін уағыздайды [5].

Мағжан Жұмабаев шығармашылығының екінші бір қыры, оның ағартушылық-педагогтық қызметі. Оның халықтық салт-дәстүрлер арқылы ұлттық тәрбие беру идеясы «Педагогика», «Бастауыш мектепте ана тілі», «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні», «Сауатты бол» атты педагогикалық және әдістемелік еңбектерінде баяндалған.

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогикасы» ұлттық педагогика туралы қазақ топырағында жарық көрген тұңғыш еңбек [6]. 14 ірі бөлімнен құрылған бұл еңбегінде Мағжан бала тәрбиесі мәселесіне нақтылы талдау жасап, түсініктеме береді. Сөз басында «Тәрбие деген не?» – деген сұраққа жауап бере отырып, оны дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі деп төртке бөледі. «Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны» дей келіп, «Балам адам болсын дейтін ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын», – деп атап көрсетеді.

Оқу құралында ол дәстүрлі тіл мәселесіне ерекше тоқтап, үлкен сезіммен тебірене жазады: «Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, оңдай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі

болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті... Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр» [6].

Мағжан бала тәрбиесінде, әсіресе, қыз баланы тәрбиелеуде әйелдің, ананың рөлінің зор екендігін айтады. Өйткені, бала анаға жақын тұрады. Шешесі үйде баланың көзінше не істесе, қалай қимылдап, қалай сөз сөйлесе, ертең баласы, әсіресе қыз бала соны істейді. Көбіне қыз бала тәрбиесі анаға байланысты. Сол себептен ана-әйел балаларының көзінше өте әдепті, мәдениетті болуы тиіс. Мағжанның тәрбие саласындағы ойлары осыны меңзейді.

Ол мәдениет, ұлттық тәрбие, ізгілік туралы ойларын «Құлық сезімдері» деген бөлімде одан әрі дамыта түседі. Ол қазақ халқына «Басқа халықты, адамзатты сүй, өзгелердің жақсысын үйрену арқылы көтеріл, өрге ұмтыл» деген өсиет айтады. «Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халық пайдасы жолында құрбан бола білсін», – дейді [6].

Сонымен, Мағжан Жұмабаевтың «Педагогикасы» халықтық салт-дәстүрлерді наси-

хаттау, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу мақсатында жазылған тұңғыш этнопедагогикалық еңбек деп толық айтуға болады. Өйткені Мағжан «Педагогикасының» басты ерекшелігі – оның қазақ топырағымен, халықтық тәрбие және оның салт-дәстүрлері, мінез-кұлқымен тығыз байланыстылығында, өзі айтқандай «...қазақ баласының тәрбиесі, қазақ тұрмысына қабысуы мақұл» [6]. Оқулықтың басынан аяғына дейін ұлттық тәрбие басшылыққа алынып, тәрбиешінің балаға ұлттық тәрбие берудегі міндеттерін былайша көрсеткен: «...әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақпақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті».

Қорыта келе айтарымыз, қазіргі кезде қазақтың ұлттық мектебінің негізін қалауда, онда ұлттық тәрбие беруде салт-дәстүрлерді жүзеге асыруда М.Жұмабаев шығармашылығының маңызы мен мәні ерекше деп бағалауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:


1. Байтұрсынов А. Ақ жол. Шығармалары, өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
2. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 382 б.
3. Дулатов М. Хош келдің, Наурыз! // Еңбекші қазақ. – 1923. - №75.
4. Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 510 б.
5. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
6. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

Резюме

В статье излагаются взгляды казахских просветителей педагогов об использовании обрядов и традиции казахского народа в национальном воспитании личности.

Summary

In article are stated sights of the Kazakh educators of teachers about use of ceremonies and tradition of the Kazakh people in national education of the person.



ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Қазіргі заманда бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу үшін алдымен өзіміздің ата-бабамыз калдырып кеткен осы бір салт-дәстүрді сақтай отырып келешек ұрпақты сол арқылы рухани адамгершілікке, сонымен бірге салауатты да саналы ұрпақ келешек қоғам қамын ойлар болса, сол қоғам иелерін жан-жақты, ақыл-парасаты мол, ізетті, кішіпейіл, мәдениетті азамат етіп тәрбиелеу мектептің, мұғалімнің, ата-ананың қоғам алдындағы борышы.

Қай халықты алсақ та әрқайсына өзіне тән ұлттық дәстүрі, тәрбие бастаулары бар. Сол ұлттық салт-дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу үлкен міндет. Егер алтын қазына ұлттық салт-дәстүрі, мәдениеті жалғасып атадан балаға мұра болмаса, халықтың келешегі жоқ.

Қай елде, қай кезде болмасын бала тәрбиесіне ерекше мән берілгендіктен, халқымыздың ардақты азаматы Мұстафа Шоқай «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухты тәрбиелеген ұрпақтан халқымызға қажетті мен пайдалы азамат шықпайды», - деп ұлт болашағын ұлттық рухты мектепте тәрбиелеу қажеттігін көрсеткен.

Тәрбие тамыры – халық даналығында. Жас ұрпаққа жан-жақты өнегелі жарасымды тәрбие беруде ата-бабалар дәстүрін өнеге етудің үлкен тәрбиелік маңызы бар.

Жыраулар мен билер шығармашылығында көтерген мәселелер ұлттық, жалпыазаматтық проблемалармен ұштасып жатады. Мұнан өз тіліміздің, халқымыздың, қоғамның дамуы белесіндегі тарихын, ұлттық мінез, ерлік-елдік дәстүрлерін, философиялық ұғым-түсінігін көрсетеміз. Жас ұрпақты жоғары интеллектуалды азамат етіп тәрбиелеуде халқымыздың бай рухани мұрасын пайдалануымыз керек. Ол халықтың тәрбиесінен, мәдени тұрмысы туындыларының түрлерінен көрініс бере отырыш, адамның дүниеге келуімен бірге өрбіп, дүниеге аттанып кеткенше құндылықтайтын, тербететін алтын бесігі іспеттес. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерімен ұлттық салт-дәстүр, жол-жора, ырымдар арқылы өз ұрпағын ізетті, еңбек сүйгіш, қайырымды, шыншыл адам отанын сүйетін батыр азамат етіп тәрбиелеуді көздейді.

Ауыз әдебиетінің үлгілері мен ойын дәстүрлер, жол-жора ырымдар, өнер мен ойын түрлерін тәрбиенің құралы ретінде пайдаланып келеді.

«Ақыр заман алдында
Құрамалы үйің болады,
Толқымалы биің болады,
Едірейген ұлың болады,
Бедірейген қызың болады,
Ақырайған әйелің болады,
Кекірейген келінің болады,
Табалдырықтан биік тау болмас,
Ағайыннан артық жау болмас,
Тана-торпаққа жүк артылар,
Ар-ұяттан жұрдай боп,

Қарап тұрған жігітке қыз артылар», – дегендей Майқы бидің шерге толы толғауының астарына мән берсек, бүгінгі кейбір жастарымыздың кескін-келбетін көргендей боламыз. Қазақ бола тұра қазақ тілін ұмытып, ата-бабамыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан ажырап қалған, шетелдік компьютерлік ойындармен қатыгездікке құрылған фильмдердің еркіндік кеткен жастарымызды ондай жолға түсірмес үшін салт-дәстүр арқылы иманы таза, көзі ашық, көкірегі ояу рухани адамгершілікке тәрбиелеу және тәрбиеленуымыз біздер сияқты жастардың қолында. Ұлы бабамыз ғұлама әл-Фараби «Тәрбиесіз қолға білім салма» десе, Ахмет Байтұрсынов «Біз әрқашанда білімге ұмтыламыз. Негізінде, ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек. Бізге тәлімді рух, тәрбиелі білім қажет, тәрбиелері білімдар... Міне адам! Міне тұлға!» деп білімнен бұрын тәрбиеге көңіл аудару керектігін, тәрбиесіз адамға берілген білімнен ешқандай пайда жоқтығын баса көрсеткен. Біз осы қағидаларды әрқашанда жадымызда ұстауымыз керек. Ең алдымен, таза жанды, иманды, арлы, намысты, ұлты мен ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрін сүйетін тұлға тәрбиелеуге ұмтылуымыз керек. Ол үшін әрбір оқу орнында, мектепте түрлі шаралар, сонымен бірге соған байланысты сабақтар, мәні бар қойылымдар, мектепте сынып сағаттары, баяндамалар, ашық сабақтар, әңгімелер, пікірталастар өткізілілуі тиіс. Ұлы бабамыз

әл-Фарабиден бастап өшпес мұра қалдырған ойшылдарымыз Йассауи, Хорезми, Дулати, Баласағұни, Жалайыри т.б. еңбектері қазіргі ұрпақ тәрбиесі үшін теңдесі жоқ қазыналар. Сондай-ақ, Асан қайғы, Ақтамберді, Майлықожа сияқты т.б. ақын-жыраулардың толғаулары мен дана өсиеттері қаншама. Ал, Абай мұрасының оның идеологиялық көзқарастарының алар орны тіпті ерекше. Жарық жұлдыздарымыз Шоқан, Ыбырайлармен қатар 20 ғасыр басында тәлімдік ой-пікірлермен барынша қазақ даласын дүр сілкіндірген Шәкәрім, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақыптардың педагогикалық, психологиялық тұжырымдары заман талабымен үйлесіп жатыр. Халқымыздың осындай даналары мен кемеңгерлерінің еңбектері, ойлары, көзқарастары тәрбие жұмысында, әсіресе, рухани тәрбие беруде ұстаздарға көмек болатын таптырмас дүниелер. Белгілі жазушы Аймауытов Жүсіпбек өзінің «Тәрбие» деп аталатын еңбегінде «Тәрбие екі түрлі: дене тәрбиесі және рух тәрбиесі хайуан көбінесе денесін тәрбиелейді, ал адам баласына дене тәрбиелеумен бірге рухын, ақылын, сезімін, жігерін, мінезін тәрбие қылуы керек. Дене мен рухы бірге тәрбиеленбеген кісі сыңаржақтау болады» депті. Ендеше Ж.Аймауытов айтып отырған тән мен рухты бірге, бірдей тәрбиелеу ісін қолға алу керек, тіпті тәннен бұрын, рухты тәрбиелеуге күш салу керек. Барлық тәрбие мен білім берудің тамыры мен өзегі осы рухты тәрбиелеуде, яғни рухани тәрбиеде жатыр. Адам алдымен рухани тәрбие бермей, тәрбиенің басқа салаларын жүзеге асыру мүмкін емес.

Рухани тәрбиемен нұрланбаған адам өзінің алған білімін қара басының пайдасына жұмсап, өз мүддесі үшін азаматқа апат әкелуі мүмкін. Оның мысалы тарихта аз емес. Сондықтан, әл-Фараби бабамыздың жоғарыда айтылған «Тәрбиесіз қолға білім салма» деген сөзі жалпы ұстаздар қауымының негізгі ұстанымы болуы керек. Кейбір адамдар рухани тәрбиені дінмен шатастырып, қарсы шығуы да мүмкін. Діни тәрбие мен рухани тәрбие мүлде екі бөлек дүние. Дегенмен бүгінгі күні дін мәселесіне

де жаңа көзқарас керек екенін түсіндік. Кеңес өкіметі кезінде «Дін сананы улайтын апиын» деп келсек, бүгінгі күні дін арқылы тәрбие жұмыстарын нәтижелі жүргізуге болады. Бұған Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың мына сөздері дәлел «Біз тегіміз түрік, дініміз ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін кітап «Құран Кәрімді» насихаттауды естен шығармауымыз керек». Демек, рухани тәрбие арқылы адамның бойындағы адамгершілікті ізгі қасиеттермен қалыптастыруға болады.

Міне, сол арқылы халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған рухани тәрбие арқылы адамның бойында адамгершілік ізгі қасиеттерді қалыптастыруға болады. Рухани құндылықтарын бала бойына сіңіріп, өзінің Отанының адал азаматын тәрбиелей аламыз.

Бұл жұмысты жүзеге асыру аса қиын емес. Себебі, ата-бабаларымыздың салып кеткен сара жолы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпқа негізделген жас ұрпақты тәрбиелеу әдістері бар. Жоғарыда атап өткен дана бабаларымыз бен кемеңгер ғұламаларымыздың баға жетпес құнды еңбектері бар. Рухани тәрбиені теориялық тұрғыдан қазіргі заманға сай саралап, қазақ тілінің кемеліне жеткізген кемеңгер Абай мен Шәкәрім аталарымыз бар. Тек бір осы қазыналарды орнын тауып қолдана білуіміз керек. Қоғамның жылдан-жылға рухани азғындалып бара жатқанының себебі де осы ар ілімнің оқылмай, рухани тәрбиенің берілмей жатқаны. Сондықтан рухани тәрбиені қайдан аламыз, қалай береміз дегенде, алыстан іздемей-ақ өзіміздің осындай ойшылдарымыздың дана өсиеттерін басшылыққа алуымыз керек. Қазіргі жастарымыз батыстың мәдениетіне бой алдыра бастады. Бұған тосқауыл қою керек, Өйтпеген жағдайда ұлттық болмысымыздан айырылып қаламыз. Тек қазақ халқының қанында бар рухани асыл қасиеттердің өзге халықтарда кездесе бермейтіндігіне жастарымыздың көзін жеткізуіміз керек.

Ендеше егемендігіміз мәңгілік болсын десек, оның болашағы жастардың тәрбиесін, оларға рухани тәрбие беру ісін кешіктірмей қолға алуымыз керек-ақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Адамгершілікке тәрбиелеу-басты мақсат. Тәрбие құралы №1, 2005. 44-46 б.б.
2. Тәрбие тамыры халық дәстүрінде. Жетісу газеті. №2, 2006. 4-5 б.б.
3. Адамгершілікке баулу бағыттары. Қазақстан мектебі. №11, 2004. 61-63 б.б.
4. Адамгершілік тәрбиесі бағытындағы жұмыстар №1, 2005. 63-65 б.б.

Резюме

В данной статье автор рассматривает пути духовно-нравственному воспитанию школьников через традиции и обычаи казахского народа.

Summary

In this article author considered way to spiritually-moral education of schoolboys through traditions and customs of the Kazakh people.

Е.С.Салтанов –

*кандидат педагогических наук, доцент, полковник,
начальник военной кафедры КазНПУ имени Абая*

ВЗАИМОСВЯЗЬ НАЦИОНАЛЬНОГО И ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ СТУДЕНТОВ

В широком педагогическом смысле под воспитанием понимается *направленное воздействие на человека со стороны общественных институтов с целью формирования у него определенных знаний, взглядов и убеждений, нравственных ценностей, политических ориентаций, подготовки к жизни.* [1;55] Достигнуть целей воспитания возможно в комплексном воспитательном процессе, который состоит из взаимосвязанных различных направлений. Вообще, процесс воспитания – очень сложная динамичная система. Системный подход к анализу воспитательного процесса обязательно предусматривает изучение взаимосвязи различных направлений, как внутри системы, так и их взаимодействие со средой. Любая система не может существовать вне определенной среды, она может быть понятна только во взаимодействии с последней.

Ниже мы рассмотрим, что из себя представляют два основных направления воспитательного процесса – национальное и патриотическое воспитание, взаимосвязь и их взаимодействие со средой.

Национальное воспитание – представляет собой знание истории нашей страны, понимание судьбы Отечества, своей неразрывности с ним, ощущение гордости за сопричастность к деяниям предков современного поколения и исторической ответственности за происходящее в обществе и государстве. Включает изучение многовековой истории Отечества, места и роли Республики Казахстан в мировом историческом

процессе, военной организации в развитии и укреплении общества, в его защите от внешних врагов, понимание особенностей менталитета, нравов, обычаев, верований и традиций наших народов, героического прошлого различных поколений, боровшихся за независимость и самостоятельность страны.

Важным в раскрытии сущности национального воспитания в учебном процессе вуза является установление преемственности. Например, необходимо учитывать на занятиях полученные в семье, школе первоначальные понятия и чувства, и уметь поднять их на уровень научного осознания в процессе усвоения основ наук в вузе. Работа по выявлению сущности природы изучаемого феномена показало, что с образованием Республики Казахстан, с утверждением демократических отношений впервые в истории развития казахстанского общества у народа возникло целостное национальное сознание, как стержень и составная часть воспитания в целом. В этом ракурсе следует назвать важнейшей составляющей чертой национального воспитания студентов его демократическое содержание, которое проявляется в любви к родной земле, к культуре казахстанского народа, сочетаемое с любовью и преданностью государству.

Как же можно создать предпосылки, способствующие формированию у студенческой молодежи чувства осмысленной гражданской солидарности и сопричастности, межэтнического и межличностного взаимопонимания?

Остановимся на основных мерах по их созданию:

Активно реализовывать государственную политику в области пропаганды и применения государственных символов.

Государственная символика является комплексом культурных эмблем нации. Правильное использование государственной символики способствует формированию гражданского самосознания и чувства общности.

Особое внимание нужно уделять повышению информированности студенческой молодежи в вопросах значимости государственной символики через проведение различных конкурсов и других массовых акций.

Вовлечь СМИ в проводимую пропаганду государственных символов путем производства и трансляции телевизионных и радиопрограмм на эту тему.

Внедрять принцип проведения государственных праздников как общенародных.

Вовлекать большее количество молодежи в проводимые торжества. Принимать меры по созданию организационно-методического обеспечения каждого торжества для восприятия проводимого празднования «всем сердцем», с чувством единства, сплоченности, душевного подъема.

Преобразовывать разработку сценариев для всемерной гуманизации государственных праздников.

Повышать уровень учебных программ системы образования.

В целях повышения духовно-нравственного потенциала обучающихся и воспитания у них гражданского сознания провести экспертизу существующих учебно-методических материалов.

По итогам анализа внести необходимые изменения в учебные программы, дополнить их материалами, посвященными идеям национального единства и согласия, познанию культуры и изучению традиций казахского народа, казахстанских этнических групп.

Развитие идей культурного сотрудничества, евразийства, воспитание межэтнической, религиозной терпимости и взаимопонимания осуществлять в рамках научно-практических конференций, лекций, дискуссий и заседаний «круглых столов».

Определить духовную идентичность казахстанцев, единство национального менталитета.

та.

Проводить специальные мероприятия с целью познания особенностей культуры и менталитета различных этносов страны, углубление взаимопонимания народов Казахстана. Изучать международный опыт формирования национальной и культурной идентичности в полиэтническом, поликультурном обществе.

Давайте ниже попробуем разобраться с понятиями «патриотизм», «патриотическое воспитание» и определить взаимосвязь с национальным воспитанием.

Современное понимание патриотизма характеризуется большим разнообразием и неоднозначностью. Во многом это объясняется сложной природой данного явления, многоаспектностью его содержания, структурой и многообразием форм проявления. Кроме того, проблема патриотизма рассматривается разными исследователями в различных исторических, социально-экономических и политических условиях в зависимости от их личной гражданской позиции, отношения к своему Отечеству, от использования ими различных сфер знаний и т.п.

Отсюда, сегодня проблема патриотического воспитания студентов в своей сущностной основе приобретает новый облик. А именно в настоящее время патриотическое воспитание следует рассматривать не столько как подготовку студенческой молодежи для выступлений против войны и т.д., сколько как укрепление духовного состояния всех казахстанцев. И в этом плане сегодня наша студенческая молодежь должна быть готова к борьбе с терроризмом, наркоманией, что обуславливает необходимость утверждения гражданской позиции, формирование патриотического отношения к своему Отечеству, укрепление основ которого во многом зависит от умелого научно обоснованного использования ими различных сфер знаний. Это объясняется тем, что в период общественных катаклизмов, когда происходит переоценка нравственных ценностей, понятие «патриотизм» подвергается своеобразной девальвации. Поэтому проблема патриотического воспитания студентов требует к себе самого пристального внимания. Изучение нормативно-правовых актов РК, специальной литературы показало, что появляется острая необходимость в разработке новой научно обоснованной концепции патриотического воспитания студентов, стержнем которого является казах-

станский патриотизм, его теоретических основ, что становится актуальной задачей отечественной науки. [2; 73] В научно-исследовательской литературе имеются различные подходы к пониманию патриотического воспитания. Их можно условно дифференцировать по направлениям, в которых определяется главный существенный признак этого понятия.

Во-первых, патриотизм, особенно если иметь в виду его возникновение и формирование, рассматривается как одно из высших качеств, которое впервые появляется в детском возрасте, развивается и обогащается в социальной, духовно-нравственной сферах жизни.

Во-вторых, понимание высшего развития чувства патриотизма неразрывно связано с его действительностью, что в более конкретном плане проявляется в активной социальной деятельности, действиях и поступках, осуществляемых на благо Отечества.

В-третьих, патриотизм как глубоко социальное по своей природе явление представляет собой не только суть жизни общества, но и источник его существования и развития, выступает как атрибут жизнеспособности, а иногда и выживаемости социума.

В-четвертых, одним из характерных проявлений казахстанского патриотизма является принцип государственности, отражающий специфику исторического развития нашего общества, важнейшим фактором которого выступало государство как относительно самодовлеющая сила. На современном этапе развития казахстанского общества возрождение патриотизма во многом ассоциируется в качестве важнейшего условия возрождения Республики Казахстан, как самостоятельного государства.

В-пятых, в качестве первоосновного субъекта патриотизма выступает личность, приоритетной социально значимой задачей, которой является осознание своей исторической, культурной, национальной, духовной и прочей принадлежности к Родине как высшего принципа, определяющего смысл и стратегию ее жизни, исполнения служения Отечеству.

В-шестых, истинный патриотизм заключается в его духовности. Патриотизм как возвышенное чувство, незаменимая ценность и неиссякаемый источник, важнейший мотив социально значимой деятельности наиболее полно проявляется в личности, социальной группе, достиг-

шей высшего уровня духовно-нравственного и культурного развития. Глубоко духовный в своей основе патриотизм предполагает бескорыстное, вплоть до самопожертвования служение Отечеству, являющееся мерилom нравственности в оценке любой социальной деятельности, самого смысла человеческой жизни и ее предназначения.

Основываясь на этих и других подходах к понятию «патриотизм», обобщив его самые существенные признаки, черты, представляется возможным дать ему целостное определение.

Патриотизм – одна из наиболее значимых, непреходящих ценностей, присущая всем сферам жизни общества и государства, являющаяся важнейшим духовным достоянием личности, характеризующая высший уровень ее развития и проявляющаяся в активно-деятельностной самореализации на благо Отечества.

Патриотизм олицетворяет любовь к своей Родине, сопричастность с ее историей, культурой, достижениями, проблемами, притягательными и неотделимыми в силу своей неповторимости и незаменимости, составляющими духовно-нравственную основу личности, формирующими ее гражданскую позицию и потребность в достойном, самоотверженном, вплоть до самопожертвования, служении Отечеству.

В историческом плане патриотическое воспитание молодежи является источником духовных и нравственных сил, здоровья общества, его жизнеспособности и силы, особенно мощно и неудержимо проявляющихся на переломных этапах развития, во время больших, исторически значимых событий в годы трудных испытаний.

В Республике Казахстан, как и в прежние времена, патриотизм находит свое выражение в чувстве долга перед Родиной.

Казахстанской молодежи есть с кого брать пример. В летописи казахского народа немало славных подвигов воинства, которыми гордится вся страна. Чувства патриотизма, долга были присущи воинам Абылай хана, Карасай батыра, Кабанбай батыра, Богенбай батыра и храбрым солдатам Великой Отечественной войны – Бауржану Момыш-улы, Малику Габдуллину, славным дочерям казахского народа – Алие Молдагуловой, Маншук Маметовой.

«Опыт Великой Отечественной войны еще раз убедил нас, – отмечал легендарный комбат, ученый, писатель Бауржан Момыш-улы, – что

успех зависит от морально-нравственных сил войск, что, в конечном счете, живые люди – солдаты и офицеры – решают все, они в первую очередь подвергаются испытаниям боя, но они являются и творцами побед» [3, 5]. Воин-батыр Момыш-ұлы всем своим личностным военным опытом доказал, что участие в войне, защита Родины придает человеку ощущение чувствовать себя сыном человечества, и это делает человека по-настоящему счастливым. Здесь явно прослеживается мысль о том, что патриотизм и верность воинскому долгу основываются на готовности воинов к защите Отечества. Готовность к защите Отечества является результатом подготовки к выполнению функций по защите интересов государства и выражается в реальной способности к их осуществлению в специфических условиях военной или иной государственной службы. «Незабываемые подвиги фронтовиков, – отмечал М. Габдуллин, – совершаемые ими во имя победы, их любовь и преданность ... Родине будут служить примером для молодого поколения» [4;79].

Именно поэтому сегодня как никогда следует проблеме патриотического воспитания, особенно в вузах, придать приоритетное значение. «Система патриотического воспитания предусматривает: формирование и развитие социально значимых ценностей, гражданственности и патриотизма в процессе обучения и воспитания в образовательных учреждениях всех видов и типов» [5;8]

Здесь подробнее хотелось бы остановиться на деятельности военной кафедры КазНПУ имени Абая. Кафедра по праву считается центром идейного, нравственного и военно-патриотического воспитания студентов. Преподаватели и студенты активно участвуют в городских, республиканских и международных патриотических мероприятиях: «Улан», «Мы - наследники Победы» и многих других акциях.

Проводится большая работа по изучению и разъяснению положений ежегодного Послания Президента народу Казахстан.

Военной кафедрой проведена научно-практическая конференция «Основные направления, сущность, содержание и особенности воспитательного процесса на военной кафедре университета с учетом новых реалий» с привлечением видных ученых, начальников военных кафедр и военных комиссаров Алматинского

гарнизона, директоров школ и преподавателей НВП Медеуского района г. Алматы.

На военной кафедре разработана Концепция военно-патриотического воспитания студенческой молодежи КазНПУ имени Абая, которая была высоко оценена руководством МО РК (телеграммы Генерала армии Алтынбаева М.К., генерал-лейтенанта Тасбулатова А.Б.)

Большое воспитательное значение имеет и несет в себе процедура торжественного приведения к присяге курсантов военной кафедры, которая проводится ежегодно, торжественно, с приглашением большого числа гостей: ветеранов войны и труда, сотрудников Министерств, представителей ректората университета и высших учебных заведений, студентов, которые обучались на военной кафедре, родителей и членов семей, учащихся школ и колледжей.

Военная кафедра активно работает и принимает непосредственное участие в культурно-патриотических и спортивно-массовых мероприятиях университета и Медеуского района города. Примером может служить ежегодное проведение учебно-полевых сборов на базе кафедры с учащимися общеобразовательных школ Медеуского района г. Алматы.

Военную кафедру в разное время посещали руководители Министерства обороны РК и ветераны войны: первый министр обороны Казахстана генерал армии Нурмагамбетов С.К., генералы Алтынбаев М.К., Тасбулатов А.Б., Ертаев Б.Е., ветераны Великой Отечественной войны генерал Власов В.Р., полковник Гирш Л.Ю.

Одной из первых в Казахстане кафедра начала международное сотрудничество с военно-учебными заведениями других стран. Так кафедра в 2006 году принимала большую делегацию генералов-руководителей военно-учебных заведений Индии, а в январе 2008 года полковник Салтанов Е.С. и шесть студентов факультета международных отношений были приглашены начальником Национального кадетского корпуса Индии в Нью-Дели для участия в торжественных мероприятиях – празднования Дня Независимости.

Многие из выпускников служат в Вооруженных силах Республики Казахстан. По нескольким выпускникам на кафедре хранятся хорошие отзывы и благодарственные письма за их высокий профессионализм, разумную инициативу и преданность своему делу – защите Родины, а

выпускник кафедры капитан Базарбаев Д.К. награжден медалью США «За мужество в ходе учений».

Подготовка офицеров запаса на военной кафедре тесно взаимосвязана с обучением и воспитанием студентов на факультетах и кафедрах университета.

Таким образом, патриотическое воспитание студентов должно представлять собой совокупность ценностных элементов общественного сознания, являющихся отражением данного общества через призму национальных и общечеловеческих интересов.

Отсюда следует, что отношение человека, социальной группы (в частности, студенчество) к другим людям, ко всем природным и социальным элементам своего Отечества имеет всегда ценностный аспект.

Особенное значение в системе патриотического воспитания имеет профессиональная организация учебного процесса, как органической составной части целостного педагогического процесса вуза. Здесь необходимо работу со студентами строить таким образом, чтобы происходило осознанное усвоение ими или даже присвоение «к своему личностному опыту» ценностей определенных приоритетными в Казахстане.

Следующей составляющей частью этого явления является казахстанский патриотизм, отличающийся глубокой осознанностью и идейной обоснованностью чувства любви и преданности к своей Родине, которая дорога каждому казах-

станцу не только как земля отцов, но как колыбель родной культуры.

Таким образом, в целом в природе понятия патриотического воспитания студентов в органическом единстве сочетаются три важнейших компонента: патриотические чувства, патриотические идеи, патриотические поступки, действия людей. Высшее проявление патриотического воспитания представляется как целеустремленная деятельность студентов, направленная на строительство нового казахстанского общества, их готовность самоотверженно защищать Родину, ее социальные достижения.

Любовь к Родине, знание истории своего Отечества, продолжение лучших традиций и сохранение обычаев своего народа – эти и другие понятия объединяют в единое целое и взаимодополняют национальное и патриотическое воспитание студенческой молодежи.

В дальнейшем, для укрепления общеказахстанского сознания и общенациональной культуры необходимо создать модель патриотическо-интернационального мировоззрения студентов. Основное внимание при этом обратить на преодоление отрицательных явлений, защиту демократии, национальных и общеказахстанских принципов и ценностей.

Путем совершенствования национального и патриотического воспитания студентов, сформировать высококвалифицированных специалистов, способных решать задачи общества XXI века.

ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:


- Подласый И.П.*, Педагогика, – Москва: «Высшее образование», 2006. – 540 с.
Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. – Алматы: Атамұра, 2003. – 221 с.
Момыш-ұлы Бауржан. Психология войны. Книга-хроника. сост. *Мырзахметов М.* – Алма-Ата: Казахстан, 1980. – 240 с.
Габдуллин М. Родителям о воспитании детей. – Алма-Ата: «Мектеп», 1976. – 149 с.
Государственная программа патриотического воспитания граждан Республики Казахстан на 2006-2008 годы. Указ Президента РК от 10.10.2006 №200., «Казахстанская правда» от 12.10.06 №228.

Түйін

Бұл мақалада оқу барысында және аудиториадан тыс өткізілетін шаралар кезінде университет студентерін ұлттық және патриоттық тәрбиелеудің өзара байланысын ашады.

Summary

In article the interrelation of national and patriotic education of students of university reveals during educational process and out-of-class actions.



ӨМІРДЕ ТАБАНДЫ БОЛМАСАҢ, ӨЗ ҮЛЕСІҢНЕН ҚҰР ҚАЛАСЫҢ

Қазақстанның бүгінгі білім және ғылым саласына өзіндік мол үлесімен жаңаша ойларымен ат салысып, осы бағытта талай биіктерді бағындырып жүрген техника ғылымдарының докторы, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің «Қолданбалы экология» кафедрасының профессоры, 1994 ж. Нью-Йорк Ғылыми Академиясының мүшесі, 1997-2001 ж., 2005 ж. ҚР Жоғары аттестациялық комиссияның эксперт кенесінің ҚазМУ, ҚазҰТУ ғылыми кеңестерінің мүшесі Халима Халдарбекқызы Тұрғымбаеваның жүріп өткен жолы кімге болсын үлгі-өнеге.



Халима Халдарбекқызының жетекшілігімен және белсенді қатысуымен талай мемлекеттік және шаруашылық келісім жұмыстар орындалған. Олардың бағыты фосфоры бар шикізатты агломерация әдісімен термиялық дайындау, технологияларды интенсификациялау және қоршаған ортаны қорғау. Бұл жұмыстар «Қазақстан фосфорлы жоғары экономикалық табыс пен өндірістерге» енгізілген. Жұмыстағы үздік табыстары үшін жоғары және орта білім министрлігінің қала, облыс, институт Құрмет грамоталарымен марапатталған. Жұмыстарының нәтижесінде 100 астам жарияланымдардың және 6 куәлік патенттерге ие.

Халима Халдарбекқызы өз маңдай терімен үлкен жетістікке, білімнің биігі мен ғылымның шыңына жетіп, бағындырған жан. Осындай отандық ғылымның мерейін асырып, белсене ат салысып жүрген Халима Халдарбекқызының тұлғалық болмысына жастар еліктеп өссе нұр үстіне нұр болары айдан анық...

Құрметті Халима Халдарбекқызы, әңгімеңізді қандай ортада, қандай отбасында дүниеге келгеніңізден бастасаңыз...

Мен 1942 жылы сәуір айының бесінші жұлдызында Шымкент қаласында дүниеге келдім. Әкем Тұрғынбаев Халдарбек – бірінші Қазақ интелегенциясының бетке ұстар азаматы, Оңтүстік Қазақстанның дамуына үлесін қосқан партия қызметкері, Ленин Орденінің иегері және Ұлы Отан соғысына қатысқан азаматтардың бірі болды. Әке-шешеміз көп бала-шағалы болды. Біздің жақсы қалыптасуымызға және білімді, жан-жақты болуымызға қолдарынан келгенше бар жағдайды туғызды. Біздің тәрбиемізге көп әсер еткен Баймағамбетова Шахзада деген апай болды. Ол кісінің күйеуі «Халық жауы» деп ұсталып, сотталып ату жазасына кесіліп, өзі де сотталып сегіз жылдай Ақмола жағындағы әйелдер лагерінде отырып, кейінгі жылын басқа қонысқа отыруға шығарылып, Оңтүстіктегі Мақтаарал ауданы орталығына қоныстанды. Әкем аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы кезінде еш нәрседен қаймықпайтын, өте сауатты, аса интеллигентті, барынша мәдениетті уақытысында гимназия бітірген апайды балабақша меңгерушісі етіп қоюға ықпал етті. «Қиын-қыстау кезде Халекеннің

маған қол ұшын беріп, рухтандырғанын мен ешуақытта ұмыта алмаймын», – дейтін Шахзада апайдан балабақшаға барып жүрген біздер көп өнеге алдық, ол кісіні қадір тұттық.

1958 жылы 3 ақпан айында кенеттен әкеміз көз жұмды, ол кезде әкем 48 жаста, ал анам 41 жаста болатын. Сол жылы анам дүниеге Нұрлан інімді әкелді. Жалпы жанұямызда үлкені Дамира және Жәмила студент, ал Тамара, Халима, Майра, Раушан, Бақытжан мектеп оқушылары болатынбыз, ал Мұрат болса үш жаста болатын. Содан анамыз бәрімізді түрлі қиыншылықтарға қарамастан бағып-қағып, жоғарғы білім алуға, әкеміздің тегін биік ұстауға және өмірде кездесетін қиыншылықтарға төтеп беруге үйретті. Анамыздың айтқан кеңестерін естіп бәріміз жақсылыққа талпындық және білімге бет бұрып, соның арқасында отбасымызда түрлі Лениндік степендиат, орден иегерлері, кандидат және ғылым докторлары шықты. Анамыз 23 немере сүйіп, ардақты әже атанып 79 жасында 1995 жылы өмірден озды.

Ғылым жолына қалай аяқ бастыңыз?

Мен 1958 жылы мектепті үздік бітіріп, Қазақ технологиялық институтына түстім. Институтта сабағымызды жақсы оқып, көңілді уақыт өткіздік, көркем өнерпаздар үйірмелеріне

қатысып, спортпен айналысып, мақта терімге барып, ауыл шаруашылығына да көмек бердік. Мақта терімде жақсы табыс тауып қайтатынбыз. Ол біздің отбасымызға көмек болды. Тапқан табысымыз өзімізге киім алуға, үйге жиһаз алуға қажетке жарайтын. ҚазТИИ-да жалпы инженерлік мамандық күшті, түбегейлі дайындалатын, сондықтан олардың қатарынан оқу озаты жергілікті ұлт өкілдерінен Орталық оқу орындарына, Мәскеуге, Ленинградқа, Қазан қалаларына студенттер жиі жіберілетін, олар оқуларын бітірген соң қайта оралып ұстаз болатын. Мен қайтсем де Мәскеуге аспирантураға түсемін деген алдыма мақсат қойдым. Бұл кезде ректор Сұлтан Сүлейменов техникалық институтты қазақ-химия технология институты етуге әрекет жасап жүрген болатын. Ол мақсаты орындалып, енді институтқа жаңа мамандықтарды даярлауға кадр қажеттілігі туындап, ректор мені шақырып, Мәскеудің Ломоносов атындағы Жіңішке химия технологиясы институтына старжировкадан өтуді ұсынды. Сөйтіп, қазан айында армандаған астанаға да жетіп, сол институттың профессоры Кошелев Федор Федорович басқарған Резина технологиясы кафедрасына қабылдандым. Жатақханаға жайғасып, оқуға кірісіп кеттім. Менің міндетім 4,5,6 курстарда оқитын профессорлардың сабақтарына қатынасып, дәрістерін тыңдап, әр дәріскерге салалары бойынша емтихан тапсыруға тиісті болдым. Федор Федорович - XIX ғасырдың ірі купеці Елисеевтің күйеу баласы, өте жоғары интелегентті кісі болатын. Ол кезекті емтиханды қабылдап болған соң ұзақ әңгімелесіп өз өмірінен хабардар етті.

Бір күні мені ректор Большаков шақырып: «Стажорларға жатақхана тиесілі емес, жатақхананы босат», – деп талап етті. Сұрасам да, айтқанымды тыңдамай айқайға басып, «Хрущевке арызданып барсаңыз да жатақхана бермеймін», – деді үзілді-кесілді. Мен де қайтпай: «Хрущевке бармасын, бірақ Елютинге барамын», – деп шығып кеттім. Шыққан соң «Елютинге (оқу министріне) қалай кірем, мені оған өткізбейді ғой» деген ойға кеттім. Бірақ алған бетімнен қайтпай министрлікке жеттім. Мәскеуде алға салатын адам жоқ. Мен ол кезде партия мүшесіне кандидат болатынымын. Сонымен алға тартқым келді, не дегенмен салиқалы адаммын ғой. Министрлік дәлізінде келген адамдардың құжаттарын тексеріп кезекші отырады екен. Соның бір жаққа шығуын аңдыдым. Оның сәті

келген кезде асыға жоғары көтеріліп, министрдің қабылдау бөлмесіне кіріп, кандидаттық билетімді көрсетіп, келген жұмыстарымды айтқанымда хатшы қыз министрге кіріп мен туралы айтты. Бірден қабылдап, айтқанымды мұқият тыңдап, ректорға табанда телефон соғып, мәселемді шешіп берді. *Өмірде табанды болмасаң өз үлесіңнен құр қаласын.* Мен оқумен ғана шектелмей Мәскеудің мәдени өмірімен де кең таныстым, музейлерде, концерттерде, спектакльдерде болдым. Ол кезде институттарға үлкен және кіші театрдың, Немирович-Данченко атындағы басқа да театрлардың артистері келіп өз спектакльдерін қоятын. Ол ауызша журнал іспеттес еді. Олардың бірінен де қалған емеспін. Олар үлкен дәрістік аудиторияларда сағат 16-дан 18-ге дейін өткізілетін. Мәскеуде кандидаттық стажым бітіп, үлкен дәріс аудиторияларында партия мүшелері мен Үлкен ғылыми кеңес мүшелерінің қосылып өткізілген жиналысында қабылданатын болдым. Маған мінездемені профессор, кафедра меңгерушісі, коллойд химиясының негізін қалаушы, сол салада талай оқулықтардың авторы Воюцкий Сергей Сергеевич айтып шықты. Барлық партия мүшелері бір ауыздан дауыс беріп, партия қатарына қабылданып, Мәскеудің Ленин аудандық партия комитетінен билетімді алдым. Сәуірде оқуды тәмамдап, Кошелевке аспирантура оқысам деген тілегімді білдіргенімде, реферат жаз деп тақырып берді. Ол кезде менің институтта беделім жаман болмайтын. Табандылығым, еңбеккерлігімді ұстаздар да, кітапхана қызметкерлері де білетін. Кошелев менің жеке құжаттарыммен мұқият танысып, көп жанды отбасынан екенімді ескеріп (ол туралы мен ешкімге айтқан емеспін), комиссия ұйымдастырып, емтихан қабылдады. Не деген адамгершілігі кең адам десеңші! Ауылға оралып пластмасса кафедрасына ауысып, қараша айында аспирантураға шақыру қағазы келіп Мәскеуге келдім. Көп ұзамай Кошелев мені шақырып: «Халима Халдарбековна, менің жасым 82-ге келді, сенің ғылыми жетекшің болып ақырына жете алмасын. Сондықтан мен саған жетекшілікке Юрий Григорьевич Кораблевты ұсынбақпын. Оның бір қасиеті ұмытшақ. Соны ескеріп өзін мықты бол, өз тірлігінді өзін шешуге тырыс», – деп ескертті. Сөйтіп, менің ғылыми жетекшім кафедра доценті Кораблев болды да, арада жыл өткенде Кошелев дүние салды. Зерттеу жұмыстарымды институтта, Шина

зауытында, Ленинградта өткіздім. Осылардың барлығы кандидаттығымды мерзімінен бұрын 1968 жылдың қыркүйегінде қорғауыма ықпал жасады, ал жоспар бойынша қорғау мерзімім осы жылдың қараша айында болатын. Осындай кісілігі мол адамдарға кездестіргеніне, тағдырыма ризамын.

Мәскеу мен Ленинград өте жақсы білім берді, ғылымға баулыды. Бізді ең көп таңқалдыратыны Мәскеу мен Ленинградтағы оқытушы-профессорлардың терең іргелі білімі, біле тұра оқығаны, дәрістерінің сапасы, әсіресе, олардың қарапайымдылығы, студенттер мен аспиранттарды қадірлеп сыйлауы. Олардың адамгершіліктері өте жоғары еді. Соған үйренуге тырыстық.

Қандай жаңалықтар аштыңыз? Сіздің КСРО-дағы Химия өнеркәсібінің салалық ғылыми-зерттеу зертханасының жұмысында еткен еңбектеріңіз қандай нәтижеге жетті? Еңбектеріңіз бағаланды ма?

1978 жылы үш заводтың: Суперфосфат, «Химпромның» Қос суферфосфат және Жаңа Жамбыл Заводының жұмыстары Жамбылдың экологиясында проблема туындатып, облыстық партия комитеті ерекше назарға алды. Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Хасан Шаяхметұлы Бектұрғанов үш жоғарғы оқудың ғылыми қызметкерлерін, үш зауыттың басшыларын қосып, кеңейтілген мәжіліс өткізіп, Жамбылдың, оның айналасының, қоршаған ортасының төзгісіз жағдайда екенін көрсететін мәліметтерді келтіре отырып, ғылыми зерттеулердегі ұсақ тақырыптарды жинастырып тастап, заводтардың проблемаларын шешуді талап етті. Арада бір жыл өткенде біз зерттеу жұмысының үш бағытын жоспарладық:

1. шикі заттарды рационалды пайдалану;
2. қоршаған ортаны қорғау;
3. технология процесін автоматтандыру;

Арада бір жыл өткенде КССР Химия өндірісі министрлігінде Салалы Ғылыми Зерттеу Зертханасын аштық. (С.Ғ.-33). Бұл ашқан Зертханамыздың басшысы мен болдым, тақырыптар жетекшісі мен, Махамбет пен Темірхан болды. Штат 20 адам еді, ал жылдық қаржымыз 200 мың сом болды. Бұл көп қаржы болатын. Біздер қымбат бағалы жабдықтар (электронды микроскоп, Арон рентген қондырғысы, хрономотографтар т.б.) сатып алдық, қызметкерлер қабылдадық. Бұл кезде мен кафедра меңгерушісі болдым. СҒЗЗ негізінде

жоғарғы дәлдікті аспапты зерттейтін зертхана аштық, оны да мен басқардым. Менің кафедраларда 20 адам, СҒЗЗ да 20, жоғарғы дәлдікті аспапты зерттейтін Зертханада 15 адам жұмыс істейтін. Салалы ғылымның ерекшелігі, барлық ғылыми зерттеулердің нәтижесін міндетті түрде өндіріске енгізіп, ғылымға жұмсалған қаржымыздың 1:3 есебінде қайтару керек-тін. Жаңа Жамбыл фосфор зауытының біздер бір бөлігі болып есептеліп, СҒЗЗ олардың шығарған өнімін алып тұрды. Бұл кезде ғылыми қызметкерлерге қолдау болды да, беделіміздің артқанын көрсетті. Зертханада негізінен ер адамдар істеді, оларды КазГУ-дың химиялық факультетінің деканы Бірімжанов Батырбек Ахметұлы мен өзімнің шәкіртім Сағыныш Тұрлығазиев басқарды. 1978 жылмен 1988 жылдың аралығындағы мерзім өте қызықты, қауырт, әрі нәтижелі болды. Жұмыстарымыздың нәтижесінде 6 адам 1986 жылы Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығына ұсынылды. Олар: жобаның бас инженері Ж.Ж. Галинский, ФЗ-ның директоры Т.Т. Темірбеков, ғылыми жетекшісі Н.С. Шумаков, агломерация өндірісінің бастығы С.Сандыбаев, техника бөлімінің бастығы Л.Битней, СҒЗЗ жетекшісі Х.Х.Тұрғымбаева. Бір таңданарлығы, бұл ұсыныс ешнәрсеге ілінбей қалды. Әттең! Енгізілген жұмыстың табысы 19 млн. сом болған еді.

Кейін жолдасым Махамбет екеуіміз осы қорытындыны докторлық диссертацияға пайдаланайық деп шешіп, мен 1992 жылы, Махамбет 1993 жылы қорғап шықтық. 1994 және 1996 жылы екеуіміз де Нью-Йорк Ғылым Академиясының академигі болдық. 1998-2001 жылдар аралығында мен ҚР-ның ғылыми кадрларын аттестациялау Департаментінің эксперт-теу Кеңесінің ғылыми хатшысы болдым.

Жастайымнан білімге құштарлықтың аркасында оқу үздігі (Лениндік степендиант), қоғамдық іс-шаралардың ұйытқысы, белсенді ұйымдастырушысы болдым. Мәскеуде аспирант болып жүріп, содан Ленинградтағы аспирант Махамбетпен қосылып, «биіктікке биіктік жарасады» дейтіндей бала тәрбиелеуде де, шәкірт тәрбиелеуде де бірге ерінбей еңбек еттік. «Адам бір жылын ойласа – дән себеді, бар ғұмырын ойласа – ағаш отырғызады, ал ғасырлық болашағын ойласа – ұрпақ тәрбиелейді» деген екен данышпан ата-бабаларымыз. Өз балаларымыз: Мұхтар, Талғат, Тәуекелмен қатар туысқандарымызға жасаған тәлім-тәрбиеміз

бір бөлек, яғни 45 жылдай «Ұстаздық еткен жалықпас оқытудан баланы» дегендей, елімізге инженер мамандарын, ғылыми қызметкерлерін (кандидат пен докторы бар) дайындауға үлес қостық. Ғылыми монографияларын, жоғарғы мектеп жетекшілеріне арнап бірнеше оқулық, оқу құралын жарыққа шығардық, ғылым жолына түскен жас мамандардың, студенттердің игілігіне жарайтын көптеген құралдар жаздық. «Садақаның ең жақсысы – өзі үйренген ғылымды біреуге үйрету» хадисінің үдесінен шықтық деп ойлаймын. 2010 жылы мен Ресейдің «За верность долгу» орденімен білім және ғылым саласындағы еңбегім үшін марапатталдым.

Жоғары оқу орындарында оқып жатқан студенттерге терең, тиянақты білім алу үшін не істеу керек? Оқытушы және оқушы жағынан қандай кедергілер бар?

Жоғары оқу орындарында оқып жатқан студенттерге терең тиянақты білім алу үшін, меніңше:

а) оқытушы оқушыларды қызықтыру, ынталандыру үшін сабақтарымен қатар ғылыми зерттеулерге тартып, диспут конференцияларға қатыстырып, сана-сезімін оятып, деңгейін жоғарылату керек;

б) оқушылар өзіндік жұмыстарға, нұсқауларды мұқият қарап, ішіндегі ұсынылған әдебиетті тауып оқып, білімін тереңдетіп, өзінің көзқарасын диспуттарда, сабақтарда білдіру қажет. Ол үшін қазақ, орыс, ағылшын тілдерін үйреніп, біліп, интернетті емін еркін пайдалана білу керек.

Бұл оқу процесіне кедергілердің ең үлкені материалдық база – ғылыми және информациялық.

Ғылым ретінде, күрделі тәжірибесі бар мұғалім ретінде жоғары оқу орындарында білім сапасын жетілдіру үшін не істеу керек?

Ол үшін алдымен тәжірибе сабақтарды, ғылыми жұмыстарды көбейтіп, нәтижелерін конференцияларда, басылымдарда жариялау керек деп ойлаймын.

Қазақстанға білімнің жетістіктерін өндіріске ендірудің оңтайлы жолдары бар ма, қалай ынталандыру керек?

Қазіргі таңда өндірістер болашақ мамандардың дайындығына көңіл бөлмейді. Бұл көзқарасты күрт өзгерту керек. Бүгінгі оқушыларды, келешекте өндіріске келетін болашақ мамандарды жетілдіруге өндірістер

міндетті түрде араласу керек. Оқушылар оқу орнында алған теориялық білімді өндірісте әр түрлі тәжірибе арқылы жетілдіруі қажет. Ол үшін “оқу орын – ғылым – өндіріс” байланыс нығайып, күшеюі үшін жоғары оқу министрлігі тікелей араласу керек. Егемендік алғалы бері докторлық, кандидаттық диссертациялар ВАКта (бұрынғы атауы) бар. “Банк” деп аталады. Ғылыми кеңес құрып, әр түрлі салалардағы жаңалықтарды топтастырып өндірістерге ұсыну қажет. Бұл кеңестерге өндіріс мамандарын қосу керек.

Тәрбие, ғылым, білім ара қатынасы қандай? Ғылымнан алынған жалпы нәтиженің маңызы зор ма, жоқ әлде алынған нәтиженің халықтың мүддесіне қалай әсер беретіні зор ма?

Тәрбие, ғылым, білім ара қатынасын күшейту үшін тәжірибеге көп көңіл бөлу керек. Ғылымнан алынған жалпы нәтиженің маңызы зор, бірақ соңғы жылдары ғылымға көңіл бөлінбейтін болды да академиядағы, жоғары оқу орындағы ғылым жұмыстары азайды. Еліміздегі бар ғылыми жұмыстардың нәтижелері халықтың мүддесіне жарайды.

Қазақстанда сіз айналысып жүрген ғылымның қай салаларын тездеп өркендету керек?

Қазақстанда экология ғылымы саласын тездетіп өркендету керек. Өйткені, өндірістік, шаруашылық қалдықтар біздің топырағымызды, ауаны, суды ластап тастады. Сол қалдықтарды реттеп, өндеу жолын іздеп, екінші реттік шикізатқа айналдыратын жағдайға жеткізген дұрыс.

Артыңыздан өсіп келе жатқан жас жеткіншектерге (жастарға) уақыттарын бос өткізбей, ғылым жолына түсуіне, айналысуына қандай ақыл-кеңестер берер едіңіз?

Ғылым жолына түсуіне, айналысуына беретін ақыл-кеңестерім:

а) теориялық тұрғыдан қарағанда әр түрлі әдебиетті қарап, салыстыруға, анализ жасауға бейімделу;

б) тәжірибе тапсырмаларды орындап, терең талқылап, нәтижесін қандай салада қолдануға болады деп іздену;

в) оқытушы кеңестеріне мұқият көңіл бөлу, талаптану;

Осындай ақыл-кеңестерді тыңдап жатса, қандайда бір нәтижеге жетеді деп ойлаймын.

Жоғары оқу орнын енді ғана бітіріп,

мұғалім болып барған жастарға көңіліңіз тола ма? Оларға қандай талап қояр едіңіз?

Жас мұғалім болып барған жастарға көңіл толмайтын жері – олардың қабілеті бар болса да өздерінше талпынып, зерттейтін мәселелерді ізденіп ұсыну сирек кездеседі. Мұндай жастарға қоятын талабым қорықпай, жалтақтамай тәжірибені күшейту, ұстаздардың сабақтарына қатысып, сұрап, қосымша жұмыстардан қорықпай алға ұмтылу.

Ұлттық тәрбиені, ұлттық қадір-қасиетті бүгінгі таңда студент жастардың бойына қалыптастыруда қандай бағыт-бағдарды ұстанғанымыз жөн деп ойлайсыз?

Ұлттық тәрбиені, ұлттық қадір-қасиетті бүгінгі таңда студент жастардың бойына қалыптастыруда қазақ әдебиетінің, кинематографияның, музыканың орны бөлек. Жастардың арасында театр қойылымдарына, хорға қатысуды, домбыраға ынталандыруды ұстанғанымыз жөн.

Қазақстан егеменді ел болғалы бері жоғарғы оқу орындарында көп өзгерістер болды. Біздің қазақ жастары үшін бұл жағдай оңайға соққан жоқ. Техникалық білім саласында ерекшелігі көп жақсы маман болу үшін институттарда өндірістік тәжірибе және ғылыми жұмыстар басым болуы керек. Сонда студенттерге қажет болғаннан соң білімін, орыс, ағылшын тілін және тәжірибені ұғатын, яғни білімін тереңдететін болады. Оған жағдай туғызу керек. Қазіргі заманда инновация, инновация керек дейді. Яғни, инновация деген не? Бұл түсінік алға, болашаққа ұмтылу, яғни қазақ жастарында бұл қасиет баршылық. Бірақ, маман болу үшін білімді болу керек, сонда ғана инновация іске асады. Білім дегеніміз табиғаттың, жердің, аспанның заңдылықтарын және түрлі заттардың қасиетін терең біліп, түсініп, өмірінің керекті тұстарында дұрыс қолдана білу болып табылады. Іздену, талпыну. Соңғы ғылыми-экономикалық және экологиялық жетістіктерін көздеу өміріне ауадай қажет қасиет. Оқу орындары бұл талапқа сай болуы үшін келешек жастар «Білім – құдықты инемен қазғандай» сезіну керек. Сондықтан, шаршамай оқып, түрлі ғылыми жұмыстармен айналысу керек. Қазақ жастары негізі қазақ екенін ұмытпай, тарихын терең біліп, әлемдік білімге, жоғарғы ғылыми тәжірибеге бет бұрса, яғни «сегіз қырлы, бір сырлы» болса, нағыз өз ісінің маманы бола алады деген сенімдемін.

Сіздер Кеңес үкіметі кезінде атеистік тәрбиемен өсіп-өркендеген жансыздар. Ұлттық тәрбиені кейінгі жылдары қайта көтеріп, қолға алып отырмыз. Осы тұрғыда сіз ұлттық тәрбиеге бетбұрысты қалай бастадыңыз?

XX-шы ғасырдың отызыншы жылдары жаппай сауаттандыру саясаты жүзеге асырылып “Сауатсыздықты жою” топтары ұйымдастырылып, оған жастар да, ересектер де, қарттар да тартылды. Мемлекеттік тіл орыс тілі болып, интеллигенттерге өте ауыр, қиын болды. Менің әкем ерте қызметке араласқан, баяндамаларын, лекцияларын араб әріптерімен жазып, сосын латын әрпімен қазақша, не өзбекше жазыпты. Содан барып орыс тіліне аударады екен. Әкемнің есте сақтағыш қасиеті ерен болатын. Өйткені, ол арабша құранның сөздерін түсінбесе де жаттап жаттыққан ғой. Осындай қиындықты көрген әкем біздерді қиналмасын деп орыс мектептеріне берген. Ал орыс мектептерінде пән ретінде қазақ тілі өтпейтін, өтсе де қатаң талап қойылмайтын.

Орыс тілі бәрімізді білімге, қызметке, шетел әдебиетіне кең жол ашты. Мәскеуде оқып жүргенде менің орыс тілін сауатты, терең білгеніме орыстардың өздері таң қалатын. Ал қазақ тіліне келгенде тіпті, отбасылық сөздерге де шорқақ болатынмын. Өйткені үйде де негізінен орысша сөйлесетінбіз. Тек әжемізбен қазақша сөйлесуші едік. Мақта терімге барғанда қазақ балалары мен қыздары маған қазақша үйретуге тырысатын, тілім келмей бұзып айтқан сөздеріме жатып күлетін. Қазақ тілін жетік меңгеру үшін мен қазақша әндерін үйрене бастадым. Әннің сөздерінің мағынасын жақсы түсінсең әннің әуенін, қасиетін жақсы игересің. Үйде анамнан да, Анар әжемнен де талай халық әндерін үйренген болатынмын. Институтта оқып жүргенімде ректор Біләловтың қарындасы маған қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік сыйлап, сол көп көмек берді. Ол сөздіктерді әлі де сақтап жүрмін. Аспирантурада Махамбетпен қарым-қатынысымыз қалыпқа келген соң ол Ленинградтан маған хат жазып тұратын болды. Махамбет қазақ тілге бай, оның жазғандарын толық түсіну үшін сөздікті пайдаланатынмын. Шәуілдірге келген соң орта өз дегенін істеді, қазақша үйренуге тікелей бет бұрдық. Институтта қызмет істеген жылдары тойлар, басқосулар, қабылдаулар қазақ тілінде болғандықтан, сөзімді

орысшаараластырмайсөйлейтін дәрежеге жеттім. Жанымда Махамбет әрдайым бақылап, жөнге салып отыратын. 1991 жылы еліміз тәуелсіздік алып, қазақ тілі мемлекеттік тіл болған соң енді институтта да сабақтар қазақ тілінде өтсін деген талап қойылып, әсіресе техникалық пәндер мұғалімдері өте қиналды. Оқулықтар, арнаулы әдістемелік құралдар, сөздіктер жоқтың қасы. Осы кезде Махамбеттің көмегі маған зор болды. Енді екеуіміз рөлдерімізді ауыстырдық. Егер мен бұрын оның орысша жазғандарының қателерін, сөздерін жөндеп көмектессем, енді ол менің жазбаларымды жөнге салатын болды. Менің қазақ қызы ретінде қалыптасуымда Махамбеттің еңбегі айтарлықтай болды.

Анаңыз сіздерге қандай тәрбие беруші еді? Тәрбиелік мәні бар айтқан сөзін есіңізге түсіріңізші?

Отбасымызды құрған соң, сол кездегі Жамбыл пединституттың ректоры Ғ.Б. Сәйденовтың «Отбасылық өмір – ол бірін-бірі тәрбиелеу» деген сөзін жиі еске алатынымын. Егер де ерлі-зайыпты бір-біріне кешірімшіл болмаса, онда олардың махаббаты көкке ұшып, ғайып болады да, отбасы да күйрейді. Мен әрдайым ара қатынасымыздағы ең қадірлі, қасиетті дегендерін сақтап, анау-мынау болмашыларды көңілге алмауға тырысатынымын. Анам маған айрықша ықпал етті. Біздердің (қыздардың) құлағымызға еркек үйдің пірі, егесі еш уақытта оның қасиетін төмендетпей, қадір тұту керек деп құя беретін. Әйелдің маңдайының ырысы бес елі болса да, ол күйеуін үйдің егесін, балалардың әкесін қастерлеп отыруы керек, сонда үйдің берекесі, отбасының ынтымағы болады дейтін. Бір оқиғаны еске түсірейін:

1994 жылы мен Нью-Йорк Академиясының академигі болып сайланып, қуанып, колеграфиялық әріптермен ағылшынша

жазылған дипломымды көрсетіп мақтанайын деп Раушан сіңілімнің үйіндегі анама келіп:

– Мама, қызыңыз қандай атаққа, дипломға ие болды, – деп мақтанып көрсетсем, ол кісі:

– Оның құтты болсын! Бірақ қазақ әйелдерінің бақытын күйеуінің, балаларының қол жеткен табыстарымен бағалайды. Сол есінде болсын, – деді. Қуанышым су сепкендей басылды. Анам ол кезде науқастанып емделуге келген еді. Қазақ отбасыларында ежелден енемен күйеу баланың қатынасы сыйластықта болған. Ол көшіп-қонып жүргенде сирек кездескендіктен болар, сондықтан ерегісуге сылтау, себеп болмаған да шығар. Қазіргі енемен күйеу баланың тіл табыса алмауы, кикілжіңі орыс тәрбиесінен жұғысты болар. Орыстарда енесі «Менің қызымның сөзі қай уақытта болсын дұрыс», – деп шығады ғой. Осыдан ұрыс-керіс басталады. Махамбет менің анамнан одақтасын көрді, сонан да ол кісіні барынша сыйлайтын. Ауыл өмірін, қызының жағдайын жақсы білетін анам, біздерге көмектесуге тырысатын.

Жастардан не күтесіз?

«Ел болам десен бесігінді түзе» дегендей елдің болашағы жастар, сол жастарымыз өмірде адаспай тек жақсылыққа ұмтылып, білім жолына түсіп, әр саланының білікті маман иегері болып жатса нұр үстіне нұр болар еді. Қазақ жастары қазақ екенімізді ұмытпай «Басқа тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» дегендей өз тілін және ұлттық дәстүрімізді ұмытпай, қазақ халқы биіктерден көріне берсе деймін. Осылай әрбір қазақ жастарының ұлттық сана-сезімін оята-тын басылымдар өз міндетін жоғары деңгейде жүргізуіне тілектеспін.

Әңгімеңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан Жанар Айтбергенқызы

МАЗМУНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Нуриев М.А. Ұлы адамға сағыныш.....	6
Ізтілеуова С. Абайдың шығысы М.Мырзахметұлының еңбектерінде.....	10

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

Бейсенова Ә.С. Қасиетімізді кастерлейік , халайық!.....	14
Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Құрсабаев М.Қ. Ғаламдық жаһандану және ұлттық білім.....	20
Қалиев С.Қ. Келер ұрпаққа айтар алты аманат.....	25
Табылдиев Ә.Т. Ұлттық әдеп – тәрбие негізі.....	27
Құсайынов А. Білім берудегі «Жапониялық керемет» және Қазақстандағы орта білім жағдайы.....	36
Жарықбаев Қ.Б. Қазіргі қазақ ұлттық мінезі қандай?.....	45
Ғаббасов С. Методологиясы, жүйесі мен негізі жоқ педагогика—ғылыми пән бола ала ма?.....	48
Тебегенов Т.С. Хакім Абай өлеңдері – ұлттық тәлім-тәрбие құралы.....	52
Қожахметова К.Ж. Қазақтың ойшылдары мен ағартушыларының рухани-адамгершілік тәрбиесі туралы идеялары мен философиялық көзқарастары.....	56
Қожахметова К.Ж., Тайтанова Н.К. Методика развития профессиональной культуры классного руководителя в условиях системы повышения квалификации.....	61
Жумаканова Р.А. Использование профилактических образовательных программ в процессе воспитания гражданственности у школьников.....	68
Түрікпенов Ж. Оқушы қабілетін дамыту және оларға кәсіптік бағдар беру	75
Ізтілеуова С. Даналар тағылымы.....	79
Надирбекова Г.Н. Сұхбат. Ұлттық мектеп – ұлттық тәрбиенің көзі.....	88
Аширова Ж., Примжанова А. Тәрбиенің бастауы – ауыздан шыққан әрбір сөзбен бағалана ды.....	94
Қасымбек А. Жас ұрпаққа Қазақстанның жаңа экономикалық өрлеу кезеңінде жан-жақты тәрбие беру.....	100
Құдабаева К.И. Этнодизайн өнерін игертудің әдіс-тәсілдері.....	106
Әбілдина С.Қ. Этномәдени білім беру арқылы экономикалық мәдениетті қалыптастыру.....	110
Мұсабекова С.Н. Ұрпақ болашағы ұстаздар қолында.....	112

Отбасы тәрбиесі

Ахметова З. Сұхбат. «Тәрбие тек айтудан ғана емес, көрсетуден...».....	116
Оразымбетқызы Ә. Қыз баланың тәрбиесі туралы.....	122

Салт-дәстүр

Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Сейтова Ж.М. Ырым-тыйымның тәрбие үрдісіндегі рөлі.....	127
Бөлеев Қ., Әбікеева М.Е. Қазақ ағартушы-педагогтарының халықтық салт-дәстүрлер арқылы ұлттық тәрбие беру туралы ой-пікірлері.....	132
Жамбыл А. Қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы оқушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу.....	139

ҰЛТТЫҚ НАМЫС

Салтанов Е.С. Взаимосвязь национального и патриотического воспитания студентов.....141

ҰЛТТЫҚ ТҮЛҒА

Тұрғынбаева Х.Х. Сұхбат. Өмірде табанды болмасаң, өз үлесіңнен құр қаласың..... 146

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі №12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті-2 см, асты-2 см, сол жағы-3 см, оң жағы-1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми-лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында екі тілде түйін беріледі (егер мақала қазақ тілінде жазылса, онда түйін орыс және ағылшын тілдерінде, егер мақала орыс тілінде болса, онда түйін қазақ және ағылшын тілдерінде жазылады т.с.с.). Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қатерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Көшіріп басқан жағдайда, сілтеме жасау міндетті.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің кассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3000 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс 74310**

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль-12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее- 2см, нижнее-2 см, слева-3 см, справа-1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на двух языках (если статья написана на казахском языке, то резюме должно быть написано на русском и английском, а если статья написана на русском языке, то резюме следует писать на казахском и английском). Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанным требованиям, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 3000 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы ҚазҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН: 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді. Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции. Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

Басылымның жазылу индексі – 74310

Жазылу бағасы:

6 айға – 1500 теңге

1 жылға – 3000 теңге

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздыруға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 402-404 каб. Тел: 291-27-00 (уақытша), 291-88-83 (негізгі). E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің өндірістік-жарнама бөлімінің баспасы
Типография производственно-рекламного отдела КазНПУ имени Абая

Тікелей репродукциялық әдіспен басылады
Печатается методом прямого репродуцирования

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Сейсенбаева Жанар
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Сеитова Жанат
Беттеген/Верстка – Батырбай Әсел Ақансеріқызы*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй, Жаңартпа технологиялар және
білім беру мазмұнын ҒЗИ, каб. 219-204.
Тел/факс: 8(727) 291-27-00 (уақытша), 291-88-83 (негізгі), электрондық мекен-жай:
nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 20.10.2010
Пішімі 60x84. Борлы қағаз. Басылым – офсет. Көлемі 15 б.т. 500 Дана. Тапсырыс №334